



ҚАРЖЫЛЫҚ ТАЛДАУ

Оқу құралы

Р. Е. ДЖАНШАНЛО
М. БАЙДАУЛЕТОВ
Э. А. АКТУРЕЕВА

Р. Е. Джаншанло
М. Байдаулетов
Э. А. Актуреева

ҚАРЖЫЛЫҚ ТАЛДАУ

Оқу құралы

«ТҰРАН» УНИВЕРСИТЕТІНІҢ

ОҚУ ЗАЛЫ 00226655

Алматы
«Қазак университеті»
2017

ӘОЖ 336 (075.8)
КБЖ 65.261 я 73
Д 40

*Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
экономика және бизнес жоғары мектебінің
Ғылыми кеңесі және Редакциялық-баспа кеңесі
шешімімен ұсынылған
(№5 хаттама 11 шілде 2017 жыл)*

Пікір жазғандар:

экономика ғылымдарының докторы, профессор *А.М. Байдильдина*
экономика ғылымдарының кандидаты, доцент *Г.Т. Андыбаева*

Джаншанло Р.Е.

Д 40 Қаржылық талдау: оқу құралы / Р.Е. Джаншанло,
М. Байдаулетов, Ә.А. Актуреева. – Алматы: Қазақ универ-
ситеті, 2017. – 288 б.

ISBN 978-601-04-2803-4

Оқу құралында қаржылық талдаудың әртүрлі аспектілері ашып көрсетілген. Қаржылық талдау, ақша ағындары, іскерлік белсенділік, ұйымның қаржылық нәтижелері және инвестициялық қызметтеріне қатысты сұрақтары егжей-тегжейлі қаралған. Қаржылық талдау әдістері қазіргі заманның ақпараттар базасының ерекшеліктерін ескере отырып нақты мысалдарда көрсетілген. Тараулардың соңында бақылау сұрақтары және тест тапсырмалары келтірілген.

Оқу құралы бакалаврларға, магистрларға, PhD докторанттарына және экономикалық жоғары оқу орындарының оқытушыларына, ұйымның қаржы-аналитикалық қызметінің мамандарына арналған.

ӘОЖ 336 (075.8)
КБЖ 65.261 я 73

ISBN 978-601-04-2803-4

© Джаншанло Р.Е., Байдаулетов М.,
Актуреева Ә.А., 2017
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2017

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫ СӨЗ.....	5
1. ҚАРЖЫЛЫҚ ТАЛДАУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ.....	7
1.1. Қаржылық талдаудың мәні мен мағынасы	7
1.2. Қаржылық талдаудың мақсаты, міндеті және түрлері	10
1.3. Қаржылық талдаудың әдістері және әдістемелері	13
1.4. Қаржылық талдаудың ақпараттық базасы	18
Бақылау сұрақтары	23
Тест тапсырмалары.....	23
2. ҰЙЫМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ	27
2.1. Қаржылық жағдайды талдау негіздері	27
2.2. Қаржылық жағдайдың жалпы бағасы	33
2.3. Өтімділік пен төлем қабілеттілікті талдау	51
2.4. Қаржылық тұрақтылық пен несие қабілеттілікті талдау	59
2.5. Ұйымның күйреуі (банкроттықты) мен құнын бағалауды талдау	77
Бақылау сұрақтары	91
Тест тапсырмалары.....	91
3. ҰЙЫМНЫҢ ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІГІН ТАЛДАУ	94
3.1. Іскерлік белсенділікті талдаудың мәні мен міндеті	94
3.2. Іскерлік белсенділікті бағалау көрсеткіштері.....	98
3.3. Іскерлік белсенділік көрсеткіштерінің динамикасын талдау	110
3.4. Іскерлік белсенділік көрсеткіштерін факторлық талдау	113
Бақылау сұрақтары	117
Тест тапсырмалары.....	118
4. ҰЙЫМНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ТАЛДАУ.....	121
4.1. Инвестициялар және инвестициялық қызмет	121
4.2. Инвестициялық талдаудың мақсаты, міндеті мен рөлі	128
4.3. Инвестицияның тиімділігін бағалаудың статикалық әдістері.....	135
4.4. Инвестицияның тиімділігін бағалаудың динамикалық әдістері ...	139
Бақылау сұрақтары	146
Тест тапсырмалары.....	146
5. ҰЙЫМНЫҢ АҚША АҒЫНЫН ТАЛДАУ	149
5.1. Ақша ағындарын талдау негіздері	149
5.2. Ақша ағындарын бағалау әдістері	176

5.3. Ақша ағындарының абсолюттік көрсеткіштерін талдау	199
5.4. Ақша ағындарын коэффициенттік талдау	214
5.5. Ақша ағындарын кешенді талдау	226
Бакылау сұрақтары	240
Тест тапсырмалары.....	240
6. ҰЙЫМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕСІН ТАЛДАУ	243
6.1. Ұйымның қаржылық нәтижесін талдаудың максаттары мен міндеттері	243
6.2. Қаржылық нәтиженің динамикасы мен құрамын талдау	247
6.3. Пайданың көрсеткіштерін факторлық талдау	252
6.4. Рентабельділіктің көрсеткіштерін факторлық талдау	258
Бакылау сұрақтары	263
Тест тапсырмалары	264
ГЛОССАРИЙ	267
БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ	287

АЛҒЫ СӨЗ

Кез келген объектіні басқару, оның қазіргі жағдайы туралы, осы күнге алып келген кезеңдерде қалай дамығандығы және тұрақталуы туралы білімді қажет етеді. Объектінің өткен кезеңдегі қызметі туралы, оның қызметі мен дамуының қалыптасқан үдерісі туралы шынайы және толық ақпарат алғаннан кейін ғана объектінің болашақтағы кезеңге даму бағдарламаларын және бизнес-жоспарларды, сенімді басқару шешімдерін әзірлеуге болады. Айтылған жағдайлар ұйымның рөліне, масштабына, қызмет түріне, меншік нысанына қарамастан барлығына байланысты.

Нарықтық экономика қаржылық талдаудың ең бірінші микроденгейде дамуын талап етеді, яғни жеке ұйымдар деңгейінде, себебі ұйымдар (меншіктің кез келген нысанында) нарықтық экономиканың негізін құрайды.

Заманауи қаржылық талдау қаржы-шаруашылық қызметті дәстүрлі талдаудан белгілі айырмашылықтары бар. Біріншіден, бұл сыртқы ортаның ұйым қызметіне әсерінің өсуімен байланысты. Сонымен қатар шаруашылық жүргізуші субъектілердің қаржылық жағдайының инфляциялық үрдіске, контрагент (жабдықтаушылар мен сатып алушылар) сенімділігіне, функционалдандырудың ұйымдық-құқықтық нысанының қиындауына тәуелділігі артқан. Нәтижесінде заманауи қаржылық талдаудың құралдары бұл әсерлерді есептеуге мүмкіндік беретін жаңа әдістер мен тәсілдер есебінен кеңеюде.

Ағымдағы уақытта қаржылық талдаудың өзектілігінің арқасында ұйымның қаржылық қызметінің талдауын жүргізудің көптеген әртүрлі әдістері бар, сонымен қатар бұндай әдістердің дамуы тоқтатылмады, жалпылай алсақ бұл әдістер жиі жетілдіріліп отырады, бұл бұндай талдаудың қорытынды нәтижесіне оң септігін тигізеді.

Көп жағдайда қаржылық талдаудың әдістері менеджмент ұйымның ағымдағы жағдайын бағалауға, дұрыс басқару шешімдерін қабылдауға, ұйымның қаржылық жағдайын басқару үшін

қажетті стратегиялық шешімдерді жетілдіру үшін мүмкіндік туғызуға бағытталған. Сонымен қатар ұйымның қаржылық қызметін талдау әдістерін таза күйінде аналитиктер қолданбайтындығын атап айту керек. Ұйымның қаржылық жағдайының талдауын жүргізудің нақты қорытынды нәтижені алу бағытында толық кешенді әдістер қолданылады. Бұл барлық қаржылық талдау әдістерінің оң және теріс жақтарының бар болуымен байланысты, нәтижесінде аналитик ұйымның қаржылық қызметінің кешенді талдауын қолдануға тура келеді, себебі бұл жағдайда бір әдістің кемшіліктері келесі әдістің артықшылығымен бейтараптандырылады, нәтижесінде бұндай біріктірілген тәсіл жақсы нәтижелерді береді.

Қаржылық талдау ұйымның ағымдағы талдауға мүмкіндіктер берумен қатар қажетті ұйымның дамуының перспективасын анықтайтын стратегиялық шешімді қолданудың алғышарты болып табылады. Қаржылық талдаудың қорытындысы болып ұйымның жағдайын, мүлігін, баланс активтері мен пассивтерін, капитал айналымдылығының жылдамдығын, қолданылатын құралдардың табыстылығын бағалау болып табылады.

Жалпылай айтқанда, қаржылық талдау қаржылық менеджменттің негізгі элементі болып табылады және ұйымның ағымдағы қаржылық жағдайын бағалайды.

Ұйымның қаржылық есептілігінің көрсеткіштерінің өзгеру динамикасын зерттеуге негізделген. Ұйымның қаржылық жағдайын талдаудың соңғы мақсаты болып соңғы бірнеше жыл ішіндегі ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің нақты көрінісін алу болып табылады, сонымен қатар оған әсер еткен негізгі факторларды анықтау. Мұндай ұйымның дамуының нақты көрінісі ұйымның менеджменті, ұйымның болашақтағы қызметіне қатысты кешенді басқару шешімдерін қабылдай алады (ұйымдастыру, санкция, бейінін өзгерту және т.б.)

1

ҚАРЖЫЛЫҚ ТАЛДАУДЫҢ НЕГІЗДЕРІ

1.1. Қаржылық талдаудың мәні мен мағынасы

Қаржылық талдау объективті және субъективті факторлардың әсерінен пайда болатын ұйымның қаржылық жағдайы мен оның қаржылық нәтижелерін зерттеумен байланысты белгілі бір білім жүйесі болып табылады. Қаржылық талдау сыртқы және ішкі болып жіктеледі.

Сыртқы қаржылық талдауды салық органдары, банктер, статистикалық органдар, жоғары тұрған ұйымдар, жабдықтаушылар, сатып алушылар, инвесторлар, акционерлер, аудиторлық фирмалар және т.б. жүргізеді. Сыртқы қаржылық талдаудың негізгі міндеті ұйымның қаржылық жағдайын, оның төлем қабілеттілігін және өтімділігін бағалау болып табылады. Ұйымның ішінде бухгалтерия, қаржылық бөлім, жоспарлау бөлімі, басқа функционалды бөлімдер арқылы жүргізіледі.

Ішкі қаржылық талдау сыртқы қаржылық талдауға қарағанда көбірек міндеттер спектрін атқарады. Ішкі талдау жарғылық және қарыз капиталының қолдану тиімділігін, табыс рентабельділігі көрсеткіштерін зерттейді, ұйымның қаржылық жағдайының тұрақталуының соңғы өсу резервін анықтайды. Ішкі қаржылық талдау ұйымның қызметінің қаржылық көрсеткіштерін жақсартуға әсер ететін тиімді басқару шешімдерін анықтауға және енгізуге бағытталған.

Қаржылық талдау қаржылық менеджменттің құрамдас бөлігі болып табылады. Қаржылық талдау әдістерін білмей, капиталды басқару, қаржылық тәуекелділіктерді төмендету бойынша шешім қабылдау мүмкін емес. Көбінесе ұйымның қаржылық есептілігін пайдаланушылардың барлығы қаржылық талдау нә-

тижелерін өздерінің қызығушылығын оңтайландыру үшін шешім қабылдауға қолданады (1-сурет).



1-сурет. Қаржылық талдау логикасы және оның басқару шешімдерін жүзеге асырумен және қабылдаумен өзара байланысы

Қаржылық талдаудың негізгі міндеттері болып табылады:

- ұйымның қаржылық жағдайын объективті бағалау;
- қол жеткізілген қаржылық жағдайдың себептері мен факторларын анықтау;
- қаржы саласында қабылданатын басқару шешімдерінің негізделуі және дайындалуы;
- барлық қаржы-шаруашылық қызметтің тиімділігін арттыру және қаржылық жағдайды жақсарту резервтерін жұмылдыру (мобилизациялау) және анықтау.

Жүргізілген талдаудың нәтижесінде баламалы шешім қабылдау мүмкіндігі анықталады және олардың жүзеге асыру пәнін бағалау жасалынады.

Қаржылық талдау келесідей пайдаланушылар топтарына қажет:

- ұйым менеджерлеріне. Ұйымның қаржылық жағдайын білмей шаруашылық шешімдерді қабылдау және ұйымды басқару мүмкін емес. Менеджерлер үшін келесілер маңызды болып табылады: шаруашылық қызметінде қолда-

- нылатын ресурстар және алынған қаржылық нәтижесі бойынша өздері қабылдаған шешімдердің тиімділігін бағалау;
- жекеменшіктер, сонымен бірге акционерлер. Оларға өздерінің ұйымға салған қаржыларының қайтарымдылығы қандай болатындығы, ұйымның табыстылығы мен рентабельділігі, сонымен қатар экономикалық тәуекелдіктері мен өздерінің капиталын жоғалтып алу мүмкіндігінің деңгейін білу маңызды;
 - кредиторлар мен инвесторлар. Оларды берілген қарыздарды қайтару мүмкіндігі, сонымен қатар ұйымның инвестициялық бағдарламаны жүзеге асыру мүмкіндігі қызықтырады;
 - жабдықтаушылар. Олар үшін жеткізілген тауар үшін төлемді бағалау маңызды;
 - сатып алушылар мен тапсырыс берушілер. Олар қалыптасқан іскерлік байланыстардың сенімділігін дәлелдейтін және олардың болашақтағы даму перспективасын анықтайтын ақпараттарға қызығады;
 - салық органдары. Олар қаржылық есептілік мәліметтерін дәрменсіздік (банкроттық) туралы заңында қарастырылатын барлық деңгейдегі бюджет алдындағы ақшалай міндеттемелердің орындалмағандығымен байланысты қарыз алушыны банкрот деп қабылдау бойынша арбитраждық сотта өтінішпен жүгіну кезінде өздерінің құқықтарын жүзеге асыру үшін қолданылады.

Бұлардың барлығы қаржылық талдауды жүргізудің қажеттілігі мен маңыздылығын, басқару процесінде және экономикалық өзара қарым-қатынаста оның рөлін анықтайды. Қаржылық талдау дамушы бәсекелестік жағдайында, салық заңдарындағы жиі өзгерістерде, ұлттық акша курсының өзгерістерінде және созылмалы инфляция кезінде ерекше маңызды.

Қаржылық талдаудың негізгі ерекшеліктеріне келесілер жатады:

- 1) ұйымның қаржылық және мүліктік жағдайының жалпы сипаттамасын қамтамасыз етеді;
- 2) бағалау артықшылығы: төлем қабілеттілігі, қаржылық тұрақтылық және рентабельділік;

- 3) жалпыға қол жетімді ақпаратты негіздеу;
- 4) тактикалық және стратегиялық мағынадағы шешімдерді ақпараттық камтамасыз ету;
- 5) кез келген қолданушылар үшін талдау нәтижелерінің қол жетімділігі;
- 6) шот-аналитикалық процедуралардың мазмұны мен құрамын бірегейлендіру мүмкіндігі;
- 7) белгілер жүйесінде ақшалай өлшемдегі доминантты сипаттау мүмкіндігі;
- 8) шынайылық деңгейінің жоғарылығы және талдау қорытындысының түрленуі (шынайылық шегіндегі жарияланатын есептілік мәліметтері).

1.2 . Қаржылық талдаудың мақсаты, міндеті және түрлері

Қаржылық талдаудың мақсаты – қаржылық қызметтегі уақытында жетіспеушіліктерді анықтау мен жою және ұйымның қаржылық жағдайын, оның төлем қабілеттілігін жақсарту резервтерін табу.

Қаржылық талдаудың міндеттері болып келесілер табылады:

- ұйым қызметінің рентабельділігін, қаржылық тұрақтылығын, өтімділігін анықтау;
- ұйымның мүліктік жағдайын бағалау;
- нарықтағы шаруашылық жүргізуші субъектінің жағдайын анықтау және оның бәсекеге қабілеттілігін сандық өлшеу;
- жоспарлы қаржылық шаралардың, бағдарламалардың, жоспарлардың және т.б. орындалу деңгейін бағалау;
- анықталған жетіспеушіліктерді жою үшін және қаржылық ресурстардың қайтарымдылығын жоғарылату үшін құрастырылған шараларды бағалау.

Қаржылық талдаудың мазмұндық жағы келесідей элементтерден (процедуралардан) тұрады:

- 1) талдаудың нақты міндеттерін қою және айқындау;
- 2) себеп-салдарлы байланысты қалыптастыру;

- 3) оларды бағалау әдістері мен көрсеткіштерін анықтау;
- 4) қызметтің нәтижесіне әсер ететін факторларды анықтау және бағалау, мәнді факторларды іріктеу;
- 5) теріс факторлардың әсерін жою жолдарын қалыптастыру және оң әсер ететін факторларды ынталандыру.

Қаржылық талдаудың пәні қаржыны басқару саласында ұйымның жеке бөлімшелерінің арасындағы қарым-қатынас болып табылады, сондай-ақ ұйымның сыртқы ұйымдармен қаржылық қатынастары.

Қаржылық талдаудың объектісі ұйымның қаржы-шаруашылық қызметі болып табылады, сонымен қатар келесідей өзгерумен байланысты процестер:

- ұйымның ресурстық базасы (жарғылық және қарыз капиталы);
- ұйым активтері (қысқа және ұзақ мерзімді);
- ұйым табыстары мен шығыстары;
- ұйымның ақша ағымдары және т.б.

Тәжірибелік жұмыста сыртқы және ішкі қаржылық талдау қолданылады.

Сыртқы қаржылық талдау ұйым үшін бөтен тұлға болып табылатын аналитик жүргізеді және сол үшін ішкі ақпараттық базаға қол жеткізе алмайды. Сыртқы талдау азырақ егжей-тегжейлі және көбірек нысандандырылған.

Талдау жүргізу кезінде негізгі акцент салыстыру әдістеріне жасалады, себебі қаржылық талдаудың сыртқы пайдаланушылары жиі таңдау жағдайында болады – қай зерттеліп жатқан ұйыммен қарым-қатынас орнату немесе қарым-қатынасты жалғастыру және қандай нысанда оны неғұрлым мақсаттырақ жасау.

Сыртқы қаржылық талдаудың сипатты ерекшеліктері келесідей:

- 1) талдау субъектісінің жан-жақтылығы – ұйымның қызметі туралы ақпаратты пайдаланушылар;
- 2) талдау субъектілерінің қызығушылығы мен мақсаттарының әртүрлілігі;
- 3) типтік әдістердің, есеп және есептілік стандарттарының қолданылуы;
- 4) ұйымның сыртқы, жарияланатын есептілігін ғана талдауға бейімделуі;

5) ұйымның жұмысы туралы ақпаратты қолданушылар үшін талдау нәтижелерінің максималды ашықтығы.

Ұйым серіктестері сыртқы қаржылық талдауды келесідей бағыттар бойынша жүргізеді:

- ұйымның қаржылық жағдайын жалпы бағалау;
- қаржылық тұрақтылықты, баланс өтімділігін және төлем қабілеттілікті талдау;
- активтерді, меншік және қарыз капиталын тиімді пайдалануды талдау;
- абсолютті табыс көрсеткіштерін зерттеу;
- салыстырмалы табыс көрсеткіштерін талдау және т.б.

Ішкі қаржылық талдауды ұйым қызметкері жүргізеді. Бұндай талдаудың ақпараттық базасы анағұрлым кеңірек және ұйым ішінде айналатын және басқару шешімін қабылдау үшін маңызды ақпаратты енгізеді. Ішкі қаржылық талдау, сыртқы талдауды толықтыра отырып, ұйымның қалыптасқан қаржылық жағдайының себептерін, қысқа және ұзақ мерзімді активтердің қолдану тиімділігін, ұйым қызметінің көрсеткіштерінің өзара байланысын тереңірек зерттейді.

Талдау барысында ұйымның қаржылық жағдайында болып жатқан өзгерістер себептеріне және бұл жағдайды жақсарту бағытындағы шешімдерді іздестіруге көбірек көңіл бөлінеді. Бұл ретте алдыға қойылған мақсатқа стандартты әдістер немесе басқа әдістерді қолдану арқылы жету маңызды емес.

Сыртқы талдауға қарағанда, ішкі қаржылық талдау ұйымды толық талдаумен ғана шектемейді, көп жағдайда ұйымның жеке бөлімшелері және бағыттары, сондай-ақ өнім түрлері бойынша талдаудан тұрады.

І-кестеде қаржылық талдаудың екі тәсілі салыстырылып көрсетілген.

1-кесте

Сыртқы және ішкі қаржылық талдаудың сипаттамасы

Көрсеткіштер	Сыртқы талдау	Ішкі талдау
1	2	3
Мақсаты	Қаржылық жағдайды талдау (іріктеу мәселесі)	Қаржылық жағдайды жақсарту
Бастапқы деректер	Жарияланатын (стандартты) қаржылық есептілік	Қойылған міндетті шешуге қажетті кез келген ақпарат

1	2	3
Әдістер	Стандартты	Қойылған міндетті шешуге сәйкес келетін кез келген ақпарат
Акцент	Басқа ұйымдармен салыстыру	Себеп-салдарлы байланыстарды анықтау
Зерттеу объектісі	Толық ұйым	Ұйым, оның құрамдас бөлімдері, қызмет бағыты, өнім түрлері

1.3. Қаржылық талдаудың әдістері мен әдістемелері

Ұйымның қаржылық талдауын жүргізу үшін экономикалық талдаудың барлық түрлері мен бағыттарына тән белгілі бір әдістер мен құралдар қолданылады.

Экономикалық талдау әдісінің астарында даму барысындағы шаруашылық процестерді және олардың өзара байланысын зерттеудің жүйелі кешенді тәсілі түсіндіріледі.

Жүйелі тәсіл талдау кезінде талдау объектісін өзара байланысты элементтер (құрауыштар) жүйесі ретінде қарастырады, олардың объект жағдайына және оның қызметінің нәтижесіне әсерін зерттейді.

Жүйелі тәсілдің негізгі құрамдас бөлігі кешенділік болып табылады, ол алынған объект қызметінің талдауының нәтижесін оның барлық аспектілерінің (жақтарының) өзара байланысының салдары және оған әсер ететін факторлардың жиынтығы ретінде қарастырылатындығын білдіреді.

Қаржылық талдау әдістерінің өзіндік ерекшеліктері болып келесілер табылады:

- ұйымның қаржылық қызметін жан-жақты сипаттайтын аналитикалық көрсеткіштер жүйесін қолдану;
- бұл көрсеткіштердің өзгеру себептерін зерттеу;
- олардың арасындағы себеп-салдарлы байланысты өлшеу және анықтау.

Қаржылық талдаудың негізгі және жиі қолданылатын әдістеріне келесілер жатады: абсолютті, қатысты және орташа шама әдісі, салыстыру әдісі, топтастыру әдісі, тізбекті қойылым әдісі.

Абсолютті көрсеткіштер зерттелетін процестің көлемін (мөлшерін), санын сипаттайды. Оларда әрқашан белгілі бір өлшеу бірлігі болады: натуралды, шартты-натуралды, ақшалай.

Қатысты көрсеткіштер абсолютті (немесе басқа қатысты) көрсеткіштердің қатынасын көрсетеді, яғни бір көрсеткіштің сандық бірлігінің басқа көрсеткіштің бір бірлігіне қанша келетіндігін көрсетеді.

Орташа шама арнайы статистикалық көрсеткіш болып табылады, мәліметтерді жинақтау үшін қолданылады.

Салыстыру әдісі – талдаудың логикалық әдісі. Бұл – ұйымның, бағыныңқы ұйымдардың, бөлімшелердің, цехтардың жеке көрсеткіштері бойынша ішкі шаруашылық салыстыру және сонымен қатар берілген ұйым көрсеткіштерін орта саладағы және орташа жалпы экономикалық мәліметтермен бәсекелес ұйым көрсеткіштерімен шаруашылықаралық салыстыру.

Топтастыру әдісі – көрсеткіштер топтастырылып және кестеде жинақтаған кезде. Бұл аналитикалық есептеулерді жүргізу үшін, жеке құбылыстардың даму тенденциясын және олардың өзара байланысын, көрсеткіштердің өзгеруіне әсер ететін факторларды анықтауға мүмкіндік береді.

Тізбекті қойылым әдісі факторлардың жалпы кешенде олардың жиынтық қаржылық нәтиже деңгейіне әсерінің мөлшерін есептеу үшін қолданылады. Тізбекті қойылым әдісінің маңыздылығы дәйекті түрде әр есепті көрсеткішті базисті деп өзгертіліп, ал қалған көрсеткіштер тұрақты болып қарастырылады. Бұндай өзгертулер жиынтық қаржылық көрсеткішке әсер ететін әр фактордың деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.

Экономикалық талдау тәжірибесі қаржылық есептілікті талдаудың негізгі әдістерін жасап шығарып қойды. Олардың ішінде негізгі 5 әдісті бөліп қарастыруға болады:

1) тігінен талдау – қаржылық есептілікті қатысты көрсеткіштер ретінде көрсету. Бұндай көрініс әр есептілік бабының жалпы қорытындыдағы үлес салмағын көруге мүмкіндік береді.

Тігінен талдаудың екі негізгі сипатын бөліп көрсетеді:

– қатысты көрсеткіштерге ауысу ұйымның салалық ерекшелігін және басқа сипаттарды есепке ала отырып салыстырмалы талдау жүргізуге мүмкіндік береді;

– катысты көрсеткіштер қаржылық есептіліктің абсолютті көрсеткіштерін бұрмалайтын және сол арқылы динамикада оларды салыстыруды қиындататын теріс әсер ететін инфляциялық процестерді тегістейді.

2) көлденең талдау – есепті кезең ішінде қаржылық есептілік көрсеткіштерінің өсу (төмендеу) темпін бағалайды. Ол қарастырылатын кезең ішінде ұйымның әр топ құралы және олардың қалыптасу көзі бойынша өсу (немесе төмендеу) темпін бағалауға көмектеседі;

3) трендтік талдау – перспективті талдаудың бөлімі, қаржылық болжамды басқару үшін қажет. Тренд – бұл даму жолы. Тренд уақыттық қатарды талдау негізінде келесідей анықталады: ұйымның негізгі көрсеткіштерінің мүмкін болатын даму графигі салынады, өсудің орташа жылдық қарқыны анықталып және көрсеткіштің болжамдық мағынасы есептеледі. Бұл қаржылық болжаудың ең қарапайым әдісі болып табылады. Уақыттық қатарды талдау келесі міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

– уақыттық қатардың құрылымын анықтау, трендті қосқанда – параметрлердің орташа деңгейінің қалыпты өзгеруі, сонымен қатар кездейсоқ ауытқуы;

– процестер арасында өзара байланысты себеп-салдарларды зерттеу;

– уақыттық қатардың математикалық моделін құрастыру.

– трендтік талдау трендтің математикалық моделі құрастырылған уақытша қатардың орташа мағынасының өзгерісін зерттеу үшін және осыған негізделі отырып қатардың болашақтағы мағынасын болжауға арналған;

4) қаржылық коэффициенттерді талдау олардың мағынасын базистік шамамен салыстырудан тұрады, сонымен қатар олардың динамикасын есепті кезеңде және бірнеше жыл ішінде зерттеуден тұрады. Базистік шама ретінде берілген ұйымның өткен қаржылық жағдайдың қолайлы кезеңіне жататын уақыт қатары бойынша орташаландырылған көрсеткіштері қолданылады. Сонымен қатар салыстыру үшін база ретінде теориялық негізделген немесе эксперт жолы арқылы алынған білім қолданылады;

5) факторлық талдау – факторлардың нәтижелі көрсеткіштер мәніне әсер етуінің өлшемі, кешенді және жүйелі зерттеу әдісі. Факторлық талдаудың келесідей түрлерін бөліп көрсетеді:

- тікелей (дедуктивті) және кері (индуктивті);
- бір сатылы және көп сатылы;
- статикалық және динамикалық;
- кеңістіктік және уақыттық;
- ретроспективті және перспективті.

Факторлық талдаудың негізгі кезеңдері болып келесілер табылады:

1. Зерттелетін нәтижелі көрсеткіштерді анықтайтын факторларды іріктеу.
2. Жүйелі тәсіл мүмкіндігін қамтамасыз ету мақсатында оларды жүйелендіру және жіктеу.
3. Нәтижелі көрсеткіш пен факторлар арасындағы тәуекелдік нысанын анықтау.
4. Нәтижелі көрсеткіш пен факторлар арасындағы өзара байланысты модельдеу.
5. Факторлардың нәтижелі көрсеткіш мәнінің өзгеруіне әсерін есептеу және олардың әрқайсысының рөлін анықтау.
6. Факторлы модельмен жұмыс.

Факторлы жүйені құрастыру дегеніміз – зерттелетін құбылысты алгебралық сома түрінде көрсету, бұл құбылыс мәніне әсер ететін және олармен функционалды тәуекелдікте болатын жеке немесе бірнеше факторлардың әсері.

Қаржылық талдау негізгі көрсеткіштер арасындағы байланысты құрылымдауға және теңестіруге мүмкіндік беретін бірнеше модельдеу типтері арқылы жүргізіледі. Модельдеудің негізгі үш типін бөліп көрсетуге болады: дескриптивті, предикативті және нормативті.

Дескриптивті модель ұйымның қаржылық жағдайын бағалауда негіз болып табылады. Оларға жатады: есепті баланс жүйесін құрастыру, әртүрлі аналитикалық бөлімдерде қаржылық есептілікті ұсыну, есептілікті тігінен және көлденең талдау, аналитикалық коэффициенттер жүйесі, есептілікке аналитикалық ескертпелер.

Предикативті модельдер – бұл модель болжамдық және алдын ала айту сипатында, ұйымның табысын және болашақтағы қаржылық жағдайын болжауға арналған. Олардың ішінде көбірек тарағандары: сатудың сыни көлеміндегі есептеу нүктесі,

болжамдық қаржылық есептіліктерді құрастыру, динамикалық талдау модельдері (қиын анықталатын факторлық модельдер және кемімелдік модельдері), жағдайлық талдау модельдері.

Нормативті модель ұйым қызметінің нақты нәтижелерін күтілетін, бюджет бойынша есептелінген көрсеткіштермен салыстыруға мүмкіндік береді. Бұл модельдер, негізінен, ішкі қаржылық талдауда қолданылады. Олардың маңыздылығы технологиялық процестер, өнім түрі, жауапкершілік орталығы және т.б. бойынша, шығынның әр бабы бойынша нормативті қалыптастыруға және бұл нормативтердің нақты мәліметтердің ауытқуын талдауды түйістіреді. Талдау едәуір деңгейде қиын анықталатын факторлық модельдерді қолдануға негізделеді.

Қаржылық есептілікті аналитикалық оқудың негізгі қағидасы – бұл дедуктивті әдіс, яғни жалпыдан жекеге, бірақ ол бірнеше рет қолданылуы керек. Бұндай талдау кезінде шаруашылық фактілер мен оқиғалардың тарихи және логикалық бірізділігі, олардың қызмет нәтижесіне әсер ету күші және бағыты жүргізіледі.

Дәстүрлі қаржылық талдаудың алгоритмі келесі кезеңдерден тұрады:

1. Қажетті ақпаратты жинау (көлемі қаржылық талдаудың түрі мен міндетіне байланысты).
2. Ақпараттың шынайылығын бағалау (көп жағдайда тәуелсіз аудиторлар нәтижелерін қолданады).
3. Ақпаратты өңдеу (аналитикалық кестелерді және біріккен есептілік нысанын құрастыру).
4. Қаржылық есептіліктің құрылымдық көрсеткіштерін есептеу (тігінен талдау).
5. Қаржылық есептілік баптарының өзгеру көрсеткіштерін есептеу (көлденең талдау).
6. Қаржылық есептіліктің негізгі аспектілері немесе аралық қаржылық агрегаттар бойынша қаржылық коэффициенттерді есептеу (қаржылық тұрақтылық, төлем қабілеттілік, іскерлік белсенділік, рентабельділік).
7. Қаржылық коэффициенттер мәнін нормативтермен салыстыруды талдау (жалпы және орташа салалық).
8. Қаржылық коэффициенттердің өзгеруін талдау (өсу немесе төмендеу тенденциясын анықтау).

9. Интегралды қаржылық коэффициенттерді есептеу және бағалау (ұйымның қаржылық жағдайын бағалаудың көп факторылы моделі, олардың ішінде ең танымалы болып Альтманның Z- шоты болып табылады).

10. Өңделген мәліметтерді түсіндіру негізінде ұйымның қаржылық жағдайы туралы қорытындыны дайындау.

1.4. Қаржылық талдаудың ақпараттық базасы

Ұйым қызметінің қаржылық нәтижесін басқару бойынша шешім қабылдау және қаржылық талдауды ақпараттық қамтамасыз ету ішкі және сыртқы ақпарат көздері арқылы қалыптасады.

Сыртқы ақпарат көздеріне:

1) мемлекеттің жалпы экономикалық дамуын сипаттайтын көрсеткіштер. Бұл топтың көрсеткіштерінің ақпараттық жүйесі ұйымның функционалдандыру ортасындағы сыртқы шарттарды болжауға талдауға негіз болады. Бұл жеткен орта саладағы көрсеткіштер деңгейіне бағыттала отырып табыстың өсу резервін анықтау, инвестициялық қызметті іске асыру, табысты басқарудың кешенді саясатын өңдеу кезінде қажет. Берілген топқа ұлттық табыс, таза табыс, ортасалалық табыс нормасы, банк пайыздарының орташа нормалары, табыс салығы ставкасы, инфляция туралы мәліметтер, Қазақстанның Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру ставкасы сияқты көрсеткіштер жатады;

2) нарық конъюнктурасын сипаттайтын көрсеткіштер. Бұл топтың көрсеткіштер жүйесі баға саясаты және операциялық қызмет бойынша табыс аумағында шешім қабылдау және талдау, бағалау, қосымша капиталмен жұмыс істейтін шығынды анықтау, ұзақ мерзімді қаржылық инвестиция портфелін құрастыру, қысқа мерзімді қаржылық инвестицияларды іске асыру үшін қажет. Бұл көрсеткіштер құрамына сату көлемі, бос нарықтық текше, баға және табыс бойынша икемділік, ұсыну уақыты мен сомасына тәуелді кредиттік пайыз жатады;

3) бәсекелестер мен серіктестіктердің қызметін сипаттайтын көрсеткіштер. Бұл топтың ақпараттық көрсеткіштер жүйесі табысты қолдану және қалыптастырудың жеке аспектілерін жедел талдауға және басқару үшін қолданылады. Оларға шикізат,

құрамдас материалдар, бәсекелестер өнімінің, ауыстырылатын өнімдер бағалары және бәсекелестер мен серіктестердің шаруашылық қызметінің рентабельділігі жатады.

Ішкі ақпарат көздеріне жатады:

1) ұйымның қаржылық есептілік көрсеткіштері. Бұл көрсеткіштердің ішінде келесілерді атап өтуге болады: жылдық жалпы табыстың массасы, сатудан табыс, салық салынғанға дейінгі табыс, таза табыс. Бұл көрсеткіштер негізінде табысты ағымдық жоспарлау және болжау, жалпы талдау жүргізіледі. Бұндай ақпараттың қайнар көзі қаржылық есептіліктің мәліметтері болып табылады. Қаржылық есептілік көрсеткіштерінің артықшылығы олардың бірегейленуі болып табылады, бұл табысты қолдану және қаржылық есептің жеке сұрақтары бойынша алгоритм құрастыру және типтік талдау әдістерін қолдануға мүмкіндік береді. Бұл ақпарат жоғары деңгейдегі сенімділікті және оқиғаларды басқаруды қамтамасыз етеді, сондай-ақ басқа ұйым көрсеткіштерімен салыстырмалылығы. Қаржылық есептіліктің кемшілігі ұйым бойынша жалпы ақпараттың жалпылығы, ақшалай өлшем бірлікте ғана көрсетілуі болып табылады.

2) басқару есебінің көрсеткіштері. Бұл есеп түрі жалпы қабылданған халықаралық тәжірибеде бухгалтерлік есеп стандарттарына өтумен байланысты дамыды. Ол оперативті басқару шешімінің ақпараттық базасын құрайтын қажетті барлық көрсеткіштерін есептеу жүйесін білдіреді. Басқару есебі ол тек ақшалай өлшем бірлікте ғана емес, натуралды өлшем бірліктегі көрсеткіштерден де тұрады. Басқару есебі кез келген құрылымдық тұрғыда болуы мүмкін:

- а) жауапкершілік орталығы бойынша (шығыс, табыс, пайда, инвестиция орталықтары);
- ә) қызмет түрлері бойынша (операциялық, инвестициялық, қаржылық);
- б) өнім түрі бойынша (топтық номенклатура немесе жеке түрлері бойынша);
- в) ресурс түрлері бойынша (материалды, материалды емес, қаржылық, еңбекті);
- г) қызмет аймағы бойынша (егер ұйым үшін қызметтің аймақтық диверсификациясы тән болса) және т.б.

Қаржылық талдауды және басқару есебіндегі табысты басқаруды ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін құрастыру процесінде қызмет көлемін, шығын сомасы мен құрамын, алынатын табыстардың сомасы мен құрамын сипаттайтын көрсеткіштер қалыптастырылады.

3) нормативті-анықтамалық көрсеткіштер. Бұл көрсеткіштер жүйесінің негізін ұйым шегінде жасалған әртүрлі нормалар мен нормативтер құрайды: сан нормативтері, уақыт шығыны нормативтері, қызмет көрсету нормативі, шикізат пен материалдардың салыстырмалы шығындарының нормативі және т.б. Бұл көрсеткіштер жүйесі сол мемлекетте немесе сол салада қолданыстағы әртүрлі анықтамалық-нормативті көрсеткіштермен толықтырылады: амортизациялық аударымдар нормасы, резервтік қорға табысты аудару формасы, салық ставкалары, салықты төлеу уақыты, кредит үшін пайыздар және т.б.

Сыртқы және ішкі ақпарат көздерінен құралатын барлық қызығушылығын көрсететін көрсеткіштерді қолдану әр ұйымда мақсатқа бағытталған тек стратегиялық шешімді қабылдауға бағытталып қана қоймай, табыстың көлеміне әсер ететін барлық факторларын есепке ала отырып, табысты құрудың тиімді ағымдағы және оперативті басқаруға да бағыттالاتын ақпараттық қамтамасыз ету жүйесін құрастыруға мүмкіндік береді.

Қаржылық талдаудың ақпарат көзі болып қаржылық есептілік табылады. Қаржылық есептілікті қолдану созылмалы кезең ағымында жиі және қолжетімді жинақталатын ұйымның қызметі бойынша жалғыз ақпарат түрі болып табылатындығымен ақталады.

Қаржылық есептілік – ұйымның қаржылық және мүліктік жағдайы және оның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесі туралы мәліметтер жүйесінің бірыңғайлығы, ол сыртқы және ішкі пайдаланушыларға жалпы ақпаратты ұсыну мақсатында қаржылық есеп мәліметтері негізінде құрастырылады. Қаржылық есептіліктің ұйымның есепті кезеңдегі жұмысының нәтижесі мен шартын сипаттайтын барлық элементтері экономикалық көрсеткіштер жүйесі ретінде біртұтас өзара тығыз байланысты.

Қаржылық есептілікті қаржылық талдаудың ақпараттық базасы ретінде қолданудың бірнеше артықшылығы бар. Оларға әртүрлі ұйымдар үшін есептілік нысанының бірдейлігі (бұл көр-

сеткіштерді есептеуде бір әдісті қолдануға мүмкіндік береді), ашықтығы (бұл ішкі пайдаланушыларға да, сыртқы пайдаланушыларға да ұйымды бағалау үшін есептілікті қолдануға мүмкіндік береді) жатады. Қаржылық есептілікті құрастыру міндетті және талдау жүргізу үшін қосымша шығындарды есептемейді.

Қаржылық талдаудың ақпараттық базасы келесілерден тұрады:

- 1) бухгалтерлік баланс (1 нысан);
- 2) табыс және зиян туралы есептілік (2 нысан);
- 3) ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептілік (3 нысан);
- 4) капиталдағы өзгеріс туралы есептілі (4 нысан);
- 5) түсіндірме хат (5 нысан).

Қаржылық талдау ең бірінші бухгалтерлік баланс мәліметтері бойынша жүзеге асады. Баланс белгілі уақытқа ұйымның мүлігінің, меншікті капиталының және міндеттерінің жағдайын көрсетеді. Барлық қаржылық есептілік нысандарының ішінде бухгалтерлік баланс ұйымның қаржылық жағдайын бағалау үшін, қор жағдайын сипаттау үшін, ақша қаражаттарының, инвестицияның бар болуы мен оларды есептеу үшін қажетті ұйым қызметі туралы мәліметтердің басым бөлігінен тұрады. Баланс капиталды бөлу тиімділігін, оның ағымдағы және күтілетін қаржылық қызмет үшін жеткіліктілігін бағалауға, қарыз көздерінің құрылымы мен көлемін және олардың тиімді қолдануын бағалауға мүмкіндік береді. Баланс мәліметтері меншік иесіне салынған капитал салымдарын басқару үшін, ұйым басқармасына талдау және жоспарлау кезінде, банк және басқа кредиторларға қаржылық тұрақтылықты бағалау үшін қажет.

Қаржылық нәтижені талдау үшін ақпарат көзі болып табыс және зиян туралы есептілік табылады.

Қаржылық талдау үшін бұл нысандардың ыңғайлығы, ең бірінші, талдау үшін дайындалмаған мәліметтер негізінде ұйымның алдыңғы кезеңдер үшін есептілік көрсеткіштеріне салыстырмалы экспресс-талдау жасауға болады. Екіншіден, ұйымның қаржылық жағдайын талдау үшін арнайы автоматтандырылған бухгалтерлік бағдарламасының пайда болуы, есептілік нысанын құрастырғаннан кейін бағдарламадан шықпай дайын қаржылық есептілік негізінде қаржылық талдаудың орнатылған блогы арқылы ұйымға қарапайым қаржылық экспресс талдау жүргізеді.

Қаржылық есептілік мәліметтеріне ғана негізделетін қаржылық талдау сыртқы талдау сипатында болады, яғни ұйымның шегінен тыс оған қызығушылығы бар контрагенттер, жеке меншік иесі немесе мемлекеттік органдар жүргізетін талдаулар. Бұл талдау есептілік мәліметтері негізінде ғана болады, ұйым қызметі бойынша ақпараттың шектелген көлемінен ғана тұрады, ұйымның табыстылығы мен күйреуі туралы құпияларды ашуға мүмкіндік бермейді, бірақ есептіліктің сыртқы пайдаланушыларына ұйымның қаржылық жағдайын, оның іскерлік белсенділігі мен рентабельділігін коммерциялық құпия болып саналатын ақпаратты қолданбай-ақ объективті бағалауға мүмкін болады.

Қаржылық талдаудың толығырақ ақпарат көзі болып ішкі (жұмыс) бухгалтерлік құжаттар – айналым ведомосі және бас кітап, есептің бастапқы мәліметтері табылады. Бұл ақпарат көздері есептілік көрсеткіштерінің ішкі тенденциясын анықтауға мүмкіндік береді, мысалы ұйымның шаруашылық қызметі бойынша серіктестерімен дебиторлық және кредиторлық берешектерін тереңірек зерттеу үшін әр шаруашылық келіссөз есептілігінің жағдайы туралы мәліметтер.

Ішкі пайдаланушылардың қаржылық талдауы кезінде ұйымның қаржылық жағдайына әсер ететін ішкі өндірістегі факторларды анықтау мақсатында өзіндік құнды, аяқталмаған өндірісті, дайын өнімді құрастыру бойынша басқару есебінің аумағындағы жауапкершілік орталықтарының мәліметтері қолданылады. Қосымша салық құрылымын, бар және потенциалды ұйымның іскерлік байланыстарын зерттеу үшін хат алысуы, салық және есеп саясатының мәліметтері тартылады.

Бұл құжаттардағы ақпараттар қаржылық есептілік ақпараттарына қарағанда егжей-тегжейлі болып келеді, бұл қосымша аналитикалық мәліметтерін алуға және зерттеу тереңдігін ұлғайта отырып, негізделген қорытынды дайындауға мүмкіндік береді, сол сияқты әр ай сайын, бухгалтерлік есепті автоматтандыру кезінде одан да жиі оперативті талдау жүргізу мүмкіндігін ұлғайтады.

Қаржылық есепте ұсынылатын ақпараттардың негізгі талабы ол пайдаланушылар үшін пайдалы болуы керек, яғни бұл ақпаратты негізделген іскерлік шешімдерді қабылдау үшін қолдана алу мүмкіндігі.

Есептілік ақпараттарын құрастыру кезінде есептілікке қосылатын ақпараттарға белгілі бір шектеулер қолданылуы керек:

- табыстар мен шығындардың оптималды арақатынасы, есепті құрастыру кезінде шығындар табыстармен өзара қатынаста болуын білдіреді, бұл мәліметтерді қызығушылығы бар пайдаланушылардан ұйым өндіреді.
- қауіпсіздік қағидасы есептілік құжаттары активтер мен табыстардың көтеріңкі бағалауын және міндеттемені төмендетіп бағалауға жол берілмеуі керек.
- құпиялылық, есептілік ақпараттары ұйымның бәсекелестік позициясына зиян келтірмеуі керек.

Бақылау сұрақтары:

1. Қаржылық талдауға анықтама беріңіз, оның пәнін, объектісін атаңыз және оның ұйымдастырылуының ерекшеліктерін атап өтіңіз.
2. Ұйымды басқару жүйесінде қаржылық талдау қандай орынды алады?
3. Ұйым қызметіне қаржылық талдау жүргізудің міндеттері қандай?
4. Ішкі және сыртқы қаржылық талдаудың ерекшелігін, басқару және қаржылық талдаудың өзара байланысын анықтаңыз.
5. Жалпы ұйым қызметін басқару жүйесіндегі қаржылық талдауды қандай қағида бойынша бөліп көрсетуге болады?
6. Қаржылық және басқарушылық талдаудың айырмашылығы қандай?
7. Қаржылық талдаудың негізгі көрсеткіштерін атаңыз және аналитикалық ақпаратта олардың қажеттілігі мен мақсатын анықтаңыз.
8. Ұйым қызметінің қаржылық талдауы қандай қағидаларға негізделеді?
9. Қаржылық талдау түрлері.
10. Сыртқы қаржылық талдаудың ерекшеліктері неде?
11. Ішкі қаржылық талдаудың мақсаты қандай?
12. Қаржылық талдау әдістерінің жіктелуі.
13. Қаржылық талдаудың негізгі тәсілдері.
14. Қаржылық талдау процесінде қандай негізгі ақпарат көздері қолданылады?
15. Қаржылық талдау үшін қажет ақпараттарға қандай талаптар қойылады?

Тест тапсырмалары:

1. Дәстүрлі түсінікте қаржылық талдау – бұл:

- а) ұйымның қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігі мен нәтижелігін бағалайтын тәсілдер, шаралар және әдістер жиынтығы
- б) ұйымды банкрот болды деп тану бойынша шешім қабылдау үшін төлем қабілеттілігі мен өтімділікті бағалау әдісі
- в) ұйымның қаржылық жағдайын оның қаржылық есептілігі негізінде бағалау және болжау әдісі

г) ұйымның болашақ уақытта функционалдандыру мүмкіндігі туралы нақты және шынайы көрініс беретін көрсеткіштер жүйесі

2. Қаржылық талдау – бұл құрылымдық бөлім:

- а) ұйымның шаруашылық қызметін талдау
- б) ұйымның қаржылық қызметін талдау
- в) ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін талдау
- г) өндірістік есептілікті талдау

3. Ұйымды басқару жүйесінде қаржылық талдау қандай орынға ие?

- а) тиімді басқару жүйесін қалыптастырады
- б) алдыңғы кезеңдегі қызмет тиімділігін бағалауға және болашақта шешім қабылдау үшін ақпаратпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді
- в) ұйымды басқару жүйесінің тиімділігін қалыптастырады
- г) барлық жауап дұрыс

4. Сыртқы қаржылық талдау кезінде негізгі ақпарат көзі болып табылады:

- а) бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік мәліметтері
- б) өндірістік есептің оперативті мәліметтері, нормативтері
- в) арнайы зерттеулердің мәліметтері
- г) сметалар (бюджеттер)

5. Сыртқы қаржылық талдаудың ерекшелігі болып табылады:

- а) зерттеу объектісі – ұйымның сыртқы контрагенттерімен қатынасы
- б) заңдық реттеу
- в) тәуелсіз аналитиктермен талдау жүргізу
- г) дұрыс жауап жоқ

6. Зерттеу көлеміне байланысты қаржылық талдау бөлінеді:

- а) салалық және ішкі
- б) жалпы және тақырыптық
- в) жалпы, тақырыптық және егжей-тегжейлі
- г) сыртқы және ішкі

7. Қаржылық талдау пәні болып табылады:

- а) қаржылық ресурстар және олардың ағымдары
- б) ақша қаражаттарының ағымдары
- в) тауар ағымдары
- г) инвестиция ағымдары

8. Қаржылық талдау әдістері – бұл:

- а) көрсеткіштер жүйесін және аналитикалық кестелерді құрастыру
- б) мемлекеттегі саяси жағдайдың әсерін бағалауға мүмкіндік беретін аналитикалық құралдар
- в) қаржылық ресурстар және олардың ағымдары

г) теориялық-танымдық категориялар, қаржылық қызметті зерттеудің жиілік қағидаларының және зерттеу құралдарының жүйесі

9. Қаржылық талдау кезінде зерттеледі:

- а) материалдық, еңбектік және қаржылық ресурстарды тиімді қолдану
- б) ұйымның бағалық саясаты
- в) ұйымның қаржылық жағдайы және оның қызметінің қаржылық нәтижесі
- г) жоғарыда айтылғандардың барлығы

10. Қаржылық есептеліктің негізгі формалары:

- а) капиталдың өзгеруі туралы есептілік
- б) пайда және шығын туралы есептілік
- в) қаржы құралдарының қозғалысы туралы есептілік
- г) бухгалтерлік баланс
- д) барлық жоғарыда айтылғандар

11. Қаржылық талдаудың қандай түрі қаржылық құралдарға айналуға байланысты активтер топтамасын, ал пассивтердің өтеуге байланыстысын көрсетеді?

- а) өтімділік талдауы
- б) іскерлік белсенділік талдауы
- в) рентабельділік талдауы
- г) қаржылық тұрақтылық талдауы

12. Кәсіпорын қызметінің тиімділігі мен пайдалылығын бағалауға мүмкіндік беретін қандай көрсеткіштер талдауы бар?

- а) өтімділік
- б) рентабельділік
- в) іскерлік белсенділік
- г) қаржылық тұрақтылық

13. Қаржылық талдаудың қандай түрі нәтижелі көрсеткішке жеке өлшемдердің әсерін табуға және бағалауға мүмкіндік береді?

- а) тік
- б) көлденең
- в) факторлы
- г) коэффициентті

14. Қаржылық талдаудың нормативті моделі дегеніміз не?

- а) бұл – бюджет бойынша есептелген, кәсіпорын қызметінің нақты нәтижесін күтілетін нәтижемен салыстыруға мүмкіндік беретін модельдер
- б) бұл – кәсіпорынның қаржылық қызметін бағалауда негізгі болып табылатын бейнелеуші сипаттағы модельдер
- в) болжамалы сипаттағы модельдер
- г) факторлары алгебралық сома түрде кіретін модельдер

15. Қаржылық талдаудың әдістемелік негізі болып келесі қағидалар табылады:

- а) ақпараттық базаның кешенділігі, бірыңғайлығы
- б) аналитикалық рәсімдердің жүйелілігі, маңыздылығы, бірыңғайлығы және келістілігі
- в) нәтижелердің салыстырымдылығы
- г) барлық жауаптар дұрыс

2

ҰЙЫМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙЫН ТАЛДАУ

2.1. Қаржылық жағдайды талдау негіздері

Қаржылық жағдай деп кәсіпорынның өз қызметін қаржыландыра алу қабілеті түсіндіріледі. Кәсіпорынның дұрыс қызмет етуі үшін, қаржылық ресурстармен қамтамасыз етілуімен, олардың тиімді қолданылуы үшін дұрыс қозғалысымен, басқа да заңды және жеке тұлғалармен қаржылық қарым-қатынаспен, төлем қабілеттілік пен қаржылық тұрақтылықпен түсіндіріледі.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайы тұрақты, тұрақсыз (дағдарыс алдындағы) және дағдарысты болуы мүмкін. Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы төлемдерді өз мерзімінде жүзеге асыру, кеңейтілген деңгейде өз қызметін қаржыландыру, кенеттен болатын жағдайларды оңай бастан кешіру және төлем қабілеттілікті қамтамасыз етумен түсіндіріледі. Ал келтірілген сипаттардың жоқтығы кәсіпорынның қаржылық тұрақсыздығын көрсетеді. Кәсіпорынның қаржылық тұрақсыздығының шегі банкроттық, яғни өз міндеттемелері бойынша жауап бере алмау болып табылады.

Кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығы оның қызмет етуінің келесідей параметрлерімен сипатталады:

- пайдалылықпен (рентабельділік);
- өтімділікпен (төлем қабілеттілік);
- кәсіпорынның өндіріс пен өнімді сату үдерісіне жеткілікті қаржылық ресурстардың бар болуымен;
- негізгі қор мен айналым құралдарының тиімді орналастыру мен қолданумен;
- қаржылық тұрақтылық пен несиеге қабілеттілікпен.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайы, оның тұрақтылығы өндірістік, коммерциялық және қаржылық қызметіне тікелей тә-

уелді. Егер өндірістік және қаржылық жоспарлар сәтті орындалып жатса, ол қаржылық жағдайда қолайлы әсер етеді және керісінше, өндіріс пен өнімді сату бойынша жоспардың орындалмауы оның өзіндік құнының жоғарылауына, кәсіпорынның қаржылық жағдайының және төлем қабілеттілігінің төмендеуіне байланысты пайданың және түсімнің кемуіне алып келеді. Демек, кәсіпорынның тұрақты қаржылық жағдайы – кәсіпорынның шаруашылық қызметінің нәтижесін сипаттайтын, барлық сауатты және озат факторлардың кешені. Тұрақты қаржылық жағдай өз кезегінде өндірістік жоспарды орындау мен өндірісті қажетті ресурстармен қамтамасыз етуге оң әсер етеді.

Осылайша, тұрақты қаржылық жағдай дегеніміз – кәсіпорынның қаржылық шаруашылық қызметінің нәтижесін сипаттайтын, барлық сауатты және тиімді факторлардың кешені.

Түрлі түсінік қаржылық жағдайдың құрылымында да көрінеді. Көптеген зерттеушілер ондаған қаржылық коэффициенттер мен талдаудың басқа да әдістерінің топтамасына бөле отырып, сәйкес талдау бағыттарын (мақсат, міндет, этаптар) анықтайды. Бағыттар топтардың санына, сонымен қатар ішкі құрамына байланысты ерекшеленеді.

Сонымен қатар кәсіпорынның қаржылық жағдайының талдауы қаржылық жағдайды бағалау түсінігіне қарағанда кең ұғым екендігін ескеру қажет. Себебі нақты қаржылық жағдайды бағалаудан бөлек, оны анықтайтын факторлар мен бекітетін себептерді, сонымен қатар қаржылық жағдайды жақсартудың негізгі жолдары мен әдістерін анықтау қосылу қажет.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді перспективада қарастыру қажет. Бірінші жағдайда қаржылық жағдайды бағалау өтімділік және төлем қабілеттілік болып табылады, жалпы жағдайда кәсіпорынның мүмкіндігін өз уақытында және толық көлемде контрагенттердің алдында қысқа мерзімді міндеттемелер бойынша есептерде жүргізуді сипаттауды айтамыз.

Ұзақ мерзімді перспективада кәсіпорын қызметінің тұрақтылығын бағалау, кәсіпорынның жалпы қаржылық құрылымымен, сыртқы кредиторлар мен инвесторлардан тәуелділік деңгейімен, сыртқы қаржы көздерінің тартылу және қызмет ету шарттарымен байланысты.

Қаржылық жағдай кәсіпорынның қаржылық шаруашылық үдерісінде қалыптасады және көп жағдайда жеткізушілер, сатып алушылар, салық және қаржы органдары, банктер, акционерлер және басқа да мүмкін серіктестер қарым-қатынасымен анықталады. Қаржылық жағдай талдау көрсеткіштерінің жиынтығы кәсіпорынның шаруашылық қызметінің үздіксіздігін, оның инвестициялық тартымдылығын, төлем қабілеттілігін, қаржылық тұрақтылық пен тәуелсіздігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Нақты кәсіпорынның қаржылық жағдайын зерттеуде сыртқы, әрі ішкі қолданушылар мүддесі танылады. *Ішкі қолданушыларға* кәсіпорынның иелері мен әкімшілігі, *сыртқы қолданушыларға* кредиторлар, инвесторлар, коммерциялық серіктестер жатады.

Ішкі қолданушылардың мүддесі шеңберінде жүргізілетін қаржылық жағдайды талдау жұмысы, мүмкіндіктерді анықтау және нығайту мақсатында кәсіпорынның қаржылық қызметіндегі әлсіз позицияны анықтауға бағытталған; кәсіпорынның тиімді қызмет етуін қамтамасыз ететін, басқару шешімдерін қабылдау үшін ақпараттық база құру.

Сыртқы қолданушылардың мүддесі шеңберінде жүргізілетін қаржылық жағдайды талдау жұмысы олардың экономикалық мүдделерінің кепілдікті бағалау деңгейін, өз уақытында міндеттемелерді өтеу, инвесторлар үшін қаржыны тұрақты қолдануды қамтамасыз етуді бағалау үшін жүргізіледі. Бұл талдау нақты кәсіпорынмен серіктестіктің пайдалылығы мен сенімділігін бағалауға мүмкіндік береді.

Қаржылық жағдайды талдау өндіріс құралдарын орналастыру мен қолдану, кәсіпорынның төлем қабілеттілігі, жеке айналым құралдарымен қамтамасыздығы, қорлардың жағдайы, меншікті және қарыздық көздердің қалыптасуы, жеткізушілер мен мемлекетпен есептесу тәртібі, қаржылық ресурстарды қолдану тиімділігін анықтаудан тұрады.

Қаржылық жағдайды талдаудың негізгі мақсаты қаржылық ресурстарды қолдануды объективті бағалау негізінде қаржылық жағдайды нығайту мен кәсіпорынның төлем қабілеттілігін көтерудің ішкі шаруашылық резервтерін анықтау болып табылады.

Қойылған мақсатқа жету үшін келесідей *міндеттер* орындалуы тиіс:

- активтердің құрамы мен құрылымын бағалау, олардың жағдайы мен қозғалысы;
- меншікті қарыздық капитал көздерінің құрамы мен құрылымын бағалау, олардың жағдайы мен қозғалысы;
- кәсіпорынның қаржылық тұрақтылығының абсолютті және қатыстық көрсеткіштерінің талдауы;
- шаруашылық субъектінің төлем қабілеттілігінің және оның балансының өтімділігінің талдауы.

Қаржылық жағдайды талдаумен кәсіпорынның тек басшылары мен сәйкес қызметтері емес, сонымен қатар ресурстарды қолдану тиімділігін зерттеу мақсатында – инвесторлар; несиелеу шарттарын бағалау мен тәуекелділік деңгейін анықтау үшін банктер; өз уақытында төлемдерді қабылдау үшін жеткізушілер; бюджетке қаржының түсу жоспарын орындау үшін салық инспекциялары және т.б. айналысады. Осыған байланысты талдау ішкі және сыртқы деп бөлінеді.

Ішкі талдау кәсіпорында жүзеге асырылады, яғни оның қызметімен және мұндай талдаудың нәтижесі кәсіпорынның қаржылық жағдайын жоспарлау мен болжамдау үшін қолданылады. Аталған *талдаудың мақсаты* кәсіпорынның қалыпты қызмет етуі және пайдасын максималдау үшін қаржы құралдарының өз уақытында түсіп отыруын және меншікті және қарыздық құралдардың барынша тиімді әдіспен орналастыру болып табылады.

Сыртқы талдау инвесторлар, материалды және қаржылық ресурстардың жеткізушілері, жария етілетін қаржылық есептеменің негізінде бақылаушы органдармен жүзеге асырылады. *Оның мақсаты* – пайданы максималдау мен шығынды қысқартуды қамтамасыз ету үшін, қаржының пайдалы салынуына мүмкіндік жасау. *Сыртқы талдаудың* келесідей ерекшеліктері бар:

- талдаудың көптеген субъектілері, кәсіпорын қызметі туралы ақпарат қолданушылары;
- талдау субъектілерінің мақсаттары мен мүдделерінің түрлілігі;
- есеп пен есептеменің типтік әдістері, стандарттарының бар болуы;

- тек сыртқы есептеме үшін бағытталу;
- тек сыртқы есептемені қолдану барысында талдаудағы міндеттердің шектеулігі;
- кәсіпорын қызметі туралы ақпараттарды қолдану үшін нәтижелердің максималды ашықтығы.

Сыртқы талдау жарияланатын есептік ақпараттарда, яғни жалпы қоғамның игілігі болып табылатын кәсіпорын қызметі туралы ақпараттың аса шектеулі бөлігінде орналасады. Сыртқы талдау үшін ақпараттың негізгі көзі болып бухгалтерлік баланс пен оған берілетін қосымша табылады. Сыртқы талдау кәсіпорындағы қызмет жағдайы туралы барлық ақпаратты қолданады, сонымен қатар кәсіпорынның қызметін басқаратын шектеулі адамдар үшін.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау құрамы:

- қаржылық жағдайдың жалпы бағасы;
- баланс активтері мен пассивтері құрамы, құрылым мен динамикасы талдауы;
- өтімділік пен төлем қабілеттілік талдауы;
- қаржылық тұрақтылық пен несие қабілеттілік талдауы;
- банкроттық пен кәсіпорын құнын бағалау талдауы.

Нарықтық экономика шартында талдау негізінде кәсіпорынның жоспарлаудың барлық этаптарында алдына қойған міндеттерін тиімді шешу нұсқаларын бекітуге болады. Бұл тек ағымдағы жұмыс емес, сонымен қатар кәсіпорынның ары қарайғы дамуы үшін резервтерді зерттеу мен анықтауға мүмкіндік береді.

Талдау объектісі болып ішкі шаруашылық жоспарлау, есеп, есептеме және ақпараттың басқа да көздеріндегі көрсеткіштер жүйесінде бейнеленетін әлеуметтік және мәдени даму сұрақтарын қоса алғанда, кәсіпорынның шаруашылық-қаржылық қызметінің барлық жақтары табылады.

Кәсіпорынның қаржылық жағдайын талдау әдісі болып ақпаратты өңдеудің математикалық, статистикалық, есептілік және басқа да әдістерін қолдана отырып кәсіпорын қызметін кешенді, тиімді зерттеу табылады.

Талдауда әдетте жедел бухгалтерлік есеп және бақылау үдерісінде қалыптасатын көрсеткіштер жүйесі қолданылады. Жеткіліксіз көрсеткіштер зерттеу барысында есептеледі. Талдау нәтижесінде кәсіпорын қызметі нәтижесінің өзгеруіне әсер ететін

анағұрлым мағыналы көрсеткіштер бекітіледі. Талданатын көрсеткіштер арасындағы өзара қатынасты анықтау және өлшеу кешенді, кәсіпорынның өзара байланысты зерттеу жұмыстарын қамтамасыз етеді.

Қаржылық жағдай талдауы баланс «оқылуы» немесе абсолютті көлемді зерттеу болып табылатын нақты әдістерді қолдануды айтады. «Оқу» немесе баланс мазмұнымен танысу, қаржының негізгі көздерін; қаржы салудың негізгі бағыттарын; кәсіпорынның мүліктік жағдайы мен онымен қамтамасыз етілуін бағалауға мүмкіндік беретін, қаржы мен оның көздерінің қатынасын бекітуге мүмкіндік береді. Бірақ абсолюттік шамаларда берілген ақпарат әрқашан көрсеткіштердің динамикасын нақты анықтауға мүмкіндік бермейді және шешімдерді негіздеу үшін жеткілікті емес. Сондықтан қаржылық жағдайды талдаған кезде абсолюттік шамалармен қатар салыстырмалы шамалардың есебін және бағаларын болжайтын талдаудың әртүрлі әдістері қолданылады.

Талданатын ұйымның салыстырмалы көрсеткіштерін салыстыруға болады:

- тәуекел деңгейін бағалау үшін және дәрменсіздік мүмкіндігін болжамдау үшін жалпыға ортақ қабылданған және бекітілген нормалармен;
- ұйымның күшті және әлсіз жақтарын және оның мүмкін потенциалын анықтауға мүмкіндік беретін басқа ұйымдардың (әсіресе бәсекелестердің) ұқсас мәліметтерімен;
- ұйымның қаржылық жағдайының жетілуі немесе нашарлауының тенденцияларын анықтау және зерттеу үшін өткен жылдардағы ұқсас мәліметтермен.

Әртүрлі авторлар қаржылық жағдайды талдаудың түрлі әдістерін ұсынады. Талдау әдісінің рәсімдік жағын егжей-тегжейлеп талдау қойылған мақсаттарға және ақпараттық, уақыттық, әдістемелік және техникалық жасақтамаға тәуелді. Аналитикалық жұмыс логикасы оның екі модульдік құрылым түрінде ұйымдастырылуын көздейді:

- қаржылық жағдайдың экспресс-талдауы;
- қаржылық жағдайдың егжей-тегжейлі талдауы.

Экспресс-талдауды мақсатты түрде үш кезеңде орындайды: дайындық кезеңі, қаржылық есептілікті алдын ала шолу, есептілікті экономикалық оқылым және талдау.

Бірінші кезеңнің мақсаты – қаржылық есептілік талдауының мақсаттылығы туралы шешім қабылдау және оның оқылымға дайын екеніне көз жеткізу. Бұл жерде формальдық белгілер бойынша және мәні бойынша есептілікті визуалды және қарапайым есептік тексерулер жүргізіледі: барлық қажетті формалар мен қосымшалардың, реквизиттар мен қордардың бар-жоғы анықталады; барлық есеп формаларының дұрыстығы мен анықтылығы тексеріледі; баланс валютасы және барлық аралық қорытындылар тексеріледі.

Екінші кезеңнің мақсаты – балансқа түсіндірме жазбамен танысу. Бұл есеп кезеңіндегі жұмыс шарттарын бағалау үшін, қызметтің негізгі көрсеткіштерінің тенденциясын, сондай-ақ шаруашылық жүргізуші субъектінің мүліктік және қаржылық жағдайында сапалық өзгерістерді бағалау үшін қажет.

Үшінші кезең – экспресс-талдаудағы негізгісі; *оның мақсаты* – ұйымның шаруашылық қызметінің нәтижелерінің және қаржылық жағдайының жалпы бағасы. Мұндай талдау қолданушылардың мүдделеріне қарай әртүрлі егжей-тегжейлі түсіндірмелердің түрлі дәрежесінде өткізіледі. Ұйымның қаржылық жағдайын талдауының нәтижесі мен сапасы көбінесе ақпараттық базаның қолжетімділігі мен сапасымен анықталады.

2.2. Қаржылық жағдайдың жалпы бағасы

Бухгалтерлік баланс ұйымның қаржылық жағдайын талдау үшін негіз ретінде қызмет етеді. Баланс қорытындысы *баланс валютасы* деп аталады және ұйымның қаржысының бағдарлы сомасын береді. Алайда ұйымның қаржылық жағдайының талдауы балансқа тікелей – еңбекті көп қажет ететін және нәтижесіз жұмыс, себебі есеп көрсеткіштерінің көп саны басты тенденцияларды анықтауға мүмкіндік бермейді. Баланстанудың негізін қалаушылардың бірі Н.А. Блатов ұйымның қаржылық жағдайын салыстырмалы аналитикалық баланстың көмегімен зерттеуді ұсынды.

Салыстырмалы аналитикалық баланс оның баптарын ірілендіру және оны құрылым көрсеткіштерімен толтыру жолымен жасалған алғашқы бухгалтерлік баланстан, есеп кезеңіндегі са-

лымдар мен қаржы көздерінен жасалады. Аналитикалық баланстың міндетті көрсеткіштері: мерзімнің басы мен соңындағы бастапқы баланстың баптарының абсолюттік шамалары; мерзімнің басы мен соңында баланс валютасындағы баланс баптарының үлесі; мерзім басындағы шамалардың проценттерде өзгеруі (баланс баптарының өсу жылдамдығы); шамалардың проценттерде (құрылымдық өзгерістердің өсу жылдамдығы); баланс валютасы мен әрбір бабының бір пайызға өсуінің бағасы – мерзім басы мен соңындағы абсолюттік өзгерістер шамаларының қатынасы.

Ұйымның қаржылық жағдайының жалпы бағасы үшін бухгалтерлік баланс баптарын жеке арнайы топтарға топтастыру қажет:

- өтімділіктің кему дәрежесі бойынша (активтер);
- төлем жеделдігі дәрежесі бойынша (пассивтер).

Салыстырмалы аналитикалық балансты әртүрлі жолдармен құруға болады. Әртүрлі бөлімдердің баптарының бірігуіне жол беріледі. Аналитикалық баланста тек актив және пассив негізгі бөлімдерін ұсынудың мағынасы бар. 2-кестеде аналитикалық баланстың үлгілерінің бірі көрсетілген.

2-кесте

Салыстырмалы аналитикалық баланс

(мын. тенге)

Көрсеткіштер	Жыл басы	Жыл соны
1	2	3
<i>Активтер</i>		
I. Қысқа мерзімді активтер		
Ақша қаражаттары және олардың баламасы	-	10
Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар	-	2160
Қысқа мерзімді дебиторлық берешектер	25	104
Қорлар	546	935
Басқа қысқа мерзімді активтер	9	2205
Қорытынды	580	5414
II. Ұзақ мерзімді активтер		
Негізгі құралдар	104	95
Қорытынды	104	95
Баланс	684	5509
<i>Пассивтер</i>		
III. Қысқа мерзімді міндеттемелер		
Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	100	2326

1	2	3
Басқа да міндетті және еркін төлемдер бойынша міндеттемелер	58	83
Қысқа мерзімді кредиторлық берешек	93	1803
Қорытынды	251	4212
IV. Ұзақ мерзімді активтер	-	-
V. Капитал		
Жарғылық капитал	100	100
Бөлінбеген пайда	333	1197
Қорытынды	433	1297
Баланс	684	5509

Салыстырмалы аналитикалық баланс аналитик баланспен танысқан кезде жасаған есептерді жүйелейді және біріктіреді. Аналитикалық баланстың сызбасы әдетте ұйымның қаржылық жағдайының статистикасы және динамикасын сипаттайтын көптеген маңызды көрсеткіштерді қамтиды. Бұл баланс іс жүзінде көлденең және тік талдаудың көрсеткіштерін қамтиды. Аналитикалық баланстан ұйымның қаржылық жағдайының маңызды сипаттамаларының қатарын тікелей алуға болады. Оларға келесілер жатады:

- баланстың соңғы жолында көрсетілген ұйым мүлкінің жалпы құны;
- баланстың I бөлімінің қорытындысына тең мобильді (қысқа мерзімді) активтердің құны;
- баланстың II бөлімінің қорытындысына тең мобильді емес (ұзақ мерзімді) активтердің құны;
- материалды айналым құралдарының (қорлар) құны;
- баланстың III және IV бөлімінің қорытындысына тең қарыздық құралдар шамасы;
- баланстың V бөлімінің қорытындысына тең ұйымның өзінің қаржысының шамасы;
- баланстың V және II бөлімдерінің қорытындыларының айырмасына тең өзінің айналым құралдарының шамасы.

Салыстырмалы аналитикалық баланс тік және көлденең талдау өткізген кезде қолданылады, ол талдауларда баланс құрылымы, оның жеке баптары мен бөлімдеріндегі өзгерістерінің тенденциясы, ұйым мүлкінің прогрессивтілік және оңтайлылық дәрежесі зерттеледі.

Ұйымның қаржылық жағдайының жалпы бағасын шартты түрде екі топқа бөлінетін баланстың «науқас» («ауру») баптарын анықтау негізінде жасауға болады:

1) есеп кезеңінде ұйымның аса қанағаттанғысыз жұмысын және соның нәтижесінде қалыптасқан нашар қаржылық жағдайды куәландыратын;

2) аналитикалық есеп мәліметтері бойынша анықталуы мүмкін ұйым жұмысының белгілі бір кемшіліктерін куәландыратын.

Баланс талдауының негізгі міндеттеріне келесілер жатады:

- ұйымның мүліктік жағдайын бағалау;
- активтердің жеке топтарының өтімділігінің талдауы;
- пассивтердің құрамын, құрылымын және динамикасын зерттеу;
- міндеттемелердің активтермен қамтамасыз етілуінің сипаттамасы;
- активтер мен пассивтердің жеке топтарының арасындағы байланысының талдауы;
- ұйымның ақша қаражаттарын шығару қабілетінің талдауы;
- капиталды сақтау және көбейту мүмкіндігін бағалау.

Баланс талдауын өткізген кезде қажет:

- *активтер талдауында:*
 - негізгі аналитикалық топтарды белгілеу: қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді;
 - активтердің жеке баптарының мәндерін бағалау;
 - активтердің жеке баптарындағы өзгерістер динамикасын сәйкестендіру;
 - қысқа мерзімді активтер мен қысқа мерзімді міндеттемелердегі өзгерістер динамикасын салыстыру;
- *міндеттемелер талдауында:*
 - аналитикалық топтарды белгілеу: қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді; мерзімді және мерзімі өтіп кеткен; қамтамасыз етілген және қамтамасыз етілмеген;
 - активтерді қалыптастыру үшін қарыздық қаржыландырудың қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді көздерінің маңыздылығын бағалау;
- *капитал талдауында:*

- капиталдың меншікке енушілердің үлестері арқылы қалыптасқан бөлігін және ұйымның табысы арқылы қалыптасқан бөлігін бөліп көрсете отырып капитал құрылымын бағалау;
- капиталдағы өзгерістердің себептерін талдау;
- резервтердің бар болуын ұйымның қаржылық беріктігі ретінде бағалау;

Баланс қасиеттерін талдаған кезде қажет:

- активтердің олардың қайтарымдылық мерзімдері бойынша топтастыру, ал пассивтерді оларды өтеу жеделдігі бойынша топтастыру және активтер мен пассивтер топтарын сәйкестендіру жолы арқылы баланстың өтімділігін бағалау;
- жеке капитал мен міндеттемелердің қатынасын сипаттау;
- қаржыландырудың ұзақ мерзімді көздерін – жеке капитал мен ұзақ мерзімді міндеттемелер – қаржыландыру көздерінің жалпы шамасында бағалау;
- дебиторлық және кредиторлық берешектердің қалыптасу және өтеу шарттарын сәйкестендіру;

Ұйымның қаржылық жағдайын талдау үшін баланс оқуды білу және оны талдаудың әдісін жақсы меңгеру қажет. Балансты оқуды білу – бұл оның әрбір бабының мазмұнын, оны бағалау жолдарын және баланстың басқа баптарымен байланысын, әрбір бап бойынша мүмкін болатын өзгерістердің сипаттамасы және олардың ұйымның қаржылық жағдайына әсерін, оның төлем қабілетін білуді білдіреді.

Балансты оқу талдаудың бастапқы кезеңі болып табылады, бұл кезеңде пайдаланушы ұйыммен алдын ала танысады. Балансты оқыған кезде анықтайды: баланс валютасы және оның жеке бөлімдерінің, баптарының өзгерістерінің сипаттамасын, ұйым қаражатының дұрыс орналастыруын (бөлінуін), оның ағымдағы төлем қабілетін.

Баланс валютасының, ұйымның активтері мен пассивтер құрылымының динамикасын талдау ағымдағы қаржылық-шаруашылық қызметті жүзеге асыру үшін, сондай-ақ перспективалық басқарушылық шешімдерді қабылдау үшін маңызды қорытындылар жасауға мүмкіндік береді.

Мысалы, есеп кезеңіндегі баланс валютасының азаюы (абсолюттік көріністе) ұйым шаруашылық айналымды қысқартқандығының айғағы болып табылады. Қаржылық-шаруашылық қызметті тұжыру фактісін анықтау оның себептерін (ұйым өніміне төлем қабілеті бар сұраныстың төмендеуі, қажетті шикізат пен материалдар нарығына шығу мүмкіндігі шек қойылуы және т.б.) талдауын өткізуді талап етеді.

Есеп кезеңіндегі баланс валютасының өсуін талдай отыра, негізгі қорларды қайта бағалаудың әсерін, олардың құны өндірістік қызметтің дамуымен байланысты болмаған кезде есеп алу керек. Баланс валютасының өсуі дайын өнімнің инфляцияның әсерінен қымбаттауының салдары ма, әлде ұйым қызметінің кеңеюінің айғағы екендігін анықтау қажет.

2-кестеден ұйым жылдың соңында қаржылық жағдайын жақсартқанын көреміз, оның карамағындағы ресурстардың сомасы 4825 мың теңгеге немесе 705,4 %-ға артып 5509 мың теңгені құрады. Қарастырылып отырған кезеңдегі баланс валютасының өсуі ұйымның өндірістік мүмкіндіктерінің артуын және жағымды бағаға лайық екенін дәлелдейді.

Ұйым қызметін жүзеге асыру үрдісінде активтер мен пассивтер, олардың құрылымы тұрақты түрде өзгерістерге ұшырайды.

Баланс активтері мен пассивтері құрылымындағы орын алған сапалық өзгерістер, сонымен қатар бұл өзгерістер динамикасы туралы түсінікті тік (құрылымдық) және көлденең (динамикалық) талдау көмегімен алуға болады. Бұл ретте баланстың құрамын, құрылымын, баптарының байланысын және олардың топтастырылуы баланстың тік талдауына, ал динамиканы бағалау көлденең талдауына жатады.

Тік талдау жалпы қорытындыдағы баланстың жеке баптарының үлес салмағын анықтау және болашақта нәтижелерді өткен кезең мәліметтерімен салыстыру үшін өткізіледі. Ол баланстың абсолюттік көрсеткіштерін бұрмалауы мүмкін инфляциялық үрдістердің әсерін тегістейді және есеп мәліметтері талданып отырған ұйымның көрсеткіштерінен айтарлықтай ерекшеленетін басқа ұйымдармен салыстыруға мүмкіндік береді.

Тура талдаудың мақсаты баланс жиынындағы жеке баптардың үлесін есептеу және олардың қозғалысын бағалау, ол

аркылы активтер мен олардың құралу көздерінің құрылымдық өзгерістері болжау және анықтау мүмкіндігіне ие болады.

Тура талдауды құру үшін база ретінде (100 % алып) баланс есепті мерзімнің басы мен соңына арналған активтер мен пассивтердің нәтижесі қажет және жалпы жиындағы әрбір баланс бабының пайыздық үлесін анықтаудан тұрады.

Балансты тура талдаудың мысалы 3-кестеде көрсетілген.

3-кесте

Балансты тура талдау

Көрсеткіштер	Жыл басына		Жыл соңына		Өзгерістер (+, -), мың. тенге	Өзгеріс қарқыны (+, -), %
	мың. тенге	%	мың. тенге	%		
1	2	3	4	5	6	7
<i>Активтер</i>						
I. Қысқа мерзімді активтер	-	-	10,0	0,2	+10,0	100,0
Ақша қаражаттары және олардың баламалары						
Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар	-	-	2160,0	39,2	+2160,0	100,0
Қысқа мерзімді дебиторлық берешектер	25,0	3,7	104,0	2,0	+79,0	+416,0
Қорлар	546,0	79,8	935,0	16,9	+389,0	+171,2
Өзге қысқа мерзімді активтер	9,0	1,3	2205,0	40,0	+2196,0	+24500
Қысқа мерзімді активтердің нәтижесі	580,0	84,8	5414,0	98,3	+4834,0	+933,4
II. Ұзақ мерзімді активтер	104,0	15,2	95,0	1,7	-9,0	-8,7
Негізгі құралдар	104,0	15,2	95,0	1,7	-9,0	-8,7
Ұзақ мерзімді активтер нәтижесі						
Баланс	684,0	100,0	5509,0	100,0	+4825,0	+805,4
<i>Пассивтер</i>						
III. Қысқа мерзімді міндеттемелер						
Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	100,0	14,6	2326,0	42,2	+2226,0	+2326,0

1	2	3	4	5	6	7
Өзге міндетті және ерікті төлемдер бойынша міндеттемелер	58,0	8,5	83,0	1,5	+25,0	+143,1
Қысқа мерзімді кредиторлық берешек	93,0	13,6	1803,0	32,7	+1710,0	+1938,7
Қысқа мерзімді міндеттемелер нәтижесі	251,0	36,7	4212,0	76,4	+3961,0	+1678,1
IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер	-	-	-	-	-	-
V. Капитал						
Жарғылық капитал	100,0	14,6	100,0	1,8	0	+100,0
Бөлінбеген пайда (жабылмаған зиян)	333,0	48,7	1197,0	21,8	+864,0	+359,4
Капитал нәтижесі	433,0	63,3	1297,0	23,6	+864,0	+299,5
Баланс	684,0	100,0	5509,0	100,0	+4825,0	+805,4

3-кесте мәліметтерінің негізінде ұйым бойынша мынадай тұжырым жасауға болады:

- қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар көлемі 100,0 % артты, ол еркін ақша қаражаттары бар екенін көрсетеді, оны ұйым қысқа мерзімге салым ретінде орналастыра алатындығын көрсетеді;
- ұйым өнімдерін төлеу, тұтынушыларға ұсынылған тұтыну несиелерін белсенді ұсыну, яғни қысқа мерзімді активтер бөлігін тарту және өндірістік үрдіске сай айналым қаражаттарының имобильдеумен байланысты, жағымсыз өзгерістер қысқа мерзімді дебиторлық берешектер 316,0 % артқанын аңғарамыз;
- қорлар 71,2 % өсті, ал олардың айналымдылығы төмендеді, ол жағымсыз фактор болып саналады;
- өзге қысқа мерзімді активтер көлемі 24400,0 % өсті.
- жалпы қысқа мерзімді активтер көлемі 833,4 % ұлғайды.

Жалпы активтердің өсімі қысқа мерзімді активтер есебінен болды, активтердің қажетті мобильді құрылымын қалыптастыруды көрсетеді, ол ұйымның қаражаттар айналымдылығының жылдамдатуға көмек береді;

Көлденең талдау аналитикалық кесте құрастырудан көрініс табады, онда абсолютті көрсеткіштермен бірге қатысты көрсеткіштер өсімінің (төмендеуі) қарқыны толықтырылады. Ол үшін

баланс мәліметтері кей мерзімдерге (есеп беру негізі) 100 % болып алынады; әрі қарай баланс бөлімдері мен баптарының пайыздар базистік мәндеріне қозғалмалы қатары құрылады.

Көлденең талдаудың мақсаты анықталған мерзімге әртүрлі баланс баптарының абсолюттік және қатыстық өзгерістерін анықтау болып табылады.

Көлденең талдаудың мысалы 4-кестеде көрсетілген.

4-кесте

Балансты көлденең талдау

Көрсеткіште	Жыл басына		Жыл соңына		Өзгерістер (+, -)	
	мың. тенге	%	мың. тенге	%	мың. тенге	%
1	2	3	4	5	6	7
<i>Активтер</i>						
I. Қысқа мерзімді активтер	-	-	10,0	100,0	+10,0	+100,0
Ақша қаражаттары және олардың баламалары	-	-	2160,0	100,0	+2160,0	+100,0
Қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар	25,0	100,0	104,0	416,0	+79,0	+316,0
Қысқа мерзімді дебиторлық берешектер	546,0	100,0	935,0	171,2	+389,0	+71,2
Қорлар	9,0	100,0	2205,0	24500,0	+2196,0	+24400,0
Өзге қысқа мерзімді активтер	580,0	100,0	5414,0	933,4	+4834,0	+833,4
Қысқа мерзімді активтер нәтижесі	104,0	100,0	95,0	91,3	-9,0	-8,7
II. Ұзақ мерзімді активтер	104,0	100,0	95,0	91,3	-9,0	-8,7
Негізгі құралдар	104,0	100,0	95,0	91,3	-9,0	-8,7
Ұзақ мерзімді активтер нәтижесі	684,0	100,0	5509,0	805,4	+4825,0	+705,4
Баланс	684,0	100,0	5509,0	805,4	+4825,0	+705,4
<i>Пассивтер</i>						
III. Қысқа мерзімді міндеттемелер	100,0	100,0	2326,0	2326,0	+2226,0	+2226,0
Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	100,0	100,0	2326,0	2326,0	+2226,0	+2226,0

1	2	3	4	5	6	7
Өзге міндетті және ерікті төлемдер бойынша міндеттемелер	58,0	100,0	83,0	143,1	+25,0	+43,1
Қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер	93,0	100,0	1803,0	1938,7	+1710,0	+1838,7
Қысқа мерзімді міндеттемелер нәтижесі	251,0	100,0	4212,0	1678,1	+3961,0	1578,1
IV. Ұзақ мерзімді міндеттемелер	-	-	-	-	-	-
V. Капитал						
Жарғылық капитал	100,0	100,0	100,0	100,0	0	0
Бөлінбеген пайда (жабылмаған зиян)	333,0	100,0	1197,0	359,4	+864,0	+259,4
Капитал нәтижесі	433,0	100,0	1297,0	299,5	+864,0	+199,5
Баланс	684,0	100,0	5509,0	805,4	+4825,0	+705,4

4-кестеде көрсетілген мәліметтер келесідей шешімдер қабылдауға мүмкіндік береді:

1) қысқа мерзімді дебиторлық берешектер 316,0 % ұлғайды және 104,0 мың. теңгені құрады;

2) қысқа мерзімді активтер тез арада (24400,0 %-ға) ұлғайды;

3) жалпы қысқа мерзімді активтер 833,4 % ұлғайды, ұзақ мерзімді активтер 8,7 % өсті;

4) ұйымның жалпы активінің сомасы 4825,0 мың теңгені құрады, осы кезде міндеттемелер сомасы 3961,0 мың теңгені құрады;

5) қарастырылып отырған мерзім ішінде баланс валютасы 705,4 % ұлғайды және есепті мерзім соңына 5509,0 мың теңге болды немесе 4825,0 мың теңгеден көп құрады.

Баланс активтері ұйымға тиесілі ақша қаражаттары мен мүліктер жиынын көрсетеді: ғимараттар, құрал-жабдықтар, машиналар мен жабдықтар, қорлар, банктік салымдар, бағалы қағаздарға инвестициялар, патенттер, авторлық құқық және т.б. Кең мағынада алып қарайтын болсақ, бұл құндылықтар, ақшалай құнға ие және ақшамен бағаланады.

Баланс активтері капитал орналастыру және мәліметтерін құрайды, ол ұйымның меншігіндегі, яғни оны нақты мүлікке жә-

не қолдағы ақша қаражаттарының еркін қалдығы бойынша материалдық құндылықтарға салу болып саналады. Әрбір орналас-тырылған капиталға жеке баланстың бабы сай келеді. Баланс активтерінің мәліметтері бойынша, ұйым активтерінде қандай өзгерістер орын алғандығын, оның қай бөлігін мүліктер құрайтындығын, ал қай бөлігін айналым қаражаттары, сонымен қатар өндіріс пен орналастыру алатындығын көрсетеді.

Баланс активтері баптарын топшылаудың негізгі себебі олардың өтімділік деңгейі болып табылады. Баланс активтерінің осы салдары бойынша олар қысқа мерзімді активтер (баланстың I бөлімі) және ұзақ мерзімді баланс (баланстың II бөлімі) болып бөлінеді.

Баланс активтерінің құрамы мен құрылымы капитал көлемі мен құрылымына байланысты болып табылады. Осыған сай, активті талдау оларды қалыптастыру көздері мен өтімділігіне тікелей байланысты болып табылады. Талдау үрдісінде баланс активтерінің құрылымын көрсету қажет, олардың жалпы баланс валютасындағы қозғалысындағы қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді активтердің шекті үлесін анықтау керек; қаражаттарды орналастыру ауытқулары мен өзгерістерін айқындау қажет.

Баланс активтері құрылымының өзгерісін зерттеу маңызды ақпаратты алуға көмек береді. Осылайша, меншіктегі айналмалы қаражаттар үлесінің артуы мынаны көрсетеді:

- ұйым қаражаттарының айналымдылығын тездетуге арналған активтердің мобильді құрылымын қалыптастыру;
- ұйымның қысқа мерзімді активтерінің бір бөлігін тұтынушыларды несиелендіру мен өзге дебиторларға орналастыру, өндірістік үрдістегі айналмалы қаражаттар бөлігінің нақты имобилизациялануын көрсетеді;
- өндірістік базаны тоқтату;
- қолдағы бухгалтерлік есеп тәртібіне сай негізгі қорларды нақты бағалаудың қиындығы және т.б.

Жалпы қасиеттеріне сай «жақсы» баланс салдары болып:

1) есепті кезеңнің соңында баланс валютасы оның басына қарағанда ұлғайды;

2) қысқа мерзімді активтер қарқынының өсіміне қарағанда, ұзақ мерзімді активтер қарқынының өсімі қысқарды;

3) капиталда ұйымның меншікті капиталы тартылған капиталдан асып түсті және оның қарқыны тартылған капитал қарқынына қарағанда көбірек;

4) дебиторлық және кредиторлық берешектердің қарқыны шамамен бірдей.

Активтер құрылымындағы өзгерістердің нақты шешімдерін анықтау үшін баланс активтер бөлімдеріне және жеке баптарына жіті талдау жүргізу керек, жеке алып қарағанда, ұйымның өндірістік ахуалының жағдайын бағалау, негізгі құралдар мен материалды емес активтерді қолдану тиімділігін арттыру, қысқа мерзімді активтер айналымдылығының жылдамдығын бақылау және т.б.

Қысқа мерзімді активтер ұйым меншігінің ең мобильді бөлігін құрайды, сол себепті толық айналымды жасайды немесе бір жылда бірнеше айналым жасайды. Оларды пайдалану жағдайы және тиімділігі сәтті қызмет жасаудың негізгі шарты болып табылады. Ұйым жұмысының жоғары нәтижелілігі мен байыптылығы, ырғақтылығы, айналым қаражаттары қамтамасыз етумен негізгі байланысты болып табылады. Қысқа мерзімді активтерді алуға авансталған қаражаттардың жетіспеушілігі өндірістің қысқаруына алып келеді, өндірістік бағдарламаның орындалмауына алып келеді. Оларға ақша қаражаттарының артығымен орналастыру, нақты тұтынушылығын арттырады, ресурстарды өлтіруге алып келеді және оларды тиімсіз пайдалануға алып келеді. Қысқа мерзімді активтердің абсолютті және қатысты көлемін көбейту инфляция факторларының немесе өндіріс масштабын ұлғайтуды және айналымдылығын тежеуді ғана сипаттайды, ол жалпы тұтыну өсімін нақты көрсетеді.

Ақша қаражаттарын тарту, ереже бойынша, ұйымның қаржылық тәртібін мықтайды. Ақшаның нақты сомасы, алдыңғы кезекті төлемдерді өтеу үшін қажет болуы керек. Ұзақ уақыт аралығындағы көп көлемді ақшаның болуы оның айналым капиталындағы дұрыс пайдаланылмағандығының нәтижесі болып табылуы мүмкін. Оларды пайда табу мақсатымен тез арада айналымға босатуы тиіс: өз өндірісін кеңейту үшін және өзге ұйымдарға акцияға салу үшін.

Қаржы-шаруашылық операцияларын жасау үрдісі кезінде өнімдерді сату операциялары жасалады, өзге активтерде деби-

торлық берешек пайда болады. Дебиторлық берешекті талдау қысқа мерзімді активтердің шекті үлесін анықтау жолымен жүзеге асырылады. Содан соң, оның жыл бойына өзгеру динамикасы талданады: соманың жыл басы мен соңындағы қалдықтары салыстырылады; оның жағдайы бағаланады, яғни жыл ішінде баланс баптары мен дебиторлар түрлеріне байланысты оның туындауы мен өтелуі көрініс табады.

Баланс активіндегі дебиторлық берешек көлемінің көп мөлшерде кездесуі, ұйымның өз сатып алушыларын аванстау үшін кеңінен коммерциялық (тауарлық) несиені пайдаланатындығы көрініп отыр. Оларды несиелендіру барысында, ұйым өзінің табыс мөлшерінің бір бөлігімен олармен бөлісіп отырады. Алайда ұйым төлемдері кешіктірілген жағдайда, ол ағымдағы шаруашылық қызметті қамтамасыз ету үшін несие алуы тиіс, ол арқылы меншікті кредиторлық берешекті ұлғайтуы тиіс.

Дебиторлық берешекті талдау барысында оны қалыпты және мерзімі өткен деп бөліп қарастыру қажет. Мерзімі өткен дебиторлық берешектің бар болуы қаржылық қиындықтарды туындатады, капитал айналымдылығын кешіктіреді. Есеп айырысуларды, алдын ала төлемдерді, вексельдерді пайдалану және т.б. арқылы төлемдерді тездету қажеттігін туындатады. Талдау процесі барысында дебиторлық берешектің туындау мерзімін, динамикасын, құрамын және себебін зерттеу қажет болып табылады: оның құрамын жазалауға тиісті сомалар болуы мүмкіндігі бар не жоқ екендігін анықтау, оны қалпына келтіру үшін қажетті шараларды жасау.

Дебиторлық берешектерді талдау арқылы, кредиторлық берешек мөлшері мен оның сомасын салыстыру қажет, айналымдылығын анықтау керек. Дебиторлық берешектің төмен айналымдылығы тауарлық кредиттің көрсетілуі, ұзақ мерзімге вексельдер бойынша қарыздарды рәсімдеу, сатып алушылардың төлей алмау қабілеті немесе дебиторлық берешекті алу жұмыстарының нашар жүргізілуі болып табылады. Ұйымның есеп айырысу және келісімшарт тәртібі үлкен дебиторлық берешектер көп болмауы тиіс, ол айналым қаражаттарын тартуға алып келеді, айналымдылығының кешіктірілуі, соның нәтижесінде ұйымның қаржылық жағдайы қиындайды және қосымша қаражаттар көздеріне деген қажеттіліктің туындауына алып келеді. Осы

арқылы ұйымның өндірістік циклі ұлғаяды. Дебиторлық берешек үлкен болған сайын, соғұрлым ұйымдағы ақша қаражаттар көлемі аз болады.

Ұйымның қаржылық жағдайына үлкен көлемде әсер ету оның жағдайының өндірістік қорлар жағдайын көрсетеді. Сол себепті, қаржылық жағдайды бағалау үшін қорлар туралы мәліметтерді қайта талдау қажет болып табылады. Қорлар оңтайлы болуы қажет, яғни өндіріс уақытылы әрі толық көлемде қамтамасыз етілуі үшін қажетті ресурстармен қамтамасыз етілуі тиіс, сонымен бірге олар қоймаларда жатып қалуы тиіс емес.

Қорлар құрылымын зерттеу барысында негізгі назар қысқа мерзімді активтер, шикізат түріндегі материалдар мен өзге аналогтық құндылықтар, аяқталмаған өндірістегі шығындар, дайын өнім мен қайта сатуға арналған өнімдер, тиеліп жөнелтілген өнімдер элементтері өзгерісі тенденцияларында болады. Өндірістік қорлардың шекті үлесінің ұлғаюы мынаны көрсетеді:

- ұйымның өндірістік потенциалын өсіру;
- инфляцияның әсер етуінен құнсызданумен байланысты өндірістік қорлар есебінен ұйымның ақша қаражаттарын сақтау қажеттілігі туындайды;
- таңдалып алынған стратегияның дұрыс еместігі, оның әсерінен қысқа мерзімді активтер қорларға имобилизацияланады, оның өтімділігі төмен болып саналады.

Ұзақ мерзімді активтер бухгалтерлік баланста нетто бағалауға әкеледі. Себебі негізгі құралдар, материалдық емес активтер қалдық құнымен бағаланады, ал қалған ұзақ мерзімді активтер – нақтылы өзіндік құнымен. Аталған бағалау ұзақ мерзімді активтерді өткізу кезінде жүзеге асыру мен ұйымды жойғанда алуға болатын ақша қаражаттарының сомасы жайлы ақпараттар бермейді.

Ұзақ мерзімді активтердің көлемі құрылыс пен сатып алулар, өтеусіз қосылымдар, жарғылық капиталға салымдар, жою есебінен шығарылулар және т.б. есебінен өзгеруі мүмкін. Соған сәйкес, талдау үдерісінде бастапқы көрсеткіштермен бірге, қалдық құны немесе ұзақ мерзімді активтердің нақты өзіндік құны; кезеңдік және интервалды көлемдер; құндық және натуралды құны қолданылады. Ұзақ мерзімді активтерді талдау барысында қолданудың құрылымы, динамикасы мен тиімділігіне баға беру қажет.

Ұзақ мерзімді активтер құрылымында қаржылық инвестициялардың болуы бұл салымдардың инвестициялық бағыттылығын көрсетеді. Сол себепті ұйым фондының портфеліне кіретін табыстылық, өтімділік пен эмиссионды бағалы қағаздардың тәуекелділігін бағалау керек.

Материалды емес активтердің баланстың екінші бөлігінің құрылымда болуы инновациялық сияқты ұйымның тандалған стратегиясын жанама түрде көрсетеді. Ұйым басшылығына материалды емес активтерді қолданудың егжей-тегжейлі талдау маңызды.

Баланс пассиві өзіне ұйымның кредиторлардың, қызметкерлердің, инвесторлардың қысқа мерзімдімен қатар ұзақ мерзімді алдындағы міндеттемелерін кіргізеді, сондай-ақ ұйымның меншікті құралдарының құрамына кіретін шығарылған капитал, эмиссиялық кіріс, сатылып алынған меншікті үлестік құралдары, резерві, бөлінбеген пайдасы. Баланс пассивінде келтірілген мәліметтер ұйымның меншікті және заемдық капиталының құрылымында болған өзгерістерді, ұйымда қаншалықты ұзақ және қысқа мерзімді заемдық құралдардың айналымда болғанын, яғни пассивтерді көрсетеді, ұйымның мүлкін қалыптастыруға бағытталған қаражаттардың қайдан пайда болғанын анықтауға көмегін тигізеді. Ұйымның қаржылық жағдайы көбінесе оның құрамындағы құралдарының бар екендігі мен оның қайда салынғандығына байланысты.

Ұйымның активтерінің қалыптасуының дереккөздері негізінде меншікті капиталмен бірге заемдық құралдар да жатады. Талдау барысында тарлыққан қаражаттардың басты түрі болып табылатын, талдау кезеңінің ішінде меншікті және заемдық қаражаттардың көбейтілуі қалай жүргендігі, жалпы өсу қарқыны немесе меншікті және заемдық қаражаттардың төмендеуі, меншікті және заемдық қаражаттардың дереккөздерінің жалпы өзгерісін қадағалау қажет.

Пассивтерді талдау шаруашылық ішілік резервтерді анықтау мақсатында, төлемқабілеттілікті қалпына келтірумен қамтамасыз ету және міндеттемелерді уақытылы жүзеге асыруда қайта құрылымдауды жасау мүмкіндіктері мақсатында жасалады. Ол ұйымның баланс баптарының топтары бойынша жасалады және негізгі құралдар, қысқа және ұзақ мерзімді міндеттемелердің дереккөздерін талдаудан тұрады.

Баланс пассивінің құрылымын талдау төлемқабілетсіздікке ұшыратқан ұйымның қаржы тұрақсыздығының (тұрақтылығының) себептерін анықтауға мүмкіндік береді. Тұрақсыздықтың себебі қаржы шаруашылық қызметке тартудағы дереккөздердегі заемдық қаржы бөліктерінің рационалды емес жоғары болуы мүмкін. Кез келген ақпарат көздері негізінде меншікті қаражаттардың бөлігінің артуы ұйымның қаржылық тұрақтылығының нығаюына әкеледі. Меншікті және қарыз қаражаттардың арақатынасын анықтауда ережеге сәйкес ұзақ мерзімді кредиттер мен қарыздар меншікті қаржы дереккөздеріне теңесетінін ескеру қажет. Бұдан басқа баланс пассивінің баптарының белгілі жағдайда болашақ кезең табыстары, алдағы кезең шығындары мен төлемдердің резерві, негізінен, меншікті қаражаттардың дереккөздері болып табылады.

Ұйымның меншікті қаражаттардың дереккөздері: шығарылған капитал, эмиссиялық кіріс, шығарылған үлестік құралдар, резервтер, сонымен қатар бухгалтерлік баланстың бесінші «Капитал» бөлімінде көрсетілген, бөлінбеген пайда саналады.

Ұйымда меншікті көлемі тұрақты өсу қарқын бар, капиталдың болуы кредиторларға, инвесторларға, қарыз берушілер мен акционерлерге нарықтық жағдайда қосымша кептілдік бере алатындығын білдіреді. Ұйымның өзіне мүмкін болатын шығындарды жабуда, мүліктердің жаңа түрін жүзеге асыруда және қызмет аясын кеңейтуде меншікті капитал жарғылық қызметін жүзеге асыруда негізгі дереккөзі болып саналады.

Сол себепті пассив құрылымын талдауда ең бірінші қаржыландыру дереккөздерінде нақты меншікті капиталдың (яғни шығындарды алып тастағандағы және құрылтайшылардың жарғылық капиталға қарыздарына) қандай бөлігін алатындығына назар аударады. Қарыз қаражаттарының өсу қарқынымен салыстырғанда меншікті қаражаттардың өсу қарқынының алға шығуы ұйымның қаржылық тұрақтылығының нығаюына әсерін тигізеді.

Сондай-ақ балансты талдауда баланс пассивінің арақатынасын қарау, меншікті және қарыз қаражаттарының арақатынасы маңызды орын алады. Меншікті капиталдың үлесі өскен сайын, ұйымның қаржы тұрақтылы жоғарылайды, сонымен ол сыртқы кредиторларға тәуелділігі төмендеп, оған банкрот болу қаупі төнбейді.

Меншікті капиталдың қажеттілігі ұйымның өзін-өзі қаржыландыру талаптарымен ескеріледі. Ол ұйымның дербестігі мен тәуелсіздігінің негізі болып табылады. Алайда ұйым қызметін өзінің меншік қаражаттары есебінен қаржыландыру ол үшін әрдайым тиімді бола бермейді, әсіресе өндірістің мезгілдік сипаты жағдайында оны ескере білу қажет. Ондай жағдайда жеке кезеңдерде банктік шоттарда үлкен қаражаттар жиналады, ал басқа кезеңдерде ол жеткіліксіз болады. Бұдан басқа қаржыландыру ресурстарының бағалары төмендесе, ал ұйым салынған капиталға, қарыздық қаражаттарын тарту арқылы, кредиттік ресурстарға төлемдерден қарағанда жоғары деңгейде қайтарыммен қамтамасыз ете алса, ол меншікті капиталдың рентабельдігін арттыра алатындығын есте сақтау қажет.

Қаржыландыру көздерінде резервтер мен бөлінбеген пайданың болуы ұйым жұмысының тиімділігін білдіреді, себебі меншікті капиталдың бұл бөлігі қаржы - шаруашылық қызмет барысында құрылады.

Ұйымның меншікті капиталын талдаудан кейін, ұйымның міндеттемелерін талдауға көшуге болады. Ұйымның міндеттемелері өзіне өтеу мерзіміне қарай қысқа мерзімді (1 жылға дейін) және ұзақ мерзімді (1 жылдан жоғары) деп бөлуге болатын қаржылық қаражаттардың кең мағынасын қамтиды. Қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді қарыз қаражаттарының ішін банктің кредиті мен қарызының түрлеріне талдау үшін ерекшелеп көрсетуге болады.

Ұйымның міндеттемелеріне тартылған қаражаттарды, яғни төлеу мерзімі жетпеген кредиторлық берешектерді жатқызуға болады. Кредиторлық берешекті талдау мақсатында жалпы соманың ішінде келесілерді белгілеу қажет: тапсырысшылар мен жеткізушілердің алдындағы берешек, берілген вексельдер бойынша (төлеу үшін), алынған аванстарды, табыстарды төлеуде құрылтайшыларға берешектерді, еншілес және тәуелді ұйымдар алдындағы берешектерді.

Тартылған қаражаттардың ішінде маңызды орынды, атап айтқанда, тұрақты пассивтер алады, оны талдау келесі бағыттар бойынша жүргізіледі: ұйымның қызметкерлерінің алдында еңбекақыны төлеу бойынша берешектер, бюджет пен әлеуметтік сақтандыру мен қамсыздандыру мекемелерінің алдындағы қарыздар.

Ұйымның айналымына қарыз қаражаттарын тарту олардың айналымда ұзақ уақытқа тоқтап қалмай уақытылы қайтып келуі шартында қаржылық жағдайдың уақытша жақсаруына әсерін тигізеді. Керісінше болғанда, қаржылық жағдайдың нашарлауына әкелетін, уақыты өткен кредиторлық берешектер туындауы мүмкін. Сол себепті талдау барысында кредиторлық берешектердің құрылымы мен мерзімін, бар болуын, ресурстарды жеткізушілердің алдындағы уақыты өткен кредиторлық қарыздың туындау себептері мен жиілігін, қызметкерге енбекақы төлеу, бюджетке төленетін төлемдердің уақыты өткендігі үшін өсімақы сомасын зерттеп алу керек.

Қысқа мерзімді кредиторлық берешектердің қарқынды өсуі айналымдылықтың төмендеуіне алып келеді. Оның негізінде бюджетке және бюджеттен тыс қорларға төлемдердің уақытының өтуі әртүрлі айыппұлдардың, өсімақылардың, тым жоғары төлемдерді туындататынын ескере білу қажет.

Қарыз капиталының құрылымының оң әсерлі кезеңі болып, қаржылық тұрақтылықты арттырып, төлемқабілеттілігінің жоғалтуларының қаупін азайтатын ұзақ мерзімді міндеттемелер бөлігінің басымдылығы болып табылады. Сонымен қатар ұйымның қаржылары қысқа мерзімді міндеттемелер негізінде құрылатын болса, онда оның қаржылық жағдайы жедел қайтарулар мен қарыз қаражаттарын қолдану мерізімінің қысқалығына байланысты тұрақсыз болады.

Демек, меншікті және қарыз капиталының арақатынасы қаншалықты оңтайлы болуы, көп жағдайда ұйымның қаржылық жағдайына байланысты. Дұрыс қаржылық стратегияның жасалуы көптеген ұйымдардың қызметінің тиімділігін арттыруға көмектеседі.

Ұйымда оңтайлы бағалауды V «Капитал» бөлімін 1297,0 мың теңгеге арттыру лайық. Теріс кезең пассивтерде қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелердің меншікті салмағының 27,6 % (42,2-14,6) немесе 2226,0 (2326,0-100,0) мың теңгеге және қысқа мерзімді кредиторлық берешектің 19,1 % (32,7-13,6) немесе 1710,0 (1803,0-93,0) мың теңгеге артуы болып табылады.

Баланс пассивінің құрамын талдай отыра, қысқа мерзімді міндеттемелердің бөлігі 14,6-дан 42,2 %-ға артқанын ескеру керек. Қысқа мерзімді кредиторлық берешектердің бөлігінің 13,6-дан 32,7 %-ға артуы қанағаттанарлықсыз бағаға лайықты.

Активтердің бірлескен көзінің құрылуында қарыз қаражаттарының бөлігінің артуы, ұйымның қаржылық тәуелділігінің артқандығы мен қаржылық тәуекелдік деңгейінің артуы ұйымға қолайсыз жағдай тудырады.

Есепті кезеңде баланс пассивінің жалпы сомасы артуы 4825 мың теңгеге өзгерген:

- шығарылған капитал өзгеріссіз қалған;
- талданған кезең ішінде бөлінбеген пайда 864 мың теңгеге, өсу қарқыны 359,4 % жоғарылаған.

4-кестенің көмегімен, ұйымның балансының пассив бөлігіне көлденең талдау жүргіземіз.

Баланс пассивін талдау талданған кезеңде баланс валютасының өсуі бөлігі 46,1 % $[(2226,0 / 4825,0) \cdot 100]$ тең болатын, қысқа мерзімді міндеттемелердің бірден артуының әсерінен баланс валютасы (805,4 %) өсу қарқынымен салыстырғанда ұйымның капиталының өсу қарқыны (299,5 %) өте төмен көрсеткіштерді көрсеткен.

Ұйымның пассивін талдау қысқа мерзімді берешектердің бірден 19,4-ке (93,0-ден 1803,0 мың теңгеге) артқандығын көрсетеді. Мұндай арту мемлекеттегі жалпы дағдарыстың өтелмеген төлемдерімен байланысты.

«Жақсы» баланстың жалпы көрсеткіштері болып келесілер саналады:

- 1) есепті кезеңде баланс валютасы өткен кезеңмен салыстырғанда артқан;
- 2) ұзақ мерзімді активтердің өсу қарқынына қарағанда, қысқа мерзімді активтердің өсу қарқыны жоғары;
- 3) ұйымның меншікті капиталы қарыз капиталынан артқан және оның өсу қарқыны қарыз капиталына қарағанда жоғары;
- 4) дебиторлық және кредиторлық берешектердің өсу қарқыны шамамен бірдей.

2.3. Өтімділік пен төлем қабілеттілікті талдау

Баланс өтімділігі ақша қаражаттарына айналу мерзімі міндеттемелердің өтелу мерзімімен сәйкес келетін, ұйымның мін-

деттемелерінің оның активтерінің көмегімен жабылу деңгейімен сипатталады. Активтер баланс өтімділігінен активтер өтімділігін айыра білу шарт, ол ақша қаражаттарына айналуы қажет уақытылы көлемімен анықталады. Активтердің белгілі бөлігі ақша қаражаттарына айналуына қаншалықты көлемде уақыт аз кетсе, оның өтімділігі жоғарылайды.

Ұйымның баланс өтімділігі жайлы айта отырып, оның құрамында шартта қарастырылғандай теориялық деңгейде қысқа мерзімді міндеттемелерді өтеуге жетерлік қысқа мерзімді активтердің бар болуын айтады. Өтімділіктің негізгі көрсеткіші болып, қысқа мерзімді міндеттемелерге қарағанда қысқа мерзімді активтердің ресми артуы (құндық бағалауда) танылады. Артуы неғұрлым жоғары болса, өтімділік ұстанымында ұйымның қаржылық жағдайы оңтайлы болады. Қысқа мерзімді міндеттемелермен салыстырғанда қысқа мерзімді активтердің көлемі жоғары болмаса, міндеттемелермен есеп айырыса алатындай ақша қаражаттарының жеткіліксіздік жағдайы туындауы мүмкін. Ұйымның өтімділігі қысқа мерзімді активтердің қысқа мерзімді міндеттемелермен сәйкестендіру негізінде өтімділік коэффициенттерімен бағаланады.

Өтімділікті талдау төлем мерзімінің арту ретімен және өтеу мерзімі бойынша топталған, пассивті міндеттемелер мен өтімділік деңгейі бойынша топтастырылған және өтімділіктің азаюына байланысты орналасқан қаражаттардың актив баланстарының салыстырмалы ретімен қорытындыланады.

Өтімділік деңгейіне байланысты активтерді келесі топтарға жіктеуге болады:

1) *ерекше өтімді активтер* (A1) – ақша қаражаттары және оның баламалары;

2) *тез өтетін активтер* (A2) – қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар мен қысқа мерзімді дебиторлық берешек;

3) *жай өтетін активтер* (A3) – қорлар, ағымдағы салықтық активтер, сатуға арналған ұзақ мерзімді активтер және өзге қысқа мерзімді активтер;

4) *ауыр өтетін активтер* (A4) – II Қысқа мерзімді активтер бөлімінің қорытындылары.

Пассивтерді топтастыру оның қайтару жеделдігіне байланысты жүргізіледі:

1) *неғұрлым жылдам пассивтер* (П1) – қысқа мерзімді қаржылық міндеттемелер, салық бойынша міндеттемелер, өзге ерікті және міндетті төлемдер бойынша міндеттемелер;

2) *қысқа мерзімді пассивтер* (П2) – қысқа мерзімді кредиторлық берешек, қысқа мерзімді бағалау міндеттемелері мен өзге қысқа мерзімді міндеттемелер;

3) *ұзақ мерзімді пассивтер* (П3) – IV Ұзақ мерзімді міндеттемелер бөлімінің қорытындылары;

4) *тұрақты пассивтер* (П4) – V Капитал бөлімінің қорытындылары.

Келесі шарт орындалса, баланс өтімді болып саналады:

$$A1 \geq П1; A2 \geq П2; A3 \geq П3; A4 \leq П4.$$

Егер алғашқы үш теңсіздік орындалса, яғни қысқа мерзімді активтер ұйымның пассивтерінен артқан жағдайда, онда міндетті түрде соңғы теңсіздік те орындалады, ол терең экономикалық мағынаға ие: ұйымда меншікті айналым қаражаттарының болуы; қаржылық тұрақтылықтың минималды шарты сақталады.

Үш теңсіздіктің біреуінің орындалмауы баланс өтімділігінің артық немесе кем мөлшерде абсолютті деңгейден ауытқығандығын көрсетеді. Сонымен қатар активтер тобының қаражаттарының жеткіліксіздігі басқа топтың шығындарымен өтеледі, алайда өтеу құндық көлемде болуы мүмкін, өйткені нақты төлем жағдайында өтімділігі төмен активтер тым өтімдіні алмастыра алмайды.

Егер басқа да теңсіздіктер жайлы айтар болсақ, онда:

– бірінші топтың қорытындыларын активтер мен пассивтер (ерекше өтімді қаражаттардың ерекше жедел міндеттемелермен) бойынша салыстыру, алдағы қарастырылып отырған уақыт аралығында ұйымның өзінің қарыздарын төлей алу мүмкіндігін куәландыратын ағымдағы өтімділікті анықтауға мүмкіндік береді;

– екінші топтың қорытындыларын активтер мен пассивтер (баяу өтелетін активтер мен ұзақ мерзімді пассивтер) бойынша салыстыру, ұйымның болашақ көрсеткіштері негізінде: түсімдер мен төлемдерді қамтитын төлемқабілеттілікті болжауды құрайтын болашақтағы өтімділікті көрсетеді.

Егер жоғарыда көрсетілген теңсіздіктердің (немесе соның ішіндегі бірнешеуі) бекітілген оңтайлы нұсқасына қарама-қарсы белгіге ие болса, баланс өтімділігі артық немесе кем мөлшерде абсолютті деңгейден ауытқығандығын көрсетеді.

Өтімді қаражаттар мен міндеттемелерді салыстыру келесі көрсеткіштерді есептеуге мүмкіндік береді:

1) *ағымдағы өтімділік*, ұйымның алдағы қарастырылып отырған кезеңдегі төлемқабілеттілік (+) немесе төлемқабілетсіздікті (-) көрсетеді:

$$A\Theta = (A1 + A2) - (П1 + П2);$$

2) *болашақтағы өтімділік* – болашақ түсімдер мен төлемдерді салыстыру негізінде төлемқабілеттілікке болжам жасайды:

$$B\Theta = A3 - П3.$$

Баланс өтімділігін талдау мен оның нәтижелерін дайындауда келесі 5-кесте құрылады.

5-кесте

Баланс активтері мен пассивтерінің өтімділігі

(мың теңге)

Актив	Жыл басына	Жыл соңына	Пассив	Жыл басына	Жыл соңына	Қалдық (кемшілік)	
						жыл басына	жыл соңына
Ерекше өтімді активтер (A1)	-	10	Неғұрлым жылдам пассивтер (П1)	158	2409	-158	-2399
Жылдам өтетін активтер (A2)	25	2264	Қысқамерзімді пассивтер (П2)	93	1803	-68	+461
Жай өтетін активтер (A3)	555	3140	Ұзақ мерзімді пассивтер (П3)	-	-	+555	+3140
Ауыр өтетін активтер (A4)	104	95	Тұрақты пассивтер (П4)	433	1297	-329	-1202
Баланс	684	5509	Баланс	684	5509	-	-

Жоғарыда көрсетілген сызбада баланс өтімділігін талдау жуықталған болып табылады. Тереңдетілген талдау барысында абсолютті көрсеткіштермен қатар *өтімділік коэффициенттері* – аналитикалық көрсеткіштер реті есептеледі.

Қысқа мерзімді активтерді үш топқа бөлу, ұйымның жалпыланған өтімділік коэффициенттерін есептеуде қолануға болатын өтімділіктің үш негізгі коэффициенттерін құруға көмектеседі.

1. *Ағымдағы өтімділік коэффициенті (жабу) = қысқа мерзімді активтер / қысқа мерзімді міндеттемелер.*

Ағымдағы өтімділік коэффициенті бір теңге қысқа мерзімді міндеттемеге қанша теңге қысқа мерзімді активтерден келетіндігін көрсете отырып, ұйымның жалпы өтімділігіне баға береді. Коэффициенттің ұсынылған мәні – 2,0 – 2,5.

2. *Жылдам өтімділік коэффициенті = Қысқа мерзімді активтер – Қорлар / Қысқа мерзімді міндеттемелер.*

Жылдам өтімділік коэффициенті қорларды сату мүмкіндігі болмаған, дағдарыстық жағдайда ұйымның қысқа мерзімді міндеттемелерін өтеу мүмкіндігін бағалауға көмектеседі. Көрсеткіштің жуық мәні – 0,8-1,0.

3. *Абсолютті өтімділік коэффициенті = Ақша қаражаттары және оның баламалары / Қысқа мерзімді міндеттемелер.*

Абсолютті өтімділік коэффициенті өтімділіктің қатаң өлшемі болып табылады, ол қысқа мерзімді берешектердің қай бөлігі қажет болған жағдайда қолда бар ақша қаражаттарының негізінде дереу өтелетіндігін көрсетеді. Көрсеткіштің жеткілікті деңгейі болып 0,2-0,7-ге тең мәндері саналады.

Есептелген өтімділік көрсеткіштерінің мәні 6-кестеде көрінеді.

6-кесте

Баланс өтімділігінің коэффициенті

Көрсеткіштер	Жыл басына	Жыл соңына	Ұсынылған мәндері
Ағымдағы өтімділік коэффициенті	2,31	1,28	2,0 - 2,5
Жылдам өтімділік коэффициенті	0,13	1,06	0,8 - 1,0
Абсолютті өтімділік коэффициенті	-	0,08	0,2 - 0,7

Бұл үш көрсеткіш ұйымның қаржылық жағдайына тек қана жан-жақты мінездеме беріп қоймай, әртүрлі сыртқы қолданушылардың аналитикалық ақпараттарының қызығушылығына жауап береді. Мысалы, шикізаттар мен материалдарды жеткізушілерді абсолютті өтімділік коэффициенті қызықтырады. Ұйымды кредиттейтін банктер, жылдам өтімділік коэффициентіне басты назар аударады. Ұйымның акциялары мен облигацияларын ұстаушылар көп жағдайда ұйымның қаржылық тұрақтылығын ағымдағы өтімділік коэффициентімен бағалайды.

Қарастырылған коэффициентер мен модельдерді, өтімділік пен төлемқабілеттілікті бағалаудың әртүрлілігі жоққа шығарылмайды, осы және өзге көрсеткіштердің арасында басымдылықты орналастыру мүмкіндігінің болуы шамалы. Бұдан басқа, нақты ұйымға талдау жүргізуде, мүмкіндігінше, оның салалық, аймақтық, елдік және т.б. ерекшеліктерін ескеру жөн.

Төлемқабілеттілік дереу өтелуді талап ететін, кредиторлық қарыздармен есеп айырысуға қажетті ұйымның ақша қаражаттарының болуын көрсетеді. Төлемқабілеттіліктің басты көрсеткіштері болып табылады: а) есеп айырысу шотында жеткілікті көлемде қаражаттардың болуы; ә) уақыты өткен кредиторлық берешектің болмауы.

Өтімділік төлемқабілеттілікке қарағанда серпінділігі бәсеңдеу. Себебі кенеттен болатын өзгерістері сирек болатын, ұйымның өндірістік қызметін тұрақтандыруда ұйымда бірте-бірте белгілі бір активтер мен қаражат көздері жиналады. Сол үшін өтімділік коэффициенттері де алдын ала жорамалданатын шекте түрленеді.

Қарсы жорамал, қаржылық жағдай төлемқабілеттілікке қарағанда күннен күнге өзгермелі болуы мүмкін: кеше ғана ұйым төлемқабілетті болса, алайда бүгінгі жағдайы күрт өзгеріп кезекті кредитормен есеп айырысу уақыты келіп жетті делік, ал ұйым шотында ақша қаражаттары жоқ, өйткені алда жеткізілген өнім үшін уақытылы төлемдері түспеді. Басқа сөзбен айтқанда, өздерінің дебиторларының қаржылық бастылығының арқасында төлемқабілеттілігінен айырылды.

Бұған қарамастан, өтімділік пен төлемқабілеттілік экономикалық категория ретінде тепе-тең емес, бірақ тәжірибеде олар өзара тығыз байланысты. Алғашқы түсінік құндырақ. Өтімділік

дәрежесіне төлемқабілеттілік байланысты. Сол уақытта өтімділік тек ағымдағы есеп айырысуларды сипаттап қоймай, болашағын да көрсетеді.

Төлемқабілеттілік қысқа мерзімді активтердің өтімділігіне сүйене отырып, баланс мәліметтері бойынша есептеледі, яғни қолма-қол ақшаға айналу уақытымен. Осылайша, төлемқабілеттілік қысқа мерзімді активтердің өтімділік деңгейімен сипатталады, ол ең бірінші ұйымның қарыздарды өтеу мерзімі бойынша өзінің міндеттемелерін толықтай жаба алу мүмкіндігін көрсетеді.

Ұйымның төлемқабілеттігін талдауда қалыпты жағдайда келесі коэффициенттер есептеледі:

1. *Ағымдағы төлемқабілеттілік коэффициенті = Қысқа мерзімді активтер / Қысқа мерзімді кредиторлық қарыздар.*

Бұл коэффициент ұйымның қысқа мерзімді кредиторлық қарыздары қаншалықты оның қысқа мерзімді активтерімен жабылатындығын көрсетеді.

Ағымдағы төлемқабілеттілік көрсеткішінің ең төменгі мәні 2.

2. *Жылдам төлемқабілеттілік коэффициенті = (Қысқа мерзімді дебиторлық қарыздар + Ұзақ мерзімді дебиторлық қарыздар + Ақша қаражаттары мен оның баламалары) / Қысқа мерзімді кредиторлық қарыздар.*

Жылдам төлемқабілеттіліктің төменгі мәні шамамен 1-ге тең.

3. *Абсолютті төлемқабілеттілік коэффициенті = Ақша қаражаттары мен оның баламалары / Қысқа мерзімді кредиторлық қарыздар.*

Бұл коэффициент өтімділіктің қатаң өлшемі болып табылады, ол қысқа мерзімді кредиторлық берешектердің қай бөлігі қажет болған жағдайда қолда бар ақша қаражаттарының негізінде дереу өтелетіндігін көрсетеді. Коэффициенттің толық төлемқабілеттілік жағдайындағы ең төменгі мәні – 0,25-ке тең.

4. *Жалпы төлемқабілеттілік коэффициенті = Баланс валютасы / (Қысқа мерзімді міндеттемелер + Ұзақ мерзімді міндеттемелер).*

Бұл көрсеткіш ұйымның қарыздарын өтей алудың нақты мүмкіндіктерін көрсетеді. Аталған көрсеткіш қызмет көрсету кезінде: капиталды өтеу, инвестицияларды қорларға, дивиденттерді төлеу және т.б. шығындарын жабу үшін ұйымның шаруашы-

лық қызметінің нәтижесінде алған ақша қаражаттарының жеткіліктілігін сипаттайды.

Жалпы төлемқабілеттілік жоғары коэффициенті сырттан қосымша қаражаттарды тарту үшін қолайлы мүмкіндіктерінде минималды қаржылық тәуекелділікті көрсетеді. Коэффициент деңгейінің төмендеуі ұйымның (оның әскерлік белсенділігінің) кеңейгендігі немесе қысқарғандығын сипаттайды. Жалпы төлемқабілеттілік коэффициентінің қалыпты шегі – ≥ 2 .

Алғашқы үш коэффициентті есептеу кезінде логикалық келіспеушілік туындайды, себебі активтер белгілі кезеңге көрсетіледі, ал қарыздар сол уақытқа есептелсе де белгілі уақытта өтелуі тиіс. Соған сәйкес қарыздар болған жағдайда қорқудың қажеті жоқ. Барлығы оны қай кезде төлеуіне байланысты. Мысалы, ұйымның қарыздарының көп бөлігі есепті мерзімнен кейін алты айдан аса өтелуге жараса, онда төлемқабілеттілік естен тандырарлық болып көрінбейді, себебі төлемқабілеттілік коэффициентінің көрсеткіші есеп айырысу уақытында шамалы азаяды.

Кешенді талдау динамикасы мен сәйкестігін ұсынылған мәндер бойынша төлемқабілеттілік коэффициентін 7-кестеде көрсетуге болады.

7-кесте

Төлемқабілеттілік коэффициенті

Көрсеткіштер	Жыл басына	Жыл соңына	Ұсынылған мәндер	
Ағымдағы төлемқабілеттілік коэффициенті	6,24	3,00	≥ 2	
Жылдам төлемқабілеттілік коэффициенті	0,27	0,06	≥ 1	
Абсолютті төлемқабілеттілік коэффициенті	-	0,005	$\geq 0,25$	
Жалпы төлемқабілеттілік коэффициенті	2,72	1,31	≥ 2	

Ұйымның төлемқабілеттілігінің динамикасы мен деңгейі жайлы дұрыс ақпарат алу үшін келесі факторларды есепке алу керек:

– ұйым қызметінің сипаты. Мысалы, өндірістік және құрылыс ұйымдарында қорлардың салыстырмалы салмағы

жоғары және ақша қаражаттарының салыстырмалы салмағы төмен болады; ал бөлшек сауда ұйымдарында ақша қаражаттарының үлесі жоғары болады, алайда алып-сатуға және т.б. тауарлар көлемі де едәуір;

- *дебиторлармен есеп айырысу жағдайлары.* Тауарларды сатып алғаннан кейін қысқа уақыт арасында дебиторлық берешектердің келіп түсуі сатып алушылардың қарыздарының қысқа мерзімді активтерінің құрамында шамалы үлесіне алып келеді және керісінше;
- *қорлар жағдайы.* Ұйымда үздіксіз қызметіне қажетті көлемімен салыстырғанда қорлардың артықшылығы мен жетіспеушілігі болуы мүмкін;
- *дебиторлық берешектердің жағдайы:* Уақыты өткен немесе үмітсіз қарыздарының болуы, болмауы.

2.4. Қаржылық тұрақтылық пен несие қабілеттілікті талдау

Нарықтық экономика жағдайында қаржылық жағдайдың ең басты сипаттамалардың бірі ұйымның қаржы тұрақтылығы, яғни келешектегі ұзақ мерзімді қызметінің тұрақтылығы. Ол өндірістің үздіксіз үдерісі мен өнімді өткізудің тиімді жолдарын қолдану арқылы ұйым ақша қаражаттарын еркін қолдана алатын қаржылық ресурстардың жағдайын, сонымен қатар кеңею мен жанаруға кеткен шығындарды көрсетеді. Сол себепті ұйымның қаржы тұрақтылығының шегін белгілеу экономикалық мәселелердің маңызды бөлігі болып табылады, өйткені тұрақтылықтың жеткіліксіздігі ұйымның төлемқабілетсіздігіне, оның операциялық және инвестициялық қызметін қаржыландыратын ақша қаражаттарының жетпеуіне, дәрменсіздігіне алып келуі мүмкін; қаржылық тұрақтылықтың шектен тыс болуы қорларға жұмсалатын артық шығындарға, ұйымның жетілуіне тосқауылдар қояды.

Қаржылық тұрақтылық көптеген және әртүрлі ішкі және сыртқы жағдайлар әсерлерінен туындайды.

Қаржылық тұрақтылықты анықтайтын *ішкі жағдайларға* мыналар жатады:

- ұйымның салалық жабдыктары;
- өндіретін өнімнің құрылымы мен құрамы;
- шығындардың көлемі, құрылымы мен динамикасы;
- ұйымның жарғылық капиталының көлемі;
- қаржылық ресурстар мен мүліктің құрамы мен құрылымы және т.б.

Ұйымның қаржы тұрақтылығына әсер етуші *сыртқы жағдайларға* жататындар:

- шаруашылықтың экономикалық жағдайлары;
- тұтынушылардың төлемқабілеттілік сұранысы;
- салықтық және кредиттік саясаты;
- қаржылық нарықтың даму дәрежесі;
- валюта бағамының өзгерісі және т.б.

Ұйымның тұрақтылығы оған әсер етуші факторларға байланысты келесідей болуы мүмкін:

- *ішкі тұрақтылық* – бұл қызметті тұрақты жоғары нәтижемен қамтамасыз ететін, ұйымның жалпы қаржылық жағдайы. Оның негізінде сыртқы және ішкі факторлардың белсенді өзгерісіндегі жетістіктері жатады;
- *ұйымның сыртқы тұрақтылығы* ұйымның қызметі аясында экономикалық ортадағы тұрақтылығының шарты. Ол барлық ел көлемінде нарықтық экономикалық басқару жүйесімен сипатталады;
- *ұйымның жалпы тұрақтылығы* – бұл шығындар (шығыстар) болған жағдайда әрқашан қаражаттардың түсімімен (табысымен) қамтамасыз етіп отыратын ақша қаражаттарының ағыны.

Қаржылық тұрақтылық қаржы ресурстарының қолданылуы мен үлестірілуінің тиімділігімен анықталады, ал төлемқабілеттілік сыртқы көрсеткіш ретінде көрсетіледі. Қаржылық тұрақтылық қаржы-шаруашылық қызметінің барысында құрылады және ол ұйымның жалпы тұрақтылығының басты компоненті болып табылады.

Қаржылық тұрақтылық талдауы активтер мен пассивтердің тепе-теңдігін көрсететін, баланстың негізді формуласының нәтижесінде құрылады. Ол келесідей түрде болады:

$$A_k + A_v = M_k + M_v + K,$$

бұл жерде A_k – қысқа мерзімді активтер, A_y – ұзақ мерзімді активтер, M_k – қысқа мерзімді міндеттемелер, M_y – ұзақ мерзімді міндеттемелер, K – капитал.

Қаржы тұрақтылық пен төлемқабілетсіздік тәуекелі көп жағдайда ұйымның капиталының құрылымына байланысты: оның активтерінің түрлері мен арақатынасына. Қаржылық капитал ұйым үшін белгілі бір тәуекелдің бөлігін алып келеді, себебі ұйымның қаржылық жағдайына тәуелсіз олар бойынша кредиттер мен пайыздар белгіленген уақытта төленуі тиіс. Ұйымның өзінің міндеттемелерін орындай алмауы шығындардың болуына алып келеді, нәтижесінде ол меншікті капиталын сіңіруінің себебі болады. Ұйым үшін мұндай жағдай дәрменсіздікке соқтыруы мүмкін.

Меншікті капиталдық ерекшелігі оның өзгермеуінде, сондай-ақ ол міндетті түрде табыстың түсуіне кепілдендірмейді. Тәуекелдік тұрғысынан қарағанда бұл мәселенің екі жағы бар. Бір жағынан, меншікті капитал ұйымның тәуекел капиталы болып табылса, басқа жағынан, меншікті капитал тәуекелдіктің аз мөлшерімен байланысты және пайыздарды төлеу үшін арнайы талаптары жоқ.

Меншікті капиталды толықтырудың басты көзі – ұзақ мерзімді сипатта ішкі өзін-өзі қаржыландыру көзі ретінде айналымда қалатын ұйымның табысы. Меншікті салмағының ішкі көздерінің құрылымында амортизациялық аударымдары болады. Олар меншікті капиталдың сомасын көбейтпейді, керісінше қайта инвестициялау қаражаты болады.

Меншікті капиталдың өзге көздеріне мүлікті жалға беруден түскен түсімдер, құрылтайшылармен есеп айырысу және т.б. жатады. Олар ұйымның меншікті капиталының құрылуына айтарлықтай рөл ойнамайды. Меншікті капиталдың қалыптасуына сыртқы көздерінің басты бөлігіне акцияларды қосымша эмиссиялау жатады.

Өзге сыртқы көздердің санына ұйымның заңды және жеке тұлғаларына алғыс ретінде тегін берілетін, материалды және материалды емес активтер жатады. Сонымен қатар, аталып көрсеткендей, егер ұйымның қаражаттары қысқа мерзімді міндеттемелердің есебінен құрылса, оның қаржылық жағдайы тұрақсыз болады. Меншікті және қарыздық капиталдың қатынасының

оңтайлылық дәрежесіне ұйымның қаржылық жағдайы мен тұрақтылығы байланысты (8-кесте).

8-кесте

Ұйымның меншікті капиталының динамикасы мен құрылымы

Капитал көздері	Қаражаттардың бары, мың тенге			Қаражаттардың құрылымы, %		
	жыл басына	жыл аяғына	ауытқу (+, -)	жыл басына	жыл аяғына	ауытқу (+, -)
Шығарылған капитал	100	100	-	23,1	7,7	-15,4
Бөлінбеген пайда	333	1197	+864	76,9	92,3	+15,4
Барлығы	433	1297	+864	100,0	100,0	-

Меншікті капиталдың құрылымы мен динамикасын талдау 9-кестеде жүргізіледі.

9-кесте

Капитал көздерінің құрылымы мен динамикасын талдау

Капитал көздері	Қаражаттардың бары, мың тенге			Қаражаттардың құрылымы, %		
	жыл басына	жыл аяғына	жыл басына	жыл аяғына	жыл басына	жыл аяғына
Меншікті капитал	433	1297	+864	63,3	23,5	-39,8
Қарыз капиталы	251	4212	+3961	36,7	76,5	+39,8
Барлығы	684	5509	+4825	100,0	100,0	-

9-кестеден көретініміз: аталған ұйымда активтердің құрылуының көздерінің негізгі салмағының басымдылығын қарыз капиталы алады, есепті жылы оның мөлшері 39,8 %-ға артқан, ал меншікті капитал сәйкесінше төмендеген.

Келесі талдау үдерістерінде меншікті капиталдың динамикасы мен құрылымын егжей-тегжейлі зерттеп, жекелеген құрамдастарының өзгеру себептерін және есепті жылдағы өзгерістерге баға беру қажет.

Сондай-ақ 9-кесте мәліметтері меншікті капитал құрылымындағы өзгерістерді көрсетеді: әрдайым шығарылған капиталдың салмағының басымдылығынан бөлінбеген пайда сомасы

мен мөлшері артқан. Есепті жылы меншікті капитал сомасы 864 мың теңгеге артқан немесе 199,5 %.

Қаржылық тұрақтылық абсолютті және қатысты көрсеткіштер жүйелерімен сипатталады. *Абсолютті* бір ұйымның шегінде пайда болатын қаржылық жағдайларды сипаттауда қолданылады. *Қатысты* – экономикадағы қаржылық жағдайды сипаттауда қолданылады.

Қаржылық тұрақтылықтың абсолютті көрсеткіштері қормен камту көздері дәрежесінің сипаты болып табылады. Қормен камту көздерінің құрылуының сипаты үш негізгі көрсеткіштермен анықталады:

1) меншікті айналым қаражаттарының болуы таза айналым капиталын сипаттайды. Оның өткен кезеңмен салыстырғанда артуы ұйым қызметінің ары қарайғы жетілуін көрсетеді. Меншікті айналым қаражаттарын келесі формуламен жазуға болады:

$$МАҚ = МК - ҰА,$$

бұл жерде МК – меншікті капитал; ҰА – ұзақ мерзімді активтер.

Динамикада МАҚ ұлғаюы оң үдерісті береді, кемуі – теріс. Егер МАҚ > 0, болса, ол талданып отырған ұйымда меншікті айналым қаражаттарының тапшылығы жоқ екендігін білдіреді. Оның тұрақты активтерді қаржыландыруға қарағанда көптеген тұрақты көздері барын көрсетеді. Егер МАҚ < 0, онда ұйымда меншікті айналым қаражаттарының тапшылығы байқалады, яғни оның тұрақты қаржылық активтерді қаржыландыруға тұрақты пассивтері жеткіліксіз;

2) қорларды құру үшін ұзақ мерзімді қаржылық және айналым қаражаттарының болуы ұзақ мерзімді міндеттемелердің алдыңғы көрсеткіштерінің ұлғаюымен анықталады:

$$ҰҚ = МАҚ + ҰМ,$$

бұл жерде ҰМ – ұзақ мерзімді міндеттемелер.

Көрсеткіш (қысқа мерзімді міндеттемелерге қарағанда) кез келген уақытта талап етілмеуі мүмкін, ұйымның құзыретінде бар айналым қаражаттарының болуын сипаттайды.

ҰҚ дәстүрлі кемуі ұйым үшін жағымсыз құбылысты көрсетеді, ал артуы – позитивті. Алайда ҰҚ кемуі ұзақ мерзімді қарыздар мен кредиттердің өтелуі (қайтарылуымен) байланысты болуы мүмкін. Ұзақ мерзімді міндеттемелердің сомасының азаюынан болған ҰҚ төмендеуі, ұйымның қаржылық жағдайының жетістігі болып табылады;

3) қорларды құру көздерінің жалпы негізгі көлемі, алдыңғы көрсеткіштің қысқа мерзімді қарыз қаражаттарының артуының артуымен анықталады:

$$НК = ҰҚ + ҚМ,$$

бұл жерде ҚМ – қысқа мерзімді міндеттемелер.

Қорларды құру көздерінің жалпы негізгі көлемі – ұйымның әдеттегі қорлар көзін құрудың жеткіліктілігін көрсетеді. Көздердің тізімі 10-кестеде келтірілген.

10-кесте

Меншікті айналым қаражаттарының, қорлардың және қорлардың құрылу көздерінің талдауы

Көрсеткіштер	Жыл басына	Жыл аяғына	Ауытқу (+, -)
Меншікті айналым қаражаттары	329	1202	+873
Қорлар	546	935	+389
Қорларды құру көздері	580	3617	+3037

Қорлардың құрылу көздерінің үш көрсеткішіне қорлармен қамтылудың үш көрсеткіші сәйкес келеді:

1) меншікті айналым қаражаттарының артықшылығы (+) және кемшілігі (-):

$$\Delta МАҚ = МАҚ - Қ,$$

бұл жерде Қ – қорлар.

2) меншікті айналым қаражаттары мен қорлардың құрылу көздерінің ұзақ мерзімді қарыздарының артықшылығы (+) және кемшілігі (-):

$$\Delta ҰҚ = ҰҚ - Қ;$$

3) қорлардың құрылу көздерінің жалпы көлемінің артықшылығы (+) және кемшілігі (-):

$$\Delta НК = НК - Қ.$$

Қорлар көзінің құрылуының болуына байланысты қаржылық тұрақтылықтың келесі түрлерінің белгілі шарттылық деңгейін бөліп көрсетуге болады:

1) ұйымның қаржылық жағдайының абсолютті тұрақтылығы қаржылық тұрақтылықтың шекті түрін анықтайды және келесі шартпен анықталады:

$$Қ < МАҚ.$$

Көрсетілген қатынас қорлардың толық меншікті айналым қаражаттарымен жабылатындығын көрсетеді, яғни ұйым сыртқы кредиторларға толықтай тәуелсіз. Алайда мұндай жағдайды мінсіз деп қарауға болмайды, себебі ол ұйымның басшылары негізгі қызметін қаржыландырудың сыртқы көздерін пайдалана алмайтындығын, пайдаланғысы келмейтіндігі мен ондай мүмкіндігінің жоқтығын білдіреді;

2) ұйымның қаржылық жағдайының қалпты тұрақтылығы, оның төлемқабілеттігіне кепілдік беріп, келесі шартқа сәйкес болады:

$$Қ = МАҚ + ҚМ.$$

Келтірілген қатынас ұйым өзінің қорларын өтеуде, меншікті және тартылған, қаражат көздерін ойдағыдай және әртүрлі қиыстыра алатындығына куәлік етеді;

3) төлемқабілеттілікке байланысты *қаржылық жағдайдың тұрақсыздығы* – нақты меншікті капиталының есебінен меншікті айналым қаражаттарын ұлғайтатын және де қосымша ұзақ мерзімді кредиттер мен қарыз қаражаттарын тарту есебінен тепе-теңдігін қалпына келтіре алуды сақтауы:

$$Қ = МАҚ + ҚМ + НК.$$

Егер қысқа мерзімді кредит пен қарыз қаражаттар көздерінің қорларын құрудағы тартылған қаражаттар көлемі қорлар

бағасы мен дайын өнімнің сомаларының қосындысынан артпаса, қаржылық тұрақтылық қалыпты деп саналады;

4) ақша қаражаттары, қысқа мерзімді бағалы қағаздар мен дебиторлық қарыздар кредиторлық қарыздары мен уақыты өткен ссудаларды көрсете алмайтын ұйымның дәрменсіздік шегінде болатын *дағдарыстық қаржылық жағдай*:

$$Қ > МАҚ + ҚМ.$$

Соңғы екі жағдайда (тұрақсыз және дағдарыстық қаржылық жағдайда) тұрақтылық пассивтер құрылымын оңтайландыру есебінен, сонымен қатар қорлар деңгейін төмендету арқылы қалпына келтірілуі мүмкін.

Ұйымның қаржылық тұрақтылығын бағалау үшін 11-кесте құрастырылады.

11-кесте

Қорлардың қалыптасу көздерін талдау

(мың тенге)

Көрсеткіштер	Жыл басына	Жыл соңына	Ауытқу (+, -)
Меншікті айналым құралдарының қалыптасу көздері	433	1297	+864
Ұзақ мерзімді активтер	104	95	-9
Меншікті айналым құралдарының қолда бары	329	1202	+873
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	-	-	-
Меншікті және ұзақ мерзімді қарыз қаражатының қалыптасу көздерінің қолда бары	329	1202	+873
Қысқа мерзімді міндеттемелер	251	4212	+3961
Қорлардың қалыптасу көздері	580	5414	+4834
Қорлар	546	935	+389
Меншікті айналым құралдарының артығы (+), жетіспеушілігі (-)	-217	267	+484
Меншікті және ұзақ мерзімді қарыз қаражатының қалыптасу көздерінің артығы (+), жетіспеушілігі (-)	-217	267	+484
Қорлардың негізгі қалыптасу көздерінің жалпы сомасының артығы (+), жетіспеушілігі (-)	34	4479	+4445

Жүргізілген есептеулер негізінде келесідей қорытынды жа-сауға болады: жыл басында ұйымның қаржылық жағдайы тұрақ-сыз, қорлардың меншікті және қарыз қалыптасу көздерімен жет-кілікті қамсыздандырылмаған. Қарастырылып отырған кезең со-ңында жағдай түбегейлі өзгерген, қорлардың қалыптасу көздері айтарлықтай артқан: меншікті қалыптасу көздері 873 мың теңге-ге артып, 1202 мың теңгені құрады, қысқа мерзімді міндеттеме-лер 3961 мың теңгеге артып, 4212 мың теңгені құрады, ал негізгі қалыптасу көздерінің жалпы сомасы 4834 мың теңгеге артып, 5414 мың теңгені құрады. Талданып отырған кезең соңына мен-шікті құралдар 267 мың теңгеге артық шығып, қорлар мен шы-ғындардың негізгі қалыптасу көздерінің жалпы сомасының ар-тығы 4479 мың теңгені құрады.

Қаржылық тұрақтылықты абсолютті көрсеткіштермен қатар қаржылық коэффициенттер сипаттайды. Олар баланс активі мен пассивінің абсолютті көрсеткіштерінің қатынасы ретінде есепте-леді:

1) қаржылық жағдайды мүліктердің қорлану көздері тұрғы-сынан сипаттайтын капитализация коэффициенті;

2) қаржылық тұрақтылықты сырттан тартылған көздерге қызмет етумен байланысты шығындар тұрғысынан сипаттайтын жабу коэффициенті.

Келесі негізгі көрсеткіштер қарастырылады:

1. *Қаржылық тәуелсіздік (автономия) коэффициенті = Капитал / Баланс валютасы.*

Қаржылық тәуелсіздік коэффициенті меншікті құралдардың қаржыландыру көздерінің жалпы сомасындағы салмақты үлесін көрсетеді. Коэффициент мәні неғұрлым жоғары болса, соғұрлым ұйымның қаржылық жағдайы тұрақты және сыртқы қарыз беру-шілерден тәуелсіз болады. Көрсеткіштің ұсынылатын мәні – > 0,5.

2. *Қарыздар бойынша берешек коэффициенті (қаржылық тұтқа, қаржылық леверидж) = (Қысқа мерзімді міндеттеме-лер + Ұзақ мерзімді міндеттемелер) / Капитал.*

Бұл коэффициент автономия коэффициенті сияқты ұйым-ның экономикалық тәуелсіздігін сипаттайды. Қарыздар бойын-ша берешек коэффициентінің жоғары деңгейі болашақта ақша

қаражаттарының жетіспеушілігін білдіреді. Көрсеткіштің ұсынылатын мәні $- \leq 1$.

3. *Өзін-өзі қаржыландыру коэффициенті = Капитал / (Қысқа мерзімді міндеттемелер + Ұзақ мерзімді міндеттемелер).*

Өзін-өзі қаржыландыру коэффициенті ұйымның қаржылық тұрақтылығы үшін қажетті меншікті құралдарының қолда барын көрсетеді. Көрсеткіштің ұсынылатын мәні $- > 1$.

4. *Меншікті құралдармен қамсыздандырылу коэффициенті = (Қысқа мерзімді активтер – Қысқа мерзімді міндеттемелер) / Қысқа мерзімді активтер.*

Бұл коэффициент те ұйымның қаржылық тұрақтылығы үшін қажетті меншікті құралдарының қолда барын көрсетеді. Көрсеткіштің ұсынылатын мәні $- > 0,1$.

5. *Иммобилизация коэффициенті = Ұзақ мерзімді активтер / Қысқа мерзімді активтер.*

Берілген көрсеткіш активтер өтімділігі деңгейін және болашақта қысқа мерзімді міндеттемелерін жабу мүмкіндігін көрсетеді. Иммобилизация мәні көбіне ұйымның сала ерекшеліктеріне байланысты. Көрсеткіштің артуы жағымды тенденция ретінде қарастырылады.

6. *Маневр коэффициенті = (Қысқа мерзімді активтер – Қысқа мерзімді міндеттемелер) / Капитал.*

Маневр коэффициенті ұйымның меншікті айналым құралдарының деңгейін меншік көздер есебінен қамтамасыз ету қабілетін көрсетеді. Көрсеткіштің оңтайлы мәні $- > 0,5$.

7. *Қаржылық кернеулік коэффициенті (тәуелдік, тұрақсыздық) = (Қысқа мерзімді міндеттемелер + Ұзақ мерзімді міндеттемелер) / Баланс валютасы.*

Қаржылық кернеулік коэффициенті ұйымның сырттан тарылған қарыз қаражаттарының қаржыландыру көздерінің жалпы сомасындағы үлесін көрсетеді. Оны бір мен автономия коэффициентінің айырмасы ретінде есептеуге болады. Егер коэффициент мәні 0,5-тен аспаса, ұйымның қаржылық жағдайы тұрақты деп есептеуге болады.

8. *Меншікті айналым құралдары есебінен қорлармен қамтамасыз етілу коэффициенті = Меншікті айналым құралдары / Қорлар.*

Коэффициент қаншалықты материалдық қорлардың меншікті көздермен жабылатынын және сырттан қаражат тартудың қажеттілігін көрсетеді. Көрсеткіштің қалыпты мәні – 0,6-0,8.

9. *Өндірістік мақсаттағы мүлік коэффициенті = (Ұзақ мерзімді активтер + Қорлар) / Баланс валютасы.*

Өндірістік мақсаттағы мүлік коэффициенті ұйымның құралдарының құрамы туралы маңызды сипаттамасын береді. Көрсеткіштің қалыпты мәні – > 0,5.

10. *Қарыздық құралдарды ұзақ мерзімге тарту коэффициенті = Ұзақ мерзімді міндеттемелер / (Капитал + Ұзақ мерзімді міндеттемелер).*

Берілген коэффициент ұзақ мерзімді несиелер мен қарыздардың меншікті және қарыз құралдарындағы үлесін көрсетеді. Бұл коэффициенттің болуы мен оның артуы ұйымның қаржылық тұрақтылығының нашарлауын білдіреді. Көрсеткіштің бірге жақындауы ұйымның қаржылық жағдайы тұрақсыз екендігін көрсетеді.

Қатысты көрсеткіштерді бағалау үшін 12-кесте құрастырылады.

12-кесте

Қаржылық тұрақтылықтың қатысты көрсеткіштерін бағалау

Көрсеткіштер	Жыл басына	Жыл сонына	Ауытқу (+, -)	Ұсынылатын мәні
1	2	3	4	5
1. Автономия коэффициенті	0,63	0,23	-0,40	> 0,5
2. Берешек коэффициенті	0,58	3,25	+2,67	≤1
3. Өзін-өзі қаржыландыру коэффициенті	1,72	0,31	-1,41	>1
4. Меншікті құралдармен қамсыздандырылу коэффициенті	0,57	0,22	-0,35	> 0,1
5. Иммобилизация коэффициенті	0,18	0,02	-0,16	*
6. Маневр коэффициенті	0,76	0,93	+0,17	> 0,5
7. Қаржылық кернеулік коэффициенті (тәуелдік, тұрақсыздық)	0,37	0,76	+0,39	≤0,5
8. Меншікті айналым құралдары есебінен қорлармен қамтамасыз етілу коэффициенті	0,60	1,28	+0,68	0,6 - 0,8
9. Өндірістік мақсаттағы мүлік коэффициенті	0,95	0,19	-0,76	>0,5

1	2	3	4	5
10. Қарыздық құралдарды ұзақ мерзімге тарту коэффициенті	-	-	-	**
<i>Ескерту:</i> * – көрсеткіштің артуы жағымды тенденция ретінде қарастырылады; ** – көрсеткіштің кемуі жағымды тенденция ретінде қарастырылады				

Есептелген көрсеткіштер негізінде (12-кесте) мынадай қорытынды жасауға болады:

- автономия коэффициенті жыл соңына 0,23 болып, жыл басына қарағанда 0,40 бірлікке төмен және оңтайлы мәні 0,5-тен төмен, яғни ұйымның міндеттемелері меншікті құралдар есебінен өтеле алмайды;
- талданып отырған кезеңде меншікті құралдармен қамсыздандырылу коэффициенті 0,35 бірлікке төмендеп, 0,22-ні құрады, бұл ұсынылатын мән 0,1-ден айтарлықтай жоғары, демек, ұйым қаржылық тұрақтылық үшін қажетті меншікті айналым құралдарымен қамтамасыз етілген;
- маневр коэффициенті талданып отырған кезеңде 0,17 бірлікке артып, 0,93-ті құрады, бұл оңтайлы мәннен жоғары және қаржылық көзқарас бойынша меншікті құралдар көздерінің жоғары айналымдылығын білдіреді;
- меншікті айналым құралдары есебінен қорлармен қамтамасыз етілу коэффициенті 0,68 бірлікке артып, кезең соңына 1,28 құрады (ұсынылатын мәні 0,6- 0,8).

Ұзақ мерзімді кезеңде ұйымның қаржылық тұрақтылығын сипаттайтын абсолюттік көрсеткіштердің негізгі және маңыздысы болып таза (бөлінбеген) пайда болып табылады. Пайда – ұйымның дамуын қамтамасыз ететін қаржылық ресурстарды құрастырудың ішкі көзі. Ұйым қызметінде пайданы алу мүмкіндігі жоғары болған сайын, сырттан қаржылық құралдарды тарту қажеттілігі төмендейді, басқа тең шарттар жағдайында ұйымның даму тұрақтылығы мен нарықта бәсекеге қабілеті жоғарылайды.

Пайда ұйымды банкроттықтан қорғайтын негізгі қорғаныш механизмі болып табылады. Бірақ мұндай қауіп табысты қызмет жағдайында да туындауы мүмкін (қарыз капиталдың, әсіресе қысқа мерзімді қарыз капиталдың айтарлықтай үлесін жөнсіз қолданғанда, активтер өтімділігін тиімді басқара алмағанда), бірақ басқа тең шарттар жағдайында ұйым пайданы өндірудің

жоғары әлеуеті байқалса, дағдарыс кезеңінен ойдағыдай шығады. Алынған пайданың капиталдандыруы есебінен өтімді активтер үлесі тез өсіп (төлем қабілеттілігі қалпына келеді), меншік капиталдың үлесі артады, сәйкесінше қарыз капиталдың көлемі кемиді (қаржылық тұрақтылық артады).

Қаржылық тұрақтылық деңгейін қалыпты ұстау үшін пайданың өсімі ғана емес, пайданың салынған капитал немесе ұйым шығындарына қатысты деңгейі, яғни рентабельділік те маңызды орын алады. Рентабельділіктің мөлшері мен өзгерісі ұйымның табыстылығы мен іскерлік белсенділігін сипаттайды. Тұрақтылықтың ең жоғарғы формасы болып ішкі және сыртқы ортаның әрдайым өзгеріп тұруына қарамастан ұйымның өсу қабілеті болып табылады. Бұл үшін ұйымның қаржылық ресурстарының икемді құрылымы мен қажет болған жағдайда қарыз құралдарды тартуға мүмкіндігі болуы керек.

Жоғары пайдалылық жоғары тәуекелмен байланысты, ал бұл дегеніміз – ұйым табыс алудың орнына зиян шегіп, төлемге қабілетсіз болуы мүмкін. Демек, табыстылыққа жету жолында ұйымның алдында тұратын мәселе: жоғары төлем қабілеттілік пен ақша қаражаттарының жеткілікті деңгейі және серпінді өсуді қатар алып жүру үшін рентабельділік немесе өтімділікті таңдау. Ұйымның дер кезінде төлемдерді жасау, кеңейтілген негізде өз қызметін қаржыландыру, жағымсыз жағдайда өз төлем қабілеттілігін ұстап тұру қабілеті оның қаржылық жағдайының орнықтылығын көрсетеді.

Несиелік қабілеттілігі – ұйымның несиені алу мен оны дер кезінде, яғни уақытында және толық көлемде есептелген пайыздарымен қайтару қабілеті. Банктер несиелік қабілеттілікті талдау үшін несиені өтей алмау немесе керісінше дер кезінде қайтаруға әсер ететін факторларды зерделейді.

Несиелік қабілеттілік қаржылық тұрақтылықпен тығыз байланысты және ол ұйымның несиені өтеу үшін қажет болған жағдайда әртүрлі көздерден ақша қаражаттарын жұмылдыру қабілетін көрсетеді. Несиелік қабілеттілікті бағалау болашақ төлем қабілеттілікті болжауға мүмкіндік береді, несиелік қабілетті талдау төлем қабілеттілік, қаржылық тұрақтылық пен капитал пайдалылығын талдаумен байланысты. Несиені қайтарудың негізгі кепілі ұйымның тұрақты жұмысы, рентабельділіктің жоғары

деңгейі мен айналым құралдарының айналымдылығы болып табылады.

Ұйымның несиелік қабілетінің оның төлем қабілетінен бір айырмашылығы – онда өткен кезеңдегі немесе қандай да бір күндегі төлемсіздікті есепке алмайды, яғни мұнда алдағы уақыттардағы қарызды өтеу қабілеті болжанады. Өткен уақыттардағы қарыз алушының төлем қабілетсіздігінің дәрежесі клиенттің несиелік қабілетін бағалау барысында көңіл аударатын ең бір формалды көрсеткіш болып табылады.

Егер ұйымның мерзімі өткен берешегі болып, ал балансы өтімді және жеткілікті меншікті капиталының мөлшері болса, онда өткен кезеңдегі бір жолғы төлемдерді кешіктіру ұйымның несиені төлеуге қабілетсіз деп қорытынды жасауға негіз болып табылмайды. Несиелік қабілеттілігі бар ұйымдар банкке, жабдықтаушыларға, бюджетке ұзақ уақыт төлем жасамауға жол бермейді. Банк клиентінің несиелік қабілеттілігі нақты қарызды нақты қарыз алушыға берумен байланысты банктің жеке тәуекелінің деңгейін сипаттайды.

Әлемдік және отандық банктік тәжірибе ұйымның несиелік кредиттік қабілеттілігінің өлшемдерін белгілеуге мүмкіндік берді: ұйым мінездемесі; борышты өтеу үшін ағымдағы қызметі барысында қаражат табу қабілеті (қаржылық мүмкіндігі); капитал; несиенің қамтамасыз етілуі; несие мәмілесі жасалатын жағдайлар; бақылау (ұйымның қызметінің заңнамалық негізі, борыш сипатының банк және қадағалау органдарының стандарттарына сәйкестігі).

Ұйымның мінездемесі деп оның заңды тұлға ретіндегі беделі және менеджерлерінің беделі, қарызды қайтарудағы жауапкершілігі және несиенің мақсатының банктің несиелік саясатына сай келуі түсіндіріледі.

Ұйымның несиелік қабілеттілігінің негізгі өлшемі борышты өтеу үшін операциялық қызметі барысында қаражат табу қабілеті болып табылады. Мұнда баланс өтімділігіне, ұйым қызметінің тиімділігіне (пайдалылық), оның ақша ағындарына бағдарланған жөн.

Капитал ұйымның несиелік қабілеттілігін анықтайтын маңызды өлшемі болып табылады. Бұл ретте оны бағалаудың екі аспектісі маңызды:

1) *капиталдың жеткіліктілігі*, ол жарғылық қор және қаржылық леверидж коэффициенттерінің ең аз деңгейіне қойылатын талаптар негізінде талданады;

2) *несиеленетін операцияға салынатын меншікті капитал дәрежесі*, ол банк пен қарыз алушы ұйым арасында тәуекелді бөлуді растайды. Меншікті капиталдың салымы неғұрлым жоғары болған сайын, ұйымның несиелік тәуекел факторларын мұқият қадағалауға қызығушылығы соғұрлым артады.

Несиені қамтамасыз ету деп ұйымның активтерінің құны және несиелік келісімшартта белгіленген нақты борышты өтеудің қосымша көзі (кепіл, кепілдік, кепіл болушылық, сақтандыру) түсіндіріледі. Ұйым банкрот деп жарияланған жағдайда активтер мен борыштық міндеттемелердің арақатынасы несиені өтеуде маңызды болса, онда қосымша көздің сапасы қаржылық қиындықтар туындағанда өз міндеттемелерін уақытында өтеуге кепілдік береді. Кепілдің сапасы, кепілгер мен сақтандырушының сенімділігі банк клиентінің жеткіліксіз ақша ағыны жағдайында (өтімсіз баланс немесе капитал жеткіліксіздігі) өте маңызды.

Несиелік операция жасалатын шарттарға елдегі, аймақтағы, саладағы ағымдағы немесе болжамды экономикалық жағдай, саяси факторлар жатады. Аталған шарттар банктің сыртқы тәуекелі дәрежесін анықтайды және ақша ағынын, баланс өтімділігін, капитал жеткіліктілігін, ұйымның менеджмент деңгейін бағалауда банк стандарттары туралы сұрақтарды шешуде ескеріледі.

Соңғы критерий – қарыз алушының қызметінің заңдық негіздерін және олардың банк стандарттарына сәйкестігін бақылау несиелік берушінің келесі сұрақтарға жауап алуды қамтамасыз етеді: қарыз алушы-ұйымның қызмет етуі мен несиеленетін шараны жүзеге асыруға қажетті заңнамалық және нормативтік негізіннің бар-жоғы; заңнамада күтілетін өзгерістер (мысалы, салық) ұйым қызметінің нәтижесіне қалай әсер ететіні; несиелік өтініште қамтылған қарыз алушы мен несиелік жайында ақпараттың несиелік саясат туралы құжатта бекітілген банк стандарттарына және несиелер сапасын бақылайтын ҚР қаржылық ұйымдар мен қаржылық нарықты бақылау мен реттеу агенттігі стандарттарына қаншалықты жауап беретіні.

Аталған банк клиентінің несие төлеу қабілеттілігін бағалау критерийлері оны бағалау тәсілдерінің мазмұнын анықтайды. Бұл әдістердің қатарына жатады: $\frac{3}{4}$ іскерлік тәуекелді бағалау; $\frac{3}{4}$ менеджментті бағалау; $\frac{3}{4}$ қаржылық коэффициенттер жүйесі негізінде ұйымның қаржылық тұрақтылығын бағалау; $\frac{3}{4}$ қаржы ағынды талдау; $\frac{3}{4}$ клиент туралы ақпарат жинау; $\frac{3}{4}$ ұйымның жұмысы орнына бару арқылы бақылау. Бағалау өлшемі мен тәсілдерінің бірлігіне қарамастан, заңды және жеке тұлғалар, ірі, орта және шағын клиенттердің несиелік қабілеттілігін талдауда өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл ерекшелік қолданылатын бағалау тәсілдерінің түрлі амалдары, сондай-ақ олардың мазмұны болып табылады.

Қарыз алушының несиелік қабілеттілігі көптеген факторларға байланысты, олардың әрқайсысы бағаланып зерттелуі тиіс. Талдау үшін маңызды және өте күрделі мәселелердің бірі болашақта несиелік қабілеттілікке әсер ететін факторлар, себептер мен мән-жайлардың өзгерісін анықтау болып табылады. Сондықтан *несиелік қабілеттілікті талдау мақсаты* несиелік шарт талаптарына сәйкес қарыз алушының қайтаруға сұралып отырған несиені өтеу мүмкіндігі мен дайындығын анықтаудан тұрады және мынадай *міндеттерді* шешуді көздейді:

- несие беруші ұсынатын қаржы ресурстары мен оларды өтеу тәсілдерінің оңтайлы шамасын негіздеу;
- қарыз алушының несиелік ресурстарды пайдалану тиімділігін анықтау;
- қарыз алушының ағымдағы қаржылық жағдайын бағалауды жүзеге асыру және несиелік ресурстар берілгеннен кейінгі қаржылық жағдайының өзгерісін болжамдау;
- несие беруші тарапынан қарыз алушының қаржылық жағдайының көрсеткіштеріне қатысты талаптардың сақталуын ағымдық бақылау (мониторинг);
- қарыз алушы-ұйымның несиелік қабілеттілігін тиімді деңгейге жеткізу мен ұстап тұру үшін менеджменттің қабылдайтын шешімдерінің орындылығын және нәтижелілігін талдау;
- несиелік тәуекел факторларын анықтау және олардың қарыз алушыға несие беру туралы шешім қабылдауға әсер етуін бағалау;

– қарыз алушы ұсынған кепілдің жеткіліктілігі мен сенімділігін талдау.

Несие қабілеттілігін талдау кезінде қарыз алушының беделі, мүлкінің мөлшері мен құрамы, экономикалық және нарықтық конъюктурасының жай-күйі, қаржы жағдайының тұрақтылығы және т.б. есепке алынады.

Несиелік қабілеттілікке талдау жасаудың бірінші кезеңінде клиент жайлы диагностикалық ақпарат зерттеледі, оның құрамына кредиторлар мен өзге инвесторлар шоттарын төлеу ұқыптылығы, ұйымның даму үдерісі, несие алу мақсаты, ұйым қарыздарының құрамы мен мөлшері туралы ақпарат кіреді. Егер ұйым жаңадан құрылған болса, онда бизнес-жоспар зерттеледі. Меншіктің мөлшері мен құрамы туралы ақпарат клиентке берілуі мүмкін несие сомасын анықтау үшін пайдаланылады. Активтер құрамын зерттеу қажет болған жағдайда ақша қаражаттарына тез айналатын өтімділігі жоғары активтер үлесін белгілеуге мүмкіндік береді.

Несиелік қабілеттілікті анықтаудың екінші кезеңі қарыз алушының қаржылық жағдайы мен оның тұрақтылығын бағалауды көздейді. Мұнда тек қана төлем қабілеттілігі ғана емес, сонымен қатар басқа көрсеткіштер: өндіріс рентабельділігі, капитал айналымдылық коэффициенті, меншік айналым қаражатының бары, қаржылық тұтқа әсері, өндірістік жоспарлардың орындалу тұрақтылығы, банк несиесінің өсу қарқыны мен жалпы өнімнің өсу қарқынының арақатынасы, несиелер бойынша өтелмеген қарыздың сомасы мен мерзімі және т.б. ескеріледі.

Қарыз алушының несиелік қабілеттілікті бағалауда 13-кестеде берілген негізгі көрсеткіштер қолданылады.

13-кесте

Қарыз алушының класын анықтайтын көрсеткіштер

Көрсеткіштер	1-класс	2-класс	3-класс
Ағымдағы өтімділік коэффициенті	2,0-ден жоғары	1,5 – 2,0	1,5-тен кем
Тез өтімділік коэффициенті	1,5-тен жоғары	1,0 – 1,5	1,0-ден кем
Меншік құралмен камтамасыз етілуі	60 %-дан жоғары	30 – 60 %	30 %-дан кем

13-кестеде көрсетілген коэффициенттер қарыз алушыны сол немесе өзге де несие беру режимін анықтайтын сәйкес класка жатқызуға мүмкіндік береді. Несиелік қабілеттілікке байланысты несие берудің нақты шарттары несие шартында айқындалады.

Несиелік қабілеттіліктің жалпы бағалауы балл түрінде жүзеге асады. Балл сомасы несиелік қабілеттіліктің сыныптары бойынша әр көрсеткіш рейтингісінің туынды сомасы болып табылады:

- 1 класс 100-150 балл бойынша беріледі;
- 2 класс – 151-250 балл;
- 3 класс – 251-300 балл.

Балл сомасын анықтау мысалы 14-кестеде берілген.

14-кесте

Қарыз алушының несиелік қабілеттілігін сипаттайтын көрсеткіштер

Көрсеткіштер	Көрсеткіштер рейтингі, %	1-нұсқа		2-нұсқа		3-нұсқа	
		кл.	балл	кл.	балл	кл.	балл
Ағымдағы өтімділік коэффициенті	40	1	40	2	80	3	120
Тез өтімділік коэффициенті	30	1	30	2	60	3	90
Меншік құралмен қамтамасыз етілуі	30	1	30	2	60	3	90
Жиыны:		1	100	2	200	3	300

1-класка сәйкес келетін коэффициенттер мен көрсеткіштер – 100 балл, 2-класс – 200; 3-класс – 300 (1, 2, 3 нұсқалар). Сондықтан 100-150 балл аралығында 1-класс (сенімді қарыз алушы), 151-250 балл аралығында 2-класс (тұрақсыз қарыз алушы), 251-300 балл аралығында 3-класс (сенімсіз қарыз алушы) деп қарастырылады. Төртінші нұсқада 180 балл көрсеткіші мәні бойынша 2-класка, бесінші нұсқада 280 балл бойынша 3-класка және алтыншы нұсқада 140 балл бойынша 1-класка жатқызуға мүмкіндік береді.

2.5. Ұйымның күйреуі (банкроттықты) мен құнын бағалауды талдау

Банкроттық деп ұйымның бюджетке және бюджеттен тыс қорларға міндетті төлемдерді міндеттемелердің активтерге қарағанда артуына, баланс құрылымының қанағаттанарлықсыз болуына байланысты қамтамасыз ете алмауын қоса алғанда, өнім (жұмыс, қызмет) үшін төлем бойынша кредиторлардың талабын қанағаттандыра алмауы түсіндіріледі.

Баланстың қанағаттанарлықсыз құрылымы борышкер мүлігінің өтімділігінің жеткіліксіз деңгейіне байланысты кредиторлар алдында міндеттемелерін уақытында өз мүлкі есебінен өтей алмау жағдайындағы мүлкі мен міндеттемелерінің жайкүйі. Солай бола тұра, мүлік құны міндеттемелердің жалпы сомасына тең немесе одан артық болуы мүмкін.

Банкроттық – нарықтық экономиканың құрылымдық элементі. Онсыз нарықтық экономика бола алмайды, себебі өзінің экономикалық көрсеткіштері бойынша оның талаптарына сәйкес келетін шаруашылық жүргізуші субъектілерді іріктеу бойынша нарықтың табиғи заңдылығын іске асыратын бірден-бір формасы болып табылады.

Банкроттық нарықтық экономиканың динамикасы мен өсуді сипатының кезеңдігіне негізделген басқа да маңызды заңдылығының нәтижесі ретінде қарастырылады. Бүгінде нарық талаптарына жауап беретін ертең тұтынушы сұранысына ие болмайды, өйткені нарықтық конъюнктура түбегейлі өзгереді. Бірақ экономиканың өрлеу кезеңінде болуы – бір жағдай, ал дағдарысты бастан кешіп жатуы мүлдем басқа жағдай екені мәлім. Дағдарыстың негізгі себебі – жиынтық сұраныс пен ұсыныс арасындағы тепе-теңдіктің бұзылуы, бұл өз кезегінде өндіріс көлемі мен құрылымы және төлемге қбілетті сұраныс арасындағы үлкен сәйкессіздіктің нәтижесі болып табылады. Банкроттық – қаржылық дәрменсіз ұйымдарды жоюдың ауырсынды жолы.

Ұйым банкроттығының бірнеше түрлері бар. Заң және қаржылық тәжірибесінде кәсіпорын банкроттылығының келесі түрлері анық көрініс табуда:

1. *Нақты банкроттылық.* Бұл банкроттық түрі ұйымның болашақ кезеңде қолданылатын капиталдың үлкен жоғалтулары

себебінен өзінің қаржылық тұрақтылығы мен төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге толық қабілетсіздігін сипаттайды. Капитал жоғалтуларының шекті деңгейі әсерінен ұйым тиімді шаруашылық қызмет жүргізе алмайды, нәтижесінде заңды түрде банкрот деп жарияланады.

2. *Техникалық банкроттылық.* Бұл термин ұйымның дебиторлық берешегінің төлеу мерзімі өтіп кетуі себебінен оның төлем қабілетсіздігін сипаттайды. Ұйымның дебиторлық берешек мөлшері кредиторлық берешек көлемінен артық болады, ал активтерінің сомасы қаржылық міндеттемелер көлемінен айтарлықтай асып түседі.

Ұйымның дағдарысқа қарсы тиімді басқаруы мен сауықтыру техникалық банкроттылықты заңды банкроттылыққа дейін жеткізбейді.

3. *Қылмыстық банкроттылық.* Бұл меншікті жосықсыз иеленіп алу құралы болып табылады. Нарықтық экономика жағдайында кез келген мемлекетте банкроттылық экономиканы қайта құрылымдаудың табиғи үдерісі құралының бірі болып табылады.

Қылмыстық банкроттылық бірнеше белгісіздердің феномені болып табылады, оларды анықтау мен жауапкершілікке тарту үшін негіздеу қажет. Кез келген кәсіпкерлік қызмет субъектісінің шаруашылық қызметі көп жоспарлы болып келеді, несие алу мен беру және мәмілелерді жасау әрдайым тиімді және табысты операциялар бола бермейді. Себебі бизнесті тиімді жүргізудің нақты белгіленген жолдары жоқ, яғни кәсіпкерлік қызметтің міндетті шеңбері заңнамалық түрде белгіленбейді. Осыған байланысты ірі залал әкелетін банкроттылық жағдайында шаруашылық жүргізуші субъектілердің сол немесе өзге іс-әрекеттерінің қасакана жасалғанын кейде анықтау қиын. Сонымен қатар банкроттылық саласында кәсіпкерлердің әрекеттері мен мүліктік залалда көрініс табатын әрекеттерінің нәтижесі арасында себепті байланыс болғанда ғана олардың әрекеттері қылмыстық деп танылады.

Банкроттылықтың басқа да жіктемелері белгілі. Мысалы, банкроттылықтың туындау себептеріне байланысты түрлері.

Банкроттылықтың бірінші түрі – ұйымды басқарудың, маркетингтік стратегия немесе қолда бар ресурстардың қолданылуының тиімсіздігімен байланысты бизнес банкроттылығы.

Екінші түрі – негізгі қорлар мен еңбек ресурстарының қалыпты көлемі, маркетингтік саясат, өнім сұранысы бар кеңейтілген, ал кейде қарапайым өндіріске қажетті инвестициялық ресурстардың жетіспеушілігінен туындайтын банкроттылық.

Банкроттылықтың үшінші түрі – өндіріс банкроттылығы, бұл жағдайда отандық және шетелдік өндірушілер тарапынан қатаң бәсекелестік себептерінен ұйым бәсекеге қабілетсіз өнім өндіреді және бұл жағдайды басшыны ауыстыру немесе өндірістің бағытын толық немесе ішінара өзгертусіз инвестициялық салым жасау жолымен өзгертусіз жоюға келмейді.

Банкроттылықтың төртінші түрі қазіргі заманғы ұйымдарға тән «*жосықсыз менеджмент*» деп аталады. Бұл топқа өз міндеттемелерін орындаудан қасақана жалтарумен байланысты ұйым басшыларының іс-әрекеттері жатады.

Ұйым дәрменсіздігінің негізгі себептері қандай факторлар болғанына байланысты экономикада банкроттылықтың келесі типтері ажыратылады:

- *ұйымның ерекше банкроттылығы* теңгерімді экономика жағдайында ұйым өзіне алған міндеттемелерін орындай алмау сияқты субъективті себептер салдарынан туындайды;
- *ұйымдардың жаппай банкроттылығы* дағдарыс жағдайында болашақта экономикалық міндеттерін шеше алмауынан туындайды.

Банкроттылықтың түрлерінен басқа осы құбылыстың туындау себептері жайлы сөз қозғауға болады. Экономикалық әдебиеттерде банкроттылықты тудыратын факторларды ішкі және сыртқы деп бөледі.

Сыртқы факторларға – ұйымның қаржы-шаруашылық қызметіне елеулі әсер ететін факторлар қажеттіліктердің мөлшері мен құрылымы, халықтың табысы мен жинақтары деңгейі, саяси тұрақтылық пен ішкі саясат бағыттылығы, өнім өндіру және оның бәсекеге қабілеттілігін анықтайтын ғылым мен техниканың дамуы, халықаралық бәсекелестік, экономикалық құлдырау салдары, инфляция.

Ішкі факторлар ұйым дамуын анықтап, оның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижесіне әсер етеді, экономикалық әдебиеттерде төрт негізгі топ түрінде ұсынылған: ұйым стратегия-

сы, оның қызметінің қағидалары, ресурстар мен олардың қолданылуы, сапа мен маркетинг деңгейі. Өз кезегінде аталған факторлар топтары әр ұйымда іріктемелі әрекет ететін ондаған, тіпті жүздеген нақты себептерді қамтиды.

Жоғарыда қарастырылған жіктемеден басқа банкроттылық факторларын сандық және сапалық деп бөлуге болады.

Сандық факторларға мыналарды жатқызуға болады: жалпы міндеттемелерге қатысты ақша қаражаттары қозғалысының төмен деңгейі; қарыздық міндеттемелердің акционерлік капитал мен активтердің жалпы сомасына қатысты жоғары шамасы; инвестицияларға табыстың аздығы; бөлінбеген пайданың активтердің жалпы сомасына қатысты төмен деңгейі; айналым капиталдың активтер жалпы сомасы және сату көлеміне қатысты төмен деңгейі; ұзақ мерзімді активтердің орта мерзімді және ұзақ мерзімді міндеттемелерге қатысты жеткіліксіз деңгейі; пайыздарды жабудың төмен коэффициенті; пайданың тұрақсыздығы; сату көлемі және (немесе) активтердің жалпы сомасымен айқындалатын ұйымның қарапайым өлшемдері; ұйым облигацияларының бағасы; «Бета» коэффициентінің елеулі артуы; акциялардың нарықтық және баланстық бағалары арасындағы үлкен айырма; дивидендтік төлемдердің кемуі; WACC-ының айтарлықтай өсуі; тұрақты шығындардың жалпы шығындарға қатысты артуы; ұзақ мерзімді активтердің тиісті деңгейін қолдау қабілетсіздігі.

Банкроттылықтың сапалы себептеріне жатқызуға болады: қаржылық есептілік жүйесінің төмен деңгейі мен ұйымның шығындарды бақылау қабілетсіздігі; ұйым басшылары біліктілігінің төмендігі; өнеркәсіптік құлдыраудың болуы; ұйымның тиісті қаржыландыра алу және алынатын қаржыландыруға ауқымды несиелік шектеулер алу қабілетсіздігі; мерзімі өткен міндеттемелерді өтей алмауы; ұйымды басқаруда біліксіздік; менеджерлердің нарықта болып жатқан өзгерістерге тез бейімделу, әсіресе технологияларға бейімделген бизнесте уақытпен қатар жүру қабілетсіздігі; коммерциялық тәуекелдің жоғары деңгейі; қанағаттанарлықсыз сақтандыру; заңсыз алаяқтық іс-әрекеттер; менеджерлердің бизнес қызметінің кезеңдік ерекшеліктерін ескермеуі; тұтынушылар сұранысына сәйкес өндірісті қайта құру қабілетсіздігі; жеткізушілер сенімсіздігін ескеру; қарыздық және жал мәмілелерін қайта қарау; қаржылық есептілік жүйесінің сапасыздығы.

Банкроттылықтың бірінші белгілері ретінде қаржылық есептілікті ұсынумен кідіріс, сонымен қатар бухгалтерлік баланс пен пайда және зиян туралы есептілік құрылымында күрт өзгерістерді қарастыруға болады. Ұйым дәрменсіздігі (банкроттығы) жайында шешім қабылданады:

- ұйымның өзімен ерікті түрде;
- төрелік сотының қорытындысы бойынша.

Мемлекет деңгейінде банкроттылықты реттеу талдау жұмыстарында маңызды рөл атқарады, себебі ол дәрменсіздік және жалған банкроттылық белгілерін және т.б. анықтай отырып, «ойын ережелерін» белгілейді.

Банкроттылық ықтималдығы – зерттеліп отырған ұйымның ағымдағы жағдайы мен жай-күйінің бағалау сипаттамаларының бірі. Ұйым немесе бөлім басшысы ай сайын банкроттылыққа талдау жүргізіп отырып, оның төмен деңгейде болуына кепіл болады.

Банкроттылықтың ықтималдығын диагностикалауда төмендегілерге негізделген бірнеше әдістер қолданылады:

- 1) ауқымды өлшемдер мен белгілер жүйесіне талдау;
- 2) шектеулі көрсеткіштер шеңбері;
- 3) мына әдістер көмегімен есептелген интегралды көрсеткіштер:

- скорингтік модельдер;
- дискриминанттық факторлы модельдер.

Бірінші әдісті қолдануда банкроттылық белгілерін әдетте екі топқа бөліп қарастырады:

Бірінші топ – болашақта мүмкін болатын қаржылық қиындықтар мен банкроттылықтың ықтималдығын куәландыратын көрсеткіштер:

- өндірістің ұзақ уақыт құлдырауы, өткізу көлемінің төмендеуі және ұзақ уақытқа созылған зиянсыздықта көрініс табатын негізгі қызметтегі қайталанатын елеулі жоғалтулар;
- мерзімі өтіп кеткен кредиторлық және дебиторлық берешектердің болуы;
- өтімділік коэффициенттерінің төмен мәні және олардың төмендеуге бейімі;

- қарыздық капитал үлесінің қауіпті шекке дейін ұлғаюы;
- меншік айналым қаражатының жетіспеушілігі;
- капитал айналымы уақытының артуы;
- нормадан тыс, жатып қалған шикізат пен өндіріс қорларының болуы;
- ұйым акцияларының нарықтық бағасының төмендеуі және т.б.

Екінші топ – жағымсыз мәндері ағымдағы қаржылық жағдайдың төмен, болашақта шаралар қабылдамасы күрт нашарлап кетуі туралы хабардар ететін көрсеткіштер:

- ұйымның қандай да бір нақты жобаға, жабдық типіне, актив түріне, шикізат нарығы немесе өткізу нарығына шектен тыс тәуелді болуы;
- негізгі контрагенттерін жоғалту;
- техникалық және технологиялық тұрақты жаңартудың қажеттілігін дұрыс бағалай білмеу;
- басқару аппаратының білікті мамандарын жоғалту;
- мәжбүрлі тежеулер, сонымен қатар өндірістік техникалық процестердің ырғақтылығының бұзылуы;
- тиімсіз ұзақ мерзімді келісімдер;
- капитал салымының жетіспеушілігі және т.б.

Банкроттылық ықтималдығын анықтайтын бұл индикаторлар жүйесінің артықшылығына жүйелі және кешенді тұрғыдан қарастыруды жатқызуға болады, ал кемшіліктеріне көп критерийлі міндеттерді шешу жағдайында шешім қабылдау күрделілігі, есептелген көрсеткіштердің ақпараттық сипаты мен болжамды шешімдердің субъективтілігі жатады.

Банкроттылықты диагностикалаудың екінші әдісі – шектеулі шеңбердегі көрсеткіштерді қолдану:

- ағымдағы өтімділік коэффициенті;
- меншік айналым құралдарымен қамтамасыз етілу коэффициенті;
- төлем қабілеттілігін қалпына келтіру (жоғалту) коэффициенті.

Келесі шарттардың бірі орындалса, баланс құрылымы қанағаттанарлықсыз, ал ұйым төлемге қабілетсіз деп танылады:

- есепті кезең соңына ағымдағы өтімділік коэффициенті ұсынылатын мәннен (2,0-2,5) төмен болса;
- есепті кезеңінің соңына меншіктік құралдарымен камтамасыз етілу коэффициенті ұсынылатын мәннен (0,1) төмен болса;
- төлем қабілеттілігін қалпына келтіру (жоғалту) коэффициенті.

Егер ағымдағы өтімділік коэффициенті мен меншік құралдарымен камтамасыз етілу коэффициенті төмен болып, бірақ бұл көрсеткіштердің өсу тенденциясы байқалса, онда алты ай мерзім ішінде төлем қабілеттілігін қалпына келтіру коэффициенті (K_{TK}) есептеледі:

$$K_{TK} = [K_{ao.c} + 6 / T(K_{ao.c} - K_{ao.6})] / K_{ao.nop},$$

мұндағы $K_{ao.c} - K_{ao.6}$ – есептік кезеңнің басы мен соңына ағымдағы өтімділік коэффициентінің нақты мәні; $K_{ao.nop}$ – ағымдағы өтімділік коэффициентінің ұсынылатын мәні; T – есептік кезең, ай.

Егер $K_{TK} > 1$ болса, ұйымның төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге мүмкіндігі бар, ал керісінше, егер $K_{TK} < 1$ болса, онда ұйымның жақын арада төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге мүмкіндігі жоқ.

Егер есепті кезең соңына ағымдағы өтімділік коэффициенті және меншік айналым құралдарымен камтамасыз етілу коэффициентінің нақты деңгейі ұсынылатын мәнге тең немесе жоғары болып, бірақ олардың кему тенденциясы байқалса, онда үш ай мерзімге төлем қабілеттілігін жоғалту коэффициенті ($K_{TЖ}$) есептеледі:

$$K_{TЖ} = [K_{ao.c} + 3 / T (K_{ao.c} - K_{ao.6})] / K_{ao.nop}.$$

Егер $K_{TЖ} > 1$ болса, онда ұйымның төлем қабілеттілігін 3 ай ішінде жоғалтпайтындығын көрсетеді және керісінше.

Осылайша ұйым алдын ала белгіленген кезеңде төлем қабілеттілігін қалпына келтіру (немесе жоғалту) мүмкіндігін төлем қабілеттілігін қалпына келтіру (жоғалту) коэффициенттері көмегімен анықтауға болады.

Үш ай мерзімге есептелген төлем қабілеттілігін жоғалту коэффициенті 1-ден артық болғанда, ұйымның төлем қабілеттілігін сақтап қалу мүмкіндігі бар. Егер бұл коэффициент 1-ден кем болса, онда ұйымның жақын арада төлемге қабілетсіз болуы мүмкін.

Ұйымның баланс құрылымын қанағаттанарлықсыз деп тануға негіз болып, бірақ белгіленген мерзімде төлем қабілеттілігін қалпына келтіруге мүмкіндігі болған жағдайда баланс құрылымын қанағаттанарлықсыз және ұйымды алты ай мерзімге дейін төлемге қабілетсіз деп тануды кейінге қалдыру туралы шешім қабылданады.

Егер баланс құрылымын қанағаттанарлықсыз деп тануға негіз болмаса, онда төлем қабілеттілігін қалпына келтіру (жоғалту) коэффициентінің нақты бір мәнін ескере отырып, келесі екі шешімнің біреуі қабылданады:

1) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру (жоғалту) коэффициенті 1-ден артық болса, жағдайда баланс құрылымын қанағаттанарлықсыз, ал ұйымды төлемге қабілетсіз деп тану шешімі қабылдана алмайды;

2) төлем қабілеттілігін қалпына келтіру (жоғалту) коэффициенті 1-ден кем болса, жағдайда баланс құрылымын қанағаттанарлықсыз, ал ұйымды төлемге қабілетсіз деп тану шешімі қабылданбайды, бірақ ұйымның төлем қабілеттілігін жоғалту қаупі болғандықтан, ҚР Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитетінің сәйкес тіркеуіне алынады.

Банкроттылық ықтималдығын диагностикалаудың үшінші әдісі – скорингтік талдау негізінде қаржылық тұрақтылықты интегралды бағалау. Оның негізгі мәні қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерінің нақты деңгейі мен сараптамалық бағалау бойынша әрбір көрсеткіштер рейтингісіне сүйенетін тәуекел дәрежесіне қарай ұйымдар жіктмесінен тұрады.

Үш баланстық көрсеткіш негізіндегі қарапайым скорингтік моделі 15-кестеде көрсетілген.

I класс – қарыз қаражатын қайтаруға сенімді болуға мүмкіндік беретін қаржылық тұрақтылығы қоры бар ұйымдар;

II класс – берешектер бойынша тәкекел дәрежесін көрсететін, бірақ тәуекелдігі жоғары деп қарастырылмайтын ұйымдар;

III класс – қаржылық жағдайы төмен ұйымдар;

IV класс – қаржылық сауықтыру бойынша шешімдер қабылданғаннан кейін де банкроттылық тәуекелдігі жоғары ұйымдар;

V класс – тәуекелділігі өте жоғары, іс жүзінде дәрменсіз ұйымдар.

15-кесте

Төлем қабілеттілігі деңгейіне қарай ұйымдарды кластарға топтау

Көрсеткіштер	Белгілерге сәйкес кластар шегі				
	I класс	II класс	III класс	IV класс	V класс
Жиынтық капитал рентабельділігі, %	30 және одан жоғары (50 балл)	29,9 - 20 (49,9 – 35 балл)	19,9 - 10 (34,9 – 20 балл)	9,9 - 1,0 (19,9 – 5 балл)	1-ден кем (0 балл)
Ағымдағы өтімділік коэффициенті	2,0 және одан жоғары (30 балл)	1,99 - 1,7 (29,9 – 20 балл)	1,69 - 1,4 (19,9 – 10 балл)	1,39 - 1,1 (9,9 – 1 балл)	1 және одан кем (0 балл)
Қаржылық тәуелсіздік коэффициенті	0,7 және одан жоғары (20 балл)	0,69 - 0,45 (19,9 – 10 балл)	0,44 - 0,30 (9,9 – 5 балл)	0,29 - 0,20 (5 – 1 балл)	0,2-ден кем (0 балл)
Кластар шегі	100 балдан жоғары	99-65 балл	64-35 балл	34-6 балл	0 балл

Ұйымның төлемге қабілетсіз деп тану оның банкрот екендігін білдірмейді, меншік иесіне азаматтық-құқықтық жауапкершілік тудырмайды. Бұл тек қаржылық тұрақсыздықтың анықталған формасы.

Шет елдерде банкроттылық тәуекелі мен ұйымның несиелік қабілеттілігін бағалауда белгілі экономистер Альтман (АҚШ), Тоффлер (Ұлыбритания) және т.б. ұсынған дискриминантты факторлы моделі кеңінен қолданылады.

Альтман коэффициенті (Z) ұйымның экономикалық әлеуетін және оның өткен кезеңде қызметінің нәтижесін сипаттайтын бірнеше көрсеткіштер функциясы болып табылады. Жалпы түрде Z былай есептеледі:

$$Z = 8,38X_1 + X_2 + 0,054X_3 + 0,63X_4,$$

мұндағы X_1 – айналым капиталының активтер сомасына қатынасы; X_2 – бөлінбеген пайданың активтер сомасына қатынасы; X_3 – операциялық пайданың активтер сомасына қатынасы; X_4 – акциялардың баланстық құны.

Коммерциялық құрылымдағы Z үлгісінің мәніне сәйкес күйреу ықтималдығы 16-кестеде көрсетілген.

16-кесте

Ұйымның күйреу ықтималдығы

Z мәні	Күйреу ықтималдығы, %
0-ден кем	Максималды (90-100)
0-0,18	Жоғары (60-80)
0,18-0,32	Орташа (35-50)
0,32-0,42	Төмен (15-20)
0,42-ден көп	Минималды (10-ға дейін)

Көптеген есептеулердің нәтижесінде анықталғандай, Альтман үлгісі бойынша жалпылайтын Z көрсеткіші (-14...+22) аралығындағы мәнді қабылдай алады. Осылайша, $Z > 2,99$ болса, бұл ұйымдар қаржылық тұрақтыларға, $Z < 1,81$ болса, бұл ұйым тұрақсыздар қатарына, ал (1,81-2,99) аралығындағы мән орын алған ұйымдар белгісіздік аймағындағылар қатарына жатады.

Альтман коэффициенті ең көп тараған көрсеткіштер қатарына жатады. Бірақ оны егжей-тегжейлі зерттеу барысында, оның дұрыс емес құрылғанын көруге болады: X_1 мәні дағдарысты басқарумен байланысты, X_4 қаржылық дағдарыстың орын алғанын сипаттаса, қалған мәндер экономикалық дағдарыстың болғанын сипаттайды. Жүйелілік тұрғысынан қарағанда бұл көрсеткіш қолданылуға еш құқы жоқ.

Төлеушінің күйреу тәуекелдігі мен несие қабілеттілігін бағалаған кезде Альтманның факторлы үлгісі қолданылуы мүмкін, ол өзіне 5 коэффициентті кіріктіреді:

$$Z = 1,2X_1 + 1,4X_2 + 3,3X_3 + 0,6X_4 + 1,0X_5,$$

мұндағы X_1 – айналым капиталының баланс валютасына қатынасы; X_2 – бөлінбеген пайданың баланс валютасына қатынасы;

X_3 – пайыздар мен салыктар төленгенге дейінгі бөлінбеген пайданың баланс валютасына қатынасы; X_4 – меншікті капиталдың қысқа және ұзақ мерзімді міндеттемелерге қатынасы; X_5 – сатудан түскен түсімнің баланс валютасына қатынасы.

Альтман сызбасы бойынша Z коэффициентін есептеудің бастапқы мәліметтері 17-кестеде келтірілген.

17-кесте

Альтман коэффициентін есептеуге керекті бастапқы мәліметтер

(мың. тенге)

Көрсеткіштер	«А» ұйымы		«В» ұйымы	
	жыл басы	жыл соңы	жыл басы	жыл соңы
Айналым капиталы	580	5414	14019	10204
Баланс валютасы	684	5509	34007	33669
Бөлінбеген (таза) пайда	83	1517	1167	25
Пайыздар мен салыктарды төлегенге дейінгі пайда	119	2167	16967	36
Меншікті капитал	433	1297	25859	21658
Қысқа мерзімді міндеттемелер	251	4212	5541	7234
Ұзақ мерзімді міндеттемелер	-	-	2607	4777
Сату көлемі (табыс)	819	6426	61583	45467

«А» және «В» ұйымдары бойынша Z коэффициентінің есептелген сызбасы 18-кестеде берілген.

18 кесте

Альтман сызбасы бойынша Z коэффициентінің есептелуі

Коэффициенттер	«А» ұйымы		«В» ұйымы	
	жыл басы	жыл соңы	жыл басы	жыл соңы
X_1	0,84795	0,98275	0,41224	0,30307
X_2	0,12134	0,27537	0,03432	0,00074
X_3	0,17398	0,39336	0,49893	0,00107
X_4	1,72510	0,30793	3,17366	1,80318
X_5	1,19737	1,16645	1,81089	1,35041

«А» ұйымы: «В» ұйымы:

- жыл басы $Z = 5,00$; - жыл басы $Z = 5,44$;

- жыл соңы $Z = 4,21$. -жыл соңы $Z = 2,80$.

«А» ұйымы тұрақты, күйреу ықтималдығының төмен мәніне ие. «В» ұйымы бойынша да жылдың басында күйреу болжанған жоқ. Бірақ жылдың соңында бұл ұйымның Z көрсеткіші 2,80-ге төмендеген, бұл күйреу ықтималдығының орын алу қаупін білдіреді.

Таффлердің болжау үлгісі келесідей түрде:

$$Z = C_0 + C_1X_1 + C_2X_2 + C_3X_3 + C_4X_4,$$

мұндағы X_1 – салық төленгенге дейінгі табыстың қысқа мерзімді міндеттемелерге қатынасы (53 %); X_2 – қысқа мерзімді активтердің жалпы міндеттемелердің сомасына қатынасы (13 %); X_3 – қысқа мерзімді міндеттемелердің жалпы активтердің сомасына қатынасы (18 %); X_4 – несиелендіру шегінің болмауы (16 %); $C_0 \dots C_4$ – жақшадағы пайыздық коэффициенттер үлгінің пропорциясын білдіреді.

Ұйымның күйреу ықтималдығын болжау механизмі ретінде ұйымның нарықтық құнын алуға болады. Күйреудің жасырын кезеңінде ол білдіртпей басталады, егер арнайы есеп жүргізу әдісі салынбаса, онда бұл үдеріс тіптен білінбейді.

Ұйымды қаржылық бағалау оның объектілерінің нарықтық құнын анықтау дегенді білдіреді, яғни сол ұйымға тиесілі немесе оның иелігіндегі және оны пайдаланудан келетін тиімділікті анықтау. Ұйымды бағалау барысында талдауға жататындар – жылжымайтын мүлік объектілері (әкімшілік, өндірістік, қоймалық және басқа ғимараттар), машиналар мен құрал-жабдықтар, қоймадағы қорлар, қаржылық инвестициялар және материалды емес активтер.

Ұйымның құнын бағалау өзіне ұйымның терең қаржылық, технологиялық және ұйымдастырушылық талдауды, дамуының әлеуетін кіріктіреді. Оған елеулі себеп бар – дайын бизнесті сатып алу және сату нарығының жылдам жетілуі, инвестициялаудың жылдан жылға көбеюі. Бұның барлығы басқарушы немесе инвестициялық топқа – ақпараттық және талдамалы, болжамдық мағлұматтың шешім қабылдау кезеңінде көбірек керек екеніне алып келеді.

Ұйымның құнын бағалаудағы басты ерекшелігі нарықтық процедураларының сипаты болып табылады, ол шығындық тә-

сілмен құнын есептеуді жүзеге асыру қажеттілігін тек басқа да объектерді сатып алу үшін құру мен әзірлеуде шығындар талдауындағы әдістерді қолдану арқылы ғана емес, сонымен қатар басқа да тәсілдер арқылы негіздей алады.

Ұйымның құнының бағалау объектісі оның қызметі болып табылады.

Одан әрі дамыту перспективалары, үздіксіз «табысқа» жұмыс, тұрақты ақша ағымдары, жоғары техникалық әлеуеті – бұл ұйымның нарықта жеткілікті жоғары дәрежеде бағаланатынына және сату-сатып алу жағдайында ұқсас бизнестерге қарағанда құнының едәуір жоғары болуына кепілдік береді.

Ұйымда қаржылық бағалауды өткізудің мақсатына қарай ажыратылады:

– *мүліктің нарықтық құнын бағалау* – қазіргі таңда мүліктің ашық нарықта сатылуы мүмкін құны. Қызметтің бағалануы мен ұйымның қаржылық жағдайын өзіне қосады және сақтандыру, кепілдікке беру және басқа да мақсаттарда анықталады.

– *мүліктің өтімділік құнын бағалау* – ашық нарықта бағаланып отырған мүлікті сатудан түскен сомадан іске асырудан ұсталатын ұсталымдарды алып тастағандағы құны. Ұйымның банкроттық сатысында немесе мүлікті тәркілеу жағдайларында анықталады.

Ұйымның құнын бағалау келесі әдістер арқылы жүзеге асырылады:

1) *шығындық тәсіл* – ұйымды құруға жұмсалатын, біркелкі бағаланатын қажетті шығындар негізінде көрініс табады. Берілген тәсіл ұйым активтерінің нарықтық құнын анықтау үшін, оларды міндеттемелер құнынан алып тастау арқылы шығаратынымызды көрсетеді. Шығындық тәсілдер құрамына баланстық құны, қалпына келтіру (тарату) құны, ауыстыру құны сынды әдістері кіреді;

2) *салыстырмалы тәсілде* – ұйымның құны нарықтағы басқа да ұқсас ұйымдар құнымен салыстыра отырып, ағымдағы кезеңдегі сату-сатып алу келісімдері негізінде анықталады. Салыстырмалы тәсілді есептеу барысында салалық коэффициенттер әдісі, салыстырмалы іске асыру және мультипликаторлары әдістері қолданылады;

3) *табыстық тәсіл* – ұйым қызметінен күтілетін болжамдық көрсеткіштер табысына негізделеді. Бұл тәсілді қолдану барысында таза кірісті капиталдандыру және дивидендтер бойынша есеп айырысулар, сонымен қатар белгілі бір уақыт аралығында шоғырланған бизнес үшін ақша ағымдарының көлемін дисконттау жүргізіледі.

Ұйым құнының терең талдауын кешенді тәсілдерді қолдану арқылы ғана жүргізуге болады. Ұйым құнын бағалауда кешенді тәсілдер арқылы оның нақты бағасы орнатылады, сонымен қатар болашақта белгілі көлемде табыс әкелу ықтималдылығы қарастырылады. Кешенді бағалау тәсілі, осылайша ұйым құнының нарықтық бағасын ғана емес, сонымен қатар оның инвестициялық құнын да көрсетеді. Егер нарықтық баға – бұл ашық нарықта осы ұйымды сатуға мүмкін болатын ең ықтимал сома болса, инвестициялық баға деп – бұл қандай да бір инвесторлар тобы немесе бір инвестордың осы бизнеске бос қаражаттарын салу еркіндігі бар құнын айтамыз.

Ұйымның нарықтық құны мен инвестициялық құнын кешенді бағалау тәсілінде қолда бар негізгі қорларды түгендеу, ұйым қызметін қаржылық және басқарушылық талдау, нарықты зерттеу және тағы да сол сияқты операциялары орындалады. Сонымен қатар осылардан басқа бизнестің тарату құны анықталады, ұйымның қаржылық және бухгалтерлік есебінің реттелуі жүргізіледі.

Ұйым құнының бағалануы негізгі элементтерді сәйкестендіруден басталады, оларды капиталдың қалыптасу көздеріне жатқызуға болады. Кейін әрбір қалыптасу көздері жеке-жеке зерттеліп, жеке элемент салмағы базасында ұйым капиталының орташа өлшенген құны орнатылады.

Ұйым құнының бағалануының екінші кезеңі қаржы құрылымын оңтайландыру мен қалыптасуының әзірленуін зерттеу болып табылады.

Үшінші кезеңі ұйымның жұмыс істейтін нарығын талдау және даму үрдістерінің негізгі зерттеу үдерістері болып табылады. Сонымен қатар табыс әкелуге қабілетті ұқсас мүліктік кешендері де қарастырылады.

Төртінші кезең – бұл орнатылған әдістер көмегімен есеп жүргізу және әртүрлі құн түрлерін анықтау болып табылады.

Сонымен қатар әртүрлі әдістер мен тәсілдер арқылы өткізілген нәтижелер келісімін жүргізу жатады.

Мүлікті бағалау кезінде материалдық емес активтер құнын бағалау ерекше назар аударуды қажет етеді. Оларға тауар белгісі, гудвил және зияткерлік меншік (компьютерлік қамтамасыз ету, «ноу-хау», патенттер, лицензиялар, өнертабыс, өнеркәсіптік үлгілер және т.б.) жатады. Әдетте осындай бағалауларға материалдық емес активтер құнын бағалау сияқты қажетті көңіл бөлінбейді, дегенмен осы мүлік категориялары сол уақытта нарықтық құнның маңызды құраушысы болып табылады.

Бакылау сұрақтары:

1. Ұйымның қаржылық жағдайы немен сипатталады?
2. Ұйымның қаржылық жағдайын талдаудың максаты мен міндеттері қандай?
3. Ұйымның қаржылық жағдайын талдау әдістері.
4. Баланстағы активтер мен пассивтердің топтастырылу белгілері.
5. Ұйымның қаржылық жағдайының жалпы бағалауын қалай жүргізуге болады?
6. Баланстың тік талдауы және оның максаты.
7. Өтімділік дәрежесі бойынша баланс активтерінің классификациясы.
8. Баланс пассивтерінің топтастырылуы.
9. Абсолюттік өтімділік балансының тендеуі.
10. Ұйымның қаржылық тұрақтылығын анықтайтын факторлар.
11. Ұйымның қаржылық тұрақтылығының түрлері.
12. Несие қабілеттілігін бағалау көрсеткіштері.
13. Ұйымның банкроттыққа ұшырау ықтималдылығы және оның диагностикасының әдістері.
14. Альтман коэффициенті.
15. Ұйым құнының бағалау әдістері.

Тест тапсырмалары:

1. Салыстырмалы аналитикалық балансты алады:

- а) бастапқы баланстан жекелеген баптарды тығыздау жолымен, құрылымы мен динамикасын соның көрсеткіштерімен толықтыру
- ә) шаруашылықаралық баланстарын салыстыру жолдары арқылы
- б) аналитикалық қаржылық коэффициенттерді есептеу жолдары арқылы

2. Тік талдау көмегімен болады:

- а) қаржылық есептілік құрамындағы құрылымдық өзгерістерді бакылауға
- ә) бірнеше жыл үшін баланстың жекелеген баптарының өсу (кему) қарқынын бакылауға
- б) нәтижелі көрсеткіш көлеміне факторлардың әсерін анықтауға

3. Аз өтімді активтерге жатады:

- а) жартылай фабрикаттар қорлары
- ә) қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар
- б) ақша қаражаттары

4. Өтімді құралдар болып табылады:

а) жылдам және құн шығынынсыз ақша қаражаттарына айнала алатын активтер

- ә) ұйымның дереу іске асырылуына жататын активтер
- б) меншікті айналым құралдары

5. Өтімділік коэффициенттері:

а) есепті кезең ішінде ұйымның өзінің қысқа мерзімді міндеттемелерін жабу қабілетін анықтауға мүмкіндік береді

ә) ұйымдардың қаншалықты өзінің құралдарын тиімді пайдаланатындығын талдауға мүмкіндік береді

- б) ұйым қызметінің қаншалықты табысты екендігін көрсетеді

6. Қаржылық тәуелділік коэффициенті:

а) ұйым капиталының құрылымындағы меншік капиталының бөлігін сипаттайды

ә) ұйымның сыртқы қарыздарға тәуелділігін сипаттайды

б) ұсынылған несиелер бойынша төленбеген пайыздардан кредиторлардың қорғану дәрежесін сипаттайды

7. Ұйымның несиелер алуға және оны қайтаруға алғышарттарының болуы – бұл:

- а) төлем қабілеттілігі
- ә) несиелер қабілеттілігі
- б) қаржылық тұрақтылық

8. Төлем қабілеттілігін бағалау көрсеткіштері болып табылады:

- а) абсолюттік өтімділік көрсеткіші
- ә) мерзімді өтімділік көрсеткіші
- б) ағымдағы өтімділік коэффициенті
- в) жоғарыда аталғандардың барлығы

9. Ұйымның қаржылық тұрақтылық көрсеткіштеріне жатады:

- а) абсолюттік өтімділік көрсеткіші
- ә) мерзімді өтімділік көрсеткіші
- б) автономия коэффициенті
- в) меншікті және қарыз қаражаттарының қатынасы

10. Автономия коэффициенті (қаржылық тәуелсіздік) сипаттайды:

а) ұйымның меншік капиталының қай бөлігі айналым құралдарын қаражаттандыруға бағытталғанын

ә) ұйымға авансталған барлық құралдардың ішіндегі қарыз қаражаттарының үлесін

б) ұйымға авансталған барлық құралдардың ішіндегі меншік капиталының үлесін

в) айналым құралдарының қай бөлігі меншік капиталы есебінен қалыптасқанын

11. Ағымдағы өтімділік коэффициенті (жабу) сипаттайды:

а) қысқа мерзімді міндеттемелердің қай бөлігі қолдағы бар ақша қаражаттары мен қысқа мерзімді салымдар есебінен дереу жабыла алатындығын

ә) айналым құралдарының қанша теңгесіне қысқа мерзімді міндеттемелердің теңгесі келетінін

б) қысқа мерзімді міндеттемелердің қай бөлігі қолдағы бар ақша қаражаттары, қысқа мерзімді салымдар және есеп айырысу қаражаттары есебінен жабыла алатындығын

в) айналым құралдарының қай бөлігі меншік капиталы есебінен қалыптасқанын

12. Негұрлым мерзімді міндеттемелер мыналарды қамтиды:

а) қатысушылары алдындағы қарыз бойынша табыстарды төлеу

ә) кредиторлық берешек

б) қысқа мерзімді қарыз қаражаттары

в) ұзақ мерзімді қарыз қаражаттары

13. Өтімділік талдауына негізгі ақпарат көздері болып табылады:

а) бухгалтерлік баланс

ә) пайда мен залал туралы есеп

б) капитал өзгерісі туралы есеп

в) ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп

14. Егер ақша қаражаттары 144 мың тг, қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар 48 мың тг, ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар 120 мың тг тең болса, активтердің абсолютті өтімділік сомасын анықтаңыз:

а) 144 мың теңге

ә) 192 мың теңге

б) 312 мың теңге

15. Бір акцияның баланстық құны көрсетеді:

а) бухгалтерлік есеп пен есептілік көрсеткіштерінің бір кәдімгі акцияға сәйкес келетін ұйым активтерінің таза құнын

ә) айналымдағы бір кәдімгі акцияға таза пайданың қай бөлігі тиесілі екендігін

б) ұйымның таза пайдасының бір ақша қаражатына акционерлердің қанша ақша қаражаттарын төлеуге дайын екендігін

3

ҰЙЫМНЫҢ ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІГІН ТАЛДАУ

3.1. Іскерлік белсенділікті талдаудың мәні мен міндеті

Мемлекеттің, аудандар мен шаруашылық жүргізуші субъектілердің әлеуметтік-экономикалық деңгейін анықтау мақсатында қазіргі экономикада іскерлік белсенділікті сипаттайтын көрсеткіштер жүйесін пайдаланады. «Іскерлік белсенділік» термині экономика үдерістерін реформалау және нарықтық қатынастарды қалыптастыруға қатысты қаралады, ол экономика жағдайын біртұтас, сонымен қатар жекелеген экономикалық қызмет түрлерін сипаттайтын объективті көрсеткіштерді бағалау жүйесіне негізделген.

Ұйымның іскерлік белсенділігі – бұл даму динамикасында, заттай және құндық көрсеткіштерінде көрініс табатын, белгіленген мақсатқа қол жеткізуде, экономикалық әлеуетін тиімді пайдалануда танылатын ұйымның коммерциялық және ағымдағы өндірістік қызметі.

Іскерлік белсенділік кәсіпкерлік қызмет пен қорларды тиімді пайдаланудың динамикалық және кешенді сипаттамасы болып табылады. Нақты ұйымның іскерлік белсенділік деңгейі оның өміршендік кезеңінде көрініс табады (пайда болу, даму, көтерілу, құлдырау, дағдарыс, депрессия) және тез өзгермелі нарықтық жағдайларға бейімделу деңгейін, басқару сапасын көрсетеді.

Осылайша, іскерлік белсенділікте әртүрлі активтер түрлерінде капиталдың тиімді орналастырылуы көрініс табуы қажет. Егер оның айтарлықтай бөлігін ұзақ мерзімді активтерге аванстайтын болса, бір жылға дейінгі айналымының орташа мерзімі болатын қысқа мерзімді активтерге қаражат көздерін салғанға карағанда оны босатуға айтарлықтай көп уақыт жұмсалады. Де-

мек, ұйымдар жоспарланған мерзім уақытына қарай авансталған қаржы ресурстарының одан да ұзақ мерзімге қатып қалмауы үшін қысқа және ұзақ мерзімді активтерінің оптималды арақатынасын бақылап отыруы қажет. Осыдан ұйым капиталын, саланы, біртұтас экономиканы тиімді басқару шарттарының бірі орындалады.

Ұйым капиталдарын орналастырудың табыстылығы сонымен қатар операциялардың қаншалықты тиімді орындалғанына да байланысты анықталады. Атап айтқанда, жеткізушілер мен сатып алушылар арасындағы келісімшарттарды бұзу жөніндегі айыппұл санкцияларын қарастыру арқылы, қаржы құралдарын жоғарғы пайыздармен құнды қағаздарға салып, материалдық залалдың орнын толтыру арқылы ұйымның арттыруы мүмкін кірістер түріндегі әсерді де ескеру қажет. Осылайша, егер ұйымның ұзақ мерзімді дебиторлық берешегі болса, онда капитал салымынан түсетін түсім көлемі ҚР-ның Ұлттық банкінің қайта қаржыландыру ставкасынан кем болмауы тиіс. Демек, берілген сұрақтарды басқару шешімдерінің тиімділігіне әсер ететін іскерлік белсенділіктің факторлық сипатында қарастырған маңыздырақ.

Ұйымның іскерлік белсенділігі басқарудың ең маңызды элементтерінің бірі болып табылады. Олардың көрсеткіштері ұйымның өзіндік визит карталары қызметін атқарады.

Ұйымның жоғарғы іскерлік белсенділігі өзін-өзі жарнама лаудың ең жақсы тәсілі болып табылады (2-сурет).



2-сурет. Ұйымның іскерлік белсенділігінің схемасы

Іскерлік белсенділікті ұйымның тұрақты қаржы-шаруашылық қызметінің оң динамикасының, нарықтық бәсекеге қабілеттілігіне қол жеткізу мақсатында жұмыспен қамту деңгейін арттырудың және қорларды тиімді пайдаланудың қамтамасыз етілуіне бағытталған, ұйымның ынталандырылған макро және микро деңгейін басқару процесі ретінде сипаттап көрсетуге болады. Іскерлік белсенділік қызметтің барлық бизнес желілері арқылы материалдық, еңбек, қаржылық және басқа да қорларды тиімді пайдалануды көрсетеді және басқару сапасын, экономикалық өсу мүмкіндіктері мен ұйым капиталының жеткіліктілігін сипаттайды.

Ұйымның іскерлік белсенділігі әртүрлі факторлар мен шарттардың ауытқуы мен өзгерістеріне жеткілікті сезімтал болып келеді. Шаруашылық субъектілердің іскерлік белсенділігіне негіз қалаушы әсерді макроэкономикалық факторлар тигізеді, олар шаруашылық субъектінің белсенді мінез-құлық жағдайын ынталандыратын қолайлы «кәсіпкерлік ахуал» жағдайын қалыптастыруы немесе керісінше іскерлік белсенділіктің тұрып қалуы мен өшуі алғышарттарына әкелуі әбден мүмкін.

Ұйым басшылығына бағынышты болып келетін ішкі сипаттағы факторлар да жеткілікті жоғары мәнге ие. Одан басқа іскерлік белсенділіктің сипаты мен деңгейіне капитал құрылымы, төлем қабілеттілігі, ұйымның өтімділігі және т.б. байланысты болып келеді.

Ұйымның іскерлік қабілеттілігі қаржылық аспектіде бәрінен бұрын қорлар айналымдылығының жылдамдығында көрінеді. Ұйым рентабельділігі қызметінің пайдалылығының дәрежесін көрсетеді. Іскерлік белсенділік пен рентабельділігінің талдауы ұйым қызметінің қаржы нәтижелерінің салыстырмалы көрсеткіштері болып табылатын рентабельділік және әртүрлі қаржы коэффициенттерінің айналымдылығы динамикасы мен зерттеу дәрежесінде жасалады.

Капитал неғұрлым тезірек айналым жасаған сайын, капиталдың тура сол сомасы арқылы көбірек тауарларды сатып алуға және іске асыруға болады. Қорлар қозғалысының кез келген сатыда тоқтап қалуы айналымдылықтың бәсеңдеуіне әкеліп соғады, тағы да қосымша қорлар салымын қажет етіп, ұйымның қаржылық жағдайының айтарлықтай төмендеуіне әкелуі мүмкін.

Айналымның жылдам қозғалуынан қол жеткізілген нәтижені бірінші кезекте қосымша қаржы құралдарынсыз сатудан түскен түсімнің артуынан көреміз. Одан басқа, капитал айналымдылығының тездегілуі есебінен пайда сомасының артуы болады, өйткені әдетте бастапқы ақшалай нысанына ол үстелген қалпында қайта келеді. Егер өнімді өткізу шығынды болып келсе, онда құралдар айналымдылығы қаржылық нәтижелерінің нашарлауына әкеледі. Айтылғаннан капитал айналымдылығының барлық сатыларында жылдам жүргізілуіне ұмтылып қана қоймай, сонымен қатар оның капиталдың бір теңгесіне пайда сомасының артуын көрсететін максималды түрде қайтарымдылығын да ескеру қажет. Бұл барлық ресурстарды рационалды және үнемді пайдаланумен, артық шығындарды болдырмаумен қол жеткізіледі. Нәтижесінде капитал өзінің алғашқы жағдайына үлкен сомамен оралады, яғни пайдамен.

Ұйымның іскерлік белсенділігінің жоғарғы дәрежесі оған өзінің қызметінде негізделген нәтижелерге қол жеткізу мақсатындағы стратегиялық қызығушылықтарын іске асыруға мүмкіндік береді. Іскерлік белсенділік ұйымның басқа да маңызды сипаттарымен тығыз байланысты. Солай іскерлік белсенділік ұйымның инвестициялық тартымдылығына, сонымен қатар қаржы тұрақтылығына, төлем қабілеттілігіне, несие қабілеттілігіне және т.б. әсерін тигізеді.

Іскерлік белсенділікті арттыру нәтижесі ұйымның қаржы тұрақтылығын нығайту болып табылады. Динамикалық даму, кірістерді генерациялау, нәтижелі көрсеткіштердің оң өсімі – ұйым қабілеттілігінің сыртқы және ішкі ортаның өзгермелі шарттарында өздерінің негізгі функцияларын орындау қабілеттілігін талдауға мүмкіндік беретін негізгі факторлары болып табылады. Осылайша, іскерлік белсенділік ұйымның белгіленген негізгі артықшылықтарымен, қызмет етуінің тиімділігімен, ұйымның біртұтас даму қабілеттілігімен, сонымен бірге олардың құрылымдық бөлімшелері және қызметінің барлық түрлерінің дамуымен сипатталады.

Сонымен іскерлік белсенділік:

- ұйымның қарқынды дамуына көмектесетін мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді;

- ұйым қабілеттілігін және қаржылық қызметінің нәтижелі көрсеткіштері арқылы оң динамикасын ұстап тұруды алдын ала анықтайды;
- ұйымның тұрақты дамуының негізгі факторы болып табылады;
- географиялық және операциялық сегменттер бойынша қызметтің барлық түрлерінің қажетті деңгейін қамтамасыз етеді.

Іскерлік белсенділіктің талдауы екі бағыт бойынша жүргізілуі мүмкін:

1) негізгі көрсеткіштер бойынша жоспарды орындау дәрежесі, берілген өсу қарқынын қамтамасыз ету;

2) ұйым қорларын тиімді пайдалану дәрежесі.

Талдау барысында келесі *міндеттер* орындалады:

- іскерлік белсенділіктің көрсеткіштерінің өзгеру тенденцияларын бағалау және зерттеу;
- іскерлік белсенділік көрсеткіштерінің өзгерісін және олардың нақты әсерінің көлемін есептейтін негізгі факторлардың әсерін зерттеу;
- ұйымның іскерлік белсенділігін сандық бағалау;
- ұйымның іскерлік белсенділігінің өсу резервтерін анықтау;
- анықталған резервтерді игеру бойынша нақты іс-шараларды ұйымдастыру.

Іскерлік белсенділікті талдаудың қорытындысы экономикалық негізделген тиімділікті бағалауды қалыптастыру мен ұйымның ресурстарын интенсивті пайдалану және резервтерді анықтауды көтеру болып табылады.

3.2. Іскерлік белсенділікті бағалау көрсеткіштері

Ұйымның іскерлік белсенділігі сандық және сапалық көрсеткіштер жүйесінің көмегімен өлшенеді. Іскерлік белсенділіктің коэффициенттері қаншалықты ұйым өзінің құралдарын тиімді пайдаланып отырғандығын талдауға көмектеседі. Іскерлік белсенділіктің талдауы айналым коэффициенттерінің қаржылық динамикасы мен зерттеу деңгейінде көрінеді.

Сапалық критерийлері – бұл іске асыру нарығының кеңдігі (ішкі және сыртқы), ұйымның іскерлік беделі, оның бәсекеге қабілеттілігі, дайын өнімді сатып алушылар мен жеткізушілердің тұрақты болуы. Берілген критерийлерді осы салада қызмет ететін ұқсас бәсекелестер сипаттамаларымен салыстырған жөн. Деректер, негізінен, қаржылық есептіліктерден емес маркетингтік зерттеулерден алынады.

Іскерлік белсенділіктің сандық критерийлері – абсолютті және салыстырмалы көрсеткіштермен сипатталады. Абсолютті көрсеткіштер құрамына кіреді: дайын өнімнің іске асырылған көлемі, пайдаланылатын активтер мен капиталдар, соның ішінде меншік капиталы мен пайданың көлемі.

Осы сандық параметрлерді бірқатар кезеңдер (тоқсан, жыл) динамикасында максатты салыстыру. Олардың арасындағы оңтайлы арақатынасы:

$$T_k > T_p > T_n > 100 \%,$$

мұндағы $T_{ж}$, T_{ia} , T_n – ұйым қызметіне авансталған жиынтық капитал, іске асыру және пайда көлемінің өзгеру қарқыны.

Сол жақтан оңға қарай қарастырылып отырған теңсіздік айқын экономикалық талдауды көрсетеді. Сонымен, бірінші теңсіздік ұйымның экономикалық әлеуетінің өсіп жатқандығын, яғни қызмет көлемінің артып жатқандығын білдіреді. Ұйымның активтерін өсіру, басқаша айтқанда, олардың көлемінің артуы жиі ұйымның меншік иегерлері мен олардың басқару персоналдары арқылы анық немесе анық емес формада калыптастырған негізгі мақсатты шарттардың бірі болып табылады. Екінші теңсіздік экономикалық әлеуеттің артуымен салыстырғанда іске асыру көлемі анағұрлым жоғарғы қарқынмен өсуін көрсетеді, яғни ұйым қорлары аса тиімді пайдаланылады, ұйымға салынған әр теңгеден қайтарым артады. Үшінші теңсіздіктен пайданың жедел қарқынмен өсіп жатқанын, оның контрагенттермен қарым-қатынасы мен технологиялық процестерді оңтайландыруға бағытталған өндіріс шығындары және айналымның есепті кезеңде салыстырмалы төмендегенін көреміз.

Келтірілген арақатынасты шартты түрде «*ұйым экономикасының алтын ережесі*» деп атауға болады. Әрине, бұл тамаша

байланыстан ауытқулар да болуы мүмкін, дегенмен барлық жағдайда оларды жағымсыз түрде қарастырудың қажеті жоқ. Атап айтқанда, теңсіздіктер жүйесінің бұзылуының кең тараған себептері: капитал қосымшаларының жаңа перспективалық бағыттарын игеру, жұмыс істеп тұрған өндірістерді қайта жаңарту және жаңғырту және т.б. болып табылады. Бұндай қызмет түрі әрдайым қаржылық қорлардың елеулі салымдарымен үйлестіріледі, олар көп жағдайда тез арада пайда әкеле қоймайды, бірақ болашақта өзін-өзі екі еселей ақтауы әбден мүмкін.

Іскерлік белсенділікті талдау ұйымның қаншалықты өздерінің құралдарын тиімді пайдаланатындығын анықтауға мүмкіндік береді. Жоғарыда айтылғандай іскерлік белсенділікті сипаттайтын көрсеткіштерге айналымдылық және рентабельділік коэффициенттері жатады.

Ұйымның қаржылық жағдайын бағалауда айналымдылық коэффициенті үлкен рөл атқарады, себебі капитал айналымдылығының жылдамдығы, яғни оның ақшалай формаға айналу жылдамдығы ұйымның төлем қабілеттілігіне тікелей әсерін тигізеді. Одан басқа, капитал айналымының жылдамдығы басқа да тең шарттар негізінде ұйымның өндіріс-техникалық әлеуетін арттыруда көрініс табады. Ол үшін айналымның оң көрсеткіші және ұйымның шаруашылық белсенділігіне жалпылама анықтама беретін, «іскерлік белсенділік индексі» кешенді бір көрсеткіші есептеледі.

Активтер айналымдылығының коэффициенті ұйымның жиынтық капиталының айналым жылдамдығын көрсетеді, яғни пайда түрінде сәйкесінше әсер әкеліп отырған немесе сатылған өнімнің әр актив бірлігінің қанша ақша бірлігін әкеліп отырғандығы қарастырылып отырған кезең ішінде қанша рет өндіріс пен айналымның толық циклі жүргізілетінін көрсетеді:

$$K_{aa} = \frac{\text{Өнімді сатудан түскен түсім}}{\text{Активтердің орташа жылдық құны}}$$

Негізгі құралдардың айналымдылық коэффициенті (қор қайтарымдылығы) ұйымның негізгі құралдарын тиімді пайдалануын көрсетеді. Мына формула арқылы есептеледі:

$K_{\text{нка}} = \text{Өнімді сатудан түскен түсім} / \text{Активтердің орташа жылдық құны.}$

Қор қайтарымдылығының негізгі шарты болып еңбек өнімділігінің қормен қарулану қарқынының өсімінен жоғарылауы болып табылады. Қор қайтарымдылығы коэффициентінің артуы негізгі құралдардың қатысты төменгі үлес салмағының есебінен және жоғарғы техникалық деңгейінің есебінен қол жеткізілуі мүмкін. Әрине, оның көлемі сала мен капитал сыйымдылығына байланысты айтарлықтай ауытқиды. Дегенмен жалпы заңдылық бұл жерде мынадай, коэффициент жоғары болған сайын есепті кезең шығындары төмен болады. Өте төменгі коэффициент бұл жерде жеткіліксіз іске асыру көлемін немесе осы актив түрлеріне өте жоғары салынған салымдар деңгейін көрсетеді.

Материалдық қорлардың айналым коэффициенті ұйымның талданып отырған кезеңіндегі тауарлы-материалдық қорлардың айналым санын көрсетеді. Берілген көрсеткіштің төмендеуі аяқталмаған өндіріс және өндірістік қорлардың салыстырмалы артуын немесе дайын өнімге сұраныстың төмендеуін білдіреді. Жалпы, материалдық қорлардың айналым көрсеткіші жоғары болған сайын, құралдар қысқа мерзімді активтердің аз өтімді бабына байланған болады, оның үстіне өтімділік құрылымын қысқа мерзімді активтер иеленеді, соған байланысты ұйымның қаржылық жағдайы тұрақты болады. Коэффициентті есептеу мына формула арқылы жүзеге асады:

$K_{\text{мка}} = \text{Өнімді сатудан түскен түсім} / \text{Қорлардың орташа жылдық құны.}$

Айналым капиталының айналымдылық коэффициенті ұйымның материалдық және қаржы қорларының айналым жылдамдығын көрсетеді және мына формула арқылы анықталады:

$K_{\text{ака}} = \text{Өнімді сатудан түскен түсім} / \text{Айналым капиталының орташа көлемі.}$

Айналым капиталы мен іске асыру көлемі арасында белгілі бір тәуелділік бар. Айналым капиталының тым аз мөлшері өткі-

зуді шектейді, ал тым көп мөлшері айналым құралдарының жеткілікті тиімсіз пайдаланғанын көрсетеді.

Дебиторлық берешек айналымының коэффициенті есеп айырысуларына салынған құралдар жылына неше рет айналым жасағандығын көрсетеді. Ол мына формула арқылы анықталады:

$$K_{\text{дба}} = \frac{\text{Өнімді сатудан түскен түсім}}{\text{Дебиторлық берешектің орташа жылдық сомасы}}$$

Әдетте бұл көрсеткіштің жоғары болғаны жақсы, себебі ұйым шоттар бойынша төлемді тезірек алады. Екінші жағынан, сатып алушыларға тауарлы несиені ұсыну іске асыру бойынша ынталандыру құралдарының бірі болып табылады, сондықтан несиелік кезеңнің оңтайлы ұзақтығын табу маңызды.

Осы коэффициентті пайдалана отырып, аса көрнекті көрсеткішті – инкассациялау кезеңін есептеуге болады, яғни дебиторлық берешектердің құралдарға айналу мерзімін. Ол үшін талданып отырған кезеңнің ұзақтығын дебиторлық берешек айналымы коэффициентіне бөлу қажет.

Дебиторлық берешек айналымы көрсеткіштерін кредиторлық берешек айналымымен салыстырған пайдалы. Мұндай тәсіл жеткізушілер тарапынан пайдаланылатын несиелендіру шарттарымен, қарастырылып отырған ұйымның өздерінің тұтынушыларына ұсынып отырған коммерциялық несие шарттарын салыстыруға мүмкіндік береді. Ол үшін тауарлы операциялар бойынша дебиторлық және кредиторлық берешектердің айналым мерзімі мен айналым коэффициентін анықтау қажет.

Экономикалық диагностика барысында сатып алушыларға ұсынылатын төлем мерзімін ұзарту кезеңінің ұзақтығын дебиторлық берешекті нақты өтеу мерзімімен салыстырған орынды, ол дебиторлармен есеп айырысу жағдайын бақылау тиімділігін бағалауға және несие қабілеттілік деңгейі туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

Кредиторлық берешектің айналым коэффициенті ұйым тарапынан ұсынылатын коммерциялық несиелердің кеңеюін немесе төмендеуін көрсетеді. Коэффициенттің өсуі ұйым берешегі төлемінің жылдамдығының артуын, ал төмендеуі – несиеге са-

тып алулардың өсуін білдіреді. Кредиторлық берешектің айналым коэффициентін анықтау формуласы келесідей:

$$K_{\text{кба}} = \text{Өнімді сатудан түскен түсім} / \text{Кредиторлық берешектің орташа жылдық көлемі.}$$

Кредиторлық берешектің айналым кезеңі кредиторлық берешек айналымының коэффициентіне талданып отырған кезең ұзақтығы бөлімінің бір бөлігі ретінде анықталады.

Меншік капиталы айналымының коэффициенті келесі формула арқылы анықталады:

$$K_{\text{мка}} = \text{Өнімді сатудан түскен түсім} / \text{Меншік капиталының орташа көлемі.}$$

Егер коэффициент салынған капиталдың іске асырылу деңгейінен айтарлықтай артса, бұл өз соңынан несиелік қорлардың өсуі мен ұйым иегерлеріне қарағанда кредиторлардың іске қатысу белсенділігі артатын деңгейге дейін жеткізу мүмкіндігіне әкеп соғады. Бұл жағдайда міндеттемелердің меншік капиталына қатынасы артады, сонымен қатар ұйым түсімінің төмендеуіне немесе бағалардың төмендеуінің жалпы үдерісіне негізделген елеулі қиындықтардың болуы мүмкін және кредиторлардың тәуекелділігі де артады.

Керісінше төменгі көрсеткіш меншік қаражаты бөлігінің әрекетсіздігін көрсетеді. Бұл жағдайда меншік капиталының айналымдылық көрсеткіші басқа неғұрлым қолайлы табыс көзіне меншік қаражаттарын салу қажеттілігін меңзейді.

Инвестициялық капитал айналымының коэффициенті ұйымның инвестицияларын өзінің дамуына қоса отырып, қысқа және ұзақ мерзімді инвестицияларының айналым жылдамдығын көрсетеді. Коэффициент мына формула арқылы анықталады:

$$K_{\text{ика}} = \text{Өнімді сатудан түскен түсім} / \text{Инвестициялық капиталдың орташа мөлшері.}$$

Бұл коэффициенттің мәнін осы кезеңдегі жұмыс істейтін капитал айналымдылығы мәндерімен салыстырған жөн. Коэф-

фициенттер динамикасын талдау барысында қаншалықты өндірістік қызметтен уақытша шектетілген капиталдың өндіріске жұмылдырылған капиталмен салыстырғандағы айналымының жылдам немесе баяу екендігін көруге болады. Неғұрлым егжей-тегжейлі талдау кезінде инвестициялық капиталдың құрылымын ескеру қажет.

Перманентті капитал айналымының коэффициенті мына формула арқылы анықталады:

$$K_{\text{пка}} = \frac{\text{Өнімді сатудан түскен түсім}}{\text{Перманентті капиталдың орташа мөлшері}}$$

Бұл коэффициент ұйымның ұзақ мерзімді пайдалануында болған капиталдың қаншалықты жылдам айналым жасайтындығын көрсетеді. Бұл коэффициент мәнінің мағынасы меншік капиталы айналымдылығымен ұксас келеді, тек бір айырмашылығы осы коэффициенттің талдауы кезінде ұйымның ұзақ мерзімді міндеттемелерінің әсерін ескеру қажет.

Жұмыс істейтін капитал айналымдылығының коэффициенті келесі формуламен есептеледі:

$$K_{\text{жіка}} = \frac{\text{Өнімді сатудан түскен түсім}}{\text{Жұмыс істейтін капиталдың орташа мөлшері}}$$

Осы коэффициенттің мағынасын талдай келе, өндірістік қызметке тікелей қатысатын капитал айналымдылығының тежелуін немесе жылдамдығын көруге болады. Бұл коэффициенттен алынатын мәндер жалпы активтер айналымдылығы көрсеткіштерімен салыстырғанда өнімді сату көлеміне тікелей қатысы жоқ, жеке дамуына инвестицияларды қоспағанда, ұйым инвестицияларынан тазартылған.

Іскерлік белсенділік индексі кезең ішінде айналым капиталын басқару саласындағы ұйымның операциялық қызметінің тиімділігін сипаттайды және мына формула арқылы есептеледі:

$$I_{\text{іб}} = \text{Жұмыс істейтін капитал айналымдылығының коэффициенті} \cdot \text{Операциялық қызмет рентабельділігінің коэффициенті}$$

Динамикада бұл коэффициенттің мағынасы ұйымның операциялық қызметіндегі іскерлік белсенділігінің өсуі мен төмендеуін көрсетеді.

Экономикалық әсер айналымның тездетілу нәтижесінде айналымнан салыстырмалы босатылған қаражат ретінде танылады, сонымен қатар пайда сомасының өсуімен көрсетіледі. Айналымнан босатылған қаражаттар сомасының үдеуімен (-Э) немесе айналымға қосымша тартылған қаражаттар (+Э) айналымның бәсеңдеуін өнімді сатудың бір күндік айналымын айналым ұзақтығының өзгерісіне көбейту арқылы анықтаймыз:

$$\text{Э} = (\text{Өнімді сатудан түскен түсім} / \text{Талданып отырған кезеңдегі күнтізбелік күн саны}) * \text{Бір айналымның ұзақтығы};$$

$$\text{Бір айналымның ұзақтығы} = (\text{Капиталдың орташа жылдық құны} * \text{Талданып отырған кезеңдегі күнтізбелік күн саны}) / \text{Өнімді сатудан түскен түсім}.$$

Капитал рентабельділігі тобының коэффициенттері ұйымның пайда табу мақсатында өздерінің капиталдарын қаншалықты тиімді пайдалануын көрсетеді.

Пайда бойынша барлық активтердің рентабельділігі айтарлықтай жалпы көрсеткіш болып табылады. Берілген коэффициент қаражаттарды тарту көздеріне тәуелсіз пайда табу мақсатында ұйымға қанша ақша бірліктерінің тартылғандығын көрсетеді. Ол мына формула арқылы анықталады:

$$R_a = (\text{Салық салынғанға дейінгі пайда} / \text{Активтердің орташа жылдық құны}) \cdot 100 \%$$

Меншік капиталының рентабельділігі ұйымға меншік иергерлерінің салған қаражаттарының тиімді пайдалануын анықтайды, осы қаражаттарды басқа ұйымдарға (бағалы қағаз) салғандағы мүмкін болатын пайдамен салыстыруға, биржадағы акциялар бағамының деңгейін бағалау кезінде маңызды критерий қызметін атқаруға мүмкіндік береді. Коэффициент мына формула арқылы есептеледі:

$$R_{\text{мк}} = (\text{Салық салынғанға дейінгі пайда} / \text{Меншік капиталының орташа жылдық құны}) \cdot 100 \%$$

Талдау барысындағы пайдалы шешім барлық активтер рентабельділігі мен меншік капиталы рентабельділігін салыстыру болып табылады. Бұл көрсеткіштер арасындағы айырмашылық ұйымның сырттан қаржыландыру көздерін тартуға негізделеді. Егер ұйым қарыз капиталына пайыздарды төлемей, керісінше оны өзіне тарту арқылы көбірек пайда тапса, онда оның айырмасын меншік капиталының қайтарымдылығын жоғарылатуға пайдаланылуы мүмкін. Алайда бұл жағдайда егер активтер рентабельділігі қарыз капиталына төленетін пайыздарға қарағанда төмен болса, ұйым қызметіне тартылған каражаттар әсері теріс бағалануы қажет.

Айналым капиталының рентабельділігі айналым капиталының әр тапқан теңгеге баланстық пайда сомасын есептеуге көмектеседі. Динамиканы талдаудағы коэффициенттердің сандық мәні ұйымның оны пайдаланудағы тиімділігінің өзгерісін көрсетеді. Бұл коэффициент мына формула арқылы анықталады:

$$R_{\text{ак}} = (\text{Салық салынғанға дейінгі пайда} / \text{Айналым капиталының орташа жылдық құны}) \cdot 100 \%$$

Перманентті капитал рентабельділігі ұйымның ұзақ мерзімді пайдалануындағы барлық капиталдарды пайдаланудың қандай пайдалылығы бар екендігін көрсетеді. Коэффициент мәні келесі формула арқылы есептеледі:

$$R_{\text{пк}} = (\text{Салық салынғанға дейінгі пайда} / \text{Перманентті капиталдың орташа жылдық құны}) \cdot 100 \%$$

Жұмыс істейтін капиталдың рентабельділігі ұйымның өндірістік қызметінің рентабельділігі туралы толық сипаттама береді. Ол мына формуламен анықталады:

$$R_{\text{жк}} = (\text{Салық салынғанға дейінгі пайда} / \text{Жұмыс істейтін капиталдың орташа жылдық құны}) \cdot 100 \%$$

Қызметтің рентабельділік коэффициенттер тобы ұйым қызметінің барлық бағыттары бойынша табыстылығын бағалауға мүмкіндік береді.

Баланстық пайда бойынша барлық операциялар рентабельділігі ұйымның барлық бағыттары бойынша қаншалықты өзінің қызметін пайдалы және тиімді жүргізіліп отырғандығын көрсетеді. Бұл коэффициент мына формула арқылы анықталады:

$$R = [Салық салынғанға дейінгі пайда / (өнімді сатудан түскен түсім + өзге де операциялардан түсетін кіріс + қызметтен тыс іске асырулардан түсетін кіріс)] \cdot 100 \%$$

Негізгі қызметтің рентабельділігі (іске асыру рентабельділігі) ұйымның барлық өзге кірістері мен нәтижелерінен тазартылған, қолданушыға негізгі өндірістен түсетін баланстық пайданы жоспарлауға және тиімділігін анықтауға мүмкіндік беретін ұйым қызметінің негізгі рентабельділігін көрсетеді. Коэффициент мына формула арқылы анықталады:

$$R_{нк} = (өндірістен пайда / сатудан түскен түсім) \cdot 100 \%$$

Өнімді өндіруге кеткен шығындар рентабельділігі өнімді өндіру және сату бойынша өндірісті ұйымдастыру шығындарының тиімділігімен анықталады. Бұл коэффициент мына формула арқылы анықталады:

$$R_{өп} = (сатудан түскен табыс / өндірілген өнімнің өндірістік шығын сомасы) \cdot 100 \%$$

Динамика коэффициенті өндірілген өнімнің өзіндік құнын ұйымдастыруындағы бақылаудың күшейтілуін немесе бағасын қайта қарастыру қажеттілігімен расталуы мүмкін.

Іскерлік белсенділікті талдаудың бір этапы ретінде өндірістік, операциялық және қаржылық циклді есептеу болып табылады.

Өндірістік цикл өндіріс қорларының өндіріске келіп түскен күнінен шығару күніне дейінгі сақталу уақытын сипаттайды. Бұл цикл қорлар айналымының ұзақтығына тең.

Операциялық цикл – ұйымның қоймасына материалдардың түсу сәтінен басталып, дайын тауарды тапсырушыға өткізгеннен түскен төлемді алу сәтімен аяқталады. Бұл цикл қаржылық ресурстардың материалдық қорларда және дебиторлық қарыздарда орналасқан уақыт аралығымен сипатталады және оның сомасы қорлар айналымы ұзақтығы мен дебиторлық қарыздың бір айналымының ұзақтығына тең:

$$\text{Операциялық цикл} = \text{қорлар айналымының ұзақтығы} + \\ + \text{дебиторлық қарыздың бір айналымының ұзақтығы.}$$

Өзге де тең жағдайларда операциялық циклдің төмендеуінен шикізатты сатып алу және сатудан түскен түсімді алу арасындағы уақыт азаяды, соның салдарынан рентабельділік өседі. Сәйкесінше берілген көрсеткіштің күн бойынша төмендеуі ұйымның қызметін жақсы жағынан сипаттайды.

Қаржылық цикл – қаржылық ресурстардың айналымнан тыс уақыт аралығын көрсетеді. Бұл цикл материалдарды жеткізушілерге төлемді төлеген кезден бастап (кредиторлық берешекті өтеу), тауарды тиіп-жөнелтуге байланысты сатып алушылардан ақшаны алған уақытымен аяқталады (дебиторлық берешекті өтеу).

Қаржылық цикл операциялық цикл мен кредиторлық берешектің бір айналымының ұзақтығы арасындағы айырмасына тең:

$$\text{Қаржылық цикл} = \text{Айналым қорларының ұзақтығы} + \\ + \text{Дебиторлық берешектің бір айналымының ұзақтығы} - \\ - \text{Кредиторлық берешектің бір айналымының ұзақтығы.}$$

Айналым қаражатын басқарудың мақсаты – қаржылық циклді қысқарту, яғни операциялық циклді қысқарту және қолайлы деңгейге дейін кредиторлық берешек айналымы мерзімін бәсеңдету.

Қорлардың айналымда орналасу ұзақтығына әртүрлі сыртқы және ішкі факторлар әсер етеді.

Сыртқы факторларға жатады:

- салалық тиесілігі;
- қызмет саласы;

- қызмет ауқымы;
- инфляциялық процестер әсері;
- серіктестермен шаруашылық байланыстар сипаты.

Ішкі факторларға жатады:

- активтерді басқарудағы стратегияның тиімділігі;
- ұйымның баға саясаты;
- тауарлық-материалдық құндылықтар мен қорларды бағалау әдістемесі.

Айналым қаражаттарының айналымын жеделдету оның қажеттілігін азайтады: қорларды аз талап етеді, бұл шығындар деңгейінің төмендеуіне әкеледі, сайып келгенде, ұйымның қаржылық жағдайының тиімділігін арттыруға және қаржылық жағдайын жақсартуға ықпал етеді. Айналымның бәсеңдеуі айналым қаражатының ұлғаюына және қосымша шығындардың пайда болуына әкеледі, демек, бұл ұйымның қаржылық жағдайының нашарлауына ықпал етеді.

Іскерлік белсенділікті талдау барысында ерекше назарды дебиторлық және кредиторлық берешек айналымына аудару қажет, өйткені бұл шамалар көбінесе бір-бірімен байланысты. Айналымның төмендеуі шоттарға ақы төлеу проблемаларын білдіруі мүмкін, сонымен қатар жеткізушілермен өзара қарым-қатынасты неғұрлым тиімді ұйымдастыруға, пайдаланатын кредиторлық берешекті қаржылық ресурстарды алудағы арзан көзі бойынша және неғұрлым тиімді кейінге қалдырылған графиктік төлемдер бойынша қарастыруға болады. Дегенмен, айналымды негізгі бағалау тәсілі келесідей: айналым мерзімі неғұрлым аз болған сайын ұйымның коммерциялық қызметі тиімді және іскерлік белсенділігі жоғары болады.

Қаржы-шаруашылық қызметінің тиімділігі екі тәсілдің бірімен өлшенеді, ұйым жұмысының нәтижелілігін көрсететін авансталған ресурстар көлемімен немесе өндірісте шығындарды пайдалану көлемімен. Бұл көрсеткіштер ұйымның іскерлік белсенділігінің деңгейін сипаттайды:

Авансталған ресурстар тиімділігі = Өнімді сатудан түскен түсім немесе өткізуден түскен пайда / Авансталған ресурстар;

Тұтынылған ресурстар тиімділігі = Өнімді сатудан түскен түсім немесе өткізуден түскен пайда / Тұтынылған ресурстар.

Өнімдер динамикасы мен ресурстар динамикасы арасындағы қатынасы экономикалық өсудің сипатын анықтайды. Өндірістің экономикалық өсіміне экстенсивті де, интенсивті де тәсілдер арқылы қол жеткізуге болады. Өнімнің өсу қарқынын ресурстар немесе шығындардың өсу қарқынынан жоғарылату экономикалық өсудің интенсивтілігін қуәландырады.

3.3. Іскерлік белсенділік көрсеткіштерінің динамикасын талдау

Ұйымның іскерлік белсенділік көрсеткіштерін есептеу үшін бастапқы деректері 19-кестеде берілген.

19-кесте

Іскерлік белсенділік көрсеткіштерін есептеу үшін деректер

(мың тенге)

Көрсеткіштер	Орташа жылдық шамасы [(жыл басындағы + жыл сонындағы) / 2]		
	1-ші жыл	2-ші жыл	3-ші жыл
Өнімді сатудан түскен пайда	681352	785520	852328
Өнімнің өзіндік құны	377924	485708	552868
Өткізуден түскен пайда	106980	61436	19380
Салық салғанға дейінгі пайда	102552	58668	1544
Активтердің орташа шамасы	687408	836696	880974
Негізгі құралдардың орташа шамасы	159572	174792	215364
Материалдық қорлардың орташа шамасы	53128	68198	81368
Айналым капиталының орташа шамасы	488044	606780	595566
Меншік капиталының орташа шамасы	145942	160382	146416
Инвестицияланған капиталдың орташа шамасы	2616	630	644
Перманентті капиталдың орташа шамасы	145942	160382	146416
Жұмыс істейтін капиталдың орташа шамасы	684792	836066	880330

19-кестедегі көрсеткіштер негізінде 3 жыл ішіндегі айналымдылықты §3.2 (20-кесте) келтірілген формулалар бойынша есептейміз.

20-кесте

Айналымдылық көрсеткіштерінің динамикасы

Коэффициенттер	Мәні			Өсу қарқыны (+, -), %	
	1-жыл	2-жыл	3-жыл	2-жылдың 1-жылға	3-жылдың 2-жылға
Жалпы активтердің айналымдылығы	0,99	0,94	0,97	-5,05	+3,19
Қор қайтарымы	4,27	4,49	3,96	+5,15	-11,80
Материалдық қорлардың айналымдылығы	12,82	11,52	10,47	-10,14	-9,11
Айналым капиталының айналымдылығы	1,40	1,29	1,43	-7,86	+10,85
Меншікті капиталдың айналымдылығы	4,67	4,90	5,82	+4,89	+18,77
Инвестицияланған капиталдың айналымдылығы	260,46	1246,86	1323,49	+378,71	+6,14
Перманентті капитал айналымдылығы	4,67	4,90	5,82	+4,89	+18,77
Жұмыс істейтін капитал айналымдылығы	0,99	0,94	0,97	-5,05	+3,19
Іскерлік белсенділік индексі	0,16	0,07	0,02	-56,25	-71,43

3 жыл ішіндегі жалпы айналым көрсеткіштерінің мәні бір бірлікке аз, бұл өндірістің толық циклі мен айналымның 1 жылдан аса уақыт аралығында жасалатынын көрсетеді. Осы көрсеткіштің динамикасы өндірістің толық циклі мен айналымы 1-жылмен салыстырғанда 2-жылы өскендігін көрсетеді, бірақ 3-жылы өндірістің толық циклі мен айналымның төмендегенін байқаймыз, дегенмен 1-жылдың деңгейі 0,99 айналым бірлігіне тең болғанымен тиісті дәрежеге жетпеген. Демек, жалпы айналым 1-жылмен салыстырғанда бәсеңдеген.

Қор қайтарымдылығы көрсеткіші 1-жылмен салыстырғанда 2-жылы 5,15 %-ға өскен, бірақ 3-жылдың көрсеткіші 1-жылдың көрсеткіші дәрежесіне қарағанда төмендеп отыр, демек 3-жылдың соңына қарай негізгі қорды пайдалану тиімділігі төмендеген. 3-жылы негізгі құралдарға салынған 1 теңге 3,96 теңге көлемінде түсім әкеліп отырған.

Материалдық қорлар айналымының көрсеткіші 3 жыл аралығында тұрақты төмендеу үдерісінде болған (10,14 % – 2-жылы, 9,11 % – 3-жылы). Соған қарамастан, көрсеткіштің мәні жеткілікті жоғарғы дәрежеде қалып отырған (жылына 10 айналымнан аса).

Айналым капиталының айналымдылығы 2-жылы 7,86 %-ға төмендеген, бірақ 3-жылы ол 1,43 мәніне жетіп 1-жылдың айналымдылығынан асып түскен.

Меншік капиталының айналымдылығы 3 жылдың аралығында тұрақты өсу үрдісінде болған (4,89-ға 2-жылы, 18,77 %-ға 3-жылы). Жұмыс істейтін капиталмен салыстырғанда инвестицияланған капитал неғұрлым аз, сондықтан айналым жылдамдығы өте үлкен (3-жылы 1323,49-ға тең)

Перманентті капитал айналымдылығы біздің жағдайымызда сәйкесінше меншік капиталының айналымдылығымен өлшенеді. Өндіріс қызметіне тікелей қатысатын жұмыс істейтін капитал айналымдылығы 2-жылы төмендеген, бірақ 3-жылы 1-жылдың деңгейіне жетпегенімен жоғарылағанын көреміз.

Іскерлік белсенділік индексі есептеу үшін алдымен операциялық қызметтің рентабельділігін анықтап алуымыз қажет:

$$R_{ок1} = (106980 / 681352) \cdot 100 = 15,70 \%;$$

$$R_{ок2} = (61436 / 785520) \cdot 100 = 7,82 \%;$$

$$R_{ок3} = (19380 / 852328) \cdot 100 = 2,27 \%.$$

Есептеулер нәтижелерін 21-кестеге енгіземіз.

21-кесте

Рентабельділік көрсеткіштерінің динамикасы

(пайыз түрінде)

Коэффициенттері	Мәні			Өсу қарқыны (+, -), %	
	1-жыл	2-жыл	3-жыл	2-жылдың 1-жылға	3-жылдың 2-жылға
1	2	3	4	5	6
Активтердің рентабельділігі	14,92	7,01	0,18	-53,02	-97,43
Меншік капиталының рентабельділігі	70,27	36,58	1,05	-47,94	-97,13
Айналым капиталының рентабельділігі	21,01	9,67	0,26	-53,97	-97,31

1	2	3	4	5	6
Перманентті капитал рентабельділігі	70,27	36,58	1,05	-47,94	-97,13
Жұмыс істейтін капитал рентабельділігі	15,62	7,35	2,20	-52,94	-70,07
Барлық операциялар рентабельділігі	8,84	4,97	0,13	-43,78	-97,38
Операциялық қызмет рентабельділігі	15,70	7,82	2,27	-50,19	-70,97
Сатылған өнімнің рентабельділігі	28,31	12,65	3,51	-55,32	-72,25

Іскерлік белсенділік индексін талдау барысында мынандай қорытындыға келуге болады, 3 жыл ішінде ұйымның негізгі қызметі бойынша іскерлік белсенділігі тұрақты төмендеу үдерісінде болған, яғни 2-жылы 56,25 %-ға, ал 3-жылы 2-жылмен салыстырғанда 71,43 %-ға азайып отыр.

21-кестенің талдауынан көріп отырғанымыздай, қарастырылып отырған мерзім ішінде рентабельділік көрсеткіштері тұрақты төмендеу үдерісінде болған, себебі өсу қарқыны барлық жерде теріс болып отыр. Нәтижесінде активтер рентабельділігінің, айналым капиталы рентабельділігінің және барлық операциялар рентабельділігінің мәндері ерекше төмендеп нөлге жақындаған.

Барлық көрсеткіштер рентабельділігінің нашарлауы салынған қаражаттардың қайтарымының төмендегенін, сонымен қатар салынған қаражаттардың тиімсіз пайдаланылғандығын көрсетеді.

3.4. Іскерлік белсенділік көрсеткіштерін факторлық талдау

Іскерлік белсенділік көрсеткіштерінің өзгерісіне әсер ететін факторларды детерминациялық факторлық талдау әдісімен бағалап көрейік. Яғни активтер айналымына, айналым капиталының айналымына, меншік капиталының айналымына және іскерлік белсенділік индексіне әсер ететін факторларды анықтаймыз.

Өнімді өткізуден түскен түсім (Т) көлемі өзгерісінің жалпы активтер айналымдылығына әсері 2- және 3-жылдар аралығында мынаны құрады (19-кесте):

$$\Delta K_{\text{aa2}}(T) = (785520 - 681352) / 687408 = 0,15;$$

$$\Delta K_{\text{aa3}}(T) = (852328 - 785520) / 836696 = 0,08,$$

Жалпы активтер көлемі өзгерісінің жалпы активтер айналымдылығына әсері мынаны құрайды:

$$\Delta K_{\text{aa2}}(A_{\text{кр}}) = (785520 / 836696) - (785520 / 687408) = -0,20;$$

$$\Delta K_{\text{aa3}}(A_{\text{кр}}) = (852328 / 880974) - (852328 / 836696) = -0,05.$$

Осылайша, активтердің жалпы көлемінің артуының әсері сату көлемінің артуы әсерінен 2-жылы асып түскен, нәтижесінде активтер айналымдылығы 0,05-ке дейін төмендеген (0,15–0,20). 3-жылы активтер айналымының коэффициентіне активтердің жалпы көлемінің кері әсері сатудан түскен түсім көлемінің оң әсерімен толықтырылды, нәтижесінде активтер айналымдылығы 0,03-ке дейін артты (0,08–0,05).

Сатудан түскен түсім (Т) көлемінің айналым капиталының айналымдылығына әсерінің өзгерісі мынаны құрады:

$$\Delta K_{\text{ака2}}(T) = (785520 - 681352) / 488044 = 0,21 \%;$$

$$\Delta K_{\text{ака3}}(T) = (852328 - 785520) / 606780 = 0,11.$$

Айналым капиталының көлемінің ($A_{\text{орт}}$) айналым капиталының айналымдылығына әсерінің өзгерісі 2001, 2002 жылдары мына құрады:

$$\Delta K_{\text{ака2}}(A_{\text{орт}}) = (785520 / 606780) - (785520 / 488044) = -0,31;$$

$$\Delta K_{\text{ака3}}(A_{\text{орт}}) = (852328 / 595566) - (852328 / 606780) = 0,03.$$

Айналым капиталы көлемінің айналым капиталының айналымдылығына кері әсерінің өзгерісі 2-жылы сатудан түскен түсім көлемінің өзгерісіне оң әсерін арттырды және айналым капиталының айналымдылық коэффициенті 0,10 мәніне төмендеді (0,21–0,31). 3-жылы сатудан түскен түсім көлемінің өзгеріс факторымен қатар айналым капиталы көлемінің өзгеріс факторы айналым капиталының айналымдылық коэффициентіне оң әсерін тигізді, нәтижесінде бұл коэффициент 0,14 мәніне артты (0,11+0,03).

Өнімді сатудан түскен түсім (Т) көлемінің меншік капиталының айналымдылығына әсерінің өзгерісі мынаны құрайды:

$$\Delta K_{\text{мк}2}(\text{T}) = (785520 - 681352) / 145942 = 0,71;$$

$$\Delta K_{\text{мк}3}(\text{T}) = (852328 - 785520) / 160382 = 0,42.$$

Меншік капиталы көлемінің ($\text{МК}_{\text{орт}}$) меншік капиталы айналымдылығына әсерінің өзгерісі құрады:

$$\Delta K_{\text{мк}2}(\text{МК}_{\text{орт}}) = (785520 / 160382) - (785520 / 145942) = -0,48;$$

$$\Delta K_{\text{мк}3}(\text{МК}_{\text{орт}}) = (852328 / 146416) - (852328 / 160382) = 0,51.$$

Бұл жерден көріп тұрғанымыздай, 2-жылы сатудан түскен түсім көлемінің оң әсерінің өзгерісі меншік капиталы көлемінің теріс әсеріне артқан, нәтижесінде меншік капиталының айналымдылық коэффициенті 2-жылы 0,23-ке дейін артып отыр (0,71–0,48). 3-жылы сатудан түскен түсім көлемінің өзгеріс факторымен қатар меншік капиталы көлемінің өзгеріс факторы меншік капиталының айналымдылық коэффициентіне оң әсерін тигізді, нәтижесінде берілген коэффициенттің 0,93 мәніне артқандығын көреміз (0,42 + 0,51).

Өнімді өткізуден пайда ($\text{П}_{\text{өө}}$) өзгерісінің іскерлік белсенділік индексіне әсері мынаны құрайды:

$$\Delta I_{i62}(\text{П}_{\text{өө}}) = (61436 - 106980) / 684792 = -0,07;$$

$$\Delta I_{i63}(\text{П}_{\text{өө}}) = (19380 - 61436) / 836066 = -0,05.$$

Жұмыс істейтін капитал ($\text{ЖК}_{\text{орт}}$) көлемі өзгерісінің іскерлік белсенділік индексіне әсері мынаны құрайды:

$$\Delta I_{i62}(\text{ЖК}_{\text{орт}}) = (61436 / 836066) - (61436 / 684792) = -0,02;$$

$$\Delta I_{i63}(\text{ЖК}_{\text{орт}}) = (19380 / 880330) - (19380 / 836066) = -0,001.$$

Осыдан мынадай қорытынды жасауға болады, 2-жылы сияқты 3-жылы да сатудан пайда әсерінің өзгерісі және жұмыс істейтін капитал көлемі әсерінің өзгерісі теріс болған, нәтижесінде іскерлік белсенділік индексінің 2-ші жылы 0,09 [– 0,07 + + (– 0,02)] мәніне, ал 3-жылы 0,051 [– 0,05 + (– 0,001)] мәніне төмендеген.

Ендігі кезекте активтер, айналым капиталы, операциялық қызмет және сатылған өнім рентабельділіктері көрсеткіштерінің факторларға әсерін анықтайық.

Салық салынғанға дейінгі пайда ($\Pi_{\text{ссл}}$) өзгерісінің 2- және 3-жылдар аралығындағы активтер рентабельділігінің көрсеткіштеріне әсері мынаны құрайды:

$$\begin{aligned}\Delta R_{a2}(\Pi_{\text{ссл}}) &= [(58668 - 102552) / 687408] \cdot 100 = -6,38 \% ; \\ \Delta R_{a3}(\Pi_{\text{ссл}}) &= [(1544 - 58668) / 836696] \cdot 100 = -6,83 \% .\end{aligned}$$

Активтер көлемі ($A_{\text{орт}}$) өзгерісінің активтер рентабельділігі көрсеткішіне әсері мынаны құрайды:

$$\begin{aligned}\Delta R_{a2}(A_{\text{орт}}) &= [(58668 / 836696) \cdot 100] - [(58668 / 687408) \cdot 100] = \\ &= -1,52 \% ; \\ \Delta R_{a3}(A_{\text{орт}}) &= [(1544 / 880974) \cdot 100] - [(1544 / 836696) \cdot 100] = \\ &= -0,01 \% .\end{aligned}$$

Осылайша, рентабельділік көрсеткішіне салық салынғанға дейінгі пайданың өзгерісі, сол сияқты активтер көлемінің өзгерісі де теріс әсерін тигізді, соңында активтер рентабельділігінің 2-жылы 7,90 $[-6,38 + (-1,52)]$ мәніне, ал 3-жылы 6,84 % $[-6,83 + (-0,01)]$ мәніне төмендеуіне алып келді. Көбінесе салық салынғанға дейінгі пайда өзгерісіне теріс әсерін тигізген.

Өнімді өткізуден пайда ($\Pi_{\text{өө}}$) өзгерісінің операциялық қызмет рентабельділігі көрсеткішіне әсері:

$$\begin{aligned}\Delta R_{ок2}(\Pi_{\text{өө}}) &= [(61436 - 106980) / 681352] \cdot 100 = -6,68 \% ; \\ \Delta R_{ок3}(\Pi_{\text{өө}}) &= [(19380 - 61436) / 785520] \cdot 100 = -5,35 \% .\end{aligned}$$

Түсім көлемі (T) өзгерісінің операциялық қызмет рентабельділігі көрсеткішіне әсері:

$$\begin{aligned}\Delta R_{ок2}(T) &= [(61436 / 785520) \cdot 100] - [(61436 / 681352) \cdot 100] = \\ &= -1,19 \% ; \\ \Delta R_{ок3}(T) &= [(19380 / 852328) \cdot 100] - [(19380 / 785520) \cdot 100] = \\ &= -0,19 \% .\end{aligned}$$

Сонымен, операциялық қызмет рентабельділігі көрсеткішіне 2- және 3-жылдары ең көп дәрежеде сатудан пайда өзгерісіне теріс әсерін тигізсе, ең аз дәрежеде сатудан түскен түсімнің көлемі өзгерісіне әсерін байқаймыз. Жалпы 2-жылы осы екі фактор есебінен операциялық рентабельділік 7,87 % [(- 6,68 + (-1,19))] мәніне, 3-жылы 5,54 % [(- 5,35 + (- 0,19))] мәніне төмендеген.

Сатудан пайда ($\Pi_{\text{сн}}$) өзгерісінің сатылған өнім рентабельділігі көрсеткішіне әсері:

$$\Delta R_{\text{сө}2}(\Pi_{\text{сн}}) = [(61436 - 106980) / 377924] \cdot 100 = - 12,05 \%;$$

$$\Delta R_{\text{сө}3}(\Pi_{\text{сн}}) = [(19380 - 61436) / 485708] \cdot 100 = - 8,66 \%.$$

Өнім өндіруге кететін шығындар (Ш) өзгерісінің сатылған өнім рентабельділігі көрсеткішіне әсері:

$$\Delta R_{\text{сө}2}(\text{Ш}) = [(61436 / 485708) \cdot 100] - [(61436 / 377924) \cdot 100] = - 3,61 \%;$$

$$\Delta R_{\text{сө}3}(\text{Ш}) = [(19380 / 552868) \cdot 100] - [(19380 / 485708) \cdot 100] = - 0,48 \%.$$

Ең көп дәрежеде өндірілген өнім рентабельділігі көрсеткішіне теріс әсерін өткізуден түскен пайда өзгерісі, ал ең аз дәрежеде – сатудан түскен түсімнің өзгерісі әкеліп отыр, нәтижесінде өндірілген өнім рентабельділігінің 2-жылы 15,66 % [- 12,05 + (- 3,61)] мәніне, ал 3-жылы 9,14 % [- 8,66 % + (- 0,48 %)] мәніне төмендеп отыр.

Бакылау сұрақтары:

1. Ұйымның іскерлік белсенділігіне анықтама беріңіз.
2. Іскерлік белсенділік талдауының мақсаты мен мазмұны.
3. Іскерлік белсенділікті сапалы бағалау ерекшеліктері.
4. Іскерлік белсенділікті сипаттайтын көрсеткіштер.
5. Қор айналымдылығы қалай анықталады?
6. Рентабельділік көрсеткіштері қалай және не үшін анықталады?
7. Капиталды пайдалану тиімділігі қандай көрсеткіштер арқылы сипатталады және қалай анықталады?
8. Шығындар рентабельділігі дәрежесіне қандай факторлар ықпал етеді?
9. Іске асыру рентабельділігі мағынасында нені түсінуге болады?
10. Құралдардың айналымда болу ұзақтығын анықтайтын сыртқы және ішкі факторлар?

11. Искерлік белсенділікті талдау кезіндегі келесі есептеу жолдары қандай?
12. Қор қайтарымдылығы көрсеткіші нені көрсетеді?
13. Қай көрсеткіштің мәні жоғары болады: айналым капиталының коэффициенті немесе қор қайтарымдылығы?
14. Қор айналымының көрсеткіші қандай уақыт мерзімінде есептелуі мүмкін?
15. Искерлік белсенділік көрсеткішінің факторлық талдауының мәні неде?

Тест тапсырмалары:

1. Ұйымның активтер айналымдылығы коэффициенті мына формула арқылы анықталады:

- а) сатудан түскен түсім / активтердің орташа көлемі
- ә) ұйымның өтелген міндеттемелер көлемі / активтердің орташа көлемі
- б) талданып отырған мерзімнің ұзақтығы * қысқа мерзімді активтер айналымының коэффициенті.

2. Ұйымның активтер айналымдылығының ұзақтығы мына формула арқылы анықталады:

- а) (талданып отырған мерзімнің ұзақтығы * активтердің орташа көлемі) / сатудан түскен түсім
- ә) (талданып отырған мерзімнің ұзақтығы * сатудан түскен түсім) / активтердің орташа көлемі
- б) талданып отырған мерзімнің ұзақтығы * активтер айналымының саны.

3. Ұйымның қор айналымы коэффициенті мына формула арқылы анықталады:

- а) өндірілген өнімнің өзіндік құны / активтердің орташа көлемі
- ә) қысқа мерзімді активтер айналымының коэффициенті * қысқа мерзімді активтердің құрамындағы қорлардың үлес салмағы
- б) сатудан түскен түсім / қорлар айналымы мерзімі.

4. Қорлар айналымы ұзақтығы мына формула арқылы анықталады:

- а) талданып отырған мерзімнің ұзақтығы / қорлар айналымы саны
- ә) талданып отырған мерзімнің ұзақтығы / қысқа мерзімді активтердің орташа көлемі
- б) қорлар айналымының коэффициенті / бір күндік қор айналымы.

5. Ұйымның дайын өнім қорларының айналым коэффициенті мына формула арқылы анықталады:

- а) талданып отырған мерзімдегі туындаған міндеттеме көлемі / жылдық өнім қорларының орташа көлемі
- ә) қорлар айналымы коэффициенті * қорлар құрамындағы дайын өнімнің үлес салмағы
- б) өнімді өткізудің өзіндік құны / дайын өнім қорларының орташа көлемі.

6. Дайын өнім қорлары айналымының ұзақтығы мына формула арқылы анықталады:

- а) қор айналымының мерзімі * қорлар құрамындағы дайын өнімнің үлес салмағы
- ә) өнімді өткізудің өзіндік құны / дайын өнімнің бір күндік айналымы
- б) талданып отырған мерзімнің ұзақтығы / дайын өнім қорларының айналым саны.

7. Ұйымның бір күндік құралдар айналымы мына формула арқылы анықталады:

- а) өткізуден түскен пайда / қысқа мерзімді активтер
- ә) сатудан түскен түсім / қысқа мерзімді активтер
- б) сатудан түскен түсім / талданып отырған мерзімнің ұзақтығы.

8. Ұйымның іскерлік белсенділік талдауының сапалық критерийлері мыналар болып табылады:

- а) өнімді өткізу нарығының кендігі
- ә) еңбек ресурстарымен қамтамасыз етілуі
- б) негізгі қорларды қолдану тиімділігінің көрсеткіштері.

9. Ұйымның іскерлік белсенділік көрсеткіштеріне жатады:

- а) активтер айналымдылығының коэффициенттері
- ә) салыстырмалы қаржылық тұрақтылық көрсеткіштері
- б) өтімділік коэффициенттері.

10. Дебиторлық берешектің мерзім ішіндегі айналым саны келесіні көрсетеді:

- а) дебиторлық берешек инкассациясының мерзімі
- ә) дебиторлық берешектің айналымдылық коэффициенті
- б) дебиторлық берешектің айналымдылық кезеңі.

11. Дебиторлық берешектің айналымдылық коэффициенті көрсетеді:

- а) дебиторлық берешектің қай бөлігі есеп кезеңінде жанартылатынын
- ә) өзге де айналым құралдарына қарағанда дебиторлық берешек айналымының қаншалықты жылдам екендігін
- б) ұйым ұсынатын коммерциялық кредитті кеңейту немесе азайту.

12. Қысқа мерзімді активтер айналымының коэффициенті мына формула арқылы анықталады:

- а) жыл ішіндегі сатудан түскен түсім / айналым қаражатының орташа жылдық құны
- ә) айналым қаражатының орташа жылдық құны / жыл ішіндегі сатудан түскен түсім
- б) жыл ішіндегі сатудан түскен пайда / қысқа мерзімді активтердің орташа жылдық құны.

13. Жыл ішіндегі қысқа мерзімді активтер айналымының ұзақтығы мына формула арқылы анықталады:

а) сатудан түскен түсім / айналым құралдарының орташа жылдық қалдықтары

ә) айналым құралдарының орташа жылдық қалдықтары / сатудан түскен түсім

б) $360 /$ қысқа мерзімді активтер айналымының коэффициенті.

14. Іскерлік белсенділік коэффициенті:

а) ұйымның есепті кезең ішінде өзінің қысқа мерзімді міндеттемелерін өтеу қабілетін анықтауға мүмкіндік береді

ә) ұйымның қаншалықты өз құралдарын тиімді пайдаланатындығын талдауға мүмкіндік береді

б) ұйым қызметінің қаншалықты табысты екендігін анықтауға мүмкіндік береді.

15. Активтер айналымы коэффициенті:

а) сатылған өнімнің көлемі / орташа жылдық негізгі құралдардың құны;

ә) ұйымның барлық құралдарының, олардың тарту көздеріне қарамастан, тиімді қолданылуын сипаттайды

б) салынған капиталдың және ақша қаражаттары белсенділігінің айналым жылдамдығын сипаттайды.

4

ҰЙЫМНЫҢ ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ҚЫЗМЕТІН ТАЛДАУ

4.1. Инвестициялар және инвестициялық қызмет

Кез келген ұйымның қызметі осы ұйымның негізгі қызметін жүзеге асыру үшін аса қажетті әртүрлі активтер түріне ресурстарды салумен байланысты. Дегенмен ұйымның рентабельділік деңгейін көтеру мақсатында бос ресурстарды табыс әкелетін, бірақ негізгі қызметке қатыспайтын әртүрлі активтердің түрлеріне уақытша салуға болады. Мұндай ұйымның қызметі *инвестициялық*, ал осындай қызметті басқару түрі – *ұйымның инвестициялық менеджменті* деп аталады.

ҚР 8 қаңтар 2003 ж. №373-ІІ ҚРЗ «Инвестициялар туралы» заңына сәйкес: «Инвестициялар – лизинг шартын жасаған кезден бастап қаржы лизингі заттарын, сондай-ақ оларға құқықтарды қоса алғанда, заңды тұлғаның жарғылық капиталына немесе кәсіпкерлік қызмет үшін пайдаланылатын тіркелген активтерді ұлғайтуға инвестор салатын мүліктің барлық түрлері (жеке тұтынуға арналған тауарлардан басқа), сондай-ақ концессионердің (құқық мирасқорының) концессия шарты шеңберінде жасаған және алған тіркелген активтері».

Инвестицияларға барлық салынған қаражаттар түрлері жатпайды, тек таза пайда алуға бағытталған капиталдың өсуіне әкелетін салымдарды айтамыз. Капиталдың өсуіне алып келмейтін салымдарды тұтыну инвестициялары деп атайды. Капиталдың өсімі жеткілікті болуы тиіс, осылар үшін:

- колда бар активтерді (құралдарды) ағымдағы кезеңде тұтынудан бас тарту үшін инвесторға өтем жасау;

- тәуекелі үшін сыйақы беру;
- алдағы кезеңдегі инфляциядан жоғалтуларын өтеу.

Инвестицияларды әртүрлі нысандарда жүзеге асыруға болады. Инвестициялау нысандарының жіктелуі негізінде белгіленген критерийлерді таңдау бойынша анықталады. Инвестицияның жіктелу критерийлері болып: объект салу құралдары, мақсаты, инвестициялау мерзімі, меншік құралдарының формалары, салымдар саласы, салалық және аймақтық белгілері табылады. Инвестициялар нысандары шеңберінде негізгі инвестициялар нысандарын одан әрі нақтылануын көрсететін белгілері бойынша инвестиция түрлерін бөліп көрсетуге болады.

Жеке белгілері бойынша инвестициялар жіктелімін қарастырайық.

Нысаналы мақсаты бойынша инвестициялар бөлінеді:

- нақты инвестициялар;
- портфельдік инвестициялар;
- материалдық емес активтердегі инвестициялар.

Нақты инвестициялар – бұл нақты активтерге салымдар, яғни негізгі қорлар мен қысқа мерзімді активтердің артуы мақсатында қазіргі ұйымдарды реконструкциялауға және техникалық қайта жаратқандыруға, жаңа өндірістерді, технологиялық желілерді, өндірістік және әлеуметтік-тұрмыстық қызмет көрсетулерді құру.

Портфельдік инвестициялар – бұл мемлекеттің, ұйымның, банктің, инвестициялық қорлардың, сақтандыру және өзге де компаниялардың құнды қағаздарын сатып алуға салынған салымдар. Бұл жағдайда инвесторлар құнды қағаздарды иеленуден табыс табу арқылы өзінің өндірістік емес қаржылық капиталын арттырады. Бұл ретте, құнды қағаздарды сатып алуға жұмсалған ақша қаражаттары салымдарын осы құнды қағаздарды шығаратын фирмалар жүзеге асырады.

Материалдық емес активтердегі инвестицияларға лицензияларды, өнертабысқа патенттерді, жаңа технологияларға куәліктерді, тауар белгілерін, өндіріс технологиясы мен тауарларына сертификаттарды және өзге де материалдық емес активтерді иеленуге бағытталған салымдар жатады.

Инвестициялауға қатысу сипаты бойынша бөлінеді:

- *тікелей инвестициялар* – инвестициялау объектісіне инвестордың тікелей қаражат салымдарын салуы (инвести-

циялаудың бұл түрін, негізінде, инвестицияланатын объект туралы жеткілікті ақпаратты иеленетін және инвестициялау механизмімен жақты таныс дайындалған инвесторлар жүзеге асырады);

- *жанама инвестициялар* – жанама басқа тұлғалар арқылы инвестициялау (инвестициялық немесе қаржы делдалдары арқылы). Бұл инвестициялау түрін инвестицияланатын объектілерді таңдау үшін жеткілікті біліктілігі және одан әрі оларды басқару мүмкіндігі аз инвесторлар жүзеге асырады. Бұл жағдайда олар инвестициялық немесе қаржы делдалдары арқылы шығарылатын құнды қағаздарды сатып алады (мысалы, инвестициялық қорлар мен компаниялардың инвестициялық сертификаттары). Қорлар өз кезегінде осылайша жиналған инвестициялық құралдарды өз қалауына қарай орналастырады: ең тиімді инвестицияланатын объектіні таңдап алады, оларды басқаруға қатысады, ал алынған табысты өздерінің тұтынушылары арасында бөледі.

Инвестициялау кезеңі бойынша бөлінеді:

- *қысқа мерзімді инвестициялар* – бір жылдан аспайтын мерзімге салынатын капитал салымдары (мысалы, тез іске асырылатын коммерциялық жобалар, қысқа мерзімді депозиттік салымдар және т.б.);
- *ұзақ мерзімді инвестициялар* – бір жылдан асатын мерзімге салынатын капитал салымдары (әдетте ірі және ұзақ мерзімді инвестициялық жобалар). Инвестициялық компаниялар мен банктердің тәжірибесінде ұзақ мерзімді инвестициялар келесі түрде бөлшектенеді: 2 жылға дейін, 2 жылдан 3 жылға дейін, 3 жылдан 5 жылға дейін, 5 жылдан астам.

Меншік нысаны бойынша бөлінеді:

- *жеке инвестициялар* – азаматтар, сондай-ақ мемлекеттік емес фирмалар арқылы жүзеге асырылатын қаражат салымдары;
- *мемлекеттік инвестициялар* – орталық және жергілікті билік органдары арқылы және бюджет құралдары, бюджеттен тыс қорлар есебінен басқарылатын, сонымен қатар мемлекеттік мекемелерінің меншікті және қарыз қаражаты есебінен жүзеге асырылатын қаражат салымдары;

- *шетелдік инвестициялар* – шетел азаматтары, заңды тұлғалары және мемлекеттері арқылы жүзеге асырылатын қаражат салымдары;
- *бірлескен инвестициялар* – берілген мемлекет тұлғалары мен шетел мемлекеттері арқылы жүзеге асырылатын қаражат салымдары.

Инвестициялар экономиканың дамуы мен жұмыс істеуінде елеулі рөл атқарады. Инвестициялардың сандық арақатынасының өзгерісі қоғамдық өндіріс және жұмыспен қамту көлеміне, экономикадағы құрылымдық ілгерілеуіне, шаруашылық салаларының дамуына әсер етеді.

Ұйымдардың жинақтау қорларын, өндірістік әлеуетін қамтамасыз ете отырып, инвестициялар қаржы-шаруашылық қызметінің ағымдағы және келешектегі нәтижелеріне тікелей ықпал етеді. Бұл ретте инвестициялау тиімді нысандары арқылы жүзеге асырылуы қажет, өйткені моральдық ескірген өндіріс құралдарына, технологияларына салынған салымдар оң экономикалық әсер әкелмейді. Инвестицияларды ұтымсыз пайдалану өз соңында ресурстардың қатып қалуына және өндірілетін өнім көлемінің қысқаруына әкеліп соғады.

Осылайша, инвестицияларды тиімді пайдалану экономика үшін маңызды болып табылады: тиімділіктің берілген дәрежесіне жетпей инвестициялау масштабының артуы тұрақты экономикалық өсуге алып келмейді. Инвестицияларды іске асырудың мақсаты оқшауланған немесе өзара байланысты инвестициялық жобалар жиынтығын қалыптастыруды көздейді.

Инвестициялық жоба өз кезегінде өзара байланысты іс-шаралар кешенін, болашақта табыс табу мақсатында шектелген уақыт ішінде белгілі бір капитал салуды қарастырады. Сонымен қатар тар мағынада инвестициялық жоба ұйымдық-құқықтық кешені ретінде, инвестициялаудың мақсатына қол жеткізу үшін қажетті жұмыстарды жүргізу және негіздеуге қажетті есеп айырысу-қаржылық және конструкторлық-технологиялық құжаттар ретінде де қарастырылады.

Мақсаттары ортақ, қаржыландыру көздері және басқару органдары бір, өзара байланысты инвестициялық жобалар жүйесін *инвестициялық бағдарлама* деп атайды.

Инвестициялық жобаның көмегімен кәсіпкерлік қызметтің таңдаған мақсатты бағыттағы объектіні құру үшін қажетті мәселесін анықтау және оның техникалық мүмкіндіктері мен экономикалық орындылығын негіздеу сияқты маңызды мәселелер шешіледі. Кәсіпкерлік қызмет объектілерін инвестициялау туралы саналы шешім тек қана тиянақты өңделген инвестициялық жоба негізінде ғана қабылдануы мүмкін.

Инвестициялық жобалардың әртүрлі жіктелімдері бар. Жіктелімдердің негізіне алынған белгілеріне байланысты инвестициялық жобалардың келесі түрлерін бөліп көрсетуге болады:

1) *бір-біріне қатысты:*

- *тәуелсіз*, іске асыру сипаттамалары бір-біріне ықпал етпейтін бір мезгілде немесе жеке бөлек жүзеге асыруға рұқсат етіледі;
- *қарама-қарсы*, яғни бір мезгілде жүзеге асыруға болады. Тәжірибеде бұндай жобалар көбінесе бір функцияны атқарады. Баламалы жобалар жиынтығынан тек біреуі ғана жүзеге асырылуы мүмкін;
- *бір-бірін өзара толықтыратын*, іске асырылуы тек бірге ғана болуы мүмкін;

2) *іске асырылу мерзіміне байланысты (құру және жұмыс істеу):*

- *қысқа мерзімді* (3 жылға дейін);
- *орта мерзімді* (3-5 жыл);
- *ұзақ мерзімді* (5 жылдан аса).

3) *ауқымы бойынша:*

- *шағын жобалар*, жобаны іске асырушы шағын бір ұйымның шеңберінде шектеледі. Негізінде олар өндірістің кеңею жобасын және өндірілетін өнім ассортиментінің ұлғаюын білдіреді. Олардың бір-бірінен өзгешелігі салыстырмалы кішігірім іске асыру мерзімінде;
- *орта жобалар*, көбінесе қолданыстағы өнімдерді өндірудегі қайта құру және техникалық қайта жарактандыру жобалары. Олар бөлек өндірістер бойынша, барлық ресурстар түрлерінің келіп түсу туралы қатаң түрдегі алдын ала әзірленген кестелерімен кезең-кезеңімен іске асырылады;
- *ірі жобалар*, ішкі және сыртқы нарықтың сұранысын қанағаттандыруға қажетті негізінде өнімдер өндірісінің про-

грессивті «жаңа идеясы» жатқан, ірі фирмалардың жобалары;

- *мега жобалар* – құрамында көптеген өзара байланысты соңғы жобалары бар, мақсатты инвестициялық бағдарламалар. Бұндай бағдарламалар халықаралық, мемлекеттік және аймақтық болуы мүмкін;

4) *негізгі бағыттары бойынша:*

- *коммерциялық жобалар*, басты мақсаты пайда табу болып табылады;
- *әлеуметтік жобалар*, аймақтардағы жұмыссыздық мәселесін шешуге, криминалдық деңгейді төмендетуге және т.б. бағытталған жобалар;
- *экологиялық жобалар*, қоршаған ортаның жақсартылуына бағытталған жобалар;

5) *инвестициялық жобалардың іске асырылу нәтижелеріне әсер ету дәрежесіне қарай:*

- *жаһандық жобалар*, ғаламның экономикалық, әлеуметтік және экологиялық жағдайларына әсер ететін жобалар;
- *халықтық шаруашылық жобалар*, мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік және экологиялық жағдайларына әсер ететін, сонымен қатар оларды бағалау кезінде тек осы әсер етулермен шектелуге болатын жобалар;
- *кең ауқымды жобалар*, жеке алынған мемлекеттің экономикалық, әлеуметтік және экологиялық жағдайларына әсер ететін жобалар;
- *жергілікті жобалар*, белгіленген аудандар мен қалалардың экономикалық, әлеуметтік және экологиялық жағдайларына, деңгейі мен тауар нарықтарындағы баға құрылымына аса қатты әсер етпейтін жобалар;

6) *тәуекел көлеміне байланысты:*

- *сенімді жобалар*, кепілдік берілген нәтижелерге жоғарғы ықтималдықпен қол жеткізуді сипаттайды (мысалы, мемлекеттік заң бойынша орындалатын жобалар);
- *тәуекелдік жобалар*, олар үшін шығындар мен нәтижелерге жоғары белгісіздік дәрежесі тән (мысалы, жаңа өндіріс пен технологияларды құрумен байланысты жобалар).

Белгіленген уақыт аралығындағы жобаның маңыздылығы максималды нәтижелерге қол жеткізу үшін шешілетін мәселелер

мен мақсаттар арқылы анықталады. Жобаларды бағалаудағы бастапқы ақпараттар бүкіл есептік кезең ішіндегі жобаның негіздемесі мен құрамын сипаттайтын құжаттар жүйесі астарында түсіндірілетін жоба материалдарында болады.

Жобаның есептік кезеңі, берілген жобаны іске асыру кезеңі мен оларды жекелеген бір уақыт аралықтарына бөліп көрсетумен сипатталады. Есепті кезең ішінде жобаны экономикалық бағалау мен жобада көзделген нәтижелерді алу көздері қарастырылады.

Жобаны іске асыру қадамдары – нәтижені алуды қамтамасыз етуде жобада көзделген әрекеттер жиынтығы жүзеге асатын уақыт аралығын білдіреді. Есепті кезеңді қадамдарға бөлу кезінде мына ережелерді ұстану қажет:

1) *кезеңділік*: жобаны іске асырудағы әртүрлі кезеңдері есепті кезең қадамына сәйкес келу керек немесе бүтін сандық қадам саны бір кезеңге сәйкес келуі қажет. Мысалы, жобалау, құрылыс, игеру, жою және т.с.с. кезеңдерін мақсатты түрде сәйкес келетін есепті кезең қадамына байланыстырып қою;

2) *біркелкілік*: қаржылық ағымдар, әрбір элемент ағынының есепті кезең қадамына сәйкес келіп отыратындай құрастырылуы қажет және әрбір қадам шегінде экономикалық көрсеткіштер мәндерінің күрт ауытқуын болдырмау қажет;

3) *негізделген нақтылау*: аса қысқа қадамдарды, жобаны іске асыру процесінің қадамдарында жеткілікті нақты белгілі болған жағдайда бөліп көрсеткен жөн. Егер белгілі бір қадамында жобаның іске асырылу барысы ақпараттары жеткіліксіз болса, онда бұл кезең мақсатты түрде ұзақ қадамдарға бөлінген болып есептеледі. Осы ережелерден келесі ақпаратты шығаруға болады: алдыңғы қадамдар қысқа болуы тиіс және керісінше;

4) *демалыс кестелерінің шолуын қамтамасыз ету (қабылдау ыңғайлылығы)*: есепті кезеңдегі қадамдарды 15-18 қадамнан артық бөлмеген дұрыс, себебі көп қадамдары бар кестені оқу қиынға түседі;

5) *бүтіндік*: есепті кезеңнің әрбір қадамының ұзақтығын айдың, тоқсанның немесе жылдың бүтін бір санымен таңдап отыруы ұсынылады. Батыс көзқарастыры бойынша, есепті кезеңнің алғашқы екі жылын тоқсандарға бөліп, үшінші жылын – жарты жылға, қалған қадамдарды бір жылға тең қылып алып отырған дұрыс;

б) бағалардың шектеулі ауытқулары: қадам ішінде баға өлшемі 5-10 %-дан аспауы тиіс.

4.2. Инвестициялық талдаудың мақсаты, міндеті мен рөлі

Шаруашылықтың инвестициялық даму маңыздылығын ескере отырып, инвестициялық талдауды мақсатты түрде экономикалық талдаудың өз алдына бір бағыты етіп қарастырамыз. Одан бөлек оны жобаға бағытталған экономикалық талдау ретінде қарау қажет, оның жүзеге асырылуы нақты нұсқаларға сай капитал салымы бойынша басқару шешімдері негізіндегі тұтынушылыққа байланысты болып табылады.

Инвестициялық талдау резервтерді анықтау мақсаты және оның өсіміне сай, ұйымның инвестициялық қызметінің инвестициялық белсенділігі мен тиімділігін зерттеуді көрсетеді.

Инвестициялық талдау мақсаты нақты объектіге сай қаражаттарды инвестицияландырумен байланысты тәуекелдерді табу болып табылады, инвестор күтіміне сай инвестицияны нақты объект жағдайына сай анықтау қажет.

Инвестициялық талдау міндеттері болып:

- тұтынушылықтың кешенді бағалау және инвестициялау үшін қажетті шарттар;
- қаржыландыру көздерін таңдау негізі және оның бағасы;
- алдын ала жоспарланған нақты инвестициялық нәтижелердің ауытқуына әсер ететін факторларды анықтау (объективті және субъективті, ішкі және сыртқы);
- ұйымның бәсекелестік артықшылықтарын мықты ететін және оның тактикалық стратегиялық мақсаттарымен келісілген, оптималды инвестициялық шешімдер;
- инвесторға ынғайлы тәуекелдік пен табыстылық параметрлері;
- инвестициядан кейінгі мониторинг және сапалы, сандық инвестициялау нәтижелері ұсынымдарын жасап шығару.

Инвестициялық талдау объектісі болып жеке ұйымдар деңгейіндегі инвестициялар мен инвестициялық қызмет, сонымен қатар жеке салалар мен жалпы ел болып табылады.

Инвестициялық талдаудың негізгі үлгілері:

- ұйымның өткізуіне байланысты (ішкі және сыртқы инвестициялық талдау);
- аналитикалық зерттеу объектісіне байланысты (толық және тақырыптық инвестициялық талдау);
- аналитикалық зерттеу тереңдігі бойынша (экспресс және іргетасты талдау);
- инвестициялық талдау объектісіне байланысты (жалпы инвестициялық қызметті талдау; ұйымның жеке инвестициялық орталықтарына сай инвестициялық қызметін талдау; ұйымның арнайы инвестициялық операцияларын жеке талдау);
- инвестициялық талдау жүргізу мерзіміне байланысты (алдын ала, ағымдағы және жедел; келесі және ретроспективті инвестициялық талдау).

Инвестициялық талдау экономикалық жүйенің әртүрлі деңгейлерінде жүзеге асырылады, үй шаруашылықтарынан бастап, әлемдік экономика деңгейімен аяқталады, нақты активтерге арналған инвестициялар секілді, қаржылық инвестицияларға да арналған инвестициялар. Жұмысын жаңадан бастап жатқан әрбір инвестор үшін инвестициялық талдау өте маңызды болып табылады. Өткен шешімдерді мұқият зерттеу және қателері мен сәттілігін талдау нақты инвестициялық стратегияны құрастыруға көмек береді.

Инвестициялық талдауды жүргізу барысында екі этапты атап өткен жөн:

1) ұйым қызметінің ішкі және сыртқы ақпараттарын жинау шарттары;

2) жинақталған ақпаратты талдау.

Инвестициялық талдау өткізу үшін ақпараттарды жинауда ұйым қызметі саласындағы, туындаған тәуекелдер мен жағдайларды дамыту динамикасының нарықтық жағдайда орын алған түсініктерді ескеру қажеттілігі туындайды.

Жинақталған ақпараттарды талдау мен өңдеу сатыларына мыналар кіреді:

- нарықтық шарттарға сай орын алған ұйым қызметін талдау;
- болашағы жоқ инвестициялық қызмет бағыттарын алып тастау;

- ұйым дамуының мақсаты мен мүмкіндіктерін ескере отырып тиімді бағыттарын тану;
- баламалы инвестициялық жобалар тізімін құрастыру;
- ұйымдағы инвестициялық жобаларды жүзеге асыру кезіндегі ақша ағындары үлгілерін құру;
- көбірек тиімділікпен жүзеге асырылуы мүмкін инвестициялық жобалардың сезімталдығын талдау.

Инвестициялық жобаны талдау мақсаты – оның коммерциялық негізделуінде. Соңғысы екі негізгі талаптарды орындауды болжайды:

- 1) салынған қаражаттарды толық қайтару (сатып алушылық);
- 2) өзге ресурстарды (капитал) пайдалану тәсілдерінен бас тарту көлемі, табыс табу мен соңғы нәтижеде анықталмағандық күшінен туындайтын тәуекелдердің орнын толықтырады.

Инвестициялық жоба жағдайының коммерциялық екі құрамдасын бөліп қарастыру қажет, сәйкес қажетті және қолжетімді шарттар болуы керек:

- инвестицияның экономикалық тиімділігі;
- жобаның қаржылық жағдайы.

Салынған капиталдың тиімділігін бағалау және экономикалық бағалау қарастырылып отырған жобаның потенциалды мүмкіндігін анықтауға бағытталған, ол талап етілетін және күтілетін пайдалылық деңгейін қамтамасыз етеді. Инвестициялық талдауды жүргізу кезінде капитал салымдарының негізгі тиімділігін бағалау міндеттері жалпы жобаның тағдырын анықтаушы болып саналады.

Қаржылық бағалау жобаны қаржыландыру схемасын таңдауға арналған және сол арқылы қолда бар жобаның экономикалық потенциалын жүзеге асыру бойынша мүмкіндіктерін сипаттайды.

Бағалауды орындау кезінде экономикалық тұрпатты ұстану және тек пайда мен жоғалтуларды қарастыру қажет, олар ақшалай эквивалентте өлшенуі мүмкін.

Инвестициялық жобаны жасап шығару циклі кезекті үш сатыдан орын алуы мүмкін:

- 1) жоба идеясын қалыптастыру;
- 2) жобаның инвестициялық тартымдылығын бағалау;
- 3) жобаны қаржыландыру схемасын таңдау.

Әрбір сатыда өзінің міндеттері шешім табады. Сатылар бойынша жылжу кезінде жоба туралы ой нақтыланады және жаңа ақпараттармен байытылады. Осылайша, әрбір саты өз алдына аралық финишті көрсетеді: осында алынған нәтижелер жобаны жүзеге асырудың мақсаттылығын бекіту болып табылуы тиіс, сол арқылы өңдеп шығарудың келесі сатылары «өткізуші» болып саналады.

Бірінші сатыда маркетингтік, өндірістік, заңды және өзге аспектілер бойынша жобаны жүзеге асыру мүмкіндіктерін бағалау жүзеге асырылады. Бастапқы ақпарат жобаның макроэкономикалық айналысының көрінісі болып табылады, ол өнімдерді алу нарығында ұсынылатын, технологиялар, салықтық жағдайлар және т.б. Бірінші саты нәтижесі жоба идеясының сипатының құрылымдық және уақыттық кестесіне сай жүзеге асыру болып табылады.

Екінші саты көптеген жағдайларда шешуші болып табылады. Мұнда инвестиция тиімділігін бағалау жүзеге асырылады және тартылған капиталдың мүмкін құнын анықтау негіз болып саналады. Екінші саты үшін бастапқы ақпарат капитал салымдарының кестесі, сату көлемі, ағымдағы (өндірістік) шығындар, айналым қаражаттарына деген қажеттілік, дисконттау қойылымы. Бұл сатының нәтижесі көп жағдайда кестелер мен инвестиция тиімділігінің көрсеткіштері болып табылады: таза заманауи құндылық (NPV), сатып алушылық мерзімі (PP), табыстылықтың ішкі қойылымы (IRR).

Үшінші саты жобаны қаржыландарудың тиімді схемасын таңдаумен байланыстырылады және жоба иеленушісі атынан инвестиция тиімділігін бағалау болып отыр. Ол үшін несиелерді өтеу қойылымдары мен сызбалары пайыз түріндегі ақпаратта қолданылады, сонымен қатар дивидендтік төлемдер деңгейі мен т.б. Жобаны қаржылық бағалау нәтижесі болып мыналарды санауға болады: жобаны жүзеге асырудың қаржылық жоспары, қаржылық есептіліктің болжамдық үлгісі және қаржылық жағдайының көрсеткіштері.

Инвестициялық талдаудың кез келген тәсілдемесі жобаны өз алдына бөлек экономикалық объект ретінде қарастыру болып табылады. Сол себепті өңдеп шығарудың екі сатысында инвестициялық жоба ұйымның жүзеге асыруға тиісті басқа қызметтерінен оқшауланған түрінде қарастырылады.

Жобаларды қарастырудың окшауланған (локальды) сипаты оларды қаржыландырудың нақты схемасын таңдау мүмкіндігін көрсетеді. Ол осыған сай осы не өзге капитал салымдарын қаржыландыру көздерінің шешімдерін жалпы ұйым деңгейінде немесе оның өз алдына қаржылық арақатынастарының бөлігі ретінде қарастырады. Осылайша, ең алдымен осы ұйымның ағымдағы қаржылық жағдайы ескеріледі, оны негізінде локальдық жобаларда көрсету мүмкіндігі жоқ болып табылады.

Қаржылық инвестициялар талдауы келесідей кезектілікте жүзеге асырылады:

1) өткен кезең мерзімдерінде қаржылық инвестициялар нәтижелерін бағалау және жағдайын талдау, ол бірнеше сатыларды өзіне кіріктіреді:

- капиталды инвестициялаудың жалпы көлемін табу, көрсетілген көлемдегі өзгерістер темпін анықтау және олардың жалпы көлемдегі шекті салмағын анықтау;
- нақты қаржылық құрылғылардың құрамын қарау, олардың көлемінің өзгеріс темптері мен қаржылық инвестициялаудың жалпы көлеміндегі шекті салмағын анықтау;
- табыстылық деңгейін бағалау (жеке қаржылық құрылғылар тиімділігі мен жалпы қаржылық инвестициялар);

2) ағымдағы және болжанған мерзімдегі қаржылық инвестициялау көлемін мүмкіндігінше талдау, ол уақытша бос ақша қаражаттары көлемінің потенциалды бағыттарын таңдау мен қаржылық инвестицияда пайдалана алу мүмкіндігін көрсетеді. Уақытша бос ақша қаражаттарын тану мен жоспарлау ақша ағындарының талдауына негізделеді;

3) қаржылық инвестициялар үлгілерін талдау және инвестициялық тартымдылықты ескере отырып үйлесімділігін қарау, олар өз кезегінде келесі сатылардан тұрады:

- анықталған көлем негізінде нақты қаржылық инвестициялар үлгілерін анықтау;
- қаржылық құралдар сапасын бағалау, ең алдымен табыстылық деңгейін;
- портфельді инвестициялар құрамының негізділігін және оларды табыстылығы, тәуекелділігі мен өтімділігі бойынша бағалау.

Инвестициялық талдаудың орны мен рөлін зерттеу кезінде, фирманы басқару жүйесінде толық және икемді тәсіл қажет, ол ақпараттарды өңдеудің үш кезекті сатыларын кіріктіреді:

- 1) нақты шешім қабылдауға арналған ақпараттарды таңдау;
- 2) ақпараттарды аналитикалық өңдеудің қажетті түрде жүзеге асырылуы;
- 3) ақпараттарды талдау негізінде басқару шешімдерін қабылдау.

Басқару шешімдері сонымен қатар хронологиясы бойынша да бөлінеді:

- жоспарлау мен болжау бойынша;
- реттеу мен жедел басқару бойынша;
- бақылау-бағалау шешімдері бойынша.

Ұйымның инвестициялық қызметімен байланысты инвестицияны бюджеттеудегі басқару шешімдерін қабылдау үрдісіндегі инвестициялық талдау арасындағы байланысты, рөлі мен орнын негіздейтін *үш сапалы сипаттаманы* бөліп қарауға болады: шешімдерді қабылдау хронологиясы, ақпараттарды өңдеу деңгейі және инвестиция тиімділігі көрсеткіштерінің мақсатты бағытталуы.

Инвестициялық шешімдерді қабылдау кезінде қолданылатын аналитикалық саймандардың маңызы зор, олар мақсаттың екі тобына жетуге бағытталған:

1) инвестициялық жобаның оған инвестицияланатын ақша ағындарының сатып алынушылығының тиімділігін бағалау, ол ақша ағындарына сай болуы тиіс;

2) жалпы ұйымның толық дамуына әсер ететін позицияларды осы инвестициялық жобаның тиімділігін бағалау.

Ғылыми экономикалық зерттеудің әртүрлі сатылардағы таңдалған топтарының тұрпатын ашып көрсету қажет. Инвестициялық жобаның операциялық тиімділігін бағалау, ақшаның уақыттық құны бойынша классикалық теория көрсеткіштерін қолдану арқылы ақша қаражаттары ағымына тиісті негізгі ақпараттарды жүзеге асырады. Көптеген кеңінен таралған тәсілдер қаржылық бағытталған жұмыстарда орын алады. Шаруашылық етуші стратегиялық позицияланудың ажырағысыз ұйымға тиесілі қаржылық есептіліктің болжалдық үлгілерінің көрсеткіштерін қараумен байланыстырылады. Одан бөлек, қарастырылып отырған

саланың ерекшеліктерін нақты бақылау мақсатында жүйеішілік сыныпталуды ескеру қажет, олар ақпараттарды таңдау және қайта қараумен байланысты ұйымның міндеттерін шешу барысындағы жалпы ішкі ақпараттық жүйенің шеңберінде қамтамасыз етеді, сонымен қатар инвестициялық қызмет негізін жүзеге асырудағы басқару шешімдерін қабылдау болып саналады.

Сыныпталу жүйеішілік үш топтан қалыптасады:

- 1) басқару есебінің жүйесі;
- 2) стратегиялық бюджеттік басқару жүйесі;
- 3) инвестициялық талдау жүйесі.

Сонымен қатар ұйымның инвестициялық қызметін басқарудың үш кезекті хронологиялық сатысы бар, олардың шеңберінде инвестициялық талдау негізінде нақты басқару шешімдері қабылданады. Олар жалпылама ұйымның инвестицияларын кешенді басқаруды көрсетеді:

- а) көрсеткіштерді жоспарлау;
- б) жоспарланған көрсеткіштерге қол жеткізуді бақылау;
- в) жоспарланған көрсеткіштердің жетістіктеріне мәрелік бағалау.

Әрбір берілген деңгейдің шеңберінде өзара байланысты тізім, кезекті операциялар, ақпараттарды өңдеудің екі өлшеу сатысымен негізделген және құрылғыларда қолданыла алатын болып саналады.

Біртіндеп жинау, инвестициялық ақпараттарды өңдеу және талдау, алғашқы кең ауқымды ақпарат көлемінен сапалы басқару шешімдеріне өтуді қамтамасыз етеді. Ең алдымен, инвестиция бюджетінің негізгі стратегиялық комплектісін қалыптастыруды қажет етеді және оларды қаржыландыру көздерін осы немесе өзге инвестициялық жобаларды мақсатты жүзеге асыру барысында олардың мәліметтерін қарастыру негізінде жүзеге асырылады.

Көрсеткіштерді жоспарлау деңгейінде іс-әрекеттердің келе-сідей кезектілігі көрсетілген.

Басқару есебі жүйесінің шеңберінде инвестициялау қаражаттарының мақсаты мен жоспарлары туралы, осы инвестицияларға тікелей қатысы бар статистикалық ақпарат туралы, өндірістік нормативтер және т.б. туралы ақпараттардың ауқымы жинақталады. Содан соң инвестицияларды стратегиялық бюджет-

тік басқару жүйесі негізінде және оларды қаржыландыру көздері бойынша ұйым арқылы стратегиялық инвестициялық бюджеттің комплектісі құрылады, ол қажетті көлемдік, құндық инвестициялық бюджет айқындамасын қамтамасыз етеді, сонымен қатар осы немесе өзге операцияларды жүзеге асырудың нақты мерзімдерін анықтайды.

Стратегиялық бюджеттеу жүйесінде жасалған ұйым дамуының инвестициялық бюджеті жіті басқару талдауын жасауға сүйенеді, оның негізделген пәні осы инвестициялық жобаларды жүзеге асырады, жеке алып қарағанда фирма алдында тұратын стратегиялық мақсатты және сәйкес стратегиялық міндеттерді шешу болып саналады.

Келесі ұйымның инвестициялық жобаларын басқарудың екі деңгейін қарауға болады, олар бірінші құрастырылып жасалған қағидалар негізінде жасалған болып табылады.

Осылайша, басқару есебі ұйымның қаржы-шаруашылық қызметі бойынша нақты мәліметтерді жинақтауды қамтамасыз етеді және сонымен бірге инвестициялық қызметті де қарастырады, жеке алып қарағанда инвестициялық жобалардың мәліметтерін де қарастырады. Бұл мәліметтер ұйымның бюджеттік басқарудағы стратегиялық жүйесіне келіп түседі, онда өңдеп болулардан кейін нақты стратегиялық инвестициялық жобалардың орындалуының нақты үлгісі қалыптасады. Қорытынды сатыда алынған жүйелендірілген ақпараттар тікелей басқарушылық талдауға алып келеді, онда бюджет көрсеткіштері орындалады.

Инвестицияларды басқарудағы екінші және үшінші деңгейлердегі басты назар негізінде іздеуге және сәйкес мерзімге арналған стратегиялық бюджеттеудің жүйесінің шеңберіндегі жоспарланған өзгерістерден ауытқуды талдау, басқаша айтқанда, басқару есебі жүйесінің нақты мәліметтерінен келіп түскен, инвестицияға қатысты бюджеттелетін көрсеткіштермен салыстырылатын болып табылады.

4.3. Инвестиция тиімділігін бағалаудың статикалық әдістері

Инвестиция тиімділігін бағалау инвестициялық шешімдер қабылдауда аса маңызды саты болып саналады. Бұл бағалау тү-

рінің дұрыс әрі жан-жақты өткізілуіне сай салынған капиталды қайтару мерзімі мен ұйым дамуының қарқынына байланысты болып саналады. Объективтілік пен жан-жақтылық көптеген жағдайда инвестициялық жобаларды бағалаудың заманауи тәсілдерін пайдалану шараларын қолдануға сай жүзеге асырылады. Инвестициялық жобаларды бағалаудың тәсілдері барлық жағдайларда бірыңғай болуы тиіс емес, инвестициялық жобалар шығындар масштабы, пайдалану мерзімі мен тиімділігі, сонымен қатар тиімді нәтижелер көріністеріне сай ажыратылады.

Осылайша, масштабты инвестициялық жобаларды (жаңа құрылыс, реконструкция, өнімнің қағидалы жаңа түрлерін игеру және т.б.) жүзеге асыру, үлкен инвестициялық шығындарды талап ететін, көптеген факторлар ескерудің қажеттілігін туындатады, осыған сай өте күрделі есеп айырысуларды жүзеге асыруды өткізу, сонымен қатар тиімділікті бағалау тәсілдерін нақтыландыру қажет. Инвестициялық жоба масштабы болған сайын, соғұрлым көптеген ол ұйымның шаруашылық қызметіндегі нәтижелердегі өзгерістерге алып келеді, ақша ағындарымен есеп айырысу және инвестициялық жобаның тиімділігін бағалау тәсілдері барынша нақтырақ болуы тиіс.

Инвестициялардың тиімділігін бағалауда қолданылатын тәсілдердің жиынтығын, екі топқа бөліп қарастыру қажет: статикалық (уақыттық факторды ескермейтін) және динамикалық (уақыттық факторды ескеретін).

Инвестициялардың тиімділігін бағалаудың статикалық тәсілдері инвестициялық жобаларды бағалау үшін қажет болуы мүмкін, олардың жүзеге асырылу мерзімдері жылдан аспайды немесе олар біртекті ақша ағындары (бірқалыпты инвестициялар және бірқалыпты пайданың түсуі) түріндегі жобаларға арналуы мүмкін. Статикалық тәсілдер алдын ала инвестициялық жобалардың тиімділігін экспресс-бағалау кезінде қолданылады.

Инвестициялардың тиімділігін бағалаудың статикалық тәсілдері екі көрсеткішті есептеуге негізделген:

- 1) инвестицияларды сатып алушылықтың мерзімі;
- 2) пайданың қарапайым нормасы.

Сатып алушылықтың мерзімі – жобаға салынған инвестициялар оның әсерінен алынатын таза пайданы жүзеге асыратын аралықтағы уақыттық мерзімді атайды.

Яғни сатып алу мерзіміне сай уақыт аралығында ұйым бастапқыда жүзеге асырған инвестицияларының орнын толтыра алатын таза пайданың сомасын алуы тиіс:

$$T_n = \text{ИЖС} / \text{ТП},$$

мұндағы T_n – инвестицияны сатып алу мерзімі; ИЖС – жоба бойынша инвестицияның жалпы сомасы; ТП – жобаны жүзеге асырудан пайда болатын таза пайда.

Таза пайда ұйымдағы барлық ағымдағы шығындары мен салықтар және өзге міндетті төлемдерін сатудан түскен түсім есебінен өтегеннен кейінгі қалған қаражаттары болып табылады.

Пайданың қарапайым нормасы – инвестиция табыстылығын сипаттайтын және таза пайданың жүзеге асырылған инвестицияларға қатысы түрінде анықталатын көрсеткіш болып табылады.

Яғни пайданың қарапайым нормасы, инвестордың инвестицияға салынған әрбір теңгесіне қанша таза пайда алатындығын көрсетеді:

$$H_n = (\text{ТП} / \text{ИЖС}) \cdot 100 \%,$$

мұндағы H_n – пайданың қарапайым нормасы.

Пайданың қарапайым нормасының көлемі, сатып алу мерзіміне қарама-қарсы болып табылады. Мысалы, егер жобаға салынған инвестицияларды сатып алу екі жыл деп болжанса, яғни $T_n = 2$, онда жобаның пайда нормасы $H_n = (1 / 2) \cdot 100 = 50 \%$ құрауы тиіс.

Мысалы: инвестициялық жобаны жүзеге асыруға қажетті инвестицияның жалпы сомасы 40 млн теңгеге тең. Инвестор жыл сайын таза пайдадан 10 млн теңге алуды көздейді. Инвестицияларды сатып алу мерзімі төрт жылға тең екендігін санау оңайға соғады ($40 / 10 = 4$). Басқаша айтқанда, инвестор төрт жылдан соң өзінің 40 млн теңгесін кері қайтара алады. Табыстылық нормасы сәйкесінше жылына 25%-ға тең

Инвестициялық жобаны жүзеге асырудың мақсаттылығы туралы шешім қабылдауды жүзеге асыруда, тиімділіктің кей критерийлеріне иелік ету қажет. Осындай көрсеткіштермен инвестиция тиімділігінің есеп айырысу көрсеткіштерін салыстыру кезінде мынадай шешімге келуге болады, болжанып отырған ин-

вестициялар көлемінің қаншалықты тиімді екендігі мен осы жобаны инвестициялау туралы шешім қабылдау қажет пе деген сұрақтар туындайды.

Тиімділік көрсеткіштерін салыстыру критерийлерін таңдау, инвестицияны қаржыландыру көздері мен олардың бағытталуына тікелей байланысты болып табылады. Осылайша, мемлекеттік бюджет пен мемлекеттің бюджеттік емес қорлары арқылы жүзеге асырылатын мемлекеттік инвестициялар, тиімділікті сатып алудың нормативтік мерзімі мен нормалары белгіленеді T_n^H және H_n^H , олармен бірге есеп айырысу көрсеткіштері де салыстырыла алады. Инвестицияларды жүзеге асыру туралы шешім мына шарт негізінде ғана қабылданған:

$$T_n \leq T_n^H, H_n \geq H_n^H.$$

Жеке инвестицияларға нормативтік көрсеткіштер белгіленбеуі мүмкін, сол себепті инвестор өзі үшін инвестиция тиімділігінің критерийлерін анықтай алады. Осындайлардың қатарына, ереже бойынша табыстылық пен инвестициялаудың баламалы нұсқалары бойынша сатып алудың мерзімін жатқызуға болады. Мысалы, жеке тұлғалар инвестициялық жобаға өз қаржыларын инвестициялау туралы шешім қабылдайтын тиімділік критерийлері ретінде сенімділігі үлкен депозиттер бойынша табыстылық қойылымын пайдалану қажеттілігі туындайды. Алынған пайда көлемінен инвестициялау нұсқаларын алдын ала бағалау кезінде коммерциялық ұйымдар, ең алдымен жеке өндірістің рентабельділік (табыстылық) деңгейіне көңіл аударуы қажет. Тұрақты экономикалы дамыған елдерде табыстылықтың минималды нормасы ретінде мемлекеттік бағалы қағаздар бойынша табыстылық көбірек өтімді және салынған капиталдың барынша төменірек тәуекелділігімен орын алады. Басқаша айтқанда, инвестор өзге баламалы инвестициялаудың нұсқаларымен жасалатын табыстылық деңгейі бойынша норма, мысалы, банктік депозитке өзінің жеке өндірісіне ақша салу арқылы немесе мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу арқылы орын алады.

Инвестициялық жобаларды таңдаудағы бірнеше нұсқалар алдын ала экспресс-талдау, минималды сатып алу мерзімі мен пайданың максималды нормасымен жүзеге асырылады. Есеп

айырысудың жақсы көрсеткіштері талап етілген мәндегі сатып алу мерзімі мен пайдалылық нормасымен салыстырылады.

Инвестициялар тиімділігін бағалаудың жоғарыда көрсетілген формулалары барынша қарапайым және қосымша есеп айырысуларды талап етеді. Және олардың барлық қолданылуы шектеулі болып табылады. Біріншіден, сол себепті инвестициялар ереже бойынша ұзақ мерзім аралығында жүзеге асырылады, ал статикалық тәсіл инвестицияларды жүзеге асыру мен табыстың келіп түсуінің бір тегіссіздікті анықтап ескеруге мүмкіншілік береді. Екіншіден, осы себепті тәсіл уақыт факторын ескермейді, яғни ақша әртүрлі уақыттағы құнын ескере алмайды.

4.4. Инвестиция тиімділігін бағалаудың динамикалық әдістері

Инвестициялаудың мақсаттылығы туралы шешім қабылдау мақсатында инвестор ең аз көлемдегі шығындар түріндегі нұсқаны тауып ғана қоймай, өзінің инвестициялық шығындарын болашақ табыстармен бірге салыстыра білу қажеттілігі де туындайды. Ал ол үшін инвестициялар мен табыстарды бір уақыттық өлшемдерге алып келу керек, бастапқы (ағымдағы) кезеңдегі уақытқа, яғни дисконттау міндетін шешу және табыстар мен шығындарды салыстыра отыру керек.

Дисконттау коэффициенті мына формула бойынша есептеледі:

$$K_d = 1 / (1 + E)^t,$$

мұндағы E – дисконт нормасы; n – келтіру сәтінің мерзіміне жылдар саны.

Мысалы: инвестициялық жобаға алғашқы бірінші жылы ұйымды құру мақсатында 200 млн теңге салу көзделіп отыр, одан кейінгі екінші жылы 40 млн теңге көлемінде таза пайда түсімі көзделіп отыр, үшінші жылы – 80, төртінші жылы – 120 млн теңге. Үш жыл мерзім ішінде салынған инвестициялар көлемі өзін-өзі ақтайтынын анықтау қажет.

Ең бірінші рет алып қарасақ, жауабы жағымды мәнге ие болуы мүмкін, себебі үш жыл ішінде түскен түсім сомасы алғашқы

салынған инвестициялар көлемінің сомасынан артып отыр (40 + 80 + 120 = 240). Бірақ шындығында ол бұлай емес. Себебі болашақта алынған ақшалар, бүгін жұмсалған ақшаларға қарағанда бөлек құндылыққа ие болып табылады. Салынған инвестициялар мен болжанған табыстарды салыстыратын болсақ, оларды инвестициялық жобаны жүзеге асыру мерзімге дейінгі ағымдағы, яғни бастапқы сәтке келтіреміз.

Дисконт нормасы $E = 0,1$ деп алайық және дисконттау коэффициентінің көмегімен екінші, үшінші және төртінші жылдар пайдасын нөлдік сәт уақытына алып қарасақ, яғни осы ақша ағындарының ағымдағы сомасын анықтауға мүмкіншілік туады. Дәл осындай ұқсас түрде бастапқы салымды да қарастыратын болсақ, олар да алғашқы бір жылдық көлемінде жүзеге асырылған (егер де біздің салымдарымыз нөлдік нүктедегі уақыт кезеңінде жүзеге асырылатын болса, мысалы, ұйымды сатып алу кезінде, онда инвестицияны дисконттау сомасына деген қажеттілік туындамас еді):

$$\begin{aligned} \text{ТП}_{2\text{пр}} &= \text{П}_{ч2} / (1 + E)^1 = 40 / (1 + 0,1)^2 = 33,06; \\ \text{ТП}_{3\text{пр}} &= \text{П}_{ч3} / (1 + E)^1 = 80 / (1 + 0,1)^3 = 60,10; \\ \text{ТП}_{4\text{пр}} &= \text{П}_{ч4} / (1 + E)^1 = 120 / (1 + 0,1)^4 = 81,96. \end{aligned}$$

Сонымен, жалпы келіп түскен пайда сомасы:

$$\begin{aligned} \text{ТП}_{\text{об.пр}} &= \text{ТП}_{2\text{пр}} + \text{ТП}_{3\text{пр}} + \text{ТП}_{4\text{пр}} = 33,06 + \\ &+ 60,10 + 81,96 = 175,12 \text{ млн тенгені құрады.} \end{aligned}$$

Ол болашақ ақша түсімдері құнының 24,88 млн тенге құрағандығын көрсетеді, яғни алғашқы салымның ағымдағы құнынан төмен (200 – 175,12). Осылайша, инвестор үш жылдан соң келіп түскен пайда көлемінен өзінің бастапқы капиталын ала алмайды.

Инвестициялар тиімділігін бағалаудың динамикалық тәсілі – болашақ ақша түсімдерінің (табыстарын) ағымдағы сомасын дисконттау коэффициентінің көмегімен анықтау және оны жүзеге асырылған инвестициялардың ағымдағы құнымен салыстыру.

Таза дисконтталған түсім атауына иелік еткен, инвестициялардың тиімділігін бағалаудың маңызды бір көрсеткіштерінің бірін есептеу формуласы ретінде төмендегіні қарастырамыз:

$$\text{ТДТ} = \sum_{t=0}^T [(T_t - \text{УШ}_t) / (1 + E)^t],$$

мұндағы T – есеп айырысу горизонты деп аталатын, инвестиция тиімділігін бағалаудағы уақыт өлшеміндегі есептесу; T_t – t есеп айырысу мерзімі қадамындағы өнім өндірісінен алынатын сатудан алынған түсім; УШ_t – t есептік мерзім қадамында жүзеге асырылатын жобаны іске асыру шығындары; E – дисконт нормасы (ондық мән); t – есеп айырысу мерзіміндегі қадам номері, $t = 0, T$.

Таза дисконтталған табыс – инвестициялық жобаны жүзеге асыру кезіндегі және барлық шығындардың ағымдағы құнынан инвестицияланатын барлық нәтижелердің ағымдағы құнынан асып түсумен анықталатын сомалық келтірілген әсер болып табылады.

ТДТ есептеу барысындағы дисконт нормасы табыстылық деңгейімен қабылданады, оны инвестор баламалы инвестициялық жобаға салым салу арқылы ала алады, мысалы, банкке ақша салу арқылы немесе бағалы қағаздарға иелік ету арқылы. E мәнін қабылдау мемлекеттік бағалы қағаздар табыстылығының қойылымымен жасалуы ұсынылады, себебі олар тәуекелдігі аз инвестициялар қатарына жатады немесе ұзақ мерзімді банк депозиттерінің қойылымымен өлшенеді. Егер барлық инвестициялар тартылған болып табылатын болса, яғни несиелер есебінен қаржыландырылса, онда дисконт нормасы несиелендіру шарттарымен анықталған пайыздық қойылым төмен болуы тиіс.

Инвестициялық шешімді қабылдау немесе инвестициялық жобаны таңдау критерийі ретінде ТДТ мәнінің оң болуы саналады. Егер $\text{ТДТ} > 0$ болса, онда берілген есеп айырысу өрісінде және табыстылық деңгейінде E инвестициялық жоба көлемі тиімді болып саналады, осылайша келтірілген әсерлер сомасы келтірілген инвестициялар сомасынан үлкен болып саналады. Сәйкесінше инвестициялық жобаларды салыстыру кезіндегі әр-

түрлі нұсқалар ТДТ мәні көбірек мәнді жоба сұраныстағысы болып саналады.

Егер өзіміздің жоғарыда келтірілген дисконттау мысалына келетін болсақ, онда ТДТ осы анықталған инвестициялық жоба үшін келесідей жолмен анықталады:

$$\text{ТДТ} = [\text{ТП}_2 / (1 + E)^2] + [\text{ТП}_3 / (1 + E)^3] + [\text{ТП}_4 / (1 + E)^4] - [\text{К} / (1 + E)^1] = 33,06 + 60,10 + 81,96 - 181,82 = -6,70 \text{ млн теңге.}$$

ТДТ < 0, осылайша, анықталған шарт негізіндегі жоба көлемі тиімсіз болып табылады.

Таза дисконтталған табыс барлық абсолютті көрсеткіштер секілді инвестициялау масштабына тікелей байланысты болып табылады. Сол себепті әртүрлі масштабтардағы инвестициялық жобаларды салыстыруда осы көрсеткішті қолдануға мүмкіншілік болмайды. Осындай жағдайда инвестиция тиімділігі бойынша басқа көрсеткіш пайдалануы мүмкін, ол дисконтталған инвестициялардың табыстылық индексі:

$$\text{ИТИ} = \frac{\sum_{t=0}^y [(\text{ТП}_t + A_t) / (1 + E)^t]}{\sum_{t=0}^y [\text{К}_t / (1 + E)^t]},$$

мұндағы A_t – t қадамындағы негізгі капиталдың амортизациясы.

Дисконтталған инвестициялар табыстылығының индексі – келтірілген таза пайда сомасының келтірілген инвестициялар сомасының амортизациясына қатысымен өлшенетін, инвестициялық жобаның тиімділік көрсеткіші болып табылады.

1. Инвестициялық шешім қабылдаудың критерийі ТДИ мәні 1-ден жоғары болуы тиіс. Егер ТДТ > 0, онда ИТИ > 1, осыған сай жоба тиімді болып табылатынын көреміз. Ал керісінше, егер ТДТ < 0, онда ИТИ < 1, сәйкесінше жоба тиімсіз болып саналады.

Егер біздің келтірген мысалымызға қарайтын болсақ, жобаның тағы тиімсіз болғанына көзіміз жетеді:

$$\text{ИТИ} = [40 / (1,1)^2 + 80 / (1,1)^3 + 120 / (1,1)^4] / 200 = 0,876.$$

Осылайша, мысал бойынша қарастырған жобамыз осы анықталған шарттар негізінде тиімсіз екендігі анықталып отыр. Яғни қарастырылып отырған 4 жыл мерзімінде инвестициялар сатылып алынбады. Осыған сай, дисконттау есебімен инвестицияларды сатып алу мерзімі таңдалып алынған есеп айырысу горизонтынан жоғары.

Дисконтталған инвестицияның сатып алу мерзімі – инвестициялық жобаны сату кезіндегі сомалық келтірілген нәтиже мерзімінің өтуіне байланысты келтірілген шығындар сомасынан көп көлеміндегі болатын уақыт мерзімі болып табылады.

Басқаша айтқанда дисконтталған инвестицияларды сатып алу мерзімі ол $TDT = 0$ осы мәнге иелік ететін мерзім болып табылады.

$$TDT = \sum_{t=0}^y [(T_t - Z_t) / (1 + E)^t] = 0$$

немесе

$$\sum_{t=0}^y [(TP_t + A_t) / (1 + E)^t] = \sum_{t=0}^y [K_t / (1 + E)^t].$$

Есеп айырысу тәсілімен сатып алу мерзімін анықтау анықталған қиындықты туғызады, осылайша логарифмдеусіз бұл іске аспайды. Сол себепті тәжірибедегі инвестициялық талдау TDT кесте үлгісі мен графикалық тәсіл бойынша есеп айырысудың қадамдық көрінісін көрсетеді. Кестелі үлгі мәліметтерді көрсетудің және экономикалық есеп айырысуларды орындаудың ыңғайлырақ тәсілі болып табылады.

Таза дисконтталған табыстың кері мәні жобаның тиімсіз екендігін көрсетеді және ол төрт жылдан жоғары мерзім көлемінде сатып алынатындығы анықталады. Бұл жайлы TDI мәні төмен мөлшерлемесін көрсетеді.

Жоғарыда келтірілген мысал негізіндегі сатып алу мерзімін анықтау кезіндебір жыл мерзіміне кеңістікті ұлғайтатын болып және болжайтын болсақ, бесінші жылдағы операциялық қызмет көрсеткіштері дәл төртінші жылдағыдай болады. Онда таза дисконтталған көрсеткіштің мәні өзгереді және жобаны жүзеге асырудың бесінші жылында жағымды ретінде көрініс табады. (22-кесте). Осыған сай жобаны сатып алу мерзімі 5 жылды құрайды.

5 жыл мерзімінің кеңістігіне есептелген инвестициялық жобаның тиімділік көрсеткіштерін есептеу

Көрсеткіштер	Кеңістік					Барлығы
	t = 1	t = 2	t = 3	t = 4	t = 5	
<i>Инвестициялық қызмет</i>						
Инвестициялар (K_t), млн тенге	200	-	-	-	-	200
<i>Операциялық қызмет</i>						
Өнімді сатудан түскен түсім (T_t), млн тенге	-	220	300	380	380	1280
Өндірістік шығындар мен салықтар ($Ш_t$), млн тенге	-	200	240	280	280	1000
Таза пайда ($ТП_t$), млн тенге	-	20	60	100	100	280
Негізгі капиталдың амортизациясы, млн тенге (A_t)	-	20	20	20	20	80
Таза табыс ($ТТ_t = ТП_t + A_t - K_t$), млн тенге	-200	40	80	120	120	160
Дисконттау коэффициенті α ($E = 0,1$)	0,909	0,826	0,751	0,683	0,621	-
Дисконтталған ақша қаражаттарының ағыны ($ТТ_t \cdot \alpha$), млн тенге	-181,82	33,04	60,08	82,00	87,52	80,82
Таза дисконтталған табыс, млн тенге	-181,82	-148,78	-88,70	-6,6,7	80,82	-
Дисконтталған инвестициялардың табыстылық индексі (ДТИ)	1,248					

Өзге өте маңызды көрсеткіштердің бірі инвестиция тиімділігін бағалауға арналған – инвестициялық жоба табыстылығының ішкі нормасы (ТИН).

Табыстылықтың ішкі нормасы – инвестициялаудың берілген параметрлерімен негізделген жеке инвестициялық жоба табыстылығының көрсеткіші болып табылады.

ТИН келтіріп жинақталған таза табыс сомасының және дисконтталған инвестициялар сомасының амортизациясына теңдігінде дисконттау нормасы болып саналады, яғни жобаның таза дисконтталған табысының құны нөлге тең. Оны келесідей елестетуге болады:

$$\text{ТІН} = E_{\text{ТІН}}, \text{ бұл кезде ТДТ} = 0.$$

Осылайша ТІН $E_{\text{ТІН}}$, яғни жоғарыдағы көріністен көрсетілген теңдік негізінен алынған:

$$\sum_{t=0}^y [(T \Pi_t + A_t) / (1 + E_{\text{ТІН}})^t] = \sum_{t=0}^y [K_t / (1 + E_{\text{ТІН}})^t].$$

Осы теңдікті шешу жолы итерация тәсілімен жүзеге асырылады (көптік қайталамалы есептеу және ТДТ = 0 ақырындап жақындау жолының мәнімен таңдалып алынады) ТІН мәндерін таңдау біздің шарттарға сай төмендегі 23-кестеде көрсетілген.

23-кесте

ТІН көрсеткіштерін итерация тәсілімен есептеу

Көрсеткіштер	Кеністік				Барлығы
	t = 1	T = 2	t = 3	t = 4	
Таза табыс ($\text{ТТ}_t = \text{Т}\Pi_t + A_t - K_t$), млн теңге	- 200	40	80	120	40
$E = 0,1$					
Дисконттау коэффициенті α	0,909	0,826	0,751	0,683	-
Дисконтталған акша қаражаттарының ағымы ($\text{ТТ}_t \cdot \alpha$), млн теңге	-181,82	33,04	60,08	82,00	-6,70
Таза дисконтталған табыс, млн теңге	-181,82	-148,78	-88,70	-6,70	
$E = 0,05$					
Дисконттау коэффициенті α	0,952	0,907	0,864	0,823	-
Дисконтталған акша қаражаттарының ағымы ($\text{ТТ}_t \cdot \alpha$), млн теңге	-190,40	36,28	69,12	98,76	13,76
Таза дисконтталған табыс, млн теңге	-190,40	-154,12	-85,00	13,76	
$E = 0,09$					
Дисконттау коэффициенті α	0,917	0,842	0,772	0,708	-
Дисконтталған акша қаражаттарының ағымы ($\text{ТТ}_t \cdot \alpha$), млн теңге	-183,40	33,68	61,76	84,96	-3,00
Таза дисконтталған табыс, млн теңге	-183,40	-149,72	-87,96	-3,00	

Е мәнін таңдауды жалғастыра беру мүмкіндігі бар еді, ол арқылы $E_{\text{тн}}$, дисконт нормасына жақындауы тиіс, ол кездегі $\text{ТДТ} = 0$. Бұл мән $E = 0,05$ мәндерінің арасында жататындығы белгілі, ол арқылы $\text{ТДТ} 13,76$ және $E = 0,09$, осылайша $\text{ТДТ} = -3,00$ болатындығы анық.

Осы анықталған инвестициялық жобаның ішкі табыстылық нормасы шамамен 0,082-ге тең. Осылайша алғашқы нұсқада есеп айырысу кезінде дисконт нормасы 0,1 (яғни табыстылықтың ішкі нормасынан жоғары), жоба тиімсіз болып табылды. Алайда егер инвесторда өзге салымға байланысты 8 % табыстылықтың жоғарылығын қамтамасыз ететін баламалы нұсқалар болмаса, онда ТДТ мәні жағымды болып табылады.

Бакылау сұрақтары:

1. Инвестициялық қызмет мазмұнын ашып көрсетіңіз.
2. Нақты инвестициялау үлгісін атаңыз.
3. Нақты және қаржылық инвестициялар ненің мәнін көрсетеді?
4. Инвестициялық шешімдерді қабылдау және жүзеге асыру сатылары.
5. Инвестициялық талдау мәні, міндеттері мен қағидалары.
6. Инвестициялар құрылымын және оларды қаржыландыру көздерін бағалау.
7. Инвестициялық жобалардың тиімділігін бағалау көрсеткіштерінің жүйесі.
8. Инвестицияны сатып алу және рентабельділік көрсеткіштері.
9. Инвестиция табыстылығының көрсеткіштері.
10. Ақшаның уақыттық құндылығы: негізгі түсініктер.
11. Инвестицияларды бағалау тәсілдерінің сыныпталуы.
12. Таза заманауи құн тәсілін есептеу.
13. Рентабельділік индексін есептеу.
14. Инвестициялық жобалардың ішкі табыстылық нормасын анықтау.
15. Инвестицияларды сатып алу мерзімін анықтау.

Тест тапсырмалары:

1. Уақыттық құн факторын ескеретін инвестиция тиімділігінің көрсеткіші:

- а) инвестицияны сатып алу мерзімі
- ә) таза ағымдағы құн (NPV)
- б) инвестиция рентабельділігі (PI).

2. Инвестицияларды талдаудың динамикалық тәсілдері:

- а) инвестицияларды сатып алу мерзімі
- ә) таза ағымдағы құны
- б) қарапайым (бухгалтерлік) пайда нормасы.

3. Инвестицияларды талдаудың статикалық тәсілі:

- а) инвестицияларды сатып алу мерзімі
- ә) таза ағымдағы құн
- б) инвестиция рентабельділігі.

4. Егер инвестиция рентабельділігі (PI) бірден жоғары болса, онда жобаның таза ағымдағы құны (NPV) мына мәнге ие болады:

- а) жағымды
- ә) жағымсыз
- б) нөлге тең.

5. Жобаның таза келтірілген құнын есептеу кезінде (NPV) дисконттау қойылымы былай анықтала алады:

- а) капиталдың орта нарықтық табыстылық нормасы
- ә) жобаның абсолютті пайда сомасы
- б) капитал өсімшесінің абсолютті сомасы.

6. Инвестициялық жобаның таза келтірілген құнының (NPV) көрсеткіштері мынаны көрсетеді:

- а) капитал өсімшесінің қатысты көлемі
- ә) пайда өсімшесінің қатысты көлемі
- б) инвестициялық жобаны жүзеге асыру нәтижесіндегі абсолютті табыс сомасы .

7. Инвестиция рентабельділігінің көрсеткіші (PI) мынаны көрсетеді:

- а) инвестициялық жобаны жүзеге асыру нәтижесіндегі абсолютті табыс сомасы
- ә) активтерді қалыптастыру көздерінің құрылымындағы өзгерістер
- б) инвестицияның 1 теңгесіне инвестициялық жобаны жүзеге асыру нәтижесінде алынған табыс деңгейі.

8. Пайданың ішкі нормасы (IRR) – мына жағдайлардағы дисконттау мәнінің құны:

- а) жобаның таза келтірілген құнының мәні (NPV) 1-ге тең
- ә) жобаның таза келтірілген құнының мәні (NPV) 0-ге тең
- б) жобаның таза келтірілген құнының мәні (NPV) 0-ден артық.

9. Инвестициялық жоба мына жағдайда жүзеге асырылады, егер:

- а) инвестиция рентабельділігі (PI) 1-ге тең болса
- ә) инвестиция рентабельділігі (PI) 1-ден жоғары болса
- б) инвестиция рентабельділігі (PI) 1-ден төмен болса.

10. Инвестициялық қызмет келесідей мақсаттар көзделген кезде жүзеге асырылады:

- а) өндірістің кеңеюі және табыстың ұлғаюы
- ә) ағымдағы өндірістік қаржылық қызметтің іске асырылуы
- б) қысқа мерзімді міндеттемелердің орнын толтыру .

11. Инвестицияларды сатып алу мерзімі болып саналады:

- а) инвестициялар / кезең ішіндегі таза пайда
- ә) инвестициялар / орташа ақша ағымы
- б) кезең ішіндегі таза табыс / инвестициялар.

12. Инвестициялық жобалар тиімділігін есептеудің статикалық тәсілінің айырмасы мынамен көрсетіледі:

- а) жобаны жүзеге асырудың барлық мерзімі ескерілмейді
- ә) уақыт кезеңіндегі ақша құнының өзгерістері ескерілмейді
- б) жобаны жою нәтижелері ескерілмейді.

13. Инвестициялық жобаларды сатып алу мерзіміне келесідей факторлар әсер етеді:

- а) инвестиция көлемі, жобаны жүзеге асыру мерзімі, инвестицияның жойылу құны
- ә) инвестиция көлемі, ақша ағымдарын қайтару көлемі
- б) инвестиция көлемі, таза пайда.

14. Рентабельділіктің ішкі нормасының көрсеткішіндегі экономикалық мән мынада:

- а) пайданың нарықтық нормасын көрсетеді
- ә) жобаның абсолютті тиімділігін сипаттайды
- б) жобаның шығынсыз болып табылуын көрсететін, пайда нормасы.

15. Инвестициялық жобалар рентабельділігінің көрсеткіштері (PI) мына формула бойынша есептеледі:

- а) дисконтталған инвестициялардың жалпы көлемі / жылдық табыстың дисконтталған көлемі
- ә) дисконтталған инвестициялардың жалпы көлемі / инвестицияларды жиынтық дисконттау
- б) дисконтталған инвестициялардың жалпы көлемі / аралық төлемнің орташа көлемі.

5

ҰЙЫМНЫҢ АҚША АҒЫНДАРЫН ТАЛДАУ

5.1. Ақша ағындарын талдаудың негіздері

Нарықтық экономика жағдайында ақша қаражаттары ба-рынша шектеулі ресурс ретінде көрсетіледі деген пікірге көптеген экономистер қосылады, сондықтан олармен операциялар жа-сасудан максималды экономикалық тиімділікке қол жеткізу өте маңызды болып келеді. Одан басқа ұйымның ақша құралдары шаруашылық қызметінің қалыпты процесін қажет ететін, тіке-лей және аз шығынмен ресурстардың басқа түрлеріне ауысатын, ресурстардың жалғыз түрін білдіреді. Алайда өздерінше ақша қаражаттары пайдасыз активтер болып табылады. Олардың ком-мерциялық және тиімді пайдалылығы шаруашылық айналы-мына тартылғанда және қозғалыста болғанда көрінеді.

XIX ғ. ортасында ғалымдар пайда парадоксы деген ұғымға назар аударды, оның мәнісі келесіде болды: ұйымда ақша жоқ, бірақ пайда бар немесе ақша бар, бірақ пайда жоқ. Тіпті аталған парадокстың шекті жағдайы мүмкін болды: ұйым банкрот бо-лып жарияланды, ал есебінде пайда көрсетілді. Осындай жағ-дайларды экономикалық тұрғыдан анықтау үшін ғылыми аппа-ратта «ақша ағыны» деген ұғымды жеке экономикалық катего-рия ретінде бөлуді қажет етті. Тарихи бұл жақында ғана XX ғ. бірінші жартысында орын алды. «Cash flow» ретіндегі ақша ағындары ұғымы алғаш рет Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін АҚШ-тың экономикалық әдебиеттерінде пайда болды. Қазіргі уақытта англосаксониялық шығу тегі бар бұл термин (ағыл. «cash» – қолма-қол ақша, «flow» – ағу), халықаралық тануға ие болып, көптеген елдерде еркін жүруге мүмкіндігі бар.

Экономикалық әдебиеттерде (шетел және қазақстандық) ұйымдардың ақша ағындарының экономикалық мәні әртүрлі тү-

сіндіріледі, ол ақша ағыны нарықтық шаруашылық категория ретінде – бұл күрделі көп қырлы құбылыс екенін дәлелдейді:

Ұйымның ақша ағыны	– белгілі бір кезеңде ұйымның барлық алынған және төленген ақша қаражатының айырмасы
	– ақшалай қаражат түсімі мен кетуі (жылыстауы)
	– шаруа қызметін түрлендіріп, олардың қозғалыстары уақыт, тәуекелділік және өтімділік факторларымен байланысты, қаралып отырған уақыт кезеңінде ақша қаражаттарының түсімдері мен төлемдерінің жеке аралықтар бойынша бөлінген жиынтығы

Ақша ағындарының өсімі ұйымның жалпы табысынан пайда болады және ол кеңейтілген ұдайы өндіріске алғышарттар тудырады. Ауыспалы айналым процесінде капитал ақша нысанынан өндірістік, тауарлық және қайтадан ақша нысанына ауысады. Әр уақыт сәтінде капиталдың жекелеген бөліктері тек бір ғана нысанда болады.

Осыдан ақша ағыны ақша қаражатының түсу және жұмсалуды түрінде қозғалысын білдіреді деген қорытынды жасауға болады. Ақша қаражаттарының түсуі (ағыны) – *оң ақша ағыны*, ал ақша қаражатының шығыны (кетуі) – *теріс ақша ағыны* деп аталады. Ұйым қызметінің әрбір түрі бойынша немесе шаруашылық қызметінің оң және теріс ақша ағындары арасындағы айырмашылық жалпы *таза ақша ағыны* деп аталады.

Талдаудың белгілі аралығында ұйымның бос ақша қаражатының нақты өзгеруі *нақты ақша ағыны деп аталады*. Нақты ақша ағыны бухгалтерлік баланста көрсетілген (010 жол «Ақша қаражаттары және олардың баламалары») ұйымның ақшалай қаражат мөлшері тұралы мәліметтер негізінде есептеледі.

Таза және нақты ақша ағыны арасындағы айырмашылығы бейөндірістік тұтынуды білдіреді.

Ұйымның қаржылық әл-ауқаты оның міндеттемелерін өтеу үшін көбіне ақша қаражатының ағынына байланысты. Ақша қаражатының жетіспеуі ұйымның қызметіне кері әсерін тигізіп, төлем қабілетсіздігіне, өтімділіктің төмендеуіне, залалдылыққа және жұмыс істеуінің тоқтап қалуына әсерін тигізуі мүмкін. Ақша қаражатының артылуы ұйымның шығынға ұшырағанының белгісі болуы мүмкін.

Ол шығындардың себебі инфляция және ақша құнсыздануымен қатар, оларды тиімді орналастыру мүмкіндігінің қателігі мен қосымша табыс табуымен байланысты болуы мүмкін. Кез келген жағдайда тек қана ақша ағындарын талдау ұйымның нақты қаржылық жағдайын орнатуға мүмкіндік береді.

Ақша ағындары шаруашылық қызметінің түрлері бойынша жіктелуі мүмкін. Халықаралық есеп стандарттарына сәйкес ақша ағындарының мынадай түрлерін бөледі:

1. Шаруашылық процесінің қызмет көрсету ауқымы бойынша ақша ағындарының мынадай түрлерін бөледі:

- жалпы ұйым бойынша ақша ағыны – ақша ағынының ең біріктірілген түрі, ол жалпы ұйымның шаруашылық процесіне қызмет көрсететін ақша ағындарының барлық түрлерін шоғырландырады;
- ұйымның шаруашылық қызметінің жекелеген түрлері бойынша ақша ағыны – ұйымның шаруашылық қызметінің жекелеген түрлерінің бөлінісінде жиынтық ақша ағынының саралау нәтижесі;
- жеке құрылымдық бөлімшелер бойынша ақша ағыны (жауапкершілік орталықтары бойынша) – ұйымдастыру-шаруашылық құрылыс жүйесінде басқарудың жекелеген объект ретінде анықтайды;
- жекелеген шаруашылық операциялары бойынша ақша ағыны – дербес басқарудың бастапқы объектісі ретінде қарастырылады;

2. Қызмет түрлері бойынша ақша ағындары мынадай түрлерге бөлінеді:

- *операциялық қызмет*. Ақша қаражатының ағыны: тауарлар мен қызметтерді сатудан түскен түсім, келіп түскен дебиторлық берешек, материалдық құндылықтарды сатудан және баспа-бас айырбастан түскен, сатып алушылардың аванстары. Ақша қаражатының жылыстауы: жеткізушілерге төлемдер, жалақы төлеу, бюджетке және бюджеттен тыс қорларға төлемдер, несие бойынша процент төлеу, кредиторлық берешекті өтеу;
- *инвестициялық қызмет*. Ақша қаражатының ағыны: негізгі қорларды, материалдық емес активтерді, аяқталған құрылысты іске асыру; ұзақ мерзімді активтерді сатудан

түскен қаражаттар; дивидендтер, ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялардың проценттері. Ақша қаражатының жылыстауы: өндірісті дамытуға салынған күрделі қаржы, ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар;

- *қаржылық қызмет*. Ақша қаражатының ағыны: қысқа мерзімді несиелер мен қарыздар; ұзақ мерзімді несиелер мен қарыздар; вексельдерді сатудан және оларды борышкерлермен ақы төлеуден, акциялар эмиссиясынан түскен түсімдер; мақсатты қаржыландыру. Ақша қаражатының жылыстауы: қысқа мерзімді міндеттемелерді, ұзақ мерзімді кредиттер мен қарыздарды өтеу; дивидендтерді төлеу.

Ұйымның шаруашылық қызметінің жоғарыда қаралған үш бағыты бойынша ақша ағындарының сомасы таза ақша ағынын құрайды. Таза ақша ағынының шамасын өз қызметінің нәтижелері бойынша ұйымның өз билігінде болатын ақша қаражатының әлеуетті көлемі ретінде қарастыруға болады.

3. Ақша қаражаты қозғалысының бағыты бойынша ақша ағындарының екі негізгі түрін бөледі:

1) оң – ұйымның барлық шаруашылық операцияларынан ақша қаражатының түсімдер жиынтығын сипаттайтын (бұл терминнің аналогы ретінде «ақша қаражатының түсімі» термині қолданылады);

2) теріс (жағынсыз) – шаруашылық операцияларының барлық түрлерін жүзеге асыру процесінде ұйымның ақшалай қаражатты төлеу жиынтығын анықтайды (бұл терминнің аналогы ретінде «ақша қаражатының жылыстауы» термині қолданылады).

4. Көлемін есептеу әдісі бойынша ұйымның ақша ағындарының төмендегідей түрлерін бөледі:

- *жалпы* – уақыт кезеңінде оның жекелеген интервалдарының бөлінісінде қаралатын барлық түсімдер немесе ақша қаражатының төлемдер жиынтығын сипаттайды;
- *таза* – уақыт кезеңінде оның жекелеген интервалдарының бөлінісінде қаралатын оң және теріс ақша ағындары арасындағы айырмашылығын анықтайды (ақша қаражаттарының түсуі мен жұмсалуды арасындағы). Таза ақша ағыны ұйымның қаржылық қызметінің маңызды нәтижесі болып табылады, көп жағдайда оның нарықтық құнының қарқынды өсуін және қаржылық тепе-теңдігін айқындайды.

Жалпы ұйым бойынша, оның жекелеген құрылымдық бөлімшелері, әртүрлі шаруашылық қызметі немесе жекелеген шаруашылық операциялары бойынша ақша ағынының таза есебі мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$TAA = AA_o - AA_r$$

бұл жерде: AA_o – оң ақша ағыны (ақша қаражатының түсуі) қаралатын уақыт кезеңінде; AA_r – теріс ақша ағыны (ақша қаражатының шығуы) қаралатын уақыт кезеңінде.

5. Көлемнің жеткілікті деңгейі бойынша ұйымның ақша ағындарының мынадай түрлерін бөледі:

- артық – келіп түскен ақша қаражаттары оларды мақсатты түрде жұмсалуын ұйымның нақты қажеттілігін айтарлықтай асып түсетін ақша ағынын сипаттайды. Артық қолма-қол ақша ағынының куәсі болып ұйымның қаржы-шаруашылық қызметін жүзеге асыру процесінде пайдаланылмайтын жағдайда таза ақша ағынының жоғары оң шамасы табылады;
- дефициттік – келіп түскен ақша қаражаттары оларды мақсатты түрде жұмсалуын ұйымның нақты қажеттілігін айтарлықтай төмен жұмсалуының ақша ағынын сипаттайды. Таза ақша ағыны сомасының мәні тіпті оң болған жағдайда, егер бұл сома ұйымның қаржы-шаруашылық қызметтің барлық бағыттарының жоспарлы қажеттілігін қамтамасыз етпегенде, ол дефициттік болып сипатталуы мүмкін.

6. Уақытты бағалау әдісі бойынша ақша ағындарының мынадай түрлерін бөледі:

- қазіргі – уақыттың ағынды сәтінде келтірілген құн бойынша, бірыңғай оның салыстырмалы шамасы ретінде ұйымның ақша ағынын сипаттайды;
- алдағы – уақыттың нақты алдағы сәтінде келтірілген құн бойынша, бірыңғай оның салыстырмалы шамасы ретінде ұйымның ақша ағынын анықтайды.

7. Осы қаралатын кезеңнің үздіксіздігін қалыптастыру бойынша ұйымның мынадай түрлерін ажыратады:

- тұрақты (жүйелі) – қарастырылып отырған уақыт кезеңінде тұрақты жеке аралықта жүзеге асырылатын жекеле-

ген қаржы-шаруашылық операциялары бойынша (ақша ағындарының бір түрі бойынша) ақша қаражаттарының түсімдері мен жұмсау ағынын сипаттайды;

- *дискреттік* – қарастырылып отырған уақыт кезеңінде ұйымның жекелеген қаржы-шаруашылық операцияларын жүзеге асыруға байланысты ақша қаражаттарының түсімдері мен жұмсау ағынын анықтайды.

8. Уақытша интервалдарды қалыптастыру тұрақтылығы бойынша жүйелі ақша ағындары мынадай қызмет түрлерімен сипатталады:

- *қарастырылатын кезең шеңберінде бірдей уақыт интервалдарындағы тұрақты ақша ағыны* – аннуитетті сипаттайды;
- *қарастырылатын кезең шеңберінде әрқелкі уақыт интервалдарындағы тұрақты ақша ағыны* – лизингтік активтердің мерзімі ішінде оларды жүзеге асырудың әрқелкі уақыт интервалында тараптармен келісілген жалға алынатын мүлікке лизингтік төлемдер кестесі.

9. Белгілі бір кезең ішінде ұйымның таза кредиттік позициясының өтімділігі немесе өзгеруі бойынша ақша ағындарының мынадай түрлерін бөледі:

- *өтімді* – ұйымның уақыт бойынша қаржылық жағдайының өзгеруін және кезең бойы таза кредиттік позициясының өзгеруін сипаттайтын көрсеткіштердің бірі болып табылады. Бұл ретте таза кредиттік позиция – бұл ұйым алған несие сомасы мен ақшалай қаражат шамасы арасындағы оң айырмасы;
- *өтімсіз* – кезең бойы ұйымның таза кредиттік позициясының келеңсіз өзгеруін сипаттайды. Бұл ретте таза кредиттік позиция – бұл ұйым алған несие сомасы мен ақшалай қаражат шамасы арасындағы теріс (жағынсыз) айырмасы.

10. Уақыт бойынша түсімі мен жылыстауының кезектесу ерекшеліктері бойынша ақша ағындары мынадай болуы мүмкін:

- *релеванттық* – оларда «минус» белгісімен ағын «плюс» белгісімен ағынға бір ғана рет өзгертіледі. Релеванттық ақша ағындары стандартты, әдеттегі және қарапайым инвестициялық жобаларға тән. Оларда бастапқы капиталды инвестициялау кезеңінен кейін, яғни ақша қаражатының

жылыстауынан кейін, ұзақ түсулер, яғни ақша қаражатының түсімі жүреді;

- *релеванттық емес* – олар үшін капиталдың түсімі мен жылыстауының кезектесіп орналасқан жағдайы тән.

11. *Теңгерімділігінің сипаты бойынша* ақша ағындары былай бөлінеді:

- жұмсақ теңдестірілген – ұзақ мерзімді кезеңде дефициттік ағынының теңгерімділігіне негізделген, бұл жерде бір қаржы жылынан аса кезінде инвестициялық қызметтен түскен ақша ағынының жетімсіздігі түзіледі және оған операциялық, қаржылық қызметінің ағындары бағынышты. Теңгерімділіктің бұл түрі ұйымның инвестициялық бағыттағы дамуымен байланысты;
- қатаң теңдестірілген – «ақша қаражатын тартуды жеделдету – ақша қаражатын төлеуді баяулау» жүйесі бойынша, қысқа мерзімді кезеңде дефициттік ағынының теңгерімділігіне негізделген, бұл жерде бір қаржы жылының шегінде негізгі қызмет ретінде операциялық қызметтен түскен ағын жетімсіздігі түзіледі және оған қысқа мерзімді, қаржылық және инвестициялық қызмет бағынышты. Теңгерімділіктің бұл түрі ағындағы қаржылық тұрақтылықты, төлем қабілеттілігі мен өтімділікті қолдаумен байланысты, алыпсатарлық табиғаттың қысқа инвестицияларына бағытталған.

12. *Тәуекелділік дәрежесі бойынша* ақша ағындары мынадай болады:

- *жоғары тәуекелді* – инновациядағы тәуекелді инвестициялармен байланысты, әсіресе өмірлік циклдің алғашқы сатысында инновациялық жобалардың ақша ағындарын білдіреді. Бұл ретте ағынның ең жоғары тәуекелділігі өзін-өзі ақтау нүктесінен өтуге дейін немесе инвестициялық жобаны қайтаруға дейін қаржы және инвестициялық қызметінде байқалады, ал төмен тәуекелді – операциялық қызметте байқалады.
- *төмен тәуекелді* – «нарықта кілегей алу» мерзімінде жоғары кірістердің тұрақты генерациясымен байланысты, әсіресе өмірлік циклдің шарықтау кезеңінде ұйымның дәстүрлі қызмет түрлерінде бар болады. Бұл ретте ақша ағынының ең төменгі тәуекелділігі операциялық қызметте байқалады.

13. Болжамдау (болжам жасау) бойынша ақша ағындары мынадай болып бөлінеді:

- *болжамдалатын* – ұйымның қызметі біршама тұрақты қаржы-экономикалық және саяси ортадағы түрде жүзеге асырылады, көптеген сыртқы негативтік факторлар бейтараптандырылған, ал ішкі факторлар репрезентативті статистикалық таңдаулар аясында орнықты даму тарихы бойынша болжанады, яғни жүйелі тәуекелділіктер үкіметтік саясатпен бейтараптандырылған, ал техникалық ішкі тәуекелділіктер ықтималдылықтың жоғары дәрежесімен болжамданады;
- *болжамдалмайтын* – ұйымның қызметі тұрақсыз қаржы-экономикалық және саяси ортадағы түрде жүзеге асырылады, көптеген сыртқы негативтік факторлар өздерін белгісіздік түрінде танытады, ал ішкі факторлар эксперттік тәсілдермен репрезентативті емес статистикалық таңдаулардың арқасында болжамданады, яғни жүйелі тәуекелділіктер белгісіздіктің жоғары деңгейінде болады және үкіметтік тұрақтандыру саясатының дағдарыс жағдайында болжамдалмайды, ал техникалық ішкі тәуекелділіктер ықтималдылықтың төменгі дәрежесімен болжамданады;

14. *Басқарылу бойынша* ақша ағындары мынадай болуы мүмкін:

- *басқарылатын* – өзін-өзі өтеу және өзін-өзі қаржыландыру негізінде дамуы үшін көбінесе белсенді активті операциялық және пассивті қаржылық пен инвестициялық қызмет ететіндей ақша ағындары мен жылыстауының үстемдігін білдіреді, яғни өзінің ішкі резервтері арқылы ұйымның қаржылық тәуелсіз және дербес дамуы;
- *басқарылмайтын* – аз ғана меншікті құралдары мен ішкі резервтер көлемінде сыртқы қарыз алу ауқымы негізінде белсенді қаржылық және инвестициялық қызметті жүзеге асыра отырып, ұйым басқара алмайтын ақша ағындары мен жылыстауының үстемдігін білдіреді.

15. Бақылау бойынша ақша ағындары былай бөлінеді:

- *бақыланбалы* – оның ағыны мен жылыстауы болжау мен басқаруға беріледі, сальдосы жоспарланған деңгейден ең шамалы ауытқуда қалыптастырылады, яғни «жоспар – факт – ауытқу» аралық және түпкілікті қаржылық нәтижелері бойынша ең төмен мөлшерде;

- *бақыланбайтын* – оның ағыны мен жылыстауы болжау мен басқаруға берілмейді, сальдосы жоспарланған деңгейден айтарлықтай ауытқуда қалыптастырылады, яғни «жоспар – факт – ауытқу» аралық және түпкілікті қаржылық нәтижелері бойынша ең жоғары мөлшерде.

16. Синхрондау мүмкіндігі бойынша ақша ағындары былай бөлінеді:

- *синхронизацияланған* – ақша қаражаттарының түсімдері мен жұмсалыуының маусымдық және циклдік айырмашылықтарын ескере отырып, уақытша кезең бойынша түсімдер жылыстау уақытымен келісіледі. Бұл ретте оң және теріс ақша ағындары арасындағы корреляция деңгейі «+1» мәніне ұмтылады;
- *синхронизацияланбаған* – ақша қаражаттарының түсімдері мен жұмсалыуының маусымдық және циклдік айырмашылықтарын ескере отырып, уақытша кезең бойынша түсімдер жылыстау уақытымен келісілмейді. Бұл ретте оң және теріс ақша ағындары арасындағы корреляция деңгейі айтарлықтай төмендейді.

17. Оңтайландыру мүмкіндігі бойынша ақша ағындары былай бөлінеді:

- *оңтайландырылған* – орташа ақша қаражаттарының қалдығы ұйымның қаржылық қажеттілігіне сай кездегі, уақыт бойынша оның ағыны мен жылыстауы тегістелуге және синхрондалуға берілген, ағындарды қалыптастырудағы маусымдық және циклдік өзгерістердің елеулі әсерін жоя отырып уақытша кезеңдегі жеке интервалдар бөлінісінде ағын мен жылыстау көлемін теңестіру кезіндегі ағын;
- *оңтайландырылмаған* – орташа ақша қаражаттарының қалдығы ұйымның қаржылық қажеттілігіне сай емес кездегі, уақыт бойынша оның ағыны мен жылыстауы тегістелуге және синхрондалуға берілмеген, ағындарды қалыптастырудағы маусымдық және циклдік өзгерістердің елеулі әсерін жоя отырып уақытша кезеңдегі жеке интервалдар бөлінісінде ағын мен жылыстау көлемін теңестірмеген кезіндегі ағын.

18. Рентабельділік көрсеткіштерінің тиімділігіне қатысты ақша ағындары былай бөлінеді:

- тиімді – ұйымның тұрақты өсуі қамтамасыз етілетін, ал қаржылық тұрақтылық пен рентабельділік көрсеткіштері бір мезгілде жақсаратын, оның жұмсақ теңгерімділігі меншікті капитал рентабельділігінің бір мезгілде өсуіне осылайша ықпал ететін ағын.
- тиімсіз, бірақ үйлестірілген – қысқа мерзімді міндеттемелерді жабудан кейінгі созылмалы шығындылық қамтамасыз етілетін, ал ағындағы қаржылық тұрақтылығының, өтімділігінің көрсеткіші рентабельділікті жоғалту бағасымен жақсаратын, оның қатаң теңгерімділігі рентабельділіктің азаюына немесе жойылуына байланысты жүргізілетін ағын.

Қарастырылған жіктеу ұйымдағы әртүрлі ақша ағындарын есепке алу, талдау және жоспарлауын мүмкіндігінше қамтамасыз етеді.

Ұйымның қаржылық жағдайына тапшылық пен ақша ресурстарының артығы теріс әсер етеді. Артық ақша ағынында инфляция нәтижесінде уақытша бос ақша қаражаттарының нақты құны жоғалады, ақша қаражатының толық пайдаланбауынан болған әлеуетті табысының бөлігі жоғалады, ақша қаражатының бос тұру нәтижесінде капитал айналымдылығы баяулайды.

Ұзақ уақыт бойы артық ақша ағынының бар болуы айналым капиталын дұрыс пайдаланбаудың нәтижесі болуы мүмкін. Ұйымда ақша қаражаттары жұмыс істеу үшін, оларды пайда алу мақсатымен айналымға қосу қажет: өз өндірісін кеңейту, негізгі қорларды жаңарту, жаңа технологияларды сатып алу, тиімді пайыз алу мақсатында басқа да шаруа субъектілердің тиімді жобаларын инвестициялау, банк несиелері мен басқа да міндеттемелерді мерзімінен бұрын өтеу және т. б.

Ақша қаражатының дефициті (тапшылығы) ұйымның банк несиесі бойынша, жабдықтаушыларға, персоналға еңбекақы төлеу бойынша мерзімі өткен берешектің өсуіне әкеледі, соның нәтижесінде қаржы шығындарының сомасы артады және ұйым капиталының рентабельділігі төмендейді. Ақша ағынының тапшылығын ақша қаражатының түсімін жеделдетуге және олардың төлемін бәсеңдетуге ықпалын тигізетін іс-шаралардың есебінен азайтуға болады.

Ақша ағындарының сапалық сипаттамасы ұйымда болып жатқан шаруашылық процестердің циклдік дәйектілігімен баға-

лануы мүмкін. Осыдан ұйымның ақша ағындары жәй ақша қаражаттарын алу және төлеу процесі ретінде ғана емес, ұйым капиталының оның өндірістік-қаржылық қызметінің белгілі бір кезеңдерінен өту процесі ретінде қаралуы тиіс. Мұндай жағдайда ақша ағындарының циклі ұйымның шаруа құралдарының айналымына сәйкес болады, бұл әсіресе олардың басқару механизмін құру өте маңызды болып табылады. Ақша ағындарын тиімді басқару:

- ұйымның даму барысында оның қаржылық тепе-теңдігін қамтамасыз етеді. Бұл дамудың қарқыны мен қаржылық тұрақтылығы көлемі мен уақыты бойынша әртүрлі ақша қаражат ағындарының қаншалықты синхрондалғаны маңызды дәрежеде анықталады. Мұндай синхрондаудың жоғары деңгейі ұйым дамуының стратегиялық мақсаттарын іске асыруды елеулі жеделдетуін қамтамасыз етеді;
- ұйымның заемдық капиталындағы қажеттілігін азайтуға мүмкіндік береді. Ақша ағындарын белсенді басқара отырып, меншікті қаржы ресурстарын неғұрлым тиімді және үнемді пайдалануын қамтамасыз етуге, тартылатын несиелерден ұйымның тәуелділігін төмендетуге болады.
- төлем қабілетсіздік тәуекелділігін төмендетуін қамтамасыз етеді.

Меншікті кірістердің, жинақтар мен капиталдың есебінен, сондай-ақ әртүрлі түсімдердің есебінен қаржы-шаруашылық қызметінің барлық түрлерін жүзеге асыру мақсатында, оған қажетті активтерді қалыптастыру үшін ақша қаражатының көздері ұйыммен шоғырланады. Ақша ағындарының қалыптасуына көптеген факторлар әсер етеді, оларды жалпы түрде ішкі және сыртқы түрлерге бөлуге болады, 24-кестеде келтірілген.

24-кесте

Ақша ағындарының қалыптасуына әсер ететін факторлар

Сыртқы факторлар	Ішкі факторлар
1	2
Тауар нарығының конъюктурасы	Ұйымның өмірлік циклі
Қор нарығының конъюктурасы	Операциялық циклдің ұзақтығы
Ұйымның салық салу жүйесі	Өндірістің маусымдылығы және тауарлар мен қызметтерді сату

1	2
Өнімді сатып алушылар мен жеткізушілерге несие берудің қалыптасқан тәжірибесі	Инвестициялық бағдарламалардың шұғылдығы
Шаруа субъектілерінің есеп айырысу операцияларын жүзеге асыру жүйесі	Ұйымның амортизациялық саясаты
Қаржылық несиенің қолжетімділігі	Операциялық леверидж коэффициенті
Мақсатты тегін қаржыландыруда қаражат тартудың мүмкіндігі.	Ұйымның иелері мен менеджерлердің қаржылық менталитеті

Ұйымдарға ақшалай қаражаттар әртүрлі көздерден түсуі мүмкін. Олардың ішінен ең көп таралған түрі болып мыналар табылады:

- өнімді өткізуден түскен табыс;
- қаржы нарығында жұмылдырылған түсімдер (акциялар, облигациялар және басқа да бағалы қағаздарды сату);
- басқа да эмитенттердің бағалы қағаздар бойынша дивидендтер мен пайыздар;
- венчурлық капитал (салынған қаражаттың жылдам өзін-өзі ақтауын есептегенде, жаңа қызмет салаларында жүргізілетін тәуекелді инвестициялар);
- қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді кредиттер мен заемдар;
- мүлікті сатудан түскен кірістер;
- бюджеттік қаржы бөлу;
- сақтандыруды өтеу және т. б.

Ұйымның ақша ағындары барлық нысандары мен түрлерінде оның қаржы жағдайының маңызды, дербес объектісі болып табылады. Бұл, біріншіден, ақша ағындары ұйымның шаруашылық іс-әрекетінің орындалуына қызмет көрсетеді; екіншіден, стратегиялық даму процесінде ұйымның қаржылық тепе-теңдігін қамтамасыз етеді; үшіншіден, операциялық процестің ырғақтылығын арттыруға ықпал етеді; төртіншіден, заемдық капиталдағы қажеттілікті қысқартуға мүмкіндік береді; бесіншіден, капитал айналымын жеделдетудің қаржы тұтқасы болып табылады және де қосымша пайда алуға мүмкіндік береді.

Ақша ағындарын талдау – бұл қолма-қол ақша қаражатының түсімі мен төлемдер шамасын және сәттерін анықтау. *Ұйымдағы ақша ағындарын талдау мақсаты* болып олардың те-

пе-тендігін және тиімділігін бағалауына қажетті, ақша ағындарының қалыптасу процесі туралы ақпаратпен пайдаланушыларды барынша толық және дұрыс қамтамасыз ету болып табылады.

Ақша ағындарын талдаудың негізгі міндеттері:

- ақша қаражатының ағын көздері мен кету бағыттарының динамикасы мен құрылымын бағалау;
- ақша қаражатының теріс және оң ағындарының тепе-теңдігін бағалау және қысқа мерзімді міндеттемелер бойынша төлемдердің жеткіліктілігін анықтау;
- таза ақша ағынының құрылымын зерттеу;
- ақша қаражатының айналымдылығын бағалау;
- таза ақшалай ағын бойынша ұйымның рентабельділігін зерттеу;
- ақша қаражатының негізгі көзі болып табылатын, өнімді сатудан түскен түсімге әсер ететін факторларды бағалау.

Талдау объектісі – ақшалай қаражаттың шоттары бойынша барлық айналымдар болып табылады.

Дж. М. Кейнстің пікірі бойынша, ақша құралдары сияқты осындай түрдегі активтердің маңыздылығы үш негізгі себептермен анықталады:

1) *кертартпалық* – ақшалай қаражаттар ағындағы операцияларды орындау үшін пайдаланылады және сонымен бірге ақша ағындарының кірістері мен шығыстарының арасында әрқашан да уақытша амал бар болу себебінен, ұйым міндетті түрде қаражат шотында бос ақша құралдарын ұстауға мәжбүр;

2) *сақтандырушылық* – ұйымның қызметі алдын ала қатаң сипатталмайды, сондықтан ақшалай қаражат күтпеген төлемдерді өтеу үшін қажет;

3) *алып-сатарлық* – ақшалай қаражаттар алыпсатарлық тұрғы бойынша қажет, өйткені күтпеген жерден тиімді инвестициялау табылуының ықтималдығы үнемі бар.

Статика және динамика бойынша ұйымда олардың көп аспектілі қызмет етуінің жүйелі, санды нәтижесінің бағасын алуға мүмкіндік беретін, талдамалық зерттеулердің нақты міндеттерін шешу үшін ақша ағындарын талдаудың бірқатар арнайы жүйелер мен әдістері қолданылады. Қаржылық менеджмент теориясында пайдаланылатын әдістерге байланысты, ақша ағындарының жұмыс істеуін зерттеу кезінде жүргізілетін, талдаудың мы-

надай жүйелерін ажыратады: көлденең (динамикалық) талдау, тік (құрылымдық) талдау, қаржылық коэффициенттерді талдау, интегралды талдау.

Интегралды талдаудың мынадай жүйелері ең көп таралған: дюпондық талдау жүйесі, SWOT-талдау жүйесі және объектілі-бағытталған талдау.

Ұйымның ақша ағындарын талдаудың аталған негізгі аналитикалық әдістерден басқа қаржылық талдаудың ғылыми негізделген тәсілдері бар:

- *дәстүрлі* – салыстыру, теңестіру, топтастыру;
- *экономикалық-математикалық* – графикалық, матрицалық әдістер, сызықтық бағдарламалау әдісі, корреляциялық-регрессивтік талдау әдісі, жиындар теориясы әдісі және т. б.
- *эвристикалық әдістер* – мамандардың сараптамалық бағалауларына, олардың түйсігіне, өткен тәжірибесіне негізделген.

Іс жүзінде әдетте бір емес, бірнеше талдау әдістерінің жиынтығы пайдаланылады.

Ақша ағындарын сипаттайтын көрсеткіштер жиынтығын мынадай блоктарға топтауға болады:

- 1) ақша ағындарының динамика көрсеткіштері;
- 2) ақша ағындарының сапа көрсеткіштері;
- 3) ақша ағындарының теңдестіру көрсеткіштері;
- 4) ақша ағындарының пайдалылық көрсеткіштері;
- 5) ақша қаражаттарын тиімді пайдалану көрсеткіштері.

Бірінші топ көрсеткіштері ұйым қызметінің түрлері бойынша анықталады, сондай-ақ ақша қаражаттарының жекелеген түсу көздері мен шыққан бағыттары бойынша. Ақша ағынының динамикасын зерттеу алдағы кезеңге ақша құралдарының түсуі мен кетуін болжаудың негізі болып табылады. Ақша ағынының динамикасын зерттегенде оң және теріс ақша ағындарының өсу қарқынын салыстыру маңызды болады. Егер ақшалай қаражат ағынының өсу қарқыны олардың кетуінің өсу қарқынынан алға шығатын болса, онда таза ақша ағыны арттырудың позитивті үдерісіне ие болады және керісінше. Таза ақша ағыны ұйымның барлық ақша ағындарының ауыспалы айналымының экономикалық тиімділігін сипаттайды. Таза ақша ағынының өсу коэффи-

циенті ақшалай нысандағы капитал қабілетін оның құнының өсу дәрежесін камтамасыз етуді сипаттайды, ол кейінгі кезеңдерде экономикалық базасын кеңейтуге алғышарттар жасайды.

Екінші топ көрсеткіштері ақша қаражаттарының түсімі мен төлемінің және таза ақша ағынының құрылымын бағалайды. Олар жеке операциялардың ұйымдағы ақша ағындарын құрудағы үлестік қатысуын сипаттайды. Ақша ағынының сапа көрсеткіштері ұйымның жұмыс істеу ерекшелігін ескере отырып, оның ақша ағындарының қалыптасуының маңызды құрамдас элементтерін ашады, сондай-ақ ақша қаражатының негізгі ағыны қалыптасатын қызмет түрлерін анықтайды.

Үшінші топ көрсеткіштері ақша қаражатының келуі мен кетуінің сәйкестігін ашады, таза ақша ағынының қарқынын ұлғайтады, сондай-ақ ақшалай қаражаттың түсуі мен шығу операцияларының тиімділігін сипаттайды. Бұл топтың көрсеткіштеріне ақша қаражатының жеткіліктілік және ақшалай ағынын жабу коэффициенттері жатады, олар ұйымның ақша қаражатының түсімдері есебінен міндеттемелер бойынша есеп айырысу қабілетін сипаттайды. Кезеңнің басында және соңындағы айқындалатын төлем қабілеттілігі міндеттемелерді орындау үшін жинақталған ақшалай ресурстардың нәтижесі ретінде қарастырылады, ол ұйымның өміршеңдігін анықтауға мүмкіндік береді. Бұл топтың көрсеткіштеріне және де барлық төлем сомаларын жабу үшін ішкі көздер есебінен түсетін (тауарларды өткізуден, қызмет көрсетуден, негізгі және басқа активтердің ақшалай түсімі), ақшалай қаражаттың жеткіліктілігін анықтайтын коэффициенттер жатады. Мұндай көрсеткіштер ұйымның өз қаражаты есебінен өз міндеттемелері бойынша есептесуіне мүмкіндік береді.

Төртінші топқа экономикалық тиімділіктің бір нысаны ретінде қарастырылатын, есептеу кезінде пайданың орнына таза ақша ағынын пайдаланатын, рентабельділік көрсеткіштері кіреді. Бұл блоктың көрсеткіштері активтер мен меншікті капиталды пайдалану тиімділігін сипаттайды. Егер сату рентабельділігін анықтау қажет болса, онда операциялық қызметтен түскен таза ақша ағынын пайдалану керек, себебі өнімді өткізуден түскен түсім осы қызмет түріндегі ақша қаражатының негізгі көзі ретінде және нәтижесі болып табылады. Сатудың тиімділігі тауар сатудан түскен ақша қаражаты ағынының сомасында таза ақша

ағынының үлесін анықтайды. Одан басқа, рентабельділік көрсеткіштері таза ақша ағынының өзгеру қарқынын меншікті капитал, активтер, өнімді өткізуден түскен түсім және ақша қаражатының жылыстауының өзгеру қарқынымен салыстыруға мүмкіндік береді.

Бесінші топқа ақша қаражатын пайдалану тиімділігінің көрсеткіштері енгізілген. Ақша қаражаттарын пайдалану тиімділігін бағалау үшін ақша қаражатының айналымдылық және тиімділік көрсеткіштерін анықтайды. Ақша қаражаттарының айналымдылық көрсеткіштерін ақша ағынының өтімділік көрсеткіштері ретінде қарастырады, олар ұйымның тұрақты төлем қабілеттілігін қолдауын қамтамасыз етеді. Күнмен есептелетін айналымдылық мерзімді сипаттайды, оның аралығында ақша құралдары ұйымның шоттарында қозғалыссыз күйде жатады. Мұндай көрсеткіш ақша қаражатының қалдық шамасын анықтауға мүмкіндік береді. Ақша қаражатының ең аз қоры болмаған жағдайда, қаржылық қиындықтар пайда болуы мүмкін. Және керісінше, олардың шамадан тыс мөлшері ақша қаражаттарын пайдалану және салымдарының тиімсіздігін қуәландырады. Ақша қаражатының рентабельділік көрсеткіштері ақша қаражатының қалдығы мен ағынының немесе таза ақша ағынымен салыстыру арқылы анықталады, соған байланысты қалдық ақша қаражатының рентабельділігін, ақша қаражатының ағыны мен жылыстануының рентабельділігін орнатуға болады.

Ақшалай қаражаттар табыстылығының көрсеткіштері зерттелетін кезең ішіндегі ұйым құзырындағы (шығындалған немесе алынған) ақшалай қаражаттың бір теңгесіне таза ақшалай ағынның қандай көлемі сәйкес келетіндігін сипаттайды. Таза ақшалай ағын бойынша (таза пайда) есептелген нақты көрсеткіштерді жалпы алғанда, ұйым бойынша да, қызмет түрлері бойынша да анықтау қажет.

Қаржылық коэффициенттерді талдау ұйымдардың өзара шаруашылық қызметтерінің түрлі абсолютті көрсеткіштерінің арақатынасын есептеуге негізделеді. Талдаудың осы жүйесін қолдану үдерісінде ақшалай ағындардың жеке көрсеткіштерін сипаттайтын түрлі салыстырмалы көрсеткіштер және де олардың ұйымның қаржылық жағдайының жалпы деңгейіне ықпал ету дәрежесі анықталады.

Ақшалай ағындарды басқару жүйесінде талдамалы қаржылық коэффициенттердің келесідей топтары біршама кең таралған:

Ақшалай ағындардың өтімділік деңгейін сипаттайтын коэффициенттер. Олар ұйымның қаржылық міндеттемелері бойынша өз уақытында есеп айырысу мүмкіндігін сипаттайды. Мұндай бағалау үдерісіндегі біршама маңызды рөлді келесі көрсеткіштер алады:

– ақшалай ағынның ликвидтілік *коэффициенті*:

$$K_{л.аа.} = AA_0 / AA_T,$$

бұл жерде AA_n , AA_0 – сәйкесінше оң және теріс ақшалай ағындар.

Бұл коэффициент ұйымның теріс ақшалай ағынын оның жиынтық оң ақшалай ағыны қандай дәрежеде жабатындығын көрсетеді. Ақшалай ағынның қажетті өтімділігін қамтамасыз ету үшін оның мәні 1-ден төмен болмауы қажет (1-ден жоғары болуы ақшалай актив қалдықтарының өсуін қарастырылатын мерзім соңына қарай түрлендіретін болады, яғни ұйымның абсолютті төлем қабілеттілігі коэффициентінің өсуіне жағдай туғызады);

– абсолюттік төлемге қабілеттілік *коэффициенті*:

$$K_{ат} = (АҚ + ҚҚИ) / ҚМ,$$

бұл жерде АҚ – ақшалай қаражат сомасы; ҚҚИ – қысқа мерзімдік қаржылай инвестициялар сомасы; ҚМ – барлық қысқа мерзімдік міндеттер сомасы.

Бұл коэффициент ұйымның барлық қысқа мерзімді міндеттемелерінің онда бар дайын төлем құралдарымен белгілі бір мезгілге дейін қаншалықты деңгейде қамтамасыз етілгендігін көрсетеді;

– аралық төлемге қабілеттілік *коэффициенті*:

$$K_{ат} = (АҚ + ҚҚИ + ҚДҚ) / ҚМ,$$

бұл жерде ҚДҚ – қысқа мерзімдік дебиторлық қарыздың сомасы.

Коэффициент ақшалай ағынның үдерістік қызметке жеткіліктілігін сипаттайды. Егер ағындағы төлем қабілеттілігі коэффициентінің мәні 1-ден жоғары болса, ұйым үдерістік қызметте-

гі өз міндеттемелерін түсімнің шығыстардан асуы есебінен толықтай өтей алады.

2. *Ақшалай ағындар тиімділігінің деңгейін сипаттайтын коэффициенттер.* Олар ұйымдағы ақшалай ағындардың қалыптасуы тиімділігінің жалпылама сипаттамасын береді. Осы көрсеткіштердің негізгілеріне мыналар жатады:

– ақшалай қаражатпен қамтамасыздық *коэффициенті*:

$$K_{\text{ак.кам}} = 365 \cdot (AK_{\text{ор}} / AA_{\text{о.од}}),$$

бұл жерде $AK_{\text{ор}}$ – ақшадай қаржылардың орташа көлемі.

Коэффициент ұйымның қосымша ақшалай қаражаттар ағынынсыз орташа есеппен неше күн жұмыс істей алатындығын сипаттайды. Егер ақшалай қаражаттармен қамтылу коэффициенті есептік мерзім соңына қарай 0,1-ден төмен мәнге ие болса, ұйым балансының құрылымы қанағаттандырылмаған, ал ұйым – төлемге қабілетсіз деп танылады;

– таза ақшалай ағынның жеткіліктілік коэффициенті:

$$K_{\text{агж}} = TAA / (H\check{K} + \Delta K_{\text{тм}} + D),$$

бұл жерде TAA – таза ақшалай ағын; $H\check{K}$ – ұзақ және қысқа мерзімді несиелер мен қарыздар бойынша негізгі қарыз төлемінің сомасы; $\Delta K_{\text{тм}}$ – қысқа мерзімді активтер құрамындағы тауарлық-материалдық құндылықтар қорының өсімінің сомасы; D – мерзім ішінде меншік иелеріне төленген дивидендтер.

Егер таза ақшалай ағынның жеткіліктілік коэффициентінің мәні 1-ге тең немесе одан жоғары болса, бұл ағындағы кезеңнің таза ақшалай ағыны ұзақ мерзімді активтер мен дивидендтер төлемінің құнын арттыруға жеткілікті болғандығын білдіреді;

– таза ақшалай ағынның *эффективтілік коэффициенті*:

$$K_{\text{э.таа}} = TAA / AA_{\text{о}};$$

– оң ақшалай ағынның тиімділік коэффициенті:

$$K_{\text{оаа.т}} = TT / OAA_{\text{п}},$$

бұл жерде TT – таза табыс.

Коэффициент ұйымның жалпы ақшалай түсіміндегі таза пайда үлесін сипаттайды. Көрсеткіш мәні неғұрлым жоғары болса, ұйымның шаруашылық қызметі соғұрлым тиімдірек болады;
– теріс ақшалай ағынның табыстылық *коэффициенті*:

$$K_{\text{таа.т}} = \text{ТТ} / \text{АА}_0.$$

Коэффициент ұйымның ақшалай шығындарының теңгесіне сай келетін таза пайданың сомасын көрсетеді;

– орташа көлемдегі ақшалай қаражаттардың ағын табыстылығы *коэффициенті*:

$$K_{\text{оаа.т}} = \text{ТТ} / \text{АК}_{\text{ор}}.$$

Коэффициент қолда бар ақшалай қаражат қалдықтарының әрбір теңгесінен алынған ұйымның таза пайдасының мөлшерін көрсетеді;

– таза ақшалай ағынның табыстылық *коэффициенті*:

$$K_{\text{таа.т}} = \text{ТТ} / \text{ТАА};$$

– *ақшалай қаражаттың орташа көлемінің айналымдық коэффициенті*:

$$K_{\text{оак.айн}} = \text{Т} / \text{АК}_{\text{ор}},$$

бұл жерде Т – өнімді реализациялаудан табыс.

Ақшалай қаражаттардың айналымдылық коэффициенті бір ақшалай қаражат айналымының ұзақтығын көрсетеді. Ол төмен болған сайын, ақшалай қаражаттар тиімдірек айналады, сәйкесінше ақшалай қаражат айналымының циклі қысқа болады.

Ақшалай ағындарды талдау жалпы ұйым бойынша, оның негізгі қызмет түрлері бойынша, жеке құрылымдық бөлімшелер бойынша жүргізіледі. Осы мақсатта ұйымның жеке көздері бойынша оң ақшалай ағындары көлемінің динамикасы қарастырылады. Осы орайда оң ақшалай ағынның өсу қарқыны өндіріс көлемінің өсу және өнімді өткізу қарқынымен салыстырылады. Ақшалай қаражаттарды ішкі және сыртқы көздер есебінен тарту арақатынасын зерттеуге, ұйым дамуының сыртқы көздерден қаржыландыруға тәуелділік деңгейін анықтауға ерекше назар аударылады.

Ұйымдағы ақшалай қаражаттардың нақты қозғалысын ашу, түсімдер мен төлемдердің үйлесімділігін бағалау үшін, сондай-ақ алынған қаржылық нәтижелер мөлшерін ақшалай қаражаттар жағдайымен үйлестіру үшін түсімдердің, сондай-ақ олардың жұмсалыуының барлық бағыттарын бөлу және талдау қажет. Ереже бойынша, ақшалай қаражаттардың барлық көздердегі қозғалыс бағыттарын негізгі қызмет түрлері саласында – үдерістік, инвестициялық және қаржылық сала бойынша қарастыру қабылданған. Ұйымның барлық қызметін үш жеке салаға бөлу тәжірибеде өте маңызды, өйткені жақсы (яғни, нөлге жақын) жиынтық ағын теріс ақшалай ағынды қаражаттарды түсіру, активтерді өткізу үдерістік қызметінен (инвестициялық қызмет) немесе банк несиелерін тарту үдерістік қызметінен (қаржылық қызмет) алып тастау немесе орнына төлеу есебінен алынуы мүмкін. Бұл жағдайда жиынтық ағынның мөлшері ұйымның нақты залалдылығын жасырады.

Заманауи талдамалы әдебиетте түсім көздерін анықтауға және ақшалай қаражаттарды қолдану бағыттарын орнатуға, сондай-ақ есептік кезең уақытында ұйымның алған ақшалай қаражат қалдықтарының таза қаржылық нәтижелерден ауытқу себептерін анықтауға мүмкіндік беретін құралдар біршама кең таралған.

Түсім көздері және ақшалай қаражаттарды қолдану бағыттары жайында сұраққа жауапты «Зерттелетін мерзімдегі ақшалардың түсуі» және «Зерттелетін мерзімдегі ақшалардың жұмсалыуы» көрсеткіштерін талдап тексеру арқылы алуға болады. Аталған көрсеткіштер мен олардың қосылғыштары арасындағы өзара байланысты рәсімдеуде ақшалай қаражаттардың қозғалысы жөніндегі есепте көрсетілген мәліметтер ескеріледі. Түсім көздерін және ақшалай қаражаттарды қолдану бағыттарын зерттеу үшін қолданылатын негізгі формулалардың түрі мынадай:

$$E_{дс} = \sum_{i=1}^n E_{дсi},$$

бұл жерде $E_{дс}$ – зерттелетін уақыт аралығында ақшалай қаражат енгізілді; $E_{дсi}$ – ақшалай қаражаттардың енгізілу бабы;

$$I_{\text{дс}} = \sum_{i=1}^n I_{\text{дс}i},$$

бұл жерде $I_{\text{дс}}$ – зерттелетін уақыт аралығында шығындалған қаражат; $I_{\text{дс}i}$ – ақшалай қаражаттардың шығындалу бабы.

Түсім көздерін және ақшалай қаражаттарды қолдану бағыттарын талдауда олардың құрамы белгіленеді, түскен және қолданылған ақшалай қаражаттар көлемінің динамикасы жалпы және әрбір қосылғыш бойынша жеке қарастырылады. Динамиканы бағалау үшін абсолютті ауытқу, өсу қарқыны және көбею қарқыны анықталады. Ақшалай ағын көлеміне біршама елеулі және айтарлықтай әсер ететінін анықтау мақсатымен әрбір көздің меншікті салмағы және келіп түскен, сондай-ақ қолданылған ақшалай қаражаттардың жалпы сомадағы қолданылу бағыты бір уақытта есептеледі.

Түсім көздерінің және ұйымның ақшалай қаражаттарының қолданылу бағыттарының көрсеткіштері осы қаражаттардың соңғы қалдығын және таза қалдығын тікелей анықтайтын факторларды көрсетеді. *Мерзім бойынша ақшалай қаражаттардың таза қалдығы* – таза ақшалай ағын көлеміне, немесе түсім айырмасына және ақшалай қаражаттардың жұмсалыуына, немесе мерзім басындағы және соңындағы ақшалай қаражаттар қалдықтарының айырмасына сандық жағынан тең болатын көрсеткіш:

$$AK_{\text{ч}} = AK_{\text{кп}} - AK_{\text{нп}} = TAA,$$

бұл жерде $AK_{\text{кп}}$ – талданатын кезеңнің соңына қарай ақшалай қаражаттардың қалдығы; $AK_{\text{нп}}$ – талданатын кезеңнің басына қарай ақшалай қаражаттардың қалдығы; TAA – кезең бойынша таза ақшалай ағын.

Ұйымның ақшалай ағындарының ақшалай қаражаттардың қалдықтарымен байланысы төмендегідей сипатқа ие:

$$AK_{\text{кп}} = AK_{\text{нп}} + \sum_{i=1}^n E_{\text{дс}i} - \sum_{i=1}^n I_{\text{дс}i};$$

$$AK_{ч} = \sum_{i=1}^n E_{дci} - \sum_{i=1}^n I_{дci} .$$

Қысқа мерзімді активтердің өзгерістерімен байланысты ақшалай қаражаттардың ағыны алдыңғы және ағындағы талдау аралығы бойынша біріктіріме балансы мәліметтерінің айырмасы ретінде анықталады.

Осылайша,

$$QA = QA_{(n-1)} - KA_n,$$

бұл жерде KA_n – n кезеңіндегі қысқа мерзімді активтер; $QA_{(n-1)}$ – алдыңғы кезеңдегі қысқа мерзімді активтер.

Қысқа мерзімді активтердің өзгерістерімен байланысты ақшалай ағындарды есептеу оның әрбір элементі бойынша жүргізіледі.

Жекелей қарастырылатын қысқа мерзімді активтердің элементі ақшалай қаражаттар болып табылады. Баланс мәліметтеріне негізделген еркін ақшалай қаражаттар көлемінің өзгерісі *нақты ақшалай ағын* деп аталады. Берілген көлем талдаудың нақты кезеңінде ұйым құзырындағы ақшалай қаражат сомасының қаншалықты өскендігін (немесе азайғандығын) көрсетеді. Нақты көрсеткіш есебі біріктірілген баланс мәліметтері бойынша мына формуламен анықталады:

$$AK = AK_n - AK_{(n-1)},$$

бұл жерде: AK_n – n кезеңіндегі ақшалай қаражаттар; $AK_{(n-1)}$ – алдыңғы кезеңдегі ақшалай қаражаттар.

Ұйымның ақшалай ағындарына, сәйкесінше соңғы және таза ақшалай қаражаттар қалдықтарына тікелей және жанама әсер ететін факторларды кешенді зерттеу үшін келесі формуланы қолдану қажет:

$$AK_{кп} = AK_{нп} + \sum_{i=1}^n E_{дci} - \sum_{i=1}^n I_{дci} + \sum_{k=1}^m KН_k \cdot CM - \sum_{t=1}^p ҚД_t \cdot CM;$$

$$AK_{ч} = \sum_{i=1}^n E_{дci} - \sum_{i=1}^n I_{дci} + \sum_{k=1}^m KН_k \cdot CM - \sum_{t=1}^p ҚД_t \cdot CM,$$

бұл жерде $ҚН_k$ – таза қаржылық нәтижені азайту тармағы (түрі); $ҚД_t$ – таза қаржылық нәтижені көбейту тармағы (түрі); $СМ$ – пунктердегі пайдаға салынатын салық мөлшерлемесі.

Ақшалай ағындар түсімдердің және ақшалай қаражат төлемдерінің зерттелетін кезеңдегі жеке уақыт аралығында айтарлықтай әркелкілігімен сипатталатындықтан, келіп түскен және жұмсалған ақшалай қаражаттардың ара қатынасын ғана емес, олардың белгілі бір уақыт бойынша қозғалысын бағалау маңызды.

Алайда кезекті талдау шеңберінде ақшалай қаражаттардың түсімі мен шығысының көлем және уақыт бойынша теңгерімділігін тек есептік ақпаратты қолдана отырып анықтау мүмкін емес. Бухгалтерлік есеп тіркеліміндегі және шаруашылық-құқықтық құжаттардағы ақпаратты жұмылдыру қажет болады.

Талдау барысында түсім құрылымы көрсеткіштерін және қызмет түрлері бойынша төлемдерді, сондай-ақ түсімдер мен төлемдер динамикасының көрсеткіштерін (көбею қарқыны) есептеу қажет. Таза ақшалай ағындарды қызмет түрлері бойынша бағалай отырып, келесілерді ескеру қажет:

- *үдерістік қызметтен алынатын таза ақшалай ағын оң болуы қажет.* Үдерістік қызметтен алынатын оң ақшалай ағын – бұл ұйымның табысты қызметінің және алдағы уақытта өз қаражаты есебінен даму мүмкіндігінің дәлелі;
- *инвестициялық қызметтен түсетін таза ақшалай ағын теріс болуы тиіс* (яғни төлемдер түсімдерден жоғары болуы тиіс, өйткені инвестициялық қызмет ұзақ мерзімді активтерді алумен және өткізумен байланысты), бұл ұзақ мерзімді активтерге айтарлықтай инвестиция іске асырылатындығын және де ұйымның өндірістік қуатының артқандығын дәлелдейді;
- *қаржылық қызметтен түсетін таза ақшалай ағын оң болуы тиіс* (өйткені бұл қызмет жеке инвестицияланған капиталды және қарыз қаражаттарын өзгертумен байланысты). Бұл ұйымды кеңейту қызметін сыртқы көздер есебінен оның өзі қаржыландыратынын көрсетеді.

Ақшалай қаражаттардың қозғалысын талдау мыналар бойынша біршама негізделген қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

- ұйымға келіп түскен ақшалай қаражаттар қандай көлемде және қандай көздерден алынды және де оларды қолданудың негізгі бағыттары қандай?
- ұйым қысқа мерзімді міндеттемелерін орындауға қабілетті ме?
- инвестициялық қызметті орындау үшін ұйымның жеке қаражаттары жеткілікті ме?
- алынған пайда көлемі мен қолда бар ақшалай қаражаттардың және т.б. айырмашылығы немен түсіндіріледі?

Ақшалай ағындарды талдау жалпы ұйым бойынша, сондай-ақ оның негізгі қызмет салалары, құрылымдық бөлімшелері («жауапкершілік орталығы») бойынша келесі сатымен жүргізіледі.

Талдаудың бірінші сатысында ұйымның ақшалай айналымының жалпы көлемінің динамикасы зерттеледі. Талдау үдерісінің осы сатысында ақша айналымының жалпы көлемінің өсу қарқыны ұйымның активтерінің, өндіріс көлемінің және тауарлар мен қызметтерді өткізудің өсу қарқынымен салыстырылады. Ұйымның шаруашылық қызметі үдерісінде ақшалай ағындардың жасалу деңгейін бағалау үшін қолданылатын активтер бірлігіне сай келетін ақшалай айналым көлемінің салыстырмалы көрсеткіші қолданылады. Бұл көрсеткіш динамикасының өсуі ұйымның шаруашылық қызметін жүзеге асыру үдерісінде ақшалай ағындардың жасалуының қарқындауын көрсетеді және керісінше.

Талдаудың бұл сатысында ұйымның үдерістік қызметіндегі ақшалай айналымның жалпы көлемінің динамикасын қарастыруға ерекше назар аударылуы қажет. Осы мақсатта ұйымдағы өткізілетін өнім бірлігіне қатысты ақшалай айналымның меншікті көлемінің көрсеткіші қолданылуы мүмкін.

Бұл көрсеткіш динамикасын түсіндірген кезде, өнімді өткізу көлемінің операциялық қызметтегі жиынтық оң ақша ағыны сомасының басым бөлігін құрайтынын есепке алу қажет. Демек, ақша айналымының меншікті көлемінің бірлік өнімді өткізу көлеміне ұлғаюы басқа да өзге тең шарттар болғанда, яғни өндіріс пен өнімді өткізу шығындарымен сипатталатын теріс үдеріс ретінде жиынтық теріс ақша ағынының ұлғаюымен түсіндіріледі.

Ақырында, талдаудың осы кезеңінде күнделікті операциялық қызметтегі ақша айналымының ұзақтығы динамикасының қарқынын ұйымның ақша айналымы (қаржылық цикл) циклінің динамикасы қарқынымен салыстыру керек.

Талдаудың екінші кезеңінде ұйымның оң ақша ағынының (ақша қаражаттарының түсуі) қалыптасу құрылымы мен оның көлемінің динамикасы қарастырылады. Талдаудың бұл кезеңінде ұйымның қаржылық-шаруашылық қызметінің түрлері бойынша ақша қаражаттарының түсу көздерін зерттеуге аса назар аударылады. Операциялық қызмет оң ақша ағынының негізгі генераторы болғандықтан, осы ағынды қалыптастырудағы операциялық қызметтің қатысу коэффициенті бағаның маңызды көрсеткіші болып табылады.

Ұйымның операциялық қызметіндегі оң ағынның қалыптасу құрылымы мен оның көлемі динамикасын зерттеу барысында, өнімді өткізу мен басқа да операциялық қызметтерден ақша қаражаттарының түсу көздерінің арақатынасына көбірек назар аударылуы қажет.

Инвестициялық қызметтегі оң ақша ағынының қалыптасу құрылымы мен оның көлемінің динамикасын зерттеу барысында, инвестициялаудың ұзақ мерзімді қаржылық құралдарынан түскен табыс деңгейін капитал нарығындағы орта кіріс нормасымен салыстыруға аса назар аударылуы қажет.

Қаржылық қызметтегі оң ақша ағынының қалыптасу құрылымы мен оның көлемінің динамикасын зерттегенде, сыртқы көздерден тартылған қарыз бен меншікті капиталға аса назар аудару керек. Тартылған қарыз ақша қаражаттарының құрамы талдау кезінде қысқа және ұзақ мерзімді несиелер мен қарыздар бөлінісінде дифференциялануы керек.

Талдаудың үшінші кезеңінде ақша қаражаттары шығындарының жекелеген бағыттары бойынша ұйымның теріс ақша ағынының (ақша қаражаттарының жұмсалуды) қалыптасу құрылымы мен оның көлемі динамикасы қарастырылады. Талдаудың бұл кезеңінде, ең алдымен, ұйымның қаржылық-шаруашылық қызметі түрлері бойынша осы шығындардың қаншалықты мөлшерімен бөлінгендігі, олар тұрақты немесе төтенше сипатта бола ма, қаншалықты дәрежеде объективті шартталғаны анықталады. Инвестициялық жұмсалымдардың ұйымның дамуын кам-

тамасыз етуде үлкен рөл атқаратындықтан, теріс ақша ағынын қалыптастыруда инвестициялық қызметтің қатысу коэффициенті бағалаудың маңызды көрсеткіші болып табылады.

Ұйымның операциялық қызметтен түскен ақша ағынының теріс қалыптасу көлемі мен құрылымының динамикасын зерттеу процесінде, бір жағынан, тауарлар мен қызметтерді өндіру мен сатуға жұмсалған ақша қаражаттары, басқа жағынан, операциялық қызметтің басқа да түрлерінің арақатынасына негізгі назар аударылуы тиіс. Шығындардың бірінші түрі содан кейін шығындардың статьялары бойынша талдауына тартылуға тиіс.

Ұйымның инвестициялық қызметтен түскен ақша ағынының теріс қалыптасу көлемі мен құрылымының динамикасын қарастыру кезінде нарықтық құнының өсуін қамтамасыз ететін, осы ақша қаражатының жұмсалу есебінен жекелеген активтердің түрлері каншалықты мөлшерлес дамығанын анықтау қажет; қандай пропорцияда инвестициялық шығындар нақты және қаржылық инвестициялармен байланысты болғанын; қандай көлемде жекелеген инвестициялық жобалар қаржыландырылған. Ұйымның инвестициялық қызметтен түскен ақша ағынының теріс қалыптасу көлемі мен құрылымының динамикасын талдау кезінде, бұрын тартылған кредиттер мен заемдардың негізгі борыштық сомаларын уактылы өтеуіне және де дивидендтер (проценттер) бойынша төлемдердің көлемі мен есеп айырысудың уактылығына негізгі назар аудару керек.

Талдаудың *төртінші кезеңінде* тұтастай ұйым бойынша оң және теріс ақша ағындарының теңгерімділігі қарастырылады. Бұл талдау процесінде ұйымның ақша ағынының баланстық модельдер теңдеуі пайдаланылады, ол келесідей анықталады:

Қарастырылатын кезеңнің басына ақшалай активтер сомасы + Қарастырылатын кезеңде оң ақша ағынының жалпы сомасы = Қарастырылатын кезеңнің теріс ақшалай ағынының жалпы сомасы + Қарастырылатын кезеңнің соңындағы ақшалай активтердің сомасы.

Талдаудың *бесінші кезеңінде* бүкіл қаржы менеджментінің нәтижелілігін бағалаудың маңызды көрсеткіш ретінде таза ақша ағынының сомасын қалыптастыру динамикасы қарастырылады,

ол ұйымның нарықтық құнының өсуін қамтамасыз етуге бағытталған.

Талдаудың бұл процесінде «таза ақша ағынының сапасына» ерекше орын бөлінеді: оның қалыптастыру көздерінің құрылымының қорытылған сипаттамасына. Таза ақша ағыны жоғары таза пайданың үлес салмағының өсуімен сипатталады, ал төмен сапасы – сатудан тыс операцияларды жүзеге асыру, ұзақ мерзімді активтерді сатумен байланысты таза пайда үлесін арттыру есебінен жүзеге асырылады.

Талдаудың *алтыншы кезеңінде* қаралып отырған уақыт кезеңінің жекелеген аралықтары бойынша ұйымның ақша ағындарының қалыптастыру біркелкілігі зерттеледі.

Ұйымның ақша ағындарын біркелкілік талдау объектілері ретінде бірінші кезекте мыналар болуы тиіс:

- ақша айналымының жалпы көлемі;
- оң ақша ағынының жалпы сомасы;
- теріс ақша ағынының жалпы сомасы;
- өнімдерді сатумен байланысты оң ақша ағынының сомасы;
- нақты инвестициялаумен байланысты теріс ақша ағынының сомасы;
- таза ақша ағынының жалпы сомасы;
- өнімді сатудан алынған таза пайда сомасы.

Ұйымның жеке уақыт аралықтары бойынша ақша ағындарын қалыптастыру дәрежесінің біркелкілігін есептеу үшін орташа квадратты (стандартты) ауытқу және вариация коэффициентінің көрсеткіштері пайдаланылады.

Талдаудың *жетінші кезеңінде* қаралатын уақыт кезеңінде жеке интервалдардың бөлінісінде оң және теріс ақша ағындарының үндестігін қалыптастыру зерттеледі.

Мұндай зерттеулер әртүрлі ақша ағындарының әркелкі қалыптасуына байланысты ұйымда уақытша бос ақша активтерінің көлемі немесе уақытша олардың тапшылығы белгіленеді.

Талдау нәтижелері ұйымның ақша ағындарын оңтайландыру резервтерін анықтау үшін және оларды алдағы кезеңге жоспарлау мен бақылауда пайдаланылады.

5.2. Ақша ағындарын бағалаудың әдістері

Ақша ағындарын бағалаудың тура әдісі жалпы ақша түсімдері мен жалпы ақшалай төлемдердің негізгі түрлерін ашуға негізделеді, яғни бастапқы элемент *сатудан түскен түсім* болып табылады.

Тура әдістің отандық бухгалтерлер мен сарапшыларына түсінікті болып табылатын қолжетімді есептеу процедурасы бар. Ол бухгалтерлік есеп тіркелімдерімен тікелей байланысты, көрсеткіштерді есептеу және қаржы құралдарының түсімдерді және шығындалуын бақылау үшін қолайлы. *Ұзақ мерзімді перспективада* ақша ағындарын бағалаудың тура әдісі ұйымның өтемпаздық деңгейін бағалауға мүмкіндік береді.

Қаржыны оперативті басқаруда тура әдіс өнімді сатудан және қаржылық міндеттемелер бойынша төлемдер үшін қаржы құралдарының жеткілікті болуына қатысты түскен түсімді қалыптастыру үдерісін бақылауға қолданылуы мүмкін.

Тура әдіспен ақша ағындарын бағалаудың әдістемесі қарапайым ғана, себебі ол тікелей қаржы құралдарының қозғалысы туралы есептің мәліметтеріне негізделеді. Ол мыналарды зерттеуге мүмкіндік береді:

- ақша ағындарының динамикасын (3 формасында ақша ағыны екі жыл бойынша көрсетіледі – есептік және алдыңғы);
- қызмет түрі, түсім көздері мен қаржы құралдарының қолданылу бағыттары негізінде ақша ағындарының құрамы мен құрылымын;
- қызмет түрлері бойынша таза ақша ағынының құрамы мен құрылымын.

Одан бөлек, осы форманың негізінде ұйымның өтемпаздылығы туралы пайымдауға болады, яғни қысқа мерзімді міндеттемелер бойынша төлемдерге қаржының жеткіліктілігі туралы, сондай-ақ инвестициялық қызметтің жүзеге асырылуы, себебі ұйым шоттары бойынша ақша ағындарының қозғалысын жан-жақты ашып көрсетеді.

Ақша ағындарын бағалаудың тура әдістің әдістемелік негізі баланстық әдіс болып табылады, оның ерекшеліктері төмендегідей:

- ақшаның уақтылы құндылығын ескермейді;
- қаржы құралдарының қалдығын есептеу мына өрнек негізінде жүргізіледі:


$$ҚҚ_б + ҚА_т - ҚА_ш = ҚҚ_а,$$

мұндағы $ҚҚ_б$, $ҚҚ_а$ – сәйкесінше кезең басы мен аяғындағы қаржы құралдарының қалдығы; $ҚА_т$ – кезең бойынша келіп түскен қаржы құралдарының түсімі; $ҚА_ш$ – кезең бойынша қаржы құралдарының істен шығуы.

Тура әдіс есептік кезеңдегі ұйымның жалпы да, таза ақша ағынын да сипаттайтын мәліметтерді алуға бағытталған. Ол жеке қызмет түрлері мен ұйым бойынша тұтастай алғанда, қаржы құралдарының түсімдері мен шығындалуының көлемін түгелдей көрсетуге бағытталған, қаржы құралдарының түсімі мен шығындарының бақылау көрсеткіштерін есептеуге қолайлы. Осы ретте, түгелдей ұйым бойынша да, қызмет түрлері бойынша да төлемдердің түсімдерінің артуы *ақша құралдарының түсімдерін* білдіреді, ал түсімдерге төлемдердің артуы – олардың жылыстауын аңғартады.

Қызмет түрлері бойынша ақша ағындарының көрсеткіштерін қарастыра отырып, ақша массасының барынша мол көлемін ұйымның операциялық қызметі қамтамасыз ететінін атап өткен жөн. Операциялық қызметтің таза ақша ағынының жағынды динамикасы ұйымның қаржылық әлеуетінің өсімінің масштабын сипаттайды.

Операциялық қызметтен таза ақша ағыны келесі амал бойынша жеке әдіспен анықталады:




Халықаралық есеп қағидаларына сәйкес ақша ағындарын есептеу әдісін ұйым өздігінен таңдайды, алайда олардың көлемі мен құрамы жөнінде толығырақ мәлімет алуға мүмкіндік беретін тура әдісті таңдаған жөн. Ұйымның операциялық қызметінің таза ақша ағыны сомасын тура әдіспен есептеу жүргізілетін негізгі формула келесі түрде болады:

$$ТҚП_{од} = СТ + \Theta T_o - Ш_{tm} - EA_{ок} - EA_{эк} - CT_б - CT_{бт} - \Theta T_o,$$

мұндағы СТ – өнімді сатудан түскен қаржы құралдары; ПП_о – операциялық қызмет үдерісінде түскен өзге қаржы құралдарының түсімі; З_{тм} – тауарлық-материалдық құндылықтарды – шикізатты, материалдарды және жартылай фабрикаттарды жеткізушілерден сатып алуға төленген қаржы құралдары; EA_{ок} – оперативтік қызметкерлерге төленген еңбекақы; EA_{эк} – әкімшілік-басқару қызметкерлеріне төленген еңбекақы; СТ_б – бюджетке аударылған салықтық төлемдер; СТ_{бт} – бюджеттіктен тыс қорларға аударылған салықтық төлемдер; ΘT_o – операциялық қызмет үдерісі барысында төленетін қаржы құралдарының өзге төлемдері.

Төменде тура әдіспен ақша ағындарын бағалау тәртібі көрсетілген:



Тура әдіспен қайта есептеу алгоритмін келесі әдіспен елестетуге болады:

1) ақшалай түсім өнімді сатудан алынатын түсімге тең (кіріспен шығындар туралы есеп) дебиторлық берешектің төмендеуін қосқанда немесе дебиторлық берешектің ұлғаюын шегергенде (баланс);

2) ақшалай нысандағы шығындар сатылған өнімнің өзіндік құнына тең (кірістер мен шығындар туралы есеп) қор қалдығының ұлғаюын қоса алғанда немесе қор қалдығының төмендеуін шегергенде (баланс) және дебиторлық берешектің төмендеуін қоса алғанда немесе дебиторлық берешектің ұлғаюын шегеру;

3) ақшалай нысандағы басқа шығындар операциялық қызметтің шығындарына тең (кіріс пен шығыстар туралы есеп) шығындарды немесе шығындардың төмендеуін шегеру (баланс) және өзге дебиторлық берешектің төмендеуін қосқанда немесе өзге дебиторлық берешектің ұлғаюын шегеру;

4) ақшалай түріндегі нөлге тең (аударылған тозудан аударылған тозуды шегеру);

5) ақшалай нысандағы өзге төлемдер кредиторлық берешектің азаюын қоса алғанда немесе кредиторлық берешектің артуын шегергенге тең болады.

6) операциялық қызметтен түскен қаржы құралдарының нетто-ағыны мынаған тең: 1) – 2) – 3) – 4) – 5).

Ақша ағындарын бағалаудың тура әдісі сатып алушылардан келіп түскен және жеткізушілерге есептік шот, касса немесе ақшалай эквиваленттер арқылы төленген қаржы құралдарының барлық сомасының көрінісін қарастырады. Ақша құралдарының қозғалысы туралы тура әдіспен есеп құрастыру барысында әр шаруашылық операцияны оны белгілі бір қызмет түріне жатқызу кезінде жүйелеу қажеттілігі туындайды. Мұндай операциялар санының өте көп болуы осы есепті әзірлеу барысында үлкен еңбек шығындарын талап етеді. Тура әдіспен қаржы құралдарының қозғалысы туралы есепті әзірлеу барысындағы өзге қиындық ішкі айналымдарды (мәселен, қаржы құралдарының есептік шот пен кассаның арасында, ұйымның әртүрлі банк шоттарының түрлері арасында және т.б.) «тазалау» (элиминация) қажеттілігі болып табылады. Олай болмаған жағдайда, бұл қаржы құралдары ағынын негізсіз ұлғайту жолымен есептің бұрмалануына алып келеді.

Ұйымның қаржы құралдарының түсімдері мен жылыстауының барлық бағыттарын тура әдіспен бағалауды 25-кестенің көмегімен жүргізуге болады.

Көрсеткіштерінің атауы	Оң акша ағыны	Теріс акша ағыны
1	2	3
<i>I. операциялық қызметке байланысты ақша қаражаттарының қозғалысы</i>		
Ақшалай қаражаттардың келіп түсуі:		
– өнімді сату	x	
– өзге түсім	x	
– сатып алушылардан, тапсырыс берушілерден алынған аванстар	x	
– сақтандыру шарттары бойынша түсімдер	x	
– алынған сыйақы	x	
– басқа түсімдер	x	
2. Ақша қаражатының шығуы:		
– өнім үшін жеткізушілерге төленген төлемдер		x
– өнім берушілерге берілген аванстар		x
– еңбекке ақы төлеу бойынша		x
– сыйақы төлемдер		x
– сақтандыру шарттары бойынша төлемдер		X
– табыс салығы және бюджетке төленетін басқа да төлемдер		x
– өзге де төлемдер		x
3. Таза операциялық қызметтен түскен акша ағыны	x	X
<i>II инвестициялық қызметке байланысты ақша қаражаттарының қозғалысы</i>		
1. Ақшалай қаражаттардың келіп түсуі:		
– негізгі құралдарды өткізу	X	
– материалдық емес активтерді сату	X	
– басқа ұзақ мерзімді активтерді сату	X	
– басқа ұйымдардың үлестік құралдары және бірлескен кәсіпорындардың үлестік қатысуы арқылы іске асыру	X	
– басқа ұйымдардың борыштық құралдарын өткізу	x	
– еншілес компаниялардың бақылаудан айырылуына байланысты өтемақы	X	
– өзге де қаржы активтерін өткізу	x	
– фьючерстік және форвардтық келісім шарттар, опциондар мен своптар	X	
– алынған дивидендтер	X	
– алынған сыйақы	x	
– басқа түсімдер	x	
2. Ақша қаражатының шығуы:		
– негізгі құралдарды сатып алу		X
– материалдық емес активтерді сатып алу		X

1	2	3
– басқа да ұзақ мерзімді активтерді сатып алу		X
– үлестік құралдарды сатып алу басқа ұйымдардың (еншілес ұйымдардан басқа) және бірлескен кәсіпкершіліктегі қатысу үлесі		X
– басқа ұйымдардың борыштық құралдарын сатып алу		
– еншілес ұйымдарды бақылауды сатып алу		
– басқа қаржылық активтерін сатып алу		
– қарыздар беру		X
– фьючерстік және форвардтық келісім шарттар, опциондар мен своптар		X
– қауымдасқан және еншілес ұйымдардағы инвестициялар		x
– өзге де төлемдер		X
3. Таза инвестициялық қызметтен түскен ақша ағыны	X	X
<i>III. Қаржылық қызметке байланысты ақша қаражатының қозғалысы</i>		
1. Ақшалай қаражаттардың келіп түсуі:		
– акциялар мен басқа да қаржы құралдарын шығару	X	
– қарыз алу	x	
– алынған сыйақы	x	
– басқа түсімдер	x	
2. Ақша қаражатының шығуы:		
– қарыздарды өтеу		X
– сыйақы төлемі		X
– дивидендтер төлеу		X
– меншік иелеріне ұйымдардың акциялары бойынша төлеу		X
– өзге де шығыстар		X
3. Таза қаржылық қызметтен түскен ақша ағыны	x	X
4. Қызметтің барлық түрлерінен түскен таза ақша ағыны	X	x

Жиынтық ақша ағыны кезең бойынша бастапқы және қорытынды сальдонның айырмасына тең болуы керек екенін естен шығармау қажет.

Тура әдістің кемшілігі ол алынған қаржылық нәтиженің және ұйымның қаржы құралдарының абсолюттік өлшемінің өзгерісінің өзара байланысын ашып көрсетпейтіндігінде болып табылады. Одан бөлек, бұл әдіс ақша ағынын бағалаудың басқа әдістеріне қарағанда көп уақытты талап етеді, ал оны қолдану негізінде алынған есептің пайдасы азырақ болуы мүмкін.

Бастапқы мәліметтер:

Бастапқы мәліметтер ретінде 2013 ж. 31 желтоқсандағы ұйымның 1 бухгалтерлік балансы (26-кесте) және 2013 ж. кіріс пен шығындар туралы есебі (27-кесте), сондай-ақ ұйымның бухгалтерлік есеп мәліметтері бойынша есепті әзірлеуге қажетті қосымша мәліметтер ұсынылған.

26-кесте

Бухгалтерлік баланс

(млн теңге)

Баптардың атауы	2012 ж	2013 ж	Динамикасы
Ақшалай қаражат	48	68	20 Ұлғайту
Қысқа мерзімді дебиторлық берешек	160	240	80 Ұлғайту
Қорлар	280	336	56 Ұлғайту
Болашақ кезендердің шығыстары	16	24	8 Ұлғайту
Жиыны ұзақ мерзімді активтер	504	668	
Негізгі құралдар	648	760	112 Ұлғайту
Жиыны ұзақ мерзімді активтер	648	760	
Активтер жиынтығы	1152	1428	
Қысқа мерзімді кредиторлық берешек	160	140	20 Азаюы
Пайыздар төлеу	16	12	4 Азаюы
Ағындағы салық міндеттемелері	48	88	40 Ұлғайту
Жиыны қысқа мерзімді міндеттемелер	224	240	
Облигациялар төлеу	256	360	104 Ұлғайту
Жиыны ұзақ мерзімді міндеттемелер	256	360	
Міндеттемелер жиынтығы	480	600	
Жай акциялар	320	380	60 Ұлғайту
Бөлінбеген пайда	352	448	96 Ұлғайту
Капитал жиынтығы	672	828	
Жиыны міндеттемелер мен капитал	1152	1428	

27-кесте

Табыстар мен шығындар туралы есеп 2013 ж.

Баптардың атауы	Сомасы, млн теңге
Өнімді сатудан түскен пайда	2360
Сатылған өнімнің өзіндік құны	(1200)
Жалақы және басқа да операциялық шығыстар	(864)
Шығыстар пайыздар	(28)
Шығыстар, салықтар	(60)
Амортизациясына шығыстар	(96)
Негізгі құралдарды сату бойынша шығындар	(24)
Пайда акцияларды сатып алу	64
Таза пайда	152

Осы есеп бойынша бізде келесі мәліметтер бар:

- қысқа мерзімді дебиторлық берешек материалды-өндірістік қорлардың (МӨК) сатылуымен байланысты, ал кредиторлық – МӨК сатып алумен байланысты. Осы ретте, 2013 ж. 280 млн теңге сомаға негізгі құралдардың нысандары сатып алынды, осы ретте, 40 млн теңге қолма-қол ақшалай төленді, қалған сомаға облигациялар шығарылды;
- негізгі құралдар 48 млн теңгеге сатылды, өнімді сатудың шығыны – 24 млн теңге;
- 60 млн теңге көлемінде облигацияларды шығарудан ақша құралдары алынды;
- баланстық құны 136 млн теңге облигацияларды өтеу кезінде 64 млн теңге табыс түсті;
- дивидендтер төлемі 56 млн теңгені құрады. Дивидендтер қаржылық қызметке жатады.

Тура әдісті пайдалану кезінде есепке ұйымның бухгалтерлік есеп мәліметтері бойынша түскен түсім мен шығын сомалары алмастырылады. Тура әдіспен есептеу үшін түсімнен, одан соң өзіндік құнынан және т.б. бастап, кіріс пен шығындар туралы есеп баптарын түзету жолымен есеп әзірлей аламыз.

1. *Қысқа мерзімді дебиторлық берешек сомасына сатудан түскен түсімді түзету.* Түсім қысқа мерзімді дебиторлық берешектің ұлғаюына (шегерумен) немесе қысқа мерзімді дебиторлық берешектің төмендеуіне (қосумен) қатысты түзетіледі.

26-кестеде баланстың барлық баптарының есептік кезеңіндегі ұлғаю (төмендеу) көрсетілген. «Қысқа мерзімді дебиторлық берешек» жолағын алып, оның өзгерісін қараймыз. Кезең бойынша қысқа мерзімді дебиторлық берешектің ұлғаюы орын алды. Олай болса:

Ақша ағыны = Өнімді сатудан түскен түсім – Қысқа мерзімді дебиторлық берешектің ұлғаюы (+Қысқа мерзімді дебиторлық берешектің азаюы) = 2360 – 80 = 2280 млн теңге.

2. *Қысқа мерзімді кредиторлық берешек пен қорларға өзіндік құнын түзету.* Өзіндік құны қорлардың ұлғаюына (қосумен), қорлардың азаюына (шегерумен), қысқа мерзімді креди-

торлық берешектің ұлғаюына (шегерумен) немесе қысқа мерзімді кредиторлық берешектің азаюына қатысты түзетіледі. Түзету тәртібі түсімдікі сияқты, тап сондай. Кіріс және шығындар туралы есептен өзіндік құнын аламыз және оны қорлар мен қысқа мерзімді кредиторлық берешектің өзгеруіне қатысты түзетеміз:

Ақша ағыны = Өзіндік құны + Қорлардың ұлғаюы – Қысқа мерзімді кредиторлық берешектің ұлғаюы (– Қорлардың азаюы + Қысқа мерзімді кредиторлық берешектің азаюы) = 1200 + 56 + 20 = 1276 млн теңге.

3. *Пайыздарға кететін шығындар пайыздар бойынша берешектерге қатысты түзетіледі.* Кіріс пен шығындар туралы есептен алынған пайыздарға кететін шығындар баланстағы пайыздар бойынша берешектің өзгеруіне қатысты түзетіледі:

Ақша ағыны = Пайыздарға кететін шығын – берешектің ұлғаюы (+ Берешектің төмендеуі) = 28 + 4 = 32 млн теңге.

4. Салық шығындары салықтар бойынша берешектерге қатысты түзетіледі. Кіріс пен шығындар туралы есептен алынған салық шығындары баланстан алынған салық бойынша берешектің өзгеруіне қатысты түзетіледі:

Ақша ағыны = Салықтарға кететін шығындар – Берешектің ұлғаюы (+ Берешектің төмендеуі) = 60 – 40 = 20 млн теңге.

5. Операциялық шығындар келешек кезеңдердегі шығындар мен өзге келіп түскен шығындардың (резервтердің) өзгеруіне қатысты түзетіледі:

Ақша ағыны = Операциялық шығындар + Келешек кезеңдер шығындарының ұлғаюы – Түскен шығындардың ұлғаюы (– Келешек кезеңдер шығындарының төмендеуі + Келіп түскен шығындардың азаюы) = 864 + 8 = 872 млн теңге.

Осылай, барлық ақша ағындарын анықтадық және операциялық қызмет бөлімінде есеп әзірлей аламыз. «Инвестициялық

қызметтен түскен қаржы құралдары» тарауына негізгі құралдарды сатып алу және сатуға қатысты операциялар жатады. Сондықтан қаржы құралдарының қозғалысы туралы есепке осы операция бойынша бізде бар барлық мәліметтерді енгіземіз. Аталмыш жағдайда бұл негізгі құралдарды сатудан түскен 48 млн теңге түсім және 40 млн теңгеге негізгі қаржыны сатып алу. Қаржылық қызметке мына операциялар жатады:

- облигациялар шығару – 60 млн теңге;
- облигациялар бойынша төлемдер – 72 млн теңге;
- төленген дивидендтер – 56 млн теңге.

Кезең соңына және кезеңнің басына қаржы құралдарының сальдосын баланстан аламыз. Нәтижесінде есеп келесі түрде болуы тиіс (28-кесте).

28-кесте

**Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп
(тікелей әдіс)**

Баптардың атауы	Сомасы, млн теңге
Операциялық қызметтен түскен қаржы:	
– алынған өнімді сатудан	2280
– қосымша қорларды сатып алуға жұмсалған	(1276)
– пайыздарды төлеуге жұмсалған	(32)
– салық төлеуге жұмсалған	(20)
– операциялық шығыстар	(872)
Таза операциялық қызметтен түскен ақша ағыны	80
инвестициялық қызметтен түскен ақша ағыны:	
негізгі құралдар бойынша алынған	48
негізгі құралдарды сатып алуға жұмсалған	(40)
Таза инвестициялық қызметтен түскен ақша ағыны	8
қаржылық қызметтен түскен ақша қаражаттары :	
– облигациялардан алынған	60
– төленген облигациялар бойынша	(72)
– төленген дивидендтер	(56)
Таза қаржылық қызметтен түскен ақша ағыны	(68)
Барлығы ұлғаюы (азаяуы) ақша қаражаты	20
кезеңнің басындағы ақшалай қаражаттың сальдосы	48
кезеңнің аяғындағы ақшалай қаражаттың сальдосы	68

Ақша ағындарын бағалаудың *жананама әдісі* ұйымның ақша құралдарының қозғалысымен байланысты операцияларды сәй-

кестендіру мен есепке алуға және таза кірісті бірізді түзетуге негізделеді, яғни бастапқы элемент *кіріс* болып табылады.

Жанама әдістің мәні таза кірістің өлшемін қаржы құралдары өлшеміне түрлендіруде болып табылады. Осы ретте әр ұйымның қызметінде оның қаржы құралдарының өлшеміне қатысы жоқ кірісті төмендететін (ұлғайтатын) жеке, көбіне өлшемі бойынша үлкен шығындар мен кірістер болатынын есепке алу қажет.

Талдау кезінде көрсетілген шығындар (табыстар) сомасына қаржының жылыстауымен байланысы жоқ шығындардың баптары және олардың түсімдерімен ілесетін кірістер баптары таза табыстың өлшеміне әсер етпейтіндей түзету жүргізіледі.

Оперативті басқаруда қолдану барысында *жанама әдістің артықшылығы* оның қаржылық нәтиже мен өз айналымындағы құралдарының арасында сәйкестік орнатуға мүмкіндік беретіндігінде болып табылады. Ұзақ мерзімді перспективада жанама әдіс мұздатылған қаржы құралдарының барынша проблемалық «тұтасқан орындарын» анықтауға мүмкіндік береді және соған байланысты қалыптасқан жағдайдан шығу жолын анықтауға мүмкіндік береді.

Жанама әдіс ұйымның есептік кезеңдегі таза ақша ағынын сипаттайтын мәліметтерді алуға бағытталған. Оған есептік баланстан есеп айырысу, кіріс пен шығындар туралы есеп нәтижесінде алынған қаржы құралдарының түсуі енеді. Тек кейбір ақша құралдарының ағыны нақты көлемі бойынша көрсетіледі: амортизациялық аударымдар; өз акцияларын сатудан түскен түсімдер, дивидендтерді алу және төлеу, несие мен қарыздар алу және төлеу, негізгі қорға капиталдық қаржы жұмсау, материалдық емес активтер, қаржылық инвестициялар, айналымдағы қаржының өсімі; негізгі құралдарды, материалдық емес активтерді, қаржылық инвестицияларды сату. Осы әдіспен ұйымның қаржы құралдарының қозғалысы туралы есепті әзірлеуге арналған ақпарат көзі «Бухгалтерлік баланс» 1 формасы мен «Кіріс пен шығыстар жөніндегі есеп» 2 формасы болып табылады.

Есептерді жүргізу үшін бухгалтерлік есептің шоттары бойынша айналым тізімдемесі мәліметтерін пайдалану қажет.

Есептеу негізінде – таза кіріс, амортизациялық аударымдар, сондай-ақ ұйымның активтерінің және пассивтерінің өлшемінің өзгеруі. *Қаржы құралдарының түсімі* талдаудың жанама әдісіне

сәйкес баланс пассивінің баптарының ұлғаюымен және баланс активінің баптарының төмендеуімен туындауы мүмкін. *Жылыстау* керісінше актив баптарының ұлғаюымен және пассив баптарының төмендеуімен туындайды.

Жанама әдіс арқылы таза ақша ағынын есептеу қорлардағы, дебиторлық берешектегі, кредиторлық берешектегі, қысқа мерзімді қаржылық инвестициялардағы және операциялық қызметке қатысты активтің басқа баптарының өзгерістері сомасына таза кірісті сәйкесінше түзету жолымен тұтастай ұйым мен қызмет түрлері бойынша жүзеге асырылады. Бұл әдіс қызметтің әр алуан түрлерін үйлестіруге және таза кіріс пен есептік кезеңдегі ұйымның балансының активтері мен пассивтеріндегі өзгерістердің арасында өзара қатынасты орнатуға мүмкіндік береді.

Жалпылай түрде ақша құралдарының қозғалысын есептеуге арналған формуланы келесі түрде жазуға болады:

$$TAA = TP + HKA + \Delta DB + \Delta MK + \Delta KB,$$

мұндағы TAA – таза ақша ағыны; TP – таза кіріс; HKA – негізгі құралдар амортизациясы; ΔDB – дебиторлық берешектің өсімі (төмендеуі); ΔMK – материалдық қысқа мерзімді активтер қорларының өсімі (төмендеуі); ΔKB – кредиторлық берешектің өсімі (төмендеуі).

Қаржы құралдарының қозғалысы қандай қызметпен (операциялық, инвестициялық немесе қаржылық) байланысты екенін анықтау үшін баланс пен ұйым қызметінің түрлерінің арасындағы келесі өзара байланыстарды пайдалануға болады.

Операциялық қызмет бойынша жанама әдіспен ұйымның таза ақша ағынын есептеудің негізгі элементі есептік кезеңде алынған оның таза кірісі болып табылады. Түзетулер енгізу жолымен таза кіріс ары қарай таза ақша ағыны көрсеткішіне түрлендіріледі. Қарастырылып отырған кезеңдегі операциялық қызметтің таза ақша ағынын мына формула бойынша есептеуге болады:

$$TAA_{ок} = TP + HKA - \Delta K\Theta - \Delta DB\Theta + \Delta KM\Phi + \Delta KB,$$

мұндағы TAA – таза ақша ағыны; ΔKΘ – қорлар өсімі; ΔDBΘ – дебиторлық берешек өсімі; ΔKMΦ – қысқа мерзімді қаржылық инвестициялар сомасының өзгеруі; ΔKB – кредиторлық берешек өсімі.

Осылай, жанама әдіс ұйымның таза қаржылық нәтижесі мен таза ақша ағыны арасындағы айырманы анық көрсетеді. Бірқатар түзету процедураларының көмегімен ұйым нәтижесі (таза кіріс немесе шығын) операциялық қызметтің таза ақша ағынының өлшеміне түрлендіріледі. Бір мезетте таза ақша ағынының ұлғаюы мен қысқартылуына әсер ететін факторлар көрінеді.

Осыдан соң таза ақша ағынының әр құрамдас бөлігінің өзгеру себебін егжей-тегжейлі зерттейді.

Инвестициялық қызмет бойынша таза ақша ағынының сомасы ұзақ мерзімді активтердің жеке түрлерін сату сомасы мен есептік кезеңдегі оларды сатып алу сомасының арасындағы айырма ретінде анықталады. Инвестициялық қызмет бойынша көрсеткіштің жылыстауын есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$TAA_{ик} = \Delta НК - \Delta MEA - \Delta AKK - \Delta YMKI - \Delta YMA_{өз},$$

мұндағы $\Delta НК$ – негізгі қаржы сомасының өзгеруі; ΔMEA – материалдық емес активтердің сомасының өзгеруі; ΔAKK – аяқталмаған капиталдық қаржы сомасының өзгеруі; $\Delta YMKI$ – ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар сомасының өзгеруі; $\Delta YMA_{өз}$ – өзге ұзақ мерзімді активтердің сомасының өзгеруі.

Осы формуланың әрбір құраушысы ақша ағынының ұлғаюына немесе қысқаруына әсер етуі мүмкін. Тереңдетілген сараптама барысында инвестициялық қызметтің таза ақша ағынының негізгі жинақтарының өзгеру факторлары егжей-тегжейлі зерттеледі.

Қаржылық қызмет бойынша таза ақша ағыны сомасы сыртқы көздерден тартылған қаржы қорларының сомасы мен негізгі қарыз сомасы, сондай-ақ ұйымның меншік иелері төлеген дивидендтердің (пайыздардың) арасындағы айырма ретінде анықталады. Қаржылық қызмет бойынша осы көрсеткішті есептеу жүргізілетін формула:

$$TAA_{кк} = \Delta МК + \Delta YMH + \Delta KMH,$$

мұндағы $\Delta МК$ – меншікті капитал сомасының өзгеруі; ΔYMH – ұзақ мерзімді несиелер мен қарыздар сомасының өзгеруі; ΔKMH – қысқа мерзімді несиелер мен қарыздар сомасының өзгеруі.

Ұйым қызметінің көрсетілген үш бағыты бойынша ақша ағындарының сомасы *таза ақша ағынын* түзеді. Таза ақша ағынының өлшемін өз қызметі нәтижесінде ұйымда болуы тиіс қаржы құралдарының әлеуетті көлемі ретінде қарастыруға болады:

$$TAA = TAA_{OK} + TAA_{IK} + TAA_{KK}$$

Ары қарай өнімнің өзіндік құнына енетін шығындарды қоса алғанда, мақсатты түрде кірістердің өзгеру факторларын, несиеге сату көлемін өзгерту; салықтардың есептелуі және т.б. саралау.

Соңғы табыс ақшаның қозғалысын суреттемейтін өзгерістерге және олардың көлеміне байланысты өзгереді. Ақша қозғалысын суреттейтін өзгерістерге басты фондтың және ақшалай емес активтердің өзгерістері, басты фондтарды және ақшалай емес активтерді құруға кеткен шығындар басты фондтан келген табыстар НИОКР-ға кеткен шығындар жатады. Табыстың өзгерістерін кері капиталды және қаржыны реттеу үшін алдын ала бірнеше есептеулер жүргізу керек.

Бірінші есептеу – ауқымдағы уақытқа керекті материалдарды сатып алу көлемін анықтау.

$$M = KK_n \blacktriangle + KQ,$$

мұндағы $KK_n \blacktriangle$ – жеткізушімен есептесу (ауқымдағы уақыттағы кредиттік қарызды жабу); KQ – кредиттік қарыздың көлемінің өзгерістері.

Екінші есептеу – материалды шығындардың өзіндік құнын қосқандағы шығыс сомасын анықтау:

$$MЗ \blacktriangle = M - MШ,$$

мұндағы $MЗ \blacktriangle$ – өндіріс қалдықтарының өзгерісі.

Үшінші есептеу – дебиторлардың түскен ақшаның сомасын есептеу:

$$ДҚ = Т \blacktriangle - ДҚ,$$

мұндағы Т – тауарды сатудан түскен табыс (МДС-сіз және акциозсыз); ДҚ – ағындағы уақыттағы дебитордық қарыздың қалдығының өзгерісі.

Жанама әдісті пайдаланғанда таза табыс немесе шығын ақшалай емес операциялар, сонымен қатар кері капиталдағы операциялық өзгерістерге байланысты есептеледі. Бұл әдіс:

- кәсіпорынның әртүрлі атқаратын жұмыстарының арасындағы қатынасты анықтайды;
- ағындағы уақыттағы таза кіріспен кері капиталдың өзгерістерінің байланысын анықтайды.

Төменде жанама әдісті қолдану арқылы ақша айналысын бағалау көрсетілген. Қолма-қол ақша ағынын бағалау жанама әдіс соңғы ақша қаражаттарының таза қозғалысы (қолма-қол ақша қалдықтарының ұлғаюы) тең болады, оның нәтижесінде есепті кезең таза пайда бойынша жүзеге асырылады.

Мұндай түзетулер шартты іскерлік операцияның сипатына сәйкес үш топқа бөлінеді:

- 1) бухгалтерлік есептегі кірістер мен шығыстарды көрсетудегі уақыттардың дұрыс болмауы мен бұл операцияларға байланысты келген ақша мен кеткен ақшаның сомаларын өзгерту;
- 2) шаруашылық операциялардың өзгерісі табысқа тікелей қатысы жоқ, ақша айналысына қатыспайтын;
- 3) табысқа тікелей қатысы бар, бірақ ақша айналысына қатыспайтын операциялар өзгерісі;

Методикалық түрде мұндай өзгерістердің белгілі бір ретпен орындалатынын байқауға болады.

Бірінші этапта байланысы бар ақшалай емес операциялардың таза қаржылық нәтижеге ықпал етуін жою. Мысалы, басты қаржы мен материалдық емес активтерді алып тастау олардың қалдық сомасына тең есептік қалдыққа әкеледі. Мүліктің қалған бағасы қаржылай операциялары көлемімен алып тастау оған ешқандай әсер етпейді, себебі барлық қаржы алу мүлікті сатып алған кезде тіркелді. Соған байланысты шығын есептелмей қалған шығын сомасы таза табыс көлеміне қосылу керек.

Екінші этапта, өзгеріс процедуралары қысқа уақыттағы атқарылатын жұмыстардағы өзгерістерге байланысты жүргізіледі. Бұның мақсаты қысқа мерзімде атқарылатын жұмыстардың қайсысы бастапқы есепті өзгерткенін анықтау. Қысқа уақыттағы

активтерді көбейту ақшаны пайдаланумен байланысты, сондықтан шығын шығару деп бағаланады. Ал қысқа мерзімдегі активтерді азайту ақшаны босату, сондықтан ол ақша кірісі деп бағаланады.

Өндірістің таза табыс нәтижесімен таза ақша кірісін есептеу таза табыс немесе шығын мыналарға байланысты:

- дебиторлық қарыздың өзгерісі қарыз тек кредитті есептемегендегі, қысқа уақыттағы қаржылай инвестициялардың қысқа мерзімдегі атқарылатын жұмыстар қорының өзгерісі;
- ақшалай емес өзгерістер: ұзақ мерзімдегі активтердің өзгерісі; валюта бағасының өзгерістері есептелініп жатқан уақытқа байланысты алдыңғы жылдардағы табыспен шығыстары;
- инвестицияға және қаржылай өзгерістерді сипаттайтын басқа өзгерістер. Шаруашылық қаржылай және инвестициялық жұмыстары нәтижесінде таза табыстың өзгерісімен таза кіріспен (шығыс) анықталады.

Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының өсуі мен кемуін есептеу үшін мақсатты түрде келесі операцияларды жүзеге асыру қажет:

1) ақша ағындарын бағалау әдісін ескере отырып, қысқа мерзімді активтер мен қысқа мерзімді міндеттемелерді есептеу. Қысқа мерзімді активтердің баптарын түзету барысында салық салынғаннан кейінгі ұйымдар басқаруында қалған өсімді таза пайдадан шегеріп, ал талданып отырған кезеңдегі кемуін пайдаға қосу керек. Қысқа мерзімді міндеттемелерді түзету кезінде, керісінше өсімді таза пайдаға қосу керек, себебі бұл ақша қаражаттарының жылыстауын білдірмейді; бұл міндеттемелердің қысқаруы таза пайдадан шегеріледі.

2) ақша қаражаттарын төлеуді қажет етпейтін, шығыстарға кететін таза пайданы түзету. Ол үшін осы кезеңдегі шығыстарды (негізгі құралдардың амортизациясы және материалды емес активтер) таза пайдаға қосу керек.

Ұзақ мерзімді активтер мен басқа эмитентті бағалы қағаздарды жүзеге асыратын қаржылық нәтиже сияқты операциялық емес қызметтен алынған кіріс пен шығыстардың әсерін алып тастау. Пайда мен зиян есебінде таза пайданы есептеу барысында есепке алынған осы операциялардың әсері қайталау шотын

алып тастау үшін келесідей тәртіпте түзетіледі. Бұл операциялардың шығынын таза пайдаға қосу қажет. Кірістерді таза пайда сомасынан шегеру қажет.

Сонымен қатар бұл бөлімде шоттың қайталануын болдырмау үшін инвестициялық және қаржылық қызметтегі баптардың таза пайдаға әсері алынып тасталады.

Осылайша, негізгі құралдар мен материалды емес активтердің амортизациясы ақша ағынының көлеміне ықпал ететін маңызды ақшалай емес фактор болып табылады. Бухгалтерлік есепте амортизациялық аударымдар өнім мен қызметтің өзіндік құнымен түсіндіріледі. Сондықтан да кезеңдегі ақшалай қаражаттарды есептеу кезінде осы аударымдардың сомасын қайта қалпына келтіру қажет, яғни таза пайда көлеміне есептелген тозу сомасын қосу керек.

Ақшалай емес баптардың ақша ағындарының көлеміне әсерін келесі түрде анықтауға болады:

- амортизацияланбаған негізгі құралдар мен басқа да ұзақ мерзімді активтерді есептен шығарғанда олардың қалдық сомасын қаржылық нәтиженің төмендеуіне жатқызады. Әртүрлі мүліктердің сатылуы пайдада жүзеге асыру бағасы мен қалдық құн арасындағы айырмашылық түрінде көрінеді, есептілік кезеңіндегі ақша түсімі толықтай сомасында болса, онда мүліктің қалдық құны пайдаға қосылуы керек;
- өнімнің өзіндік құнына кіретін материалды шығындар олардың өндіріске шығарылуына қосылады, алайда олардың сатып алынуына шоттардың төленуі – бұл ақшаның шынайы жылыстауы, сондықтан өндірістік қорлар мен шығындарды жоғарылату сомасын пайдадан шегеру керек. Сол уақытта негізгі құралдарды тарату немесе өндірістегі материалдардың кері қайтарылуы ақшаның жылыстауына әсер етпейді, сондықтан да сомаға сәйкес пайда өседі;
- қысқа мерзімді міндеттемелер шотындағы қалдықтың өсуі орын алса, ақшаның түсуі орынды, осыған байланысты сол сомаға пайданы арттыру қажет.

Жанама тәсілді қолдану барысында ұйымның таза пайдасы мен зияны ақшалай емес операция нәтижелеріне және капитал айналымындағы өзгерістерге байланысты түзетіледі.

Осылайша, осы тәсіл:

- әртүрлі қызмет ұйымдары арасындағы байланысты көрсетеді;
- таза пайда мен ұйымның есептілік кезеңіндегі капитал айналымындағы өзгерістер арасында тәуелділікті қалыптастырады.

Жанама тәсіл үшін келесі ережелерді есте сақтау керек: ақша қаражаттарының қозғалысы есебінде көрсетілген ақша ағындарына шығу таза пайданы алып барлық ақшалай емес баптарға түзету жүргіземіз. Жанама тәсіл үшін түзетудің үш түрі қолданылады: *

1. Операциялық қызметке жататын кіріс пен шығыстың ақшалай емес компоненттеріне:

- қысқа мерзімді активтердің өсімі шегеріледі;
- қысқа мерзімді активтердің кемуі қосылады;
- міндеттемелердің өсімі қосылады;
- міндеттемелердің кемуі шегеріледі.

2. Операциялық қызметке жатпайтын кірістер мен шығыстарға:

- шығыстар қосылады;
- кірістер шегеріледі.

Жанама тәсілмен операциялық қызметтен ақша ағыны алгоритмінің қалыптасуы келесі кезеңдерді жүзеге асыруды талап етеді.

1. Есептілік мәліметтері бойынша ұйымның таза пайдасы анықталады.

2. Таза пайдаға ақшалай қаражаттардың қозғалысын тудырмайтын баптардың шығын сомалары қосылады. (Мысалы, амортизация).

3. «Ақшалай қаражаттар мен олардың эквиваленттері» бабынан басқа, қысқа мерзімді актив баптарындағы әрбір өсімдер (кемулер) алынады (қосылады).

4. Қысқа мерзімді міндеттемелер бабында болған, пайыздық төлемдерді қажет етпейтін өсімдер (кемулер) алынады (қосылады).

Таза ақша ағындарын қызмет түрлеріне байланысты бағалау кезінде келесі жағдайларды есепке алу қажет:

- операциялық қызметтен алынған таза ақша ағыны дұрыс болуы керек.
- операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы ұйымдастыру және өз қаражаты одан әрі дамыту мүмкіндігі табысының куәсі болып табылады;
- инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының таза ағыны (инвестициялық қызмет ұзақ мерзімді активтерді сатып алу және сатуға байланысты яғни төлемдер, кірістер аспауы керек) теріс болуы тиіс, ол ұзақ мерзімді активтер елеулі инвестициялар жүзеге асырылатынын көрсетеді, өндірісті ұлғайтуға, күштілігін арттыруға көмектеседі. (осы қызмет өз инвестиция капитал мен несиелік қаражаттың өзгеруіне байланысты);
- қаржылық қызметтен түскен ақша қаражаттарының таза ағыны оң болуы тиіс, ол сыртқы көздерден ұйым өз қызметін кеңейту қаржыландыратынын көрсетеді (жай төленуге жататын пайданы және шоттарын сақтап емес);
- тұрақты дамушы компаниялар үшін төлемдер мен кірістер жиынтық түсімдері мен төлемдері басым болуы тиіс.

Инвестициялық таза ақша ағынының сомасы, сондай-ақ тікелей әдісі бірдей алгоритмдерді пайдалана отырып, жанама әдіспен есептеу арқылы жүзеге асады. Жанама әдіс негізінде қаражат қозғалысы туралы есеп дайындау бірнеше кезеңнен өтеді:

1) баланс баптарындағы өзгерістерді есептеу және ұйымдастыру қолма-қол ақша ұлғаюына немесе азаюына әсер ететін факторларды анықтау;

2) «пайда мен шығындар» 2-нысанын талдау және қолма-қол ақша қозғалысын және пайдалану көздерін жіктеу;

3) алынған мәліметтерді ақша қаражатының қозғалысы туралы есепте біріктіру. Мекеменің кірістері мен шығыстарының барлық бағыттарын 29-кесте арқылы бағалауға болады.

Ақша қаражаттарының қалдығының кезеңдік өзгерісін табу үшін таза бөлінбеген пайдаға:

- меншікті капиталдың басқа да себептер есебінен үстелуі;
- кредиттер мен қарыздардың үстелуі;
- тозу амортизацияланатын ұзақ мерзімді активтердің үстелуін қосып;

- ұзақ мерзімді активтердің үстелуі (бастапқы немесе қалпына келтірілген бағамен);
- қорлар үстелуі;
- дебиторлық берешектің үстелуі;
- қысқа мерзімді қаржылық инвестициялардың үстелуін алу керек.

Есепті кезеңдегі өсімдер оң және теріс болуы мүмкіндігін ескеру керек; алу кезінде олар тиісінше белгісін қарама-қарсы өзгертеді.

29-кесте

Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы туралы схемасы (жанама әдіс)

Көрсеткіштері	оң ақша ағыны.	теріс ақша ағыны
1	2	3
1. Пайда (шығын) салық салуға дейін	x	x
2. Таза пайданы түзейтін операциялар		
– өзгерту амортизациясы және негізгі құралдар мен материалдық емес активтердің құнсыздануы	x	X
– гудвилдің құнсыздануы		X
– сауда және басқа да дебиторлық қарыздың құнсыздануы		X
– сатуға арналған активтердің құнын, шығындарды шегергендегі әділ бағамен есептен шығару	x	
– негізгі құралдардың шығуынан түскен залал (пайда)	x	X
– инвестициялық мүліктен түскен залал (пайда)	x	X
– қарызды алдын ала өтеуден түскен залал (пайда)	x	X
– әділ баға және табыстар мен шығындар туралы есеп арқылы көрсетілетін басқа қаржылық активтерден түскен шығын (пайда)	x	X
– қаржыландыру бойынша шығыстарды (кірістер) өзгерту	x	X
– қызметкерлерге сыйақыларды өзгерту	x	X

1	2	3
– үлес құралдарымен сыйақылау бойынша шығыстарды өзгерту	x	X
– токтатылған салықтар бойынша кіріс (шығыс)	x	X
– іске асырылмаған оң (теріс) бағамдық айырма	x	X
– үлестік қатысу әдісі бойынша ескерілетін қауымдасқан ұйымдар мен бірлескен қызметтің пайдасындағы ұйымның үлесінің өзгеруі	x	
– жалпы жиынтық пайданың (залалдың) өзге де ақшалай емес операциялық түзетулері	x	X
– қордағы өзгерістер	x	X
– резервті өзгерту	x	X
– сауда және өзге де дебиторлық берешектегі өзгерістер	x	X
– сауда және өзге де кредиторлық берешектегі өзгерістер	x	X
– салық берешектеріндегі және бюджетке түсетін басқа да міндетті төлемдердегі өзгерістер	x	X
– өзге де қысқа мерзімді міндеттемелердегі өзгерістер	x	X
– төленген сыйақы		X
– төленген табыс салығы		X
3. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының таза сомасы	x	X

Жанама әдіс тікелейге қарағанда біршама қарапайым, ал ұсынылатын мәліметтердің сапасының жоғалуы кішігірім, бірақ ақша қаржыларының шынайы қозғалысының бұрмалануы мүмкін, себебі оларды қолдану кезінде төлемдер мен түсімдердің абсолюттік мәндері қарастырылады.

Жанама әдісінің негізгі кемшілігі – есеп пайдаланушы үшін ұсынылған ақпаратты түсіну қиынға түседі. Есепте ақшалар қандай көзден алынғаны және жұмсалғаны көрінбейді. Тек қана есептеу әдісі бойынша таза пайданың түзетулері көрсетіледі.

Операциялық қызметтегі ақша қаржыларының қозғалыс есебі жанама тәсіл арқылы да алынуы мүмкін. Құрылу алгоритмі бойынша бұл тәсіл тікелейге кері болып саналады.

Жанама тәсілмен құрастырылған есеп ақша қаражаттарының барлық айналымын көрсетпейді, ол жекелеген статъялар бойынша келіп түскендер мен шыққандар арасындағы айырмашылықты жобалап көрсетеді.

Оған қоса, ұйымның шығындары бір ай мерзімділігімен және мерзім соңындағы айтарлықтай кідіруі мен құрылуын есептей отырып, есеп жедел орындалуы мүмкін емес және де ереже бойынша, аралық қаржы есептілігін ұсыну мерзімділігімен әзірленеді.

Тікелей әдісте сипатталғандай инвестициялық және қаржы қызметінің ағындарын соған ұқсас етіп есептейміз. Осылайша, жанама әдіспен жасалған ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп келесідей болады (30-кесте).

30-кесте

Ақша қаржыларының қозғалу есебі (қосымша тәсіл)

Статъялардың атаулары.	Ақшалай көлемі, млн. тг.
1	2
Операциялық іс-әрекеттен түскен ақшалай қаржылар	
Операциялық іс-әрекеттен түскен бөлінбеген пайда	152
Түзетулер	
Амортизация	96
Негізгі құралдарды сатудан түскен шығын	24
Облигацияларды сатып алудан түскен пайда	(64)
Дебиторлық берешектің ұлғаюы	(80)
Запастардың ұлғаюы	(56)
Болашақ кезендердің шығыстарының ұлғаюы	(8)
Кредиторлық берешектің азаюы	(20)
Төлемге деген пайыздардың азаюы	(4)
Салықтардың ұлғаюы	40
Операциялық қызметтен түскен таза ақша ағыны	80
Инвестициялық іс-әрекеттен түскен ақша қаражаттары:	
Негізгі құралдарды сатудан алынған ақша қаражаттары	48
Негізгі құралдарды сатып алуға жұмсалған акция қаражаттары	(40)
Инвестициялық іс-әрекеттен түскен акция ағыны	8
Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражаттары	
Акцияларды шығарудан алынған ақша қаражаттары	60
Облигациялардан алынған ақша қаражаттары	(72)

1	2
Төленген дивиденттер	(56)
Қаржылық қызметтен түскен таза ақша ағыны	(68)
Есепті мерзім басындағы ақша қаражаттары мен олардың эквиваленттері	48
Есепті мерзім соңындағы ақша қаражаттары мен олардың эквиваленттері	68

31-кесте

Қаржылық левириджі құру тиімділігі

Реттік №	Көрсеткіштер	Ұйымдар		
		№1	№2	№3
1.	Қарастырылған мерзімдегі барлық қолданылған капиталдың (активтердің) орташа сомасы, мың тг барлығы	5500,0	5500,0	5500,0
2.	оның ішінде: меншікті капиталдың орташа сомасы, мың тг	5500,0	3850,0	2750,0
3.	Қарыз капиталының орташа сомасы, мың тг.	0	1650,0	2750,0
4.	Жалпы пайда сомасы (несие пайыздарын төлеу шығындарын есепке алмағанда) мың тг.	1400,0	1400,0	1400,0
5.	Активтердің жалпы рентабельділік коэффициенті (несие пайыздарын төлеу шығындарын есепке алмағанда), %	20	20	20
6.	Несие пайыздарының орташа деңгейі, %	12	12	12
7.	Қарыз капиталын қолданғаны үшін төленген несие пайыздарының сомасы, мың тг. [(3 гр – 6 гр) / 100]	0	198	330
8.	Ұйымның жалпы пайдасының сомасы (несие пайыздарын төлеу шығындарын есепке алғанда), мың тг (4 гр – 7 гр)	1400	1202,0	1070,0
9.	Ондық бөлшекпен айқындалған пайдаға деген салық ставкасы	0,3	0,3	0,3
10.	Пайдаға деген салық сомасы мың тг (8 гр – 9 гр)	420,0	360,6	32,1
11.	Салықты төлегеннен кейінгі ұйымның билігінде қалған таза пайданың сомасы, мың тг (8 гр – 10 гр)	980,0	841,4	749,0
12.	Меншікті капитал рентабельділігінің коэффициенті немесе қаржы рентабельділігінің коэффициенті [(11 гр - 2гр) / 100]	17,82	21,85	27,24
13.	Қаржы капиталын қолдану себебінен меншікті капитал рентабельділігінің өсімі, % (№2 ұйымға қатысты)	0	2,4	5,6

5.3. Ақша ағындарының абсолюттік көрсеткіштерін талдау

Ақша ағындары көлемінің қозғалысын талдау деңгейлес талдау әдісі арқылы жүргізіледі. Аталған әдістің негізі – жекелей алынған талдау тарауларының әрқайсысы бойынша барлық көрсеткіштерді талдау болып табылады.

Ақша ағындарын басқару жүйесінде ең кеңінен тарағандары – деңгейлес талдау әдісінің төмендегідей түрлері:

- *есеп беру кезеңіндегі ақша ағыны көрсеткіштерінің қозғалысын алдыңғы кезеңнің көрсеткіштерімен салыстырып талдау* (мысалы, өткен ай, тоқсан, жылдың көрсеткіштерімен);
- *есеп беру кезеңіндегі ақша ағыны көрсеткіштерінің қозғалысын өткен жылдың есеп беру кезеңінің көрсеткіштерімен салыстырып талдау* (мысалы, есеп беру кезеңінің екінші тоқсанындағы көрсеткіштерді өткен жылдың екінші тоқсанындағы сәйкес көрсеткіштермен салыстыру). Деңгейлес талдаудың бұл түрі шаруашылық қызметтерінің маусымдық ерекшеліктері айқын бейнеленген мекемелерде қолданылады;
- *алдыңғы кезеңдер ішіндегі ақша ағыны көрсеткіштерінің қозғалысын талдау*. Талдаудың бұл түрінің мақсаты – мекеменің ақшалай активтерінің әрекет ету нәтижелерін сипаттайтын жекелеген көрсеткіштердің өзгеріс үдерісін анықтау (қозғалыстағы тренд сызығын анықтау).

Ақша ағындарын деңгейлес талдаудың барлық түрлері, әдетте, жекелеген факторлардың сәйкес қорытынды көрсеткіштерінің өзгерістеріне ықпал етуін зерттеумен толықтырылады. Мұндай аналитикалық зерттеудің қорытындылары сәйкес динамикалық факторлық үлгілерді құрастыруға мүмкіндік береді. Кейін бұл үлгілер мекеменің ақша ағындарын жоспарлау процесінде қолданылатын болады.

Деңгейлес талдау кезінде екі тәсіл қолданылады:

- 1) абсолюттік шамадағы өзгерістерді салыстыру (мәселен, теңге);
- 2) салыстырмалы (пайыздық) шамадағы өзгерістерді салыстыру.

Әдетте талдаушы есепте аталған екі тәсілді де қолданады. Бұл ретте алдыңғы (немесе бірінші) кезеңге қатысты пайыздық өзгерістерді талдау тәсілі ең көрнекі тәсіл болып табылады.

Содан соң жүргізілген талдаудың деректеріне сүйене отырып, ақша ағындарын оңтайландыру шарасы жүргізіледі. Бұл – үлкен көлемді ақша ағыны немесе оң ақша ағынының себептерін анықтап, жоюға мүмкіндік береді. Егер де ақша ағыны оң болса, онда барлық қаражат инфляциялық процестер кезінде құнсызданып қалуы мүмкін. Ал ақша ағыны тым көлемді болатын болса, қаржы ресурстарының жетіспеушілігінен мекеме төлем жасауға шамасы келмей қалуы мүмкін.

Ақша ағындары көлемінің қозғалысын №5 мекеменің 3-формасы «Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есеп (тура әдіс)» мәліметтері негізінде, 32-аналитикалық кестені құра отырып талдайық.

32-кесте

Ақша ағындары көлемінің қозғалысын талдау

Көрсеткіштер	Ақша ағындарының сомасы, млн теңге		Өзгеріс (+, -)	Өрлеу қарқыны, %	Өсу қарқыны, %
	2012 ж.	2013 ж.			
1	2	3	4	5	6
Жыл басындағы ақша қаражаттарының қалдығы	46,40	185,46	+139,06	399,70	299,70
<i>I. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы</i>					
Ақша қаражаттарының түсуі – барлығы,	8406,75	10827,69	+2420,94	128,80	28,80
оның ішінде:					
– өнімді өткізу	2844,53	7895,83	+5051,30	277,58	177,58
– негізгі қаражаттарды өткізу	181,98	33,14	-148,84	18,21	-81,79
– өзге ұзақ мерзімді активтерді өткізу	8,41	-	-8,41	-	-100,00
– алынған сыйақылар	376,76	863,52	+486,76	229,20	129,20
– өзге түсімдер	4995,07	2035,20	-2959,87	40,74	- 59,26
Ақша қаражаттарының істен шығуы – барлығы,	8400,72	9786,68	+1385,96	116,50	16,50
оның ішінде:					

1	2	3	4	5	6
– жеткізушілерге өнім үшін төлем жасау	2386,69	4182,27	+1795,58	175,23	75,23
– енбекақы төлеу төлемдері	1388,36	1571,32	+182,96	113,18	13,18
– салықтар мен алымдар бойынша есептер	1076,20	1432,66	+356,46	133,12	33,12
– өзге төлемдер	3549,47	2600,43	-949,04	- 73,26	- 26,74
Операциялық қызметтен түскен ақша ағыны	6,03	1041,01	+1034,98	17264	17164
<i>II. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы</i>					
Ақша қаражаттарының түсуі	-	-	-	-	-
Ақша қаражаттарының істен шығуы	-	-	-	-	-
Инвестициялық қызметтен түскен ақша ағыны	-	-	-	-	-
<i>III. Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы</i>					
Ақша қаражаттарының түсуі – барлығы,	462,71	-	-462,71	-	-100,00
оның ішінде:					
– алынған қарыздар	462,71	-	-462,71	-	-100,00
Ақша қаражаттарының істен шығуы – барлығы,	329,68	40,67	-289,01	12,34	- 87,66
оның ішінде:					
– қарыздарды өтеу	329,68	40,67	-289,01	12,34	- 87,66
Қаржылық қызметтен шыққан ақша ағыны	133,03	-40,67	-173,70	-30,57	-130,57
Таза ақша ағыны	139,06	1000,34	+861,28	719,36	619,36
Жыл соңындағы ақша қаражаттарының қалдығы	185,46	1185,80	+1000,34	639,38	539,38

32-кестеде көрсетілген деректердің негізінде, абсолюттік ауытқулар, өсу және өрлеу қарқындарын есептеу арқылы ақша ағындарының динамикасы зерттеледі, сондай-ақ ақша ағындары өзгерісінің үдерістері айқындалады. Таза ақша ағынының өрлеу қарқыны активтердің өрлеу қарқыны мен өнімді өткізу көлемінің өрлеу қарқынымен салыстырылады. Мұндай талдау оң, теріс және таза ақша ағындарының құрылу көлемінің динамикасын жекелеген дереккөздер тұрғысынан қарастырып, зерттеуге мүмкіндік береді.

Талданып отырған кезең ішінде, оң ақша ағындарының абсолюттік мәнінің өсу үдерісі байқалды. 2012 жылы ол 8869,46 млн теңгені құраса, ал 2013 жылы – 10827,69 млн теңгені құрады, яғни өсу қарқыны 22,08 %-ды құрады. Теріс ақша ағындарының өзгеру қарқынында (қаражаттың кетуі) да өсу үдерісі сақталып тұр. (2012 жылы – 8730,40 млн теңге, 2013 жылы – 9827,35 млн теңге). Алайда оның өрлеу қарқыны оң ағынға қарағанда сәл азырақ. Бұл факт мекеменің ақша қаражаттарының сомасын 2011 жыл кезең басындағы 185,46 млн теңгеден, кезең аяғында 1185,69 млн теңгеге дейін өсіруге мүмкіндік берді.

2013 жылы қаржылық-шаруашылық қызметін жүзеге асыру нәтижесінде, №5 мекеме ақша қаражаттарының түсуі жағынан да, кетуі жағынан да ақша жиыны көлемін айтарлықтай арттырды. Бұл жағдайға оң баға беруге болады, себебі ол өнімді өткізу мен өндіріс көлемінің өсу нәтижесін көрсетеді. Бұл жағдайдың жағынды тұсы – ақша қаражаттарының кетуінен гөрі, олардың түсуінің артуы, бұл 1000,34 млн теңге таза ақшалай ағын көлеміндегі оң нәтижеге қол жеткізуді қамтамасыз етті. 2013 жылғы оң ақша ағынының сомасы, 2012 жылға қарағанда 1958,23 млн теңгеге артты, өсу қарқыны 22,08 %-ды құрады. Теріс ақша ағынының мәні 1096,95 (1385,96-289,01) млн теңгеге немесе 12,56 %-ға өсті.

Қызмет түрлері бойынша ақша ағындарының көрсеткіштерін қарастыра отырып, ақша жиынының көп бөлігін мекеменің операциялық қызметі қамтамасыз ететіндігін атап өткен жөн. Мұндай қызмет түрінен келіп түскен ақша қаражаттарының сомасы 2013 жылы 10827,69 млн теңгені құрады, бұл өткен жылға қарағанда 2420,94 млн теңгеге көп. Барлық ақшалай түсімдер жалпы көлемінде аталған көрсеткіштің үлесті салмағы 2013 жылы 100 %-ды құрады.

Ақша қаражаттарының операциялық қызметке түсу және шығу деректерін салыстыра келе, 2012 жылы түсімнің шығыстан 6,03 млн теңгеге, 2013 жылы 1041,01 млн теңгеге өскені дәлелденіп отыр. Мұны жағынды фактор деп есептеуге болады, себебі шын мәнінде инвестициялық және қаржылық қызметтер бойынша операцияларды жүзеге асыру үшін қажетті ақша қаражаттарының жеткіліктілік шартын операциялық қызмет қамтамасыз етуі керек.

Ақша қаражаттарының операциялық қызметтен шығысы 2012 жылға қарағанда, 2013 жылы 1385,96 млн теңгеге артты, өсу қарқыны 16,50 %-ды құрады, бұл көрсеткіш ақша қаражаттарының қызметтің осы түрі бойынша өсімінің бірталай артуы есебінен өтелді. 2012 жылы таза ақша ағыны 139,06 млн теңгені құраса, ал 2013 жылы – 1000,34 млн теңгені құрап, 7,2 есеге артты.

Атап өтетін жайт, 2013 жылы операциялық қызмет шығысынан гөрі, ақша қаражаттары өсімінің артқанына қарамастан, №5 мекеме инвестициялық және қаржылық қызметтер операцияларын жүзеге асырмады.

Енді сәйкесінше активтер өнімді өндіру (өткізу) көлемін ақша ағынының өсу қарқынымен салыстыра отырып, мекеме активтерінің қарқынын, тауарлар мен қызметтерді өткізу көлемін және таза ақша ағынын талдаймыз (33-кесте).

33-кесте

Активтер өсімінің, өнімді өткізу көлемінің және таза ақша ағынының қарқыны

Көрсеткіштер	Ақша ағындарының сомасы, млн теңге		Өзгеріс (+, -)	Өрлеу қарқыны, %
	2012 ж.	2013 ж.		
Мекеменің жиынтық активтері	11752,53	13008,97	+1256,44	110,69
Өнімді өткізуден түскен ақша	2844,53	7895,83	+5051,30	277,58
Таза ақша ағыны	139,06	1000,34	+861,28	719,36

Мекеменің қалыпты жұмыс істеуі үшін және оның қаржылық орнықтылығы мен төлем жасауға қабілеттілігін арттыру үшін, өнімді өткізу көлемінің өрлеу қарқыны активтердің өрлеу қарқынынан жоғары болуы керек, ал таза ақша ағынының өрлеу қарқыны өнімді өткізу көлемінің өрлеу қарқынын басып озуы керек. 2013 жылы бұл қажеттілік толығымен орындалды. Таза ақша ағынының өрлеу қарқыны өнімді өткізудің өрлеу қарқынынан 2,6 есеге артық болғандығы, төлем жасау қабілеттілігіне оң әсер береді.

Табыс пен шығыс туралы есептің және ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептің *сатылас талдауының* нәтижесінде, біз табыстар мен шығыстардың жалпы сомасында қандай да бір кірістер мен шығыстар қандай үлес салмағын алатындығы

туралы түсінік ала аламыз, осылайша олардың мекеме қызметіне қаншалықты деңгейде әсер ететінін жорамалдауға мүмкіндік аламыз. Бұл талдаудың барысында, жалпы ақша ағынының құрамынан мекеменің операциялық, инвестициялық және қаржылық қызметтерінен ақша ағындарының шығысы бөліп шығарылады. Сатылас талдаудың нәтижелері де әдетте графикалық түрде безендіріледі.

Ақша ағындарын басқару жүйесінде сатылас талдаудың келесі түрлері кеңінен тараған:

- *шаруашылық қызметтерінің түрлері бойынша (операциялық, инвестициялық және қаржылық) мекеменің ақша ағындарын құрылымдық талдау.* Бұл талдаудың көмегімен, кіріс, шығыс және таза ақша ағынының қалыптасуындағы әр қызмет түрінің үлесін айқындауға болады. Ақша қаражаттарының қолданылуы және түсуінің жеке-леген көздері бойынша ақша ағынының құрылымын зерттеу, жалпы мекемедегі ақша ағынының қалыптасуындағы олардың әрқайсысының үлесін анықтауға мүмкіндік береді;
- *мекеменің ішкі бөлімшелері («жауапты орталықтар») бойынша ақша ағындарын құрылымдық талдау.* Бұл талдаудың нәтижелері мекеменің ақша ағындарының қалыптасуы эффективтілігін әрі қарай тереңдетіп, салыстырмалы және факторлық түрде талдауға негіз болады.
- *оң (теріс) ақша ағындарын, оның қалыптасуының жеке-леген элементтері бойынша құрылымдық талдау.* Мұндай талдау мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметінің өзгешеліктерін есепке ала отырып, оның оң және теріс ақша ағындарының қалыптасуындағы негізгі құрамдас элементтерін айқындауға мүмкіндік береді.

Сатылас талдауды жүргізу барысында, бүтін бөлік 100 %-ға теңестіріліп, әрбір құрамдас бөліктің үлес салмағы есептеледі. Бүтін бөліктер дегеніміз – баланс, кіріс және шығыс туралы есеп, ақша қаражаттарының қозғалысы туралы есептің қорытындылары.

Қызмет түрлері (операциялық, инвестициялық, қаржылық) бойынша ақша ағындарының құрамы мен құрылымын талдауды №6 мекеменің үлгісімен жүргіземіз. Ол үшін 3-форма «Ақша

қаражаттарының қозғалысы туралы есеп (тура әдіс)» негізінде құрылған 34-кестені қолданамыз.

34-кесте

Қызмет түрлері бойынша ақша ағындарының сатылас талдауы

Көрсеткіштер	2012 ж.		2013 ж.		Өзгерістер (+, -)	
	мың теңге	%	мың теңге	%	мың теңге	%
Жыл басындағы ақша қаражаттарының қалдығы	404	-	84	-	-320	-
<i>I. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы</i>						
1. Түсім – барлығы	26488	100	24348	100	-2140	-
оның ішінде:						
өнімді өткізуден түскен табыс	26472	99,94	24304	99,82	-2168	-0,12
өзге кірістер	16	0,06	44	0,18	+28	+0,12
2. Шығыс – барлығы,	24888	100	23200	100	-1688	-
оның ішінде:						
– өнім үшін төлеу	18880	75,86	16976	73,17	-1904	-2,69
– еңбекақы төлеу	3188	12,81	3788	16,33	+600	+3,52
– салықтар мен алымдар бойынша есептер	1060	4,26	852	3,67	-208	-0,59
– өзге шығыстар	1760	7,07	1584	6,83	176	-0,24
3. Таза ақша ағыны	1600	-	1148	-	-452	-
<i>II. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы</i>						
4. Түсім	-	-	-	-	-	-
5. Шығыс	-	-	-	-	-	-
6. Таза ақша ағыны	-	-	-	-	-	-
<i>III. Қаржылық қызметтен түскен ақша қаражаттарының қозғалысы</i>						
7. Түсім – барлығы,	-	-	6000	100	+6000	+100
оның ішінде:						
– қарыздар мен несиелер	-	-	6000	100	+6000	+100
8. Шығыс – барлығы,	1920	100	7188	100	+5268	-
оның ішінде:						
– қысқа мерзімді қаржы инвестициялары	1920	100	7188	100	+5268	-
9. Таза ақша ағыны	-1920	100	-	-	+732	-100
			1188			
10. Ақша қаражаттарының қорытынды таза өсуі (+) және азаюы (-)	-320	-	-40	-	+280	-
Жыл соңындағы ақша қаражаттарының қалдығы	84	-	44	-	-40	-

34-кестеден байқағанымыздай, 2013 жылы операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының негізгі кіріс көзі – тапсырыс берушілер мен сатып алушылардан түскен қаражаттар болып табылады (99,82 %). Сол жылғы ақша қаражаттары түсімінің қосымша көзі өзге табыстар (0,18 %) болды. Ақша қаражаттарын жұмсау тарауларының арасында үлес салмағы көбі – сатып алынған өнімді төлеу (73,17 %) тарауы, сондай-ақ еңбек-ақыны төлеу шығындарын да (16,3 %), салықтар мен алымдар бойынша есептесулер (3,67 %) мен өзге шығындарды (6,83 %) да атап өткен жөн. 2013 жылғы операциялық қызметтен түскен ақша қаражаттарының таза түсімі 1148 мың теңгені құрады, бұл 2012 жылғы көрсеткіштен 452 мың теңгеге аз. Инвестициялық қызметтер тұрғысынан №6 мекемеде ақша қаражаттарының қозғалысы байқалмады.

Талдау мәліметтеріне сүйенсек, 2013 жылы мекеменің қарыздық қаражаттарды қолдануы тұтас ақша ағынының артуына алып келді (+6000 мың теңге).

Мекемедегі ақша қаражаттарының өзгерісін сипаттайтын тұтас қорытынды, олардың әрбір қызмет түрі бойынша қозғалыс нәтижесінің сомасынан құралады. 2013 жылғы ақша қаражаттарының таза азаюы 40 мың теңгені құрады, бұл 2010 жылғы ақша қаражаттары шығысының жалпы сомасынан 280 мың теңгеге көп (– 320 мың теңге). Факторлардың ықпалы ақша қаражаттарының қызмет түрлері бойынша таза сомасы арқылы бағаланады.

Ақша ағындарын талдау әдістерінің ең негізгісінің біреуі – қалыптамалық әдіс. Қалыптамалық үлгілер мекеменің ақша ағындарын жоспарлау және жорамалдау саласында кең қолданыс тапқан.

Қалыптамалық үлгі тікбұрышты кестеден тұрады, оның элементтері объектілердің өзара байланысын бейнелейді. Ол қаржылық талдау жүргізуге өте қолайлы, себебі ол әртүрлі, бірақ өзара қисындасқан экономикалық құбылыстарды қиыстырудың қарапайым да көрнекі тәсілі болып табылады.

Қалыптамалық баланс мекеме балансының стандартты түрінің туындысы болып табылады, оны кесте түрінде оңай бейнелеуге болады, ондағы көлденең сызықтар бойынша пассивтер тараулары орналасса, тік сызықтарда активтер тараулары жайға-

сады. Бухгалтерлік баланс қалыптамасының өлшемі активтер мен пассивтер тарауларының санына сәйкес келуі мүмкін, алайда практикалық мақсаттар үшін баланстың қысқартылған түрінің 10x10 өлшемі де жарайды.

Қалыптамалық баланстар мыналарға мүмкіндік береді:

- баланстың актив тараулары мен пассив тарауларының бірлігін анықтауға;
- мекеме балансы бойынша активтер сапасын және оларды қаржыландыру көздерінің жеткіліктілігін анықтап, құрылымын есептеуге;
- мекеменің қаржылық орнықтылығын, төлем жасауға қабілеттілігін, ресурстарды қолдануын бағалауға қажетті көрсеткіштер мен коэффициенттердің бүкіл жиынтығын есептеп шығаруға;
- мекеменің қаржылық жағдайын әділ бағалап, есеп беру кезеңіндегі оның өзгерістерінің себептерін анықтауға;
- мекеменің төлем жасауға қабілетсіздік шегіне жетуін сипаттайтын параметрлерді белгілеуге.

Қалыптамалық баланстың құрылуы бірнеше этаптардан тұрады:

1) алдағы уақытта қолданылуы мүмкін мақсаттарға байланысты баланс қалыптамасының мөлшерін таңдау. Қалыптамалық баланстың табиғаты статистикалық болып келеді және ол кезеңнің басы мен соңындағы қаражаттардың жағдайын көрсетеді;

2) таңдалған қалыптама мөлшері бойынша стандартты баланстың біріктірілме балансына айналуы;

3) баланс қалыптамасының құрылуы, қорытынды жолдар мен тармақтардың біріктірілме балансқа сәйкес толтырылуы;

4) «алтын қаржыландыру» ережесіне сәйкес, мекеме қарамағындағы қаражат көздерін іріктеу;

5) қалыптамадағы баланс қорытындыларын есептеу және тексеру;

6) нәтижелері жорамалдық және аналитикалық есептеулерге қолданылуы мүмкін кезең ішіндегі ақша қаражаттарының өзгерісін көрсететін айырымдық (динамикалық) қалыптамалық баланстың құрылуы.

Қазіргі таңда мекеме жетекшілері активтерді қаржыландыру эффективтілігі мәселелерімен бетпе-бет келіп жатыр. Активтер-

дің әрбір тобы қаржыландырудың нақты бір заңдылықтарына бағынады. Бұл заңдылықтар жалпыға бірдей «алтын қаржыландыру» ережелерінде көрсетілген:

- инвестицияға қажетті қаржылық ресурстар, осы инвестицияларды жүзеге асыру нәтижесінде байланыстырылған күйінде қалғанға дейін мекеменің қарамағында болуы керек;
- мекеменің кредиторлық берешегін басқарудың «алтын қағидасы» қалыптасқан іскерлік қатынастарға зиян келтірместен, өтеу мерзімін мүмкіндігінше арттыру ережесінен тұрады.

Қалыптамалық балансты құрудағы ең жауапты және күрделі сатысы – «алтын қаржыландыру» ережелеріне сәйкес, мекеме қарамағындағы қаражаттар көзін таңдау сатысы болып табылады. Бұл ережеде мекеме активтерінің әртүрлі топтарын қаржыландыру заңдылықтары көрсетілген.

Активтерді сауатты түрде қаржыландыру келесі жағдайларда көрініс табады:

1) инвестицияға қажетті қаржылық ресурстар, осы инвестицияларды жүзеге асыру нәтижесінде байланыстырылған күйінде қалғанға дейін мекеменің қарамағында болуы керек. Байланыстырылған ресурстар ұғымының астарында, мекеменің өзінің операциялық қызметінің жұмысын үздіксіз қамтамасыз етіп отыруға қажетті қаржылық ресурстар көлемінің бар болуы түсіндіріледі;

2) мекеменің кредиторлық берешегін басқару үшін «алтын қаржыландыру» қалыптасқан іскерлік қатынастарға зиян келтірместен, өтеу мерзімін мүмкіндігінше арттыру ережесінен тұрады.

«Алтын қағиданы» іс жүзінде қолдану мекеме активтерін қаржыландыру көздерін қатаң түрде регламенттеу және оларды қолдану тәртібінен көрініс табады. Қаржыландыру көздерін таңдау 35-кестеде көрсетілген рет бойынша, алдыңғы актив тарауларының берілген дереккөздер есебінен қамтамасыз етілген ақша қаражаттарының қалдығы шамасында жүргізіледі, ал әрбір келесі көзді тарту мекеменің қаржымен қамсыздандыру сапасының төмендеуінен хабар береді.

Мекеме активтерін қаржыландыру тәртібі

Активтер	Пассивтер
1. Қысқа мерзімді активтер	
1.1. Ақша қаражаттары	1. Қысқа мерзімді кредиторлық берешек 2. Қысқа мерзімді қарыздар 3. Ағындағы салық міндеттемесі 4. Резервтер 5. Бөлінбеген пайда
1.2. Қысқа мерзімді дебиторлық берешек	1. Қысқа мерзімді кредиторлық берешек 2. Қысқа мерзімді қарыздар 3. Ағындағы салық міндеттемесі
1.3. Қорлар	1. Қысқа мерзімді кредиторлық берешек 2. Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек 3. Қысқа мерзімді қарыздар 4. Ұзақ мерзімді қарыздар 5. Бөлінбеген пайда
1.4. Қысқа мерзімді қаржы инвестициялары	1. Қысқа мерзімді кредиторлық берешек 2. Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек 3. Резервтер
2. Ұзақ мерзімді активтер	
2.1. Ұзақ мерзімді дебиторлық берешек	1. Қысқа мерзімді кредиторлық берешек 2. Ұзақ мерзімді кредиторлық берешек 3. Қысқа мерзімді қарыздар 4. Ұзақ мерзімді қарыздар
2.2. Негізгі қаражаттар мен бейматериалдық активтер	1. Ұзақ мерзімді қарыздар 2. Жарғылық (акционерлік) капитал 3. Эмиссиялық табыс 4. Бөлінбеген пайда
2.3. Ұзақ мерзімді қаржы инвестициялары	1. Ұзақ мерзімді қарыздар 2. Жарғылық (акционерлік) капитал 3. Эмиссиялық табыс 4. Бөлінбеген пайда

36, 38-кестелерде ақша ағындарын қалыптамалық әдісті қолдану арқылы есептеу көрсетілген.

Біріктіріме баланс

Тараулардың атауы	Кезен басында	Кезен соңында	Өзгеріс (+, -)
<i>Активтер</i>			
1. Ақша қаражаттары	48	68	20
2. Қысқа мерзімді дебиторлық берешек	160	240	80
3. Қорлар	280	336	56
4. Келешек кезеңдердің шығысы	16	24	8
5. Қорытынды қысқа мерзімді активтер	504	668	164
6. Негізгі қаражаттар	648	760	112
8. Қорытынды ұзақ мерзімді активтер	648	760	112
Баланс	1152	1428	276
<i>Пассивтер</i>			
1. Қысқа мерзімді кредиторлық берешек	160	140	20
2. Төлем пайыздары	16	12	4
3. Салықтар	48	88	40
4. Қорытынды қысқа мерзімді міндеттемелер	224	240	16
5. Төлем облигациялары	256	360	104
6. Қорытынды ұзақ мерзімді міндеттемелер	256	360	104
7. Қарапайым акциялар	320	380	60
8. Бөлінбеген пайда	352	448	96
9. Қорытынды капитал	672	828	156
Баланс	1152	1428	276

Қалыптamalық баланc

Пассив	Қалыптamalық баланc									
	2	3	4	5	6	7	8	9	10	
Актив	1									
Қысқа мерзімді кpe- диторлық бepшeк										
Төлeм пайыздары										
Ағындағы салық міндеттемелері										
Төлeм облыстары										
Қорытынды міндеттемелер										
Қарапайым активтар										
Бөлінбеген пайда										
Қорытынды капитал										
Баланc										
Актив										
1										
Ақша қаражаттары:										
– кезең басында			48		48				48	
– кезең соңында			68		68				68	
Қысқа мерзімді дебитор- лық бepшeк:										
– кезең басында	160				160				160	
– кезең соңында	140			100	240				240	
Қорлар:										
– кезең басында		16			272		8		280	
– кезең соңында		12	20		292	44			336	
Келешек кезеңдердің шығыстары:										
– кезең басында							16		16	
– кезең соңында						24			24	

1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
Қорығынды қысқа мерзімді активтер:	160	16	48	256	480	-	24	24	504
– кезең басында	140	12	88	360	600	68	-	68	668
– кезең соңында									
Негізгі қаражаттар:									
– кезең басында	-	-	-	-	-	320	328	648	648
– кезең соңында	-	-	-	-	-	312	448	760	760
Қорығынды ұзақ мерзімді активтер:									
– кезең басында	-	-	-	-	-	320	328	648	648
– кезең соңында	-	-	-	-	-	312	448	760	760
Баланс:									
– кезең басында	160	16	48	256	480	320	352	672	1152
– кезең соңында	140	12	88	360	600	380	448	828	1428

Айырымдык (динамикалык) баланс

Пассив	Төмөк пайыздары	Арындагы салык міндеттемелери	Төмөк облигациялары	Корытынды міндеттемелер	Карапайым акциялар	Бөлінбөгөн пайда	Корытынды капитал	Баланс
Актив	Кыска мерзімді кредиторлық берешек	Төмөк пайыздары	Арындагы салык міндеттемелери	Төмөк облигациялары	Корытынды міндеттемелер	Карапайым акциялар	Бөлінбөгөн пайда	Корытынды капитал
Акша каражаттары	-	-	20	-	20	-	-	-
Кыска мерзімді дебиторлық берешек	-20	-	-	100	80	-	-	-
Корлар	-	-4	20	4	20	44	-8	36
Келешек кезеңдердин шыгысы	-	-	-	-	-	24	-16	8
Корытынды кыска мерзімді активтер	-20	-4	40	104	120	68	-24	44
Негізгі каражаттар	-	-	-	-	-	-8	120	112
Корытынды ұзақ мерзімді активтер	-	-	-	-	-	-8	120	112
Баланс	-20	-4	40	104	120	60	96	156
								276

5.4. Ақша ағындарын коэффициенттік талдау

Коэффициенттік талдау – ақша ағындарын талдаудың ажырамас бөлігі болып табылады. Ол қаржы коэффициенттерін өзара есептеу тәсіліне негізделеді.

Қаржы коэффициенті дегеніміз – теңгерімнің жекелеген баптары мен олардың комбинациясының қатынасы ретінде есептеп шығарылатын салыстырмалы көрсеткіш. Әлбетте, коэффициенттік талдаудың ақпарат қоры болып бухгалтерлік теңгерім қызмет атқарады (1-форма).

Әдетте экономикалық әдебиеттерде коэффициенттік талдау түсінігінің аясында қаржы есеп-кисабын қаржы көрсеткіштерінің (коэффициенттер) жиынтығы арқылы зерттеу және талдау ұғымы түсіндіріледі. Коэффициенттік талдауды тағайындау дегеніміз – мекеменің қаржылық жағдайы туралы пікір айтуға мүмкіндік беретін бірнеше базалық көрсеткіштер бойынша мекемені сипаттау деген сөз.

Коэффициенттік талдауды жүргізу барысында ескеретін жайт, қалыпты мәндер немесе ұсынылатын мәндер батыстық компаниялардың қызметін талдау негізінде анықталған және олар қазақтандық жағдайларға бейімделмеген болатын.

Оның үстіне, коэффициенттерді салалық нормативтермен салыстыру әдістемесіне өте мұқият болған жөн. Дамыған елдерде негізгі пропорциялар ондаған жылдар бұрын қалыптасып, ондағы барлық өзгерістер үнемі бақыланып отыратын болса, Қазақстанда мекеменің активтер мен пассивтерінің нарықтық құрылымы әлі де қалыптасу үстінде, бақылау жұмыстары толық көлемде жүргізілмейді. Сондай-ақ есеп-кисаптың бұрмалануы, есеп-кисапты құрастыру ережелеріне үнемі түзетулер енгізіліп отыратындығын есепке алатын болсақ, онда салалар бойынша жеткілікті түрде дәйекті, жаңа нормативтерді шығарудың қаншалықты қиын екендігін түсінуге болады.

Коэффициенттік талдаудың көмегімен деңгейлер мен олардың ақша ағындарын сипаттайтын әртүрлі салыстырмалы көрсеткіштердің жоспарлы және базистік мәндерінен ауытқуы зерттеледі, сонымен қатар мекеменің ақша ағындарының өтімділік және эффективтілік коэффициенттері есептеп шығарылады. Талдау жүйесінің осы түрін пайдалану барысында, ақша ағын-

дарының жекелеген көрсеткіштері мен олардың мекеменің қаржылық жағдайының жалпы деңгейіне әсерін сипаттайтын әртүрлі салыстырмалы көрсеткіштер анықталады.

Коэффициенттік талдаудың маңызды тұсы – мекеменің ақша ағындарын басқару сапасын қамтып көрсететін оң және теріс үдерістерді анықтауға мүмкіндік беретін әртүрлі коэффициенттер қарқынын зерттеу, сондай-ақ қаржылық-шаруашылық қызметті жүзеге асыруда басқарушылық шешімдерді оңтайландыру бойынша сәйкес түзетулерді енгізуге қажетті шараларды жетілдіру.

Қаржы коэффициенттерін қолдана отырып, ақша ағындарының талдауын жүргізейік (39-кесте).

39-кесте

Ақша ағындарын талдаудың коэффициенттік әдісіне қажетті есептеу деректері

Көрсеткіштер	Белгілер	2012 ж.	2013 ж.	Өзгеріс (+, -)
1	2	3	4	5
Оң ақша ағыны, мың тенге	AA _о	21998	25597	+ 3599
Операциялық қызметтен түскен оң ақша ағыны, мың тенге	AA _{п.од}	19853	23486	+ 3633
Теріс ақша ағыны, мың тенге	AA _о	21996	20658	- 1338
Операциялық қызметтен түскен теріс ақша ағыны, мың тенге	AA _{о.од}	20610	18884	- 1726
Өнімді өткізуден түскен табыс, мың тенге	T	10099	12568	+ 2469
Таза табыс, мың тенге	TT	626	148	- 478
Негізгі қаржылардың өтелімі, мың тенге	ҚӨ	12882	47028	+ 34116
Дебиторлық берешектің өсуі (кемуі), мың тенге	ДДБ	201	37	- 164
Қысқа мерзімді материалдық активтер қорының өсуі, мың тенге	ΔМА	180	466	+ 286
Кредиторлық берешектік өсуі, мың тенге	ΔКБ	228	461	+ 233
Меншікті капиталдың орташа шамасы, мың тенге	МК _{ср}	10286	13226	+ 2940
Таза ақша ағыны, мың тенге	ТАА	14117	48140	+ 34023
Ақша қаражаттарының сомасы, мың тенге	АС	599	1309	+ 710
Ақша қаражаттарының орташа шамасы, мың тенге	АС _{ср}	720	920	+ 200
Қысқа мерзімді міндеттемелердің сомасы, мың тенге	ҚМ	1085	1660	+ 575

1	2	3	4	5
Қысқа мерзімді қаржы инвестицияларының сомасы, мың тенге	ҚКИ	0	0	0
Қысқа мерзімді кредиторлық берешектің сомасы, мың тенге	ҚКБ	217	350	+ 133
<i>Ақша ағындарының өтімділігінің көрсеткіштері</i>				
Ақша ағынының өтімділік коэффициенті	$K_{л,дп}$	1,00	1,24	+ 0,24
Абсолюттік төлем қабілеттілігі коэффициенті	$K_{ап}$	0,552	0,788	+ 0,236
Аралық төлем қабілеттілігі коэффициентінің	$K_{пп}$	0,752	0,999	+ 0,247
Ағындағы төлем қабілеттілігі коэффициентінің	$K_{тп}$	0,963	1,244	+ 0,281
<i>Ақша ағындарының эффективтілігінің көрсеткіштері</i>				
Ақша қаражаттарымен қамтылғандық коэффициенті	$K_{обес,дс}$	12,751	17,782	+ 5,031
Таза ақша ағыны жеткіліктілігінің коэффициенті	$K_{л,чдп}$	78,43	103,30	+ 24,87
Таза ақша ағынының эффективтілігінің коэффициенті	$K_{э,чдп}$	0,642	2,330	+ 1,688
Оң ақша ағынының табыстылығының коэффициенті	$K_{р,дпп}$	0,028	0,006	- 0,022
Теріс ақша ағынының табыстылығының коэффициенті	$K_{р,дпо}$	0,028	0,007	- 0,021
Ақша қаражаттарының орташа шамасының табыстылығының коэффициенті	$K_{р,дсс}$	0,689	0,161	- 0,519
Таза ақша ағынының табыстылығының коэффициенті	$K_{р,чдп}$	0,044	0,003	- 0,041
Ақша қаражаттарының орташа шамасының айналымдылық коэффициенті	$K_{обор,дсс}$	14,03	13,66	- 0,37

Қажетті коэффициенттерді есептеу үшін таза ақша ағынының көрсеткішін есептеп шығару керек:

2012 жс. $TAA = 626 + 12882 + 201 + 180 + 228 = 14117$ мың тенге;

2013 жс. $TAA = 148 + 47028 + 37 + 466 + 461 = 48140$ мың тенге.

2013 жылғы таза ақша ағыны, 2012 жылғы таза ақша ағынына қарағанда (48140 – 14117) 34023 тенгеге көп. Мұндай өсу кредиторлық берешектің 233 мың теңгеге өсуі; қысқа мерзімді материалдық активтер қорының 286 мың теңгеге өсуі секілді көрсеткіштердің айтарлықтай артуының нәтижесінде болды.

Талдау кезінде «таза ақша ағынының сапасына» – осы көрсеткіштің қалыптасу көздерінің құрылымының жалпылама сипаттамасына баса назар аударылады. Таза ақша ағынының жоғары сапасы өнім өндірісінің өсіп, оның өзіндік құнын төмендету есебінен алынатын таза табыстың салыстырмалы үлесінің артуымен сипатталады, ал таза ақша ағынының төмен сапасы – өнім бағасының өсуі, өткізуден тыс операцияларды жүзеге асыру, т.б. байланысты таза табыс үлесінің артуы есебінен алынатын таза табыстың салыстырмалы үлесінің артуымен сипатталады.

Сонымен қатар оң және теріс ақша ағындарының қалыптасу үйлесімділігін есеп беру кезеңінің жекелеген интервалдары тұрғысынан да зерттеу қажет; мұнда осы үйлесімділіктің деңгейін қамтып көрсететін және абсолюттік төлем қабілеттілігін қамтамасыз ететін мекеменің ақшалай активтерінің қалдығының қарқыны қарастырылады. Ақша ағындарының қалыптасу үйлесімділігін талдау кезінде өтімділік коэффициенті есептеп шығарылады.

Ақша ағынының өтімділік коэффициенті төмендегідей болды:

$$2012 \text{ ж. } K_{\text{а\o}} = 21998 / 21996 = 1,00;$$

$$2013 \text{ ж. } K_{\text{а\o}} = 25597 / 20658 = 1,24.$$

Ақша ағынының тиісті өтімділігін қамтамасыз ету үшін бұл коэффициенттің мәні 1-ден төмен болмауы керек (1-ден жоғары мән – қарастырылып отырған кезеңнің соңына қарай ақшалай активтер қалдығының өсуін түрлендіреді, яғни мекеменің абсолюттік төлем қабілеттілігі коэффициентінің өсуіне мүмкіндік туғызады).

Біздің жағдайымызда 2012 жылы норма сақталған, алайда 2013 жылы норманың едәуір артқаны байқалады.

Төлем қабілеттілігі коэффициенті – мекеменің ақша қаражаттарының түсуімен, олардың жылыстауын да қамтамасыз ете алу мүмкіндігін көрсетеді. Көріп тұрғанымыздай, 2013 жылы ағындағы төлем қабілеттілігінің коэффициенті 0,281 пунктіге артып, мекеме өзінің қысқа мерзімді міндеттемелерін өтеуге қажетті қаражаттарға жеткілікті түрде ие болды.

Мекеменің қысқа мерзімді міндеттемелерінің өсу көлемінің аясында, оның қысқа мерзімді активтері құрамындағы ақша қаражаттары үлесінің азаю үдерісі қаржылық қиындықтардың пайда болуына себеп болады. Сондықтан ақша қаражаттары мен қысқа мерзімді міндеттемелер қатынасын талдау арқылы біз шаруашылық жүргізуші субъектінің ақша қаражаттары артық не кем екендігі туралы қысқаша көрініске қол жеткізе аламыз. 2013 жылы абсолюттік төлем қабілеттілігінің коэффициенті 0,236 пунктiге артты, бұл қысқа мерзімді міндеттемелер көлемінің 575 мың теңгеге өсуімен салыстырғанда, қаражаттарының түсімінің 710 мың теңгеге ақша өсуіне байланысты орын алды.

Мекеме жұмысының эффективтілігі әртүрлі факторларға тәуелді болып келеді, оларды екіге бөліп қарастыруға болады: яғни мекеменің мүддесінен тәуелсіз ықпал жасаушы сыртқы факторлар мен мекеме белсенді түрде әсер ете алатын және етуі керек ішкі факторлар. Бұл факторлар оң да, теріс те болуы мүмкін. Аталған факторлардан тиетін залалды азайту үшін, ақша қаражаттарын дұрыс және тиімді қолдану керек.

Ақша қаражаттарын қолдану тиімділігін бағалау үшін, ақша қаражаттарының жеткіліктілік, айналымдылық және табыстылық көрсеткіштері анықталады. Ақша қаражаттарының айналымдылық көрсеткіштері мекеменің төлем қабілеттілігін үнемі қамтамасыз етіп отыратын ақша ағынының өтімділік көрсеткіші ретінде қарастырылады. Күндер бойынша айналымдылық – ақша қаражаттарының мекеме есепшотында қозғалыссыз жатқан кезеңін сипаттайды. Мұндай көрсеткіш ақша қаражаттары қалдығының көлемін анықтауға мүмкіндік береді.

Ақша қаражаттарының табыстылық көрсеткіштері – зерттеліп отырған кезең ішінде мекеме қарамағында болған (жұмсалған немесе кіріс болған) ақша қаражаттарының 1 теңгесіне келетін таза ақша ағынының шамасын сипаттайды. Таза табыспен есептелген аталған көрсеткіштерді жалпы мекеме бойынша да, сондай-ақ қызмет түрлері бойынша да анықтау керек. Табыстар бойынша есептелген табыстылық көрсеткіштері ақша қаражаттарының қайтарымын анықтауға мүмкіндік береді немесе басқаша айтқанда, осы қаражат түрін қолданғаннан болатын экономикалық эффектіні анықтауға көмектеседі.

39-кестеден байқағанымыздай, 2013 жылғы таза ақша ағынының жеткіліктілік коэффициенті 2012 жылға қарағанда 24,87-ге (103,30-78,43) артқан. Бұл фактіден аңғаратынымыз: мекеме қарамағында өз қажеттіліктерін қаржыландыру үшін қажетті ақша қаражаттары жеткілікті деңгейде бар.

Мекемедегі ақша ағындарының қозғалысы туралы шынайы түсінік қалыптастырып, кірістер мен шығыстар үйлесімділігін бағалап, табысты ақша қаражаттарының жағдайымен сабақтастыру үшін, ақша қаражаттарының түсімі мен шығысына қатысты барлық бағыттарды белгілеп, оларға талдау жасап шығу керек.

Ақша қаражаттары қозғалысын талдаудың мақсаты – мекеменің жоспарланған шығындарды жүзеге асыруға қажетті ақша қаражаттарын тиісті мерзім мен көлемде өндіре алу мүмкіншілігін бағалау. Мекеменің төлем қабілеттілігі мен өтімділігі әдетте шаруашылық жүргізуші субъект арқылы өтетін ақшалай төлемдердің ағыны түрінде нағыз ақша айналымына тәуелді жағдайда болады. Сондықтан ақша қаражаттарының қозғалысын талдау өтімділік және төлем қабілеттілігін бағалау әдістемесін айтарлықтай толықтырып, мекеменің қаржылық жағдайын объективті түрде бағалауға мүмкіндік туғызады.

Ақша қаражаттарының айналымдық коэффициенті төмендегідей болды:

$$2012 \text{ ж. } K_{\text{АҚА}} = 10099 / 720 = 14,03;$$

$$2013 \text{ ж. } K_{\text{АҚА}} = 12568 / 920 = 13,66.$$

Талданып отырған кезең ішінде ақша ағынының табыстылық көрсеткіштері төмендеді. Мәселен, 2013 жылы таза ақша ағынының табыстылық коэффициенті 0,003-ті құрады, яғни 2012 жылға қарағанда 0,041-ге аз.

2013 жылғы оң ақша ағынының табыстылық коэффициенті 0,006-ны құрады, бұл 2012 жылға қарағанда 2,2 %-ға кем. Сондай-ақ ақша қаражаттарының орташа шамасының табыстылық коэффициенті де едәуір төмендеді – 0,689-дан 0,161-ге дейін.

Жалпылама көрсеткіш ретінде таза ақша ағынының эффективтілік коэффициенті қолданылды, ол 2012 жылға қарағанда, 2013 жылы 1,688-ге (2,330 – 0,642) артты. Бұл дегеніміз –

2012 жылы ақша қаражаттарының эффективтілігі аз болды деген сөз, ал 2013 жылы ақша ағындарының эффективтілігі өскен.

Жүргізілген талдаудың нәтижесінде анықталғандай, жалпы алғанда, ақша қаражаттары тиімді қолданылмайды. Ақша қаражаттарын тиімдірек қолдану үшін ақша ағындарын басқаруды дұрыстап түзету керек, бұл ақша қаражаттарын артық жинауды болдырмай, жекелеген уақыт аралықтарында ақша жетіспеушілігінің болмауына мүмкіндік туғызады.

Ақша қаражаттары ағынын тиімді басқару үшін осы немесе өзге кезең ішіндегі оның көлемін, оның негізгі элементтерін және оны құрастыратын мекеменің қызмет түрлерін білу керек. Бірнеше кезең ішіндегі ақша ағындарын қолданып, салыстырмалы талдау жүргізу арқылы, алынған дәйектерді растауға немесе жоққа шығаруға болады. Осылайша дамып келе жатқан, табысты мекемені талдай отырып, көпшілігіміз мекеме өсіп-өніп келе жатыр деп ойлап қалуымыз мүмкін. Алайда зор табысқа кенеліп келе жатқан тез, үдемелі өсу де төлем жасау қабілетсіздігіне алып келуі мүмкін, себебі мекеменің айналым капиталына мұқтаждығы оның ішкі қаржылық мүмкіндіктерін арттырып, ал сыртқы қаржыландыруға мұқтаждығы – оның қарыз алу қабілеттілігін арттыруы мүмкін.

Ақша ағындарына талдау жүргізу барысында, факторлық талдауға баса назар аударылады, яғни талданып отырған кезең ішінде мекеменің ақша қаражаттарын қолдану эффективтілігі мен табыстылығына тікелей немесе жанама әсер тигізетін әртүрлі объективті және субъективті факторлардың (себептер) әсерін сандық түрде өлшеу. Факторлық талдау (анықталған немесе стохастикалық) факторлық жүйелерді модельдеудің әртүрлі тәсілдерін қолдану арқылы жүргізіледі.

Ақша ағындарын факторлық талдау мекеменің қаржылық шаруашылық қызметінің әртүрлі факторларының таза ақша ағынына тигізетін ықпалын анықтауға мүмкіндік береді. Ол жағынсыз үдерістерді лезде анықтап, жағынсыз қаржылық жағдайлардың алдын алу бойынша тиісті шараларды жүзеге асыруға көмектеседі.

Ақша ағындарының қалыптасуына әсер ететін барлық факторларды ішкі және сыртқы түрге бөлуге болады. Сыртқы факторларға мыналар жатады: тауар және қаржы нарықтарының

конъюнктурасы, ұйымның салық салу жүйесі, өнім берушілердің және сатып алушылардың қалыптасқан несиелеу тәжірибесі (ережелері, іскерлік айналым), шаруашылық жүргізуші субъектілердің есеп айырысу операцияларының жүйесі, қаржыландырудың сыртқы көздерінің болуы (несие, қарыз, мақсатты қаржыландыру).

Ішкі факторлар арасынан кәсіпорын орналасқан өмірлік цикл кезеңін, жедел және өндірістік циклдердің ұзақтығын, тауарлар мен қызметтер өндірісі мен шығарылуының мезгілдігін, амортизациялық саясат, инвестициялық бағдарламалардың өзектігін, кәсіпорын басшыларының жеке қасиеттері мен кәсібилігін атап өту керек.

Факторлық модельдер кәсіпорынның шаруашылық қызметін жан-жақты сипаттайтын түрлі көрсеткіштер арасындағы себеп-салдарлық байланысты ашып, сан жағынан өлшеп, шолу жасауға мүмкіндік береді. Сонымен қатар факторлық модельдеу көмегімен болжамды (жоспарлы) көрсеткіштер қалыптасады, соның ішінде кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметінде ақшалай тәуекелдің орта деңгейінде максималды тиімділікке жету мақсатына жететін қаражат ағынының оңтайлы көлемі анықталады.

«Ақша түсімдері» көрсеткішінің құрамдас бөлігі болып табылатын факторлар әсері түсімнің көлемі мен таза ақша ағыны көлемінің арасында тура пропорционалды өзгеріс тудырады. Ал «Ақша шығындары» көрсеткішінің құрамдас бөлігі болып табылатын факторлар әсері ақшалай қаражатты қолдану көлемінің тура пропорционалды өзгеруін, бірақ таза ақша ағыны көлемінің кері пропорционалды өзгеруін тудырады.

Кірісті өнімді шығарудан бөлшектеу жолымен анықталған іс-әрекетті таза ақша ағыны сомасына бағалағанда екі мәселені ұмытпау керек.

Біріншіден, жанама факторлармен сипатталған көрсеткіштер есептеу принципі бойынша қалыптасады, ал есептелген көрсеткіш іс жүзінде орындалғанды білдірмейді. Сондықтан енгізілген соманы білдіретін көрсеткіштердің ұлғаюы шын мәнінде түскен ақшаны зерттеу периодында соңғы және таза қаражат қалдығын көрсетеді.

Екіншіден, салық салуға дейінгі пайданы (шығынды) анықтайтын факторлық көрсеткіштермен білдірілген факторлар салық пен пайда арқылы кәсіпорынның ақша ағынына әсер етеді. Сондықтан берілген факторлар әсерінен таза ақша ағынының өзгерісі пропорционалды емес.

Таза ақша ағынының таза пайдадан ауытқуына әсер ететін факторларды екі топқа жіктеуге болады:

- 1) таза пайданы анықтаушы;
- 2) таза ақша ағынын анықтаушы.

Екі топты да тағы екі топшаға бөлуге болады:

- зерттелетін көрсеткішке тура бағынышты факторлар;
- зерттелетін көрсеткішке кері бағынышты факторлар.

Ақша ағынының факторлық анализінің кезеңдерінің бірі – факторлардың оң ақша ағынының рентабельділік коэффициенті ($K_{p.oaa}$) көлемінің өзгеруіне әсерін есептеу. Берілген коэффициентті кеңейту, ұзарту және қысқарту тәсілдерімен модельдеу арқылы алтыфакторлық жүйені алуға болады:

$$K_{p.oaa} = [(1 - x_1 - x_2 - x_3) \cdot x_4 \cdot x_5] / x_6,$$

мұндағы x_1 – жалақы көлемі; x_2 – материал көлемі; x_3 – амортизация көлемі; x_4 – активтердің айналымдылығы; x_5 – оң ақша айналымының жалпы көлеміндегі ақшалай қаражаттың орта қалдығының үлесі; x_6 – жалпы активтер көлеміндегі ақшалай қаражаттың орта қалдығының үлесі.

Қарастырылып отырған факторлардың маңызы формулалармен есептеледі:

$$\begin{aligned}x_1 &= OT / B; \quad x_2 = M3 / B; \\x_3 &= AO / B; \quad x_4 = B / Acp; \\x_5 &= DCcp / ДПп; \quad x_6 = DCcp / Acp,\end{aligned}$$

мұндағы ET – еңбек төлемі (өтемақы); T – өнім өндіруден түскен табыс; $MШ$ – материалдық шығындар; AA – амортизациялық аударымдар; A_o – активтердің орта көлемі; AQ_o – ақшалай қаражаттардың орта қалдығы; $QA_{он}$ – оң қаражат ағыны.

Алғашқы үш фактор – рентабельділік пен кері пропорционалдық тәуелділіктегі көрсеткіштер. Себебі өндіріс шығын

көлемінің қатыстық деңгейінің төмендеуі мен өнімді шығару оған оң әсерін тигізеді.

Төртінші фактор – қысқа мерзімді активтердің айналымдылығы. Ол кәсіпкерлікті тиімді жүргізу процестерін, сондай-ақ ақша айналымын сөзсіз ынталандыруы тиіс.

Алтыншы және жетінші факторлар – ақшалай қаражаттардың орта қалдықтарының оң ақша ағындары мен активтердің жалпы көлеміндегі үлесі – кәсіпорынның жедел қызметінің тиімділік деңгейін, оның кәсіпкерлік масштабын болашақта кеңейту үшін артық ақша массаларын жасау қабілетін, инвестициялық қызметін көрсетеді.

Алты фактордың нәтижелік көрсеткішке (рентабельділік коэффициенті) әсері 40-кестеде берілген.

40-кесте

Ақша ағынының факторлық анализіне арналған бастапқы мәліметтер

Көрсеткіштер	Шартты белгілеулер	2012 ж.	2013 ж.	Өзгерістер (+, -)
Өнім өндіруден түскен табыс, мың теңге	T	54444	45232	- 9212
Енбек төлемі (өтемақы), мың теңге	ET	8488	4140	- 4348
Материалдық шығындар, мың теңге	MШ	31580	15408	-16172
Амортизациялық аударымдар, мың теңге	AA	1068	520	- 548
Активтердің орта көлемі, мың м теңге	A _о	31212	61976	+30764
Ақшалай қаражаттардың орта қалдығы, мың теңге	AK _о	892	- 1216	- 2108
Оң қаражаттар ағыны, мың теңге	KA _о	6296	22292	+15996
Жалақы көлемі	x ₁	0,156	0,091	- 0,065
Материал көлемі	x ₂	0,580	0,341	- 0,239
Амортизация көлемі	x ₃	0,020	0,011	- 0,009
Активтер айналымдылығы	x ₄	1,744	0,730	- 1,014
Оң ақша айналымының жалпы көлеміндегі ақшалай қаражаттың орта қалдығының үлесі	x ₅	0,142	- 0,054	- 0,196
Жалпы активтер көлеміндегі ақшалай қаражаттың орта қалдығының үлесі	x ₆	0,028	- 0,020	- 0,048
Оң ақша ағынының рентабельділік коэффициенті	K _{p,оaa}	2,158	1,098	- 1,060

Оң ақша ағынының рентабельділік коэффициентіне факторлық анализ жасайық. Оған жалақы көлемі, материал көлемі, капитал айналымдылығы, оң ақша айналымының жалпы көлеміндегі ақшалай қаражаттың орта қалдығының үлесі мен жалпы активтер көлеміндегі ақшалай қаражаттың орта қалдығының үлесі факторларының әсерін тізбекті алмастырулар арқылы табамыз.

2012 жыл мен 2013 жылдардағы факторлардың ақша ағынының рентабельділік коэффициентіне әсерінің есептеулері:

$$\text{Кр.оaa.2012} = [(1 - x_{1.2012} - x_{2.2012} - x_{3.2012}) \cdot x_{4.2012} \cdot x_{5.2012}] / x_{6.2012} = [(1 - 0,156 - 0,580 - 0,020) \cdot 1,744 \cdot 0,142] / 0,028 = 2,158;$$

$$\text{Кр.оaa1} = [(1 - x_{1.2013} - x_{2.2012} - x_{3.2012}) \cdot x_{4.2012} \cdot x_{5.2012}] / x_{6.2012} = [(1 - 0,091 - 0,580 - 0,020) \cdot 1,744 \cdot 0,142] / 0,028 = 2,733;$$

$$\text{Кр.оaa2} = [(1 - x_{1.2013} - x_{2.2013} - x_{3.2012}) \cdot x_{4.2012} \cdot x_{5.2012}] / x_{6.2012} = [(1 - 0,091 - 0,341 - 0,020) \cdot 1,744 \cdot 0,142] / 0,028 = 4,847;$$

$$\text{Кр.оaa3} = [(1 - x_{1.2013} - x_{2.2013} - x_{3.2013}) \cdot x_{4.2012} \cdot x_{5.2012}] / x_{6.2012} = [(1 - 0,091 - 0,341 - 0,011) \cdot 1,744 \cdot 0,142] / 0,028 = 4,926;$$

$$\text{Кр.оaa4} = [(1 - x_{1.2013} - x_{2.2013} - x_{3.2013}) \cdot x_{4.2013} \cdot x_{5.2012}] / x_{6.2012} = [(1 - 0,091 - 0,341 - 0,011) \cdot 0,730 \cdot 0,142] / 0,028 = 2,062;$$

$$\text{Кр.оaa5} = [(1 - x_{1.2013} - x_{2.2013} - x_{3.2013}) \cdot x_{4.2013} \cdot x_{5.2013}] / x_{6.2012} = [(1 - 0,091 - 0,341 - 0,011) \cdot 0,730 \cdot (-0,054)] / 0,028 = -0,784;$$

$$\text{Кр.оaa.2013} = [(1 - x_{1.2013} - x_{2.2013} - x_{3.2013}) \cdot x_{4.2013} \cdot x_{5.2013}] / x_{6.2013} = [(1 - 0,091 - 0,341 - 0,011) \cdot 0,730 \cdot (-0,054)] / (-0,020) = 1,098.$$

Осылайша, ақша ағынының рентабельділік коэффициентінің 3,247 тармаққа $[-1,086 - 2,161]$ төмендеуі келесі факторлардың әсер етуіне әкелді:

а) жалақы көлемі

$$\Delta \text{Кр.оaa}(x_1) = \text{Кр.оaa1} - \text{Кр.оaa2012} = 2,733 - 2,158 = 0,575;$$

ә) материал көлемі

$$\Delta \text{Кр.оaa} (x_2) = \text{Кр.оaa2} - \text{Кр.оaa1} = 4,847 - 2,733 = 2,114;$$

б) амортизация көлемі

$$\Delta \text{Кр.оaa} (\hat{x}_3) = \text{Кр.оaa3} - \text{Кр.оaa2} = 4,926 - 4,847 = 0,079;$$

в) активтер айналымдылығы

$$\Delta \text{Кр.оaa} (x_4) = \text{Кр.оaa4} - \text{Кр.оaa3} = 2,062 - 4,926 = -2,864;$$

г) оң ақша айналымының жалпы көлеміндегі ақшалай қаражаттың орта қалдығының үлесі

$$\Delta \text{Кр.оaa} (x_5) = \text{Кр.оaa5} - \text{Кр.оaa4} = -0,784 - 2,062 = -2,846;$$

ғ) жалпы активтер көлеміндегі ақшалай қаражаттың орта қалдығының үлесі

$$\Delta \text{Кр.оaa} (x_6) = \text{Кр.оaa2013} - \text{Кр.оaa5} = 1,098 - (-0,784) = 1,882.$$

Барлығы: 1,060 тармақ.

Есептеулерде көрсетілгендей, аналитикалық модельге енгізілген факторлар әсері оң да, теріс те болды. 2013 жылды 2012-мен салыстырғанда ақша ағынының рентабельділік коэффициентінің өзгерісіне оң әсер еткен факторларға жалақы көлемі, материал көлемі, амортизация көлемі, жалпы активтер көлеміндегі ақшалай қаражаттың орта қалдығының үлесі жатады.

2013 жылғы ақша ағынының рентабельділік коэффициентінің өзгерісіне теріс әсер еткен факторларға активтер айналымдылығы мен оң ақша айналымының жалпы көлеміндегі ақшалай қаражаттың орта қалдығының үлесі жатады. Атап айтқанда, активтер айналымдылығының 1,014 тармаққа төмендеуі ақша ағынының рентабельділік коэффициентін 2,864 тармаққа төмендетті.

Осылайша, факторлық модельдер кәсіпорынның шаруашылық қызметін жан-жақты сипаттайтын түрлі көрсеткіштер арасындағы себеп-салдар байланысын ашуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар факторлық модельдеу көмегімен болжамдық көрсеткіштер құрылады, кәсіпорынның орта қаржы тәуекелі кезінде шаруашылық қызметтің максималды тиімділікке жету мақсатына сәйкес келетін ақша ағынының оңтайлы көлемі анықталады.

5.5. Ақша ағындарын кешенді талдау

«Дюпон» (АҚШ) фирмасы құрған ақша ағынының Дюпондық талдауы «ақша қаражатының рентабельділік коэффициенті» көрсеткішінің бір жүйеде байланысқан жеке қаржылай коэффициенттерге бөлінуін қарастырады.

Активтердің рентабельділігі өзгеріссіз іске асыру рентабельділігі мен активтер құнының алдын ала өсуінде, яғни активтердің айналымдылығының жылдамдатуында (ресурс қайтарымдылығы) өнім шығарылуының көлемі өсуі кезінде көтеріледі. Керісінше өзгеріссіз ресурс қайтарымдылығында активтер рентабельділігі бухгалтерлік (салық салуға дейін) рентабельділіктің өсуімен де көтеріле алады.

Кәсіпорынның қаржы-шаруашылық қызметін бағалауда активтер рентабельділігі қандай факторлар әсерінен жоғарылап немесе төмендейтіндігі маңызды ма? Әлбетте, жоқ. Себебі түрлі кәсіпорындардың өнім өндіру көлемін ұлғайту мен рентабельділікті көтеру мүмкіндігі бірдей емес.

Өндіріс рентабельділігін бағаларды көтеру мен шығындарды азайту арқылы ұлғайтуға болады. Алайда бұл тәсілдер уақытша, әрі қазіргі кезде аса сенімді емес. Кәсіпорынның қаржы жағдайын нығайту мақсаттарына жауап беретін барынша жүйелі саясаты нарықтық конъюнктураны жетілдіру жолымен анықталған өнімнің өндірісі мен шығаруын ұлғайтуға негізделген.

Қаржылай талдау теориясында активтердің айналымдылығы мен рентабельділігінің бағамы оның жеке құраушыларынан тұрады: материалдық айналым қаражаты, есептеу қаражаты, жеке және қарызға алынған қаражат көздерінің айналымдылығы мен рентабельділігі. Алайда өздігінен бұл көрсеткіштер шағын көлемді ақпаратты береді. Арифметика жағынан қарасақ, рентабельділік көрсеткіші немесе активтер айналымдылығының бөліміне қарағанда, осы көрсеткіштерді есептеу барысында бөлшек

бөлімінің азаюы нәтижесінде капиталдың жеке элементтерінің жоғарырақ айналымдылығы мен рентабельділігін аламыз.

Экономикалық рентабельділікті талдау кезінде міндетті түрде оның жеке элементтерінің рөлін назарда ұстау керек. Бірақ тәуелділікті элементтердің айналымдылығы арқылы емес, оның айналымдылығы мен рентабельділік динамикасымен бірлескен капитал құрылымы бағамы арқылы құрған орынды. Сондықтан Дюпон жүйесінің концепциясы негізінде ақша қаражаттарының рентабельділік коэффициенті өнімді шығарудың рентабельділік көрсеткішін ақша қаражаттарының айналымдылық коэффициентіне көбейткенге тең.

$$K_{p.ак} = K_{p.ө} \cdot K_{ак.айнал.}$$

мұндағы $K_{p.ак}$ – орта көлемді ақша қаражаттарының рентабельділік коэффициенті; $K_{p.ө}$ – өнімді шығарудың рентабельділік көлемі; $K_{ак.айнал.}$ – орта көлемді ақша қаражаттарының айналымдылық коэффициенті.

Ақша қаражаттарының рентабельділігінің нашарлауының себебі шығарылым рентабельділігінің төмендеуі және ақша қаражаттарының айналымдылығының азаюы болуы мүмкін.

Берілген қатынасты зерттей отырып, келесіде тереңдетілген талдау жасау үшін әрбір элементтің әсер ету деңгейін анықтауға болады. Оның динамикасын қарастыра отырып, өзгерістің нашарлау тенденциясы сәтін анықтауға, құрамдастарының қайсысының көрсеткіштері осындай өзгеріске әкелгенін байқауға болады. Осылайша жағдайдың бастапқы нашарлау себептеріне жетіп, оны жақсы жаққа өзгертуге тырысуға болады.

Кәсіпорынның ақша қаражаттарын тиімді қолданудың кешенді анализі үшін Дюпонның келесіде көрсетілген үшфакторлық моделі қолданылуы мүмкін:

$$K_{p.ак} = (ТП / АК_{орт}) = (ТП / Т) \cdot (Т / ЖК_{орт}) \cdot (ЖК_{орт} / АК_{орт}),$$

мұндағы $ТП$ – таза пайда; $АК_{орт}$ – ақша қаражаттарының орташа көлемі; $Т$ – өнім өндіруден түскен табыс; $ЖК_{орт}$ – жеке капиталдың орташа көлемі.

Егер қаржылай есеп нәтижесінде ақшалай қаражатқа келетін таза пайда көлемі азайса, бұл қандай фактор есебінен орын алғанын анықтауға болады:

- өнім шығарылымынан түскен әр теңгенің таза пайдасының төмендеуі;
- өнім шығарылымынан түскен пайданың төмендеуіне әкелетін ақша қаражаттарын тиімсіз басқару (олардың айналымдылығының баяулауы);
- авансталған капитал құрылымын өзгерту (қаржы левериджі).

Бұл жағдайда өмір сүріп, әрі қарай даму үшін ұйымға сыртқы ортаны үнемі зерттеп, ондағы өзгерістерге жылдам жауап беру қажет, ол үшін уақтылы бейімделу талап етіледі. Ұйымның өзі де ортаға әсер етіп, оны өзгертіп отыратыны да айқын (мысалы, жаңа өнімді шығару, жаңа технологияларды пайдалану т.с.с. арқылы).

Тиісінше, SWOT-талдаудың келесі бөлімі сыртқы орта факторларын зерттеуге бағытталған. Ұйымның сыртқы ортасы дегеніміз – ұйымның ішкі резервтерін қажетті деңгейде ұстап тұру үшін қажетті ресурстар көзі әрі оның дайын өнімін тұтынушы. Алайда сыртқы орта ресурстары шектеулі болып табылады әрі оларға дәл осы ортада қызмет атқаратын көптеген басқа кәсіпкерлік субъектілері де мұқтаж болады (талап етеді). Қажетті ресурстар болмаған жағдайда ұйымның әлеуеті төмендеп, теріс салдарлар туындатуы ықтимал.

Сыртқы ортаға ұйымның өзі ықпал ете алмайтын, бірақ олардың өздері ұйымның қызметіне оң не теріс әсер ететін факторлар мен жағдайлар жатады. Сыртқы ортаны макроорта (жанама әсер ортасы) және микроорта (тікелей өзара әрекеттестік ортасы) деп бөлу (жіктеу) қалыптасқан. Макроорта ұйымның сыртқы ортада өмір сүруі үшін қажетті жалпы жағдайлар жасайды (саяси-құқықтық, техника-экономикалық, әлеуметтік-мәдени, экологиялық және өндірістік қызметке ықпал етуі ықтимал тағы басқа факторлар), ұйым оларды есепке алуы тиіс. Ал **микроортаға** (сатып алушыларға, өнім берушілерге, бәсекелестерге, кредиторларға, акционерлерге) кәсіпорын біршама ықпал ете алады.

Ұйымның артықшылықтарын арттыруы ықтимал болып табылатын жағынды нарықтық жағдайлар мүмкіндіктер қатарына жатады. SWOT-талдау үшін нарықтағы бүкіл мүмкіндіктер емес, ұйым пайдалана алатын мүмкіндіктер ғана өзекті болып табылады.

Мүмкіндіктер басымды және келешексіз болуы мүмкін.

Нақты бір ұйым алдында ғана емес, онымен бір нарықта жұмыс істейтін бәсекелестері алдындағы мүмкіндіктерді қарастыратын мақсатқа сай келеді. **Қатерлер** дегеніміз – ұйымға теріс ықпал ететін факторлар. Әртүрлі ұйымдар үшін бір фактор қатер де, мүмкіндік те болуы ықтимал. Мысалы, бір ұйымның бәсекелесі мүмкіндікті өзінен ертерек пайдаланса, ол мүмкіндік ұйым үшін қатерлер қатарына қосылады. Немесе керісінше белгілі бір қатер табысты түрде жойылып, бәсекелесі оны еңсере алмаса, бұл жайт бағаланып отырған ұйымға қосымша оң сипаттар беріп, оның күшті жақтарын күшейтеді. Тиісінше, тұтынушылардың қабылдауына қарай ұйымның күшті және әлсіз жақтары қарама-қарсы сипатты иеленуі мүмкін. Ұйым өз алдына қойған мақсаттарға қол жеткізіп, өз стратегиясын іске асыруға бағыт алуы барысында оның болжалды әлсіз жақтары елеулі қатерге айналуы мүмкін.

SWOT-талдау құрылымы 41-кестеде көрнекі түрде көрініс тапқан.

41-кесте

SWOT-талдау құрылымы

Ішкі орта		Сыртқы орта	
Күшті жақтары (S)	Қаржы, өндіріс, басқаруды	Мүмкіндіктер (O)	Халықаралық, саяси, экономикалық, құқықтық, нарықтық, технологиялық, әлеуметтік, бәсекелестік, экологиялық және тағы басқа факторлар түрлері
Әлсіз жақтар (W)	Ұйымдастыру, маркетинг, адами ресурстар, ұйымдастырушылық мәдениет	Қатерлер (T)	

Сонымен, *SWOT-талдау* рәсімі ұйымның күшті және әлсіз жақтарын, мүмкіндіктері мен қатерлерін тізімдеу болып табылады. Сыртқы және ішкі факторлардың нақты мазмұны саланың ерекшелігімен және ұйым қызметінің ерекшеліктерімен айқындалады. Сондықтан оны ұйымның қызметі барысында орын алатын нақты бір жағдайға тән өзіндік сипаттармен толықтыруға болады (әрбір *SWOT* бірегей болып табылады).

Алайда ұйымның күшті және әлсіз жақтарының, мүмкіндіктері мен қатерлерінің шамадан тыс ұзын тізімін жасаудан сақта-

ну керек, әйтпеген жағдайда стратегиялық көрініс айқын емес, яғни жеткілікті түрде анық болмай қалады. Оң көрсеткіштерді байқау жеткілікті. *SWOT-талдауға* енгізілетін сипаттамалардың, әлеуетті тәуекелдер мен мүмкіндіктердің шамалы шеңбері 42-кестеде көрсетілген.

42-кесте

SWOT-талдаудағы басты көрсеткіштер

<i>Күшті жақтар (S)</i>	<i>Әлсіз жақтар (W)</i>
<ul style="list-style-type: none"> – айрықша құзірет және тәжірибе – бірегей ресурстарға қолжетімділік – ғылыми әлеует – патенттелген озық технологияның және заманға сай жабдықтардың болуы – ұтымды қаржылық ресурстар – жұмыскерлердің жоғары біліктілігі – шығарылатын өнімнің жоғары сапалылығы және қызмет көрсетудің жоғары деңгейде болуы – сауда маркасының танымалдығы – тиімді баға саясаты т.с.с. 	<ul style="list-style-type: none"> – өнім ассортиментінің (сұрыптамасының) тым аз болуы – ұйымның нарықта беделі төмендігі – қаржыландыру жеткіліксіздігі – қызмет көрсетудің төмен деңгейде болуы – өнім берушілердің алыстығы – ресурстардың тиімсіз пайдаланылуы – шығындардың бәсекеге қабілетсіз деңгейде болуы – құрал-жабдықтардың ескіруі
<i>Мүмкіндіктер (O)</i>	<i>Қатерлер (T)</i>
<ul style="list-style-type: none"> – бәсекелестердің орналасымының нашарлауы – аймақтарда өнімге деген сұраныстың күрт өсуі – жаңа өндіріс технологияларының пайда болуы – халық табысының артуы – бәсекелестіктің әлсіреуі – өнім ассортиментінің (сұрыптамасының) кенеюі т.с.с. 	<ul style="list-style-type: none"> – заңнамалық реттеу тетіктерін қаталдандыру – нарықта жаңа бәсекелестердің пайда болуы – нарық өсуінің баяулауы – тұтынушылар мұқтаждықтарының өзгеруі – өнім берушілердің басқыншылық кредиттік саясатқа ауысуы – кредиттеу көлемінің қысқаруы, кредиттер бойынша пайыздық мөлшерлемелердің өсуі т.б.

Ұйымның күшті және әлсіз жақтарының, мүмкіндіктері мен қатерлерінің нақты тізімін жасағаннан кейін алынған төрт тізімнен ең маңызды факторлар бөліп шығарылады да, олардың өзара байланыстары анықталады. Бұл кезеңде ішкі және сыртқы факторларды салыстыру үшін *SWOT* жасалады (43-кесте).

SWOT-талдау матрицасы

	Мүмкіндіктер 1. 2. 3.	Қатерлер 1. 2. 3.
Күшті жақтар 1. 2. 3.	<i>S/O</i>	<i>S/T</i>
Әлсіз жақтар 1. 2. 3.	<i>W/O</i>	<i>W/T</i>

Осындай конфронтациялық матрицаны жасау рәсімі экономикалық әдебиеттерде барынша толық талданған. Кейде мүмкіндіктер мен қатерлердің маңыздылығы мен оларды зерттеу қажеттілігін анықтау үшін, олардың матрицаларын жеке-жеке құрастыру ұсынылады. Кейбір талдаушылар оқиғаның туындау ықтималдығына, фактордың маңыздылығын күшейтуге немесе фактордың тұтынушылар үшін маңыздылығына қарай әрбір факторға сараптамалық жолмен белгілі бір салмақ белгілеу қолданылатын сандық бағалауды қолдануды ұсынады. Содан соң баға мен салмақты көбейту нәтижесінде алынатын коэффициент есептеп шығарылады.

Коэффициент фактордың қолданыстағы (бар) күшін оның туындау ықтималдығымен байланыстыру үшін қажет. Мысалы, таразыны бағалаудың 0 – 10 шамасындағы шкаласы қолданылады. «Негізгі бәсекелестің нарықтан шығуы (кетуі)» мүмкіндігі елеулі мүмкіндік деп танылған (10 бағасы), бірақ бәсекелестің кедейленуі ықтималдығы кем де кем болғандықтан (салмағы 0,01), бұл фактордың маңыздылығы да кем болып шығады (0,1).

Мамандардың көпшілігі сапаны талдауға баса назар аударып, соған сәйкес матрица өрістерінде мына төменде аталғандар белгіленеді:

- мүмкіндіктерді барынша пайдалануға септігін тигізетін күшті жақтар;
- қатерлерге тиімді түрде қарсы тұруға мүмкіндік беретін күшті жақтар;

- ұйымның мүмкіндіктерін шектейтін әлсіз жақтары;
- ұйым үшін теріс жағдайларды күшейтетін әлсіз жақтар.

Факторлар күші мен туындау ықтималдығының кему ретімен тиісті жолдар мен бағаналарға жазылады. Кестедегі жолдар мен бағаналардың қиылыстарындағы ұяшықтарда төрт өріс пайда болады, біз олардың ішінен ұйым стратегиясын әзірлеу кезінде есепке алу мақсатында бөліп (жіктеп) шығару мүмкін болатын барлық қисындасуларды (комбинацияларды) қарастыруымыз керек, олар: «Күшті жақтар – Мүмкіндіктер» (*S/O*), «Әлсіз жақтар – Мүмкіндіктер» (*W/O*), «Күшті жақтар – Қатерлер» (*S/T*), «Әлсіз жақтар – Қатерлер» (*W/T*).

Сонымен, ықпалы барынша жоғары болатын факторлардың өзара әрекеттестігінің күші ең жоғары болып табылатын факторлар зерттеледі.

Талдау жай ғана фактілерді атап өтуді құрамауы үшін, ең маңызды факторлар үшін іс-шаралар әзірлеу керек. Бұл кезеңде күшті және әлсіз жақтардың, мүмкіндіктер мен қатерлердің қандай да бір (белгілі бір) үйлесімін табу үшін қажетті негізгі әрекеттер айқындалады. Содан соң тандап (іріктеп) алынған іс-шаралар бойынша оларды іске асыру кестесін жасап, ол үшін жауапты адамдарды тағайындау қажет.

Орта мен ұйымның сипаттамаларын салыстыруға сүйеніп, матрицаның төрт өрісінің әрқайсысы үшін өзіне тән негізгі стратегиялар тандап алынады, олар басты проблемаларды байыпты әрі шығармашылықпен шешуді құрайды.

(S/O) – нарықтағы іс-әрекеттердің оптимистік стратегиясы әзірленеді, ол стратегиялық даму бағдары болады, яғни сыртқы ортадағы мүмкіндіктерді іске асырып, олардан пайда табуды құрайды;

(W/O) – ішкі өзгерістерге бағытталған стратегия қолданылады, ол ұйымның сыртқы мүмкіндіктерді өз артықшылығына айналдыру мақсатында өз кемшіліктерін (кем-кетіктерін) еңсеру немесе кеміту үшін немесе әлсіз жақтарын азайту (кеміту) үшін пайда болған (туындаған, қолда бар) мүмкіндіктерді пайдалануға негізделген (бірлескен ұйымдардың тік немесе көлденең бірігулер стратегиялары);

(S/T) – сыртқы ортасында туындаған қатерлерге қарсы тұрып, оларды бейтараптау үшін, стратегиялық әрекеттер ұйым-

ның күшті жақтарын пайдалануға бағытталады (әртараптандыру – жаңа өнімдер мен нарықтарды игеру, бірлесу);

(W/T) – бұл стратегиялар апатты деп атауға болатын жағдайларда ұйымның әлсіз жақтарын және сыртқы қатерлерді жоюға деген талпынысын кұрайды (байланысты) (бұл жағдайда нарықтың бір ғана шағын сегментін камту немесе нарықтан мүлдем шығып кету ақылға қонымды шешім болады).

Апатты жағдайына, тіпті ақылға қонымсыз сияқты болып көрінетініне қарамастан, матрицаның соңғы қарастырылған өрісі тек қана оптимистік болжамдар мен жоспарларды пайдалану туралы ескерту іспеттес болады. Басшылардың артында жұмыскерлер және қабылдаған шешімдері үшін жауапкершілік тұрады. Бұл орайда жағдай күрт өзгеріп, нашарлап, қатерлер мен мүмкіндіктер болжамғандай емес, мүлдем басқаша әрекет ете бастап, сыртқы орта жағдайларының ықпалымен (әсерімен) ұйымның әлсіз жақтары тереңдеп (ұлғайып), ал күшті жақтары әлсіреп, стратегия іске асырылмай қалуы да ықтимал.

Сонымен, *SWOT-талдау* ортаның негізгі өзгеріс үдерістерін сипаттауға, ұйым қызметінің келешегін болжауға, болашақ дамуының балама жолдарын қарастыруға (көруге) мүмкіндік беретін сараптамалық диагностика әдісі болып табылады. Ұйымның стратегиясының табысты түрде әзірленуі бүкіл қолжетімді ақпаратты талдау негізінде ұйымның сыртқы ортамен өзара әрекеттестігін жан-жақты, терең әрі дәл көрсетуге байланысты болып келеді. Құрылымданған басқарушылық тәжірибені қалыптастыру үшін, талдау нәтижелері мен оның негізінде қабылданған шешімдерді жазып, жинақтау қажет.

SWOT-талдау жүйесін қолдану оңай, бірақ ол кейде өзекті болып табылмайтын немесе жалған ақпаратқа негізделген асығыс қабылданған жаңсақ әрі мәнсіз тұжырымдар жасауға итермелейді.

SWOT-талдау жасау кезіндегі жиі кездесетін негізгі қателік «ішкі» және «сыртқы» деген ұғымдарды алмастырып алу болып табылады. Бұл орайда біріншісіне, яғни ішкі жағдайларға ұйымның өзіне тиесілі нәрселер (мәселен, жұмыскерлер) жататынын, ал сыртқы жағдайларды еңбек нарығының жай-күйі кұрайтынын есте сақтау керек. Аса жиі кездесетін қателік фактілердің орнына алуан түрлі пікірлерді, бағалаулар мен ұсыныстарды келті-

ру болып табылады. Сондай-ақ көбінесе бір фактілерді әсіресе әсер ауқымы аса кең фактілерді оң (жағынды) факторларға да, теріс (жағынсыз) факторларға да жатқызылады.

Стратегиялық жоспарлауда қате жасамау үшін және *SWOT-талдаудан* барынша пайда алу үшін, белгілі бір ережелерді ұстану керек:

1) әрбір *SWOT-талдаудың* ауқымын белгілеп алу қажет. Бүкіл компанияның жалпы талдауын жасау айқын емес, жалпылама және даулы нәтижелер беретіні сөзсіз. *SWOT* барынша нақты, дәл болуы тиіс, сондықтан оны, мысалы, әрбір жаңа нарық, географиялық аумақ, белгілі бір өнім, негізгі бәсекелес немесе сатып алушылар тобы үшін жеке-жеке жасау қажет;

2) кең әрі бір мағыналы емес анықтамаларды қолдануға болмайды. Тұтынушылар үшін ешбір маңызы жоқ, іске асырылған немесе жоспарланған ниеттер сипатына ие ұзын-сонар (ұзақ) түсіндірмелер, шешімдер мен қорытындылар (тұжырымдар) *SWOT-талдаудың* сапасын едәуір төмендетеді. Барынша дәл фактілерді, зерттеулердің деректерін пайдаланып, олардың дәлелдерін келтіріп отыру қажет және бірнеше факторларды біріктіруден аулақ болу керек;

3) ұйымның бақылауында тұрған-тұрмағанына қарай *SWOT-талдаудың* ішкі және сыртқы элементтерінің айырмашылықтарын айқын көру қажет. Факторларды тұжырымдау барысында қатерлер мен әлсіз жақтарды, мүмкіндіктер мен күшті жақтарды алмастыруға жол берілмеуі тиіс;

4) күшті және әлсіз жақтар ұйым қызметкерлерінің ішкі ой тұжырымдары (пікірлері) негізінде емес, сатып алушылардың, бәсекелестердің т.с.с. олардың нарықтағы мәні мен орнын анықтауына негізделіп айқындалады. Барынша маңызды артықшылықтар мен әлсіз жақтарды анықтау үшін, оларды маңыздылығы бойынша жіктеп, реттеп тізімдеп алу қажет;

5) *SWOT-талдауды* алуан түрлі дереккөздерге сүйеніп (ең дұрысы – маркетингтік зерттеулер негізінде) бір емес, бірнеше сарапшылар тобы жасаған жағдайда, бұл талдаудың объективті болуына қол жеткізуге болады;

6) түсініксіз жағдайда қалмау үшін, бүкіл ықтимал факторларды тізімдеудің қажеті жоқ. Ұйымға барынша қатты ықпалын тигізетін мән-жайлармен (жағдайлармен) шектелген жөн.

Қолданылып жүрген уақыт ішінде *SWOT-талдау* тек мақтауға ғана болды деп айту дұрыс болмайды. Кеңінен қолданылып жүргеніне қарамастан, ол ақылға қонымды түрде сынға алынып та жүр.

Бәлкім, бұл стандарттандырылған талдау үлгісі барлық ұйымдарға сай келе бермейтін болар. Бірақ ең бірінші кезекте *SWOT-талдау стратегиялық талдаудың нұсқамалық-сипаттамалық үлгісіне* жататынын атап өту керек, олар тек қана жалпы бағытты нұсқайды, ал нақты іс-әрекеттерді жеке-жеке анықтау қажет. *SWOT-талдауға* белгілі бір субъективтілік тән болып келеді. Бұдан бөлек, көптеген жағдайларда ол қойылған сұрақтарға өнімді жауап алмастан, жай ғана қолда бар ақпаратты құрылымдап, түгендеу болып табылады деп анықталады.

Сондықтан бұл үлгінің қарапайымдылығы мен көрнекілігі жалған болып жатады, бұл жерде ақпарат сапасы да маңызды, факторға баға беру өлшемі де және сарапшылар квалификациясы да, ұсыныстар мен қорытынды жасайтын аналитиктердің әрмен қарайғы жұмысы да маңызды болып саналады. Мекеме қызметінің сапалық талдануы жеткен жетістік тұрақтылығына ғана негізделмейді, өндірістің маңыздылығын жан-жақты ескеретін ойланған, жасанды болжамға да байланысты.

Нақты бағытталған талдау тұжырымдамасы, «Модерн-софт» (АҚШ фирмасы құрастырған), компьютерлік технология және арнайы қолданбалы бағдарлама жиынын қолдануға негізделген. Бұл тұжырымдама негізі – біріншілік қаржылық блоктың өзара әрекеті жиынтығы түрінде мекеме қаржы ағынының түзілу үлгісін көрсету, қаржы ағынын түзетін «санат» элементтері үлгісі.

Тұтынушы ұйымның шаруашылық қызмет ерекшелігін ескере отырып, санат және мұндай блок жүйесін өзі анықтайды, яғни өзі қалаған талдап тексеру дәрежесіне қарай үлгіде қаржы ағынын түзетін басты элементтерді көрсету. Үлгі құрастырылғаннан кейін тұтынушы мекеме бойынша есептік ақпаратты негізге ала отырып барлық блоктарды сандық сипатпен толықтырады. Блоктар жүйесін және санаттарды, қаржы ағыны түзілу процесі жайлы пайда болған нақты, толық ақпаратты да мекеме қызметінің бағыты өзгеруіне сай тереңдетіп немесе кеңейтіп отыруға болады.

Бағыттау-нақты талдау әдістемесінде негізгі түсінік нысан болып саналады: нысанды үлгі және нысан санаты. Себебі бағытталған – нақты талдауда және бағдарламалық жасақтаманы жобалауда бөлшектеп байланыстыруды жүйелендіру үшін бұл түсініктер маңызды, оларға нақты түсініктеме келтірейік.

Г. Буч анықтамасы бойынша, *нысан* – пайдаланып әрекет етуге болатын зат. Нысанға сәйкестілік және іс-әрекет, қандай да бір күй тән. Бағытталған-нақты талдау әдістемесінде *нысан* жүйелілік көзқарасы бойынша таңбалы нысан болып саналады. Нысан күйі аталмыш нысанның барлық қасиеті көрсетілген тізіммен (қарапайым статистикалық) және осы әрбір қасиеттің ағындағы (әдетте динамикалық) мән-мағынасымен сипатталады. Нысан қасиетіне нысанды өздігінен жеке көрсететін оған тән немесе пайда болған мінездемелер жатады.

Қылық – бұл нысанның қалай жауап қайтаруы және әрекет етуі; қылық ақпаратты беру және нысан күйі терминімен анықталады.

Нысан үлгісі – бағытталған-нақты талдау негізіне жататын, дерексіздендіру, қапшықтану, модульдік, иерархиялық, типтік, қатарлық және тұрақтылық қағидасына негізделген негіз қалаушы қағидалар жиынтығы.

Абстракция – басқа нысаннан анық ажырататын және бақылауға қажетті тұжырымдамалық шекарасын анық көрсететін нысанның нақты мінездемесі.

Дерексіздендіру – абстракцияны айқындау процесі.

Қапшықтану – абстракция элементтерін қорғау және қосу процесі, ол оның құрылымы мен қылығын құрайды. Нысанның сыртқы міндетін оны орындалуынан бөліп көрсетеді.

Сонымен, *абстракция* – нысанның нақты қасиетін (шешілетін тапсырма шеңберінде маңызды саналатын) бойын сіңірген бұл таңбалы үлгі. Сондай-ақ абстракция нысан қылығы мен күйін түзетін құрама элементтерді рұқсат етеді. Жоғарыда көрсетілген жүйе түсінігі шеңберінде түсіну үшін, яғни нысан нысан компоненттері байланысының нәтижесі болып табылатын нақты мінездемемен және абстракциямен сипатталады. Абстракция қапшықтанған нысан компоненттерінің байланысы нәтижесінде пайда болған эмергентті қасиетке ие болуы тиіс деген тұжырым әбден мүмкін.

Иерархия – бұл абстракцияның реттілігі немесе бағынуы.

Типтік – бір типті нысанның екіншіге алмасуына кедергі жасайтын немесе мұндай алмасуды қатаң шектейтін механизм.

Қатарлық – белсенді нысанды белсенді еместен ажыратып тұратын қасиет.

Қатар нысан – көп ағынды ортада жұмыс жасай алатын белсенді нысан.

Нысан бұзуға келмейтін, нақтырақ айтса – бұзуға болмайтын тұтастылыққа ие. Нысан күйін өзгерте алады, басқарылады немесе басқа нысанмен белгілі қатынаста бола алады. Басқалай айтсақ, нысан қасиетін және қылығын сипаттайтын қасиет, өзгеріссіз қалады.

Нысан және санаттар – бұл өте тығыз байланысқан, бірақ бір-бірінен өзгеше түсініктер. Әрбір нысан қандай да бір санаттың нұсқасы болып саналады, санат нысанның кез келген санын түзе алады. Көп тәжірибелік жағдайда санаттар тұрақты, яғни бағдарлама құрастырғанда олардың барлық ерекшелігі мен құрамы анықталып қойылады. Нысанның өзі керісінше бағдарлама орындалған кезде жасалып, жойылып отырады. Жүйеде бөлініп алынған санат пен нысан сапасына баға беру үшін, келесі бес белгіні ұсынуға болады: байланыстық, жеткіліктік, толықтық, іліністік, қарапайымдылық.

Іліністік жеке модульдер арасындағы байланыс тереңдігі дәрежесін анықтайды. Модульдер арасында қатты байланыс болатын жүйені қабылдау және түрлендіру қиын. Жүйе күрделілігін төмендету жеке модульдер арасындағы іліністі азайту жолы арқылы іске асады.

Толықтық -- абстракцияның барлық сипаттамасы санаттың барлық интерфейсті бөлігінде болуы деп қарастырылады. Қарапайымдылыққа абстракцияның ішкі бөлігін іске асыруға мүмкіндігі бар операциялар жатады.

Санатты және нысанды бөлу – бағдарлама жүйесінің негізгі абстракциясын декомпозиция процесі кезінде іске асатын бағытталған-нақты талдаудың ең күрделі міндеті.

Қайта бұйымдау бағдарламалық қамтамасыз етуді жоба-лауда және бағытталған – нақты талдауда орталық орын алады.

Бағытталған-нақты қайта бұйымдау дегеніміз – пән саласының лайықты нысанына жүйені бөліктерге бөлу процесі. Ба-

ғытталған-нақты талдауды тәжірибелік тұрғыда қолдану оның қайта бұйымдалуына әкеледі, бұл жағдайда қажетті әрекетті қамтамасыз етуде келісілген әрекет жасайтын әлем нысан жиынтығы есебінде қарастырылады.

Қайта бұйымдау немесе бөлу келесі жағдайларда қолданылады: жаңа жүйе жобаланғанда немесе бар жүйе қарастырылса. Мұндай жағдайда жүйелеудің екі негізгі түсінігі пайдаланылады: талдау және жинақтау жүйесі. Талдау міндеті болып жүйенің берілген қасиетіне орай параметр мәні және оның құрылымына байланысты жүйе қасиеті мен әрекетін зерттеу саналады, жинақтау міндеті болып жүйенің берілген қасиетіне орай параметр мәнін және құрылымын таңдау болып саналады.

Қазіргі кезде күрделі жүйені жинақтаудың ресми әдісі жоқ. Бұлай болу, негізінен, мүмкін емес шығар, себебі күрделі жүйе жинақталуы жағдайдың ұдайы өзгеруіне байланысты нақты математикалық үлгімен сипаттауға келмейтін шартта жүреді. Сондықтан барлық жерде тәжірибеде талдау арқылы жинақтау қолданылады, яғни жүйенің кейбір құрылымы тәжірибелік тұрғыдан алынады, содан кейін ол талданады да, құрылымы түрленеді немесе параметрі өзгереді, содан кейін анализ жасалады, осылайша қажетті нәтиже шыққанша жасалады.

Күрделі бағдарламалық жасақтама жасалған жағдайда жинақтау әдісінің міндеті болып саналатын талдау арқылы жинақтау шешіледі. Бір жағынан қараса, жаңа құрылым жасау міндеті немесе жаңа абстракция жасау міндеті шығармашылыққа жатады, екінші жағынан, бұл процесте көмектесетін жалпы ережелер бар.

Жалпы түрде жүйенің функционал тиімділігін көрсететін теңдік.

$$A = F(a_1, a_2, a_3, \dots, a_n),$$

мұндағы A – жүйенің негізгі мақсатын іске асыру сапасын көрсететін көрсеткіш (мысалы, жүйенің қандай да бір қасиеті немесе эмергентті қасиет), $a_1, a_2, a_3, \dots, a_n$ – аталмыш жүйе сапасына тәуелді параметрлер.

Тағайындалған функционалды түсіндіру мақсатында ақша ағынының төлемпаздығы ұлғайған есепті қарастырайық. A – ақша ағынының төлемпаздығы. Аталмыш есепті шешіп отырған

адам жауап беретін бірінші сұрақ – ақша ағынының төлемпаздығы неге тәуелді? Түсінікті болу үшін екі құрамдас элементті қарайық: теріс және оң ақша ағыны. Берілген жүйе қасиетіне әсер ететін қасиетті бөліп қарастырайық, мысалы оң ағында – ақшалай қаражаттың келу жиынтығы (бұл а болсын), ал теріс ағында – ақшалай қаражатты төлеу (b).

Яғни жүйе сапасының артуы үшін (A) а және b көрсеткіш мәндері қажетті нәтиже беретін қаралған элементтер жүйесінің жинақтау мүмкіндігін қарастыру қажет. Бұл талдау арқылы жинақтаудың анық мысалы.

Әрине, ақша ағынының төлемпаздығының ұлғаюын қарастыруда күрделі көрсеткіш комплексін алған дұрыс. Сонымен бірге аталмыш параметрлердің функционалдық тәуелділігін ескерген дұрыс және басқа да ескерілмеген параметрлер әсерін де ұмытпаған дұрыс. Талданып отырған жүйе сапасы А-ға ескермеген параметрлердің бірі көп әсер етуі ықтимал.

Сонымен, декомпозиция ережесі келесі негізгі сатыларды орындауда болып табылады:

- алға қойған тапсырманы шешу үшін маңызды жүйе қасиетін анықтау;
- жүйе қасиетін бөлуге әсер ететін жүйенің құрамдас бөлігі мен қасиеттерін іздеу.

Декомпозиция қарастырылып отырған жүйенің қарапайым құрамдас бөліктері мен оның жүйе бөлігі бөлініп алынғанша созылады. Мұнда «қарапайымдылық» – субъективті көрсеткіш болып саналады, яғни әрбір аналитик өзіне жүйені қаншалықты бөлу керектігін анықтайды және оның жүйе бөлігін құрамдас элементтерге бөлуді де. Бөлінген элементтер және қасиеттер жиынтығы түрінде қарапайым сипатталуы қойылған тапсырманы орындауда қажетті болып абстракция саналады.

Бұлай жасау жүйенің логикалық қаңқасын құрайды: берілген абстракциядағы нақты жүйе нысанын сипаттайтын санаттар құрылымын көрсетеді. Талдаудың келесі фазасында негізгі абстракция мен механизмдердің әрекетіне, сонымен бірге физикалық ұсынылымына назар аударылады. Талдау процесіндегі шешімдер жүйе архитектурасын, процестер архитектурасын және үлгі архитектурасын береді.

Бакылау сұрактары:

1. «Таза қаржы ағыны» түсінігінің мағынасы неде?
2. Қаржы ағыны талдауында қандай негізгі әдістер қолданылады?
3. Қаржы ағынының төлемпаздық коэффициенті қалай есептеледі?
4. Қаржы ағынын тікелей бағалау әдісі неге негізделген?
5. Қаржы ағынын жанама бағалау әдісінің негізі неде?
6. Төлемпазды қаржы ағынының алгоритмі деген неде?
7. Қаржы ағынын деңгейлес талдау неге негізделген?
8. Қалыптамалық теңгерім құрылу сатысыне не кіреді?
9. Қаржы ағыны тиімділігін талдау шеңберінде қандай коэффициенттерді қарастырады?
10. Мекемедегі қаражаттың айналымдылық коэффициентін қалай анықтайды?
11. Таза табыстан қаржы ағынының ауытқуына әсер ететін факторларды қалай жіктеуге болады?
12. Дюпон үлгісінің негізі неде?
13. Мекеменің сыртқы әлеуеттік мүмкіндігі неге негізделген?
14. SWOT-талдауы қандай сатылардан тұрады?
15. Бағытталған-нақты декомпозиция дегеніміз не?

Тест тапсырмалары:

1. Мекеменің ақша қаражаты қозғалысының есебінде кіріс және шығыс толық көрсетілген, олар есеп жасау нәтижесі аралығында түзілген:

- а) операциялық, қаржылай және инвестициялық қызметі кезінде
- ә) өндірістік жүзеге асыру қызметі кезінде
- б) инновациялық, инвестициялық және қаржылай қызмет кезінде
- в) операциялық, инвестициялық және қаржылай қызмет

2. Ақшалай қаражаттың қозғалысы жайлы есеп келесі екі әдіспен жасалады:

- а) тікелей әдіс және есептеу әдісі
- ә) тікелей және жанама әдіс
- б) қарапайым және талдау
- в) математикалық және аналитикалық

3. Өнімді алумен түсетін ақша қаражатына жатады:

- а) инвестициялық қызмет
- ә) операциялық қызмет
- б) қаржылай қызмет
- в) барлық жауап дұрыс

4. Кірістік қаржы ағыны дегеніміз:

- а) есеп беру кезеңінде түскен ақша мөлшері
- ә) есеп беру кезеңінде таза ақша ағыны
- б) есеп беру кезеңіндегі ақша шығынының мөлшері
- в) есеп беру кезеңіндегі ақшаның таза кетуі

5. Шығыс ақша ағыны дегеніміз:

- а) есеп беру кезеңінде түскен ақша мөлшері
- ә) есеп беру кезіндегі таза ақша ағыны
- б) есеп беру кезеңіндегі ақша шығынының мөлшері
- в) есеп беру кезеңіндегі ақшаның таза кетуі

6. Ұзақ мерзімді активтердің және негізгі қаражатты алу кезінде қаражаттың шығуына жатады:

- а) инвестициялық қызмет
- ә) операциялық қызмет
- б) қаржылай қызмет
- в) барлық жауап дұрыс

7. Ақция сатылымы және өз қорындағы бөліктерді сату кезінде түскен қаражат:

- а) инвестициялық қызмет
- ә) операциялық қызмет
- б) қаржылай қызмет
- в) барлық жауап дұрыс

8. Қаржы қызметі нәтижесіндегі ақшалай қаражат қозғалысы дегеніміз –

- а) алынған қарыздар
- ә) басқа да төлемдер
- б) қарыздарды өтеу
- в) меншікті капиталдың түсуі
- г) дивиденд төлемі

9. Инвестициялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы – бұл:

- а) пайыздар алу
- ә) қаржылық инвестицияны іске асыру
- б) дивиденд түсімі (алу)
- в) ұзақ мерзімді активтерді сатып алу
- г) барлық жауап дұрыс

10. Операциялық қызметтен түскен ақша қаражатының қозғалысы – бұл:

- а) қысқа мерзімді міндеттемелердің өзгеруі (ұлғаюы немесе азаюы)
- ә) пайыздар төлемі
- б) табыс салығы
- в) сатып алушылардан түскен ақша
- г) жабдықтаушыға ақша аудару

11. Жанама әдіспен ақша қаражатының қозғалысын бағалау:

- а) әртүрлі қызмет бойынша ақша қаражатының кірісін (шығысын) анықтау

- ә) қаржы нәтижелері мен ақша қаражатының қозғалысы арасындағы өзара байланысты анықтау
- б) ұйымның қаржылық нәтижесін анықтау

12. Саудадан түскен ақша ... болып табылады:

- а) қаржылық қызмет
- ә) операциялық қызмет
- б) инвестициялық қызмет

13. Негізгі құралдарды сатып алуға байланысты ақша қаражатының қозғалысы келесі қызмет түріне жатады:

- а) қаржылық
- ә) операциялық
- б) инвестициялық

14. Жанама әдісті қолданған кездегі ақша ағынының бағасы түзетіледі:

- а) дебиторлық қарыздың қалғаны
- ә) кезең соңында қолма-қол ақша қалдығының сомасына
- б) қаралып отырған кезең ішіндегі таза пайданың сомасын

15. Қарастырылып отырған кезең үшін ақша қаражаттарының таза ағынын бағалау үшін ұйым келесі деректерді пайдаланады:

- а) бухгалтерлік баланс
- ә) пайда мен шығын туралы есеп
- б) ақша қаражатының қозғалысы туралы есеп

6

ҰЙЫМНЫҢ ҚАРЖЫЛЫҚ НӘТИЖЕСІН ТАЛДАУ

6.1. Ұйымның қаржылық нәтижесін талдаудың мақсаттары мен міндеттері

Ұйымдық қызметтің қажетті шарты қаржы нәтижелері болып табылады. Ол өнімдерді өндіру және сатуға байланысты іс-шаралар циклін аяқтайды. Ұйымның қаржылық нәтижелерінің жоғары құндылығы мемлекеттік бюджеттің нығаюын салық жеңілдіктерді, инвестициялық тартымдылықты арттыруды, өндірістік және қаржылық секторларында іскерлік белсенділікті қамтамасыз етеді. Осыдан қаржылық нәтиженің экономикалық мазмұнын түсіну, оның түрлерін зерттеу, талдау міндеттерін ашу және талдау әдістерін қалыптастыру қаржылық талдаудың басты мәселесі болып табылады. Ағындағы тәжірибеге назар аудара отырып, табыс пен шығындар туралы қаржылық баяндаманың соңғы нәтижесін қалыптастыру мынадай (3-сурет):



3-сурет. Қаржылық нәтижелердің қалыптасу тізбегі

«Қаржылық нәтижелер» және «пайда» ұғымдары бухгалтерлік есепте, салық есебінде, қаржылық басқаруда, қаржылық талдауда қолданылады.

Пайда – экономикалық санат, белгілі бір өндірістік және экономикалық қарым-қатынастарды, яғни қалыптастыру және ұлттық өнімдерді қолдану жиынтығы, құн және қосымша құнды білдіреді (қосымша құн).

Пайда – ұйымның қаржылық қызметінің түпкі нәтижесі болып табылады. Пайда – ұйымның өзін-өзі басқару мүмкіндіктерін, капитал иесінің және қызметкерлердің материалдық және әлеуметтік қажеттіліктерін қамтамасыз етеді.

Пайда – банктер, басқа да несие берушілер және инвесторлар алдындағы ұйымның борыштық міндеттемелерін және бюджет түсімдерін (мемлекеттік және жергілікті) қалыптастырудың негізгі көзі болып табылады. Осылайша, пайда ұйымның тиімділігін, сенімділігі мен қаржылық әл-ауқатын, оның дәрежесін бағалау жүйесінде ең маңызды болып табылады.

Алайда әртүрлі қаржы есептемелерін пайдаланушыларды тек қана белгілі бір қаржы нәтижелері қызықтырады. Мысалы, әкімшілік ұйымды алынған пайда массасы және құрылымы; оның көлеміне әсер ететін факторлар қызықтырады. Салық органдары салық салу базасының барлық шарттары бойынша расталған ақпараттарды алуда мүдделі. Әлеуетті инвесторларды пайда сапасы, яғни қысқа мерзімде тұрақтылық пен пайда алу сенімділігі, талданатын ұйымдар активтерінің шығындарды және қаржы тәуекелдерін азайтуға бағытталған инвестициялық стратегиясын негіздеу және таңдау қызықтырады.

Талдауда келесі пайда көрсеткіштері қолданылады: теңгерімдік пайда, салық салынатын пайда және таза пайда.

Теңгерімдік пайдаға – әдеттегі қызметтен түскен пайда, операциялық, өткізуден тыс операциялар және төтенше жағдайдағы қаржылық нәтижелер кіреді.

Салық салынатын пайда – операциялық қызметтен түскен пайда және корпоративтік табыс салығы бойынша жеңілдіктер сомасы арасындағы айырмашылық болып табылады.

Таза пайда – корпоративтік табыс салығын төлегеннен кейін ұйымның иелігінде қалатын пайда бөлігі болып табылады.

Ұйымның соңғы қаржы нәтижесіндегі пайда мөлшері жеткізуші және тұтынушы арасындағы ақшалай қарым-қатынастарды

білдіру, өнімдерін өткізуден түскен табыс көлеміне байланысты білдіретін маңызды қаржылық категория болып табылады. Пайданы талдау және оны қалыптастыру тәртібі тікелей байланысты болып табылады. Белгілі бір уақыт ішінде алынған пайданың жалпы сомасы (теңгерімдік пайда) тұрады:

- өнімді өткізуден түскен пайда (шығын);
- басқа өткізуден түскен пайда (шығын);
- өткізуден тыс операциялардан түскен пайда (шығын).

Өнімді өткізуден түскен пайда (шығын) ағындағы бағамен (қосымша құн салығынсыз және акцизсіз) сатудан түскен түсімдердің көлемі және өзіндік құны бар өнімдерді сату шамасы арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Басқа өткізуден түскен пайда (шығын) сатылған мүліктің нарықтық бағасы, ұйымға тиесілі материалдық құндылықтары мен бастапқы немесе қалдықтық құны арасындағы айырма ретінде анықталады.

Өткізуден тыс операциялардан түскен пайда (шығын) өнімді өндіру, мүлікті ақшаға айналдыру барысындағы табыстар мен шығыстар арасындағы айырма ретінде есептеледі.

Қазіргі уақытта «өткізуден түскен түсім» ұғымы қазақстандық тәжірибеде қолданылады. Өнімдерді өткізу мезеті бір жеке меншік иесінен екінші меншік иесіне өту құқығымен дәлелденеді. Осы құқықты табыстау – айырбас, сатып алу және іске асыру келісімшарттарына сәйкес жүзеге асады.

Сондықтан салық салу мақсаттары үшін өнімдерді сатудан түскен түсімдер есеп айырысу құжаттарын есептеу және ұсыну әдісімен немесе төлеу әдісі арқылы анықталады.

Түсімді анықтау әдісін ұйымның өзі белгілейді және есеп саясатының бұйрығымен бекітіледі. Сатудан түскен түсім коммерциялық ұйымның қалыптасу негізі болып табылады (4-сурет).

Өнім сатудан түскен түсім – ҚҚС, акциздер және ұксас міндетті төлемдер –
Сатылатын тауарлардың өзіндік құны =
Жыынтық пайда –
Коммерциялық шығыстар – Басқару шығыстары =
Өнімді өткізуден түскен пайда (шығын) +
Басқа кірістер – басқа шығыстар =
Салық сатуға дейінгі пайда (шығын) –
Корпоративтік салық =
Есеп берілетін жылдың таза пайдасы

4-сурет. Ұйымның таза пайдасының қалыптасу сызбасы

Ұйымның соңғы қаржылық нәтижелерін көрсететін ең маңызды көрсеткіш табыстылық болып табылады.

Табыстылық ұйымдардың жұмыс істеуі көрсеткіштерінің бірі пайдаға қатынасы ретінде анықталады, экономикалық тиімділігін сипаттайды.

Табыстық көрсеткіштер ұйым қызметінің, әртүрлі бағыттың (өндірістік, инвестициялық, шаруашылық) шығындарды өтеу және т.б. толықтай тиімділігін сипаттайды. Пайдаға қарағанда, басқару қорытынды нәтижелерін сипаттайды, себебі қолма-қол ақша мен пайдаланылған ресурстар арасындағы ара салмағын көрсетеді. Олар ұйымның қызметін бағалау мен инвестициялық саясат құралы ретінде және баға белгілеу құралы ретінде пайдаланылады.

Табыстылық көрсеткіштерді бірнеше топқа топтастыруға болады: өндірістік шығындардың өтелімділігін сипаттайтын көрсеткіштер, өткізу табыстылығын сипаттайтын көрсеткіштер, капиталдың кірістілігін сипаттайтын көрсеткіштер. Бұл көрсеткіштердің барлығы өнімдерді өткізуден түскен пайда, таза пайда және теңгерімдік пайда негізінде есептеледі.

Өндірістік қызметтің табыстылығы (шығынның өтелімділігі) сатылған тауардың пайдасы мен шығынның сомасына қатынасы арқылы есептеледі.

Өткізу табыстылығы алынған түсім көлемін сатудан түскен табыс көлеміне бөлу арқылы есептеледі.

Капиталдың табыстылығы (түсімділік) таза пайданың барлық капиталдың орташа жылдық құнына қатынасы арқылы есептеледі.

Табыстылық көрсеткіштер ұйым қызметінің тиімділігінің негізгі сипаттамалары болып табылады. Табыстылық көрсеткіштердің экономикалық мазмұны ұйымның табыстылық деңгейіне байланысты болады. Табыстылық талдау барысында көрсеткіштер деңгейі, олардың динамикасы зерттеледі және олардың өзгеруіне әсер ететін факторлық жүйе анықталады.

Ұйымның қаржылық нәтижелері көрсеткіштер жүйесінде бейнеленеді. Ұйымның қаржылық нәтижелерін сипаттайтын көрсеткіштердің үлкен көлемі жүйелік қарастыруда әдістемелік қиындықтар тудырады. Көрсеткіштер тағайындау айырмашылықтары әрбір тауар алмасуға қатысушы үшін ұйымның нақты

жай-күйі туралы ақпарат алу сияқты қажеттіліктерін қанағаттандыру таңдауын қиындатады.

Қаржылық нәтижелерді талдаудың мақсаты ұйымдардың қызмет тиімділігін көтеруге бағытталған басқару шешімдерін қабылдау мен талдау болып табылады.

Талдау барысында төмендегідей *міндеттер* шешіледі:

- қаржылық нәтижелер құрылымы мен кірісті қолдану жайлы деректі зерделеу;
- ұйымның табыстылығы мен кіріс көрсеткіші серпінін зерттеу;
- қаржылық нәтижелерге әсер ететін негізгі факторларды өлшеу және шығару;
- ұйымның табыстылығы мен кірісін көтеру үшін артық қор шығару және қолдану;
- қаржылық нәтижелерді талдау келесідей негізгі бағыттар арқылы жүзеге асады:
- қаржылық нәтиженің құрамы мен серпінін талдау;
- кіріс көрсеткішінің факторлық талдауы;
- табыстылық көрсеткіштерінің факторлық талдауы.

6.2. Қаржылық нәтиженің динамикасы мен құрамын талдау

Ұйымның қаржылық нәтижесінің қызметін талдаудың негізгі мақсаты ретінде үш көрсеткішпен көрсету ұтымды: өткізімнен кіріс, салық салу мен таза кіріске дейінгі көрсеткіш. Кірісті қай көрсеткішпен көрсету керектігін сарапшы өзі таңдайды.

Ұйымның кіріс динамикасын көрсету негізінде 2 формалы «Шығын мен кіріс есебі» деректемесіне сүйене отырып үш жылдық кезеңге талдау жасайық. 44-кестенің деректерінде 1-жылы кірістің салық салуға (2,09 %) дейін күрт төмендеуін көруге болады, дегенмен бірлестіктің қосымша салығының есебінен таза пайда 23,26 %-ға (100 - 76,74) дейін төмендеген.

Өткізімнен түскен кіріс шектен тыс 12732-ден 12892 мың теңгеге дейін өнім өткізуден түскен ақша есебінен ұлғайды, ол өнімнің өзіндік құнының өсуімен де жетеленді. Дәл осындай үдеріс 2-жылы да қайталанды, бұл кезеңде өнім өткізуден түскен ақша мен өнімнің өзіндік құны бір мезетте теңбе-тең өсіп отырды.

Ұйымның кіріс серпіні көрсеткіші

Көрсеткіштер	1-жыл			2-жыл			3-жыл		
	Жылдың басында	Жылдың аяғында	%бен жоспарлы	Жылдың басында	Жылдың аяғында	%бен жоспарлы	Жылдың басында	Жылдың аяғында	%бен жоспарлы
Өнім өткізуден түскен ақша	117144	158476	135,28	158476	178020	112,33	178020	212544	119,39
Өнімнің өзіндік құны	104412	145584	139,43	145584	163780	112,50	163780	209208	127,74
Өткізімнен түскен кіріс	12732	12892	101,26	12892	14240	110,46	14240	3336	23,43
Қосымша (операциялық) кірістер	10544	7012	65,50	7012	11792	168,17	11792	7796	66,11
Қосымша (операциялық) шығыстар	9860	6900	69,98	6900	11152	161,62	11152	7696	69,01
Қосымша (операциялық) кірістер	0	0	0	0	125	0	125	184	147,20
Қосымша (операциялық) шығыстар	134	0	0	0	170	0	170	400	235,29
Салықтан түскен түсім	13282	13004	97,91	13004	14835	114,08	14835	3220	21,70
Бірлестік қосымша салығы	0	3120	0	3120	3692	118,33	3692	784	21,23
Таза кіріс	13282	9884	74,42	9884	11143	112,74	11143	2436	21,86

Ал 3-жылы өнім өткізуден түскен акша ұлғайды (212544 мың теңгеге дейін), дегенмен өткізімнен түскен кіріс өнімнің өзіндік құнының ұлғаюы есебінен 3336 мың теңгеге дейін төмендеді (2-жылы 163780 мың теңгеден бастап 3-жылы 209208 мың теңгеге дейін). Мұндай жағдайды өнімнің өзіндік құнының мүмкіндіктерін шығару мен шығынның құрылымын талдауға тура келеді.

Кірістің салық салуға дейінгі шамалы өсуі операциялық сипаттар, эффектердің қосымша шығындар шамаларының төмендеуімен байланысты, бірақ та 3-жылы біртектес кірістердің төмендеуі жүзеге асқандықтан айтарлықтай әсер етпеді.

2-жылы пайданың салық салу мен таза кіріске дейінгі бір мезеттегі өсімі байқалды. Қосымша кірістердің өсімі қосымша шығыстардың өсуіне байланысты болды.

Жалпы қорытындылай келетін болсақ, 2-жыл алдыңғы және 3-жылдарға қарағанда қолайлылау болып келді. Көрсеткіштердің тербелістерінде күрт өзгерулер мен ұйымның басқа да құрылымдарында қолайсыздықтар байқалған жоқ. Дегенмен 2-жыл үдерісі кірістің салық салуға дейінгі тұрақты өсуі мен таза кірістің 3-жылға дейін сақталуымен ерекшеленеді.

Ұйым кірісінің абсолютті ұлғаюы әрқашан өндірістің тиімділігін көтеруді объективті көрсетпейді. Егер кіріс абсолютті шамада көрсетілсе, онда табыстылық өндіріс интенсивтілігінің салыстырмалы көрсеткіші болады. Ол ұйымға енген немесе басқа да қаржылық операциялық жолмен келген әрбір теңгеден алынған көрсеткішпен сипатталады.

Табыстылықтың көрсеткіші пайданың өндіріс қорлар бағасына қатынасы ретінде саналады, ол кіріс деңгейін бағалау үшін жеке кәсіпкерлік тәжірибеде қолданылады.

Жалпы табыстылықтың экономикалық көрсеткіші (өндірістік қорлардың табыстылығы) ресми түрде экономикалық табыстылық активінің көрсеткіші ретінде тасымалданады. Бұл көрсеткіш ұйым қызметінің бірден бір маңыздылығын көрсететін көрсеткіш болып табылады.

Активтің экономикалық табыстылығы (R_3) келесідей формуламен көрсетіледі:

$$R_3 = (\Pi_T / ВВ) \cdot 100 \%,$$

мұндағы P_T – таза кірістің сомасы; ВВ – ұйым активінің немесе валюта балансының сомасы. Бұдан басқа активтердің табыстылығы ұйымның жеке кәсіп қызметі талдау барысында өнімнің табыстылығы пайданың өндіріс қорлар бағасының өзіндік құнға қатынасы ретінде кеңінен қолданады. Табыстылықтың бұл көрсеткіші ішкі шаруашылық сараптау есептерінде, өнімнің жеке түрлерінің кірісін (шығысты) бағалау есептеулерінде, тиімсіз заттарды өндірістен алып тастау барысында қолданылады.

Ұйымның табыстылық қызметі көбінесе баланс пассивінің құрылымына, негізінен, жекеменшік пассиві мен қарыз қаражатына тікелей байланысты. Тәжірибелер көрсеткендей, бірдей экономикалық табыстылық кезінде жеке қарыз қаражатының түрлі табысы орын алуы мүмкін. Бұл жағдайда ұйым, бір жағынан қарыз қаражатты қолданып, оны төлеген кезде таза пайданың сомасы азаяды. Бірақ, екінші жағынан, жеке қаражаттың сомасынан аз болуы да мүмкін және оның қолданыс тиімділігін арттыруы ғажап емес.

Өнімнің табыстылығы келесі формуламен есептеледі:

$$R = (P / C) \cdot 100 \%,$$

мұндағы R – өнімнің табыстылығы, P – өткізімнен түскен кіріс, C – өнімнің жалпы өзіндік құны.

Ұйымның экономикалық мақсаттылығы мен нәтижелерін функциялау табыстылық көрсеткішімен өлшенеді, 45-кестеде көрсетілген:

45-кесте

Ұйым табыстылығының негізгі көрсеткіштері

Көрсеткіштер	1-жыл- дың басына дейін	2-жыл- дың басына дейін	3-жыл- дың басына дейін	4-жыл- дың басына дейін
1	2	3	4	5
Салық төлеуге дейінгі кіріс, мың тенге	13282	13004	114835	3220
Бірлестікті табыс салығы, мың тенге	0	3120	3692	784
Есеп мерзімінің таза кірісі (шығыс), мың тенге	13282	9884	11143	2436

1	2	3	4	5
Активтердің орташа жылдық бағамы (валюта балансының орташа жылдық шамасы), мың тенге	97884	102052	105668	99700
Жеке капиталдың орташа жылдық бағамы, мың тенге	44212	44264	44480	38460
Өнім өткізуден түскен ақша, мың тенге	117144	158476	178020	212544
Активтердің экономикалық табыстылығы, %	13,57	9,69	10,54	2,44
Жеке капиталдың табыстылығы, %	30,04	22,33	25,05	6,33
Өткізімнен түскен өнімнің табыстылығы, %	12,19	8,85	8,69	1,59

Таза табыстың теңгерім (актив) валютасына қатынасы ретінде есептелетін активтердің рентабельділігі коэффициенті, ұйым активтерінің әрбір теңгесі қандай пайда әкелетінін көрсетеді. Бұл көрсеткіштер – ұйымның бәсекеге қабілеттілігін көрсететін маңызды белгілердің бірі. Алынған мәліметтерге сәйкес, ұйымның бәсекеге қабілеттілігі 1-жылдың аяғында кенеттен төмендеп кеткен, алайда оң үдеріс ретінде 2-жылдың аяғында бұл көрсеткіштердің артқанын айта кету қажет, бірақ бұл үдерісті сақтап қала алмады және 4-жылдың басына қарай активтердің рентабельдік коэффициенті 2,44 %-ға дейін төмендеді.

Меншікті капиталдың рентабельдік коэффициенті, таза табыстың меншікті капиталдың орташа жылдық бағамына қатынасы түрінде есептеледі. Бұл инвестицияланған меншікті капиталдың әрбір теңгесі қандай пайда әкелетінін көрсететін көрсеткіш. Жүргізілген есептеулерге сәйкес, меншікті капиталды қолдану тиімділігі, 1-жылдың соңындағы сәйкес көрсеткіштермен салыстырғанда, 2- жылдың аяғына қарай 2,72 %-ға (25,05-22,33) дейін артқан. Бұл көрсеткіштің 4- жылдың басына қарай 6,33 %-ға дейін бірден төмендеуі, қарастырылып жатқан ұйымда кейбір қиындықтардың бар екендігін көрсетеді.

Өткізім рентабельділігінің коэффициенті таза табыстың өткізілімнен түсетін кіріске қатынасы ретінде есептеледі. Бұл көрсеткіш өткізілген өнімнің ақшалай бірлігі таза табыстың қанша ақшалай бірлігін әкелгенін көрсетеді. Берілген көрсеткіштің төмендеуі кері үдеріс болып табылады.

Келтірілген көрсеткіштер нормативті мәндерге ие емес, көптеген себептерге тәуелді және әртүрлі саладағы, көлемдегі, актив құрылымы мен қаржыландыру көздері болатын ұйымдар бойынша айтарлықтай өзгеріп тұрады.

6.3. Пайданың көрсеткіштерін факторлық талдау

Ұйым табысының негізгі көзі қарапайым қызмет түрлерінен келеді, оған өнімді өткізілімнен түскен пайданы да жатқызады. Өнімді өткізуден түскен пайда, жалпы, бірінші деңгейлі бағыныштылықтың төрт факторына байланысты: өнімді өткізу көлемі (Q); оның құрылымы (УД_i); өзіндік құны (С_i) мен орташа өткізілген бағалар деңгейі (Р_i).

Өнімді өткізу көлемі пайда сомасына оң және теріс әсер етуі мүмкін. Рентабельді өнімді өткізудің көлемін арттыру табыстың пропорционалды түрде артуына әкеледі. Егер өнім шығынды болатын болса, онда өткізу көлемін арттырған кезде табыс сомасы азаяды.

Өнім құрылымы табыс сомасына оң және де теріс әсер етуі мүмкін. Егер өнімді өткізудің жалпы көлеміндегі өнімнің рентабельдігі көбірек түрлері артатын болса, онда табыс сомасы артады және керісінше, рентабельдігі төмен немесе шығыны көп өнімнің меншікті салмағы артатын болса, жалпы табыс сомасы азаяды.

Өнімнің меншікті құны және табыс бір-біріне кері пропорционал болып келеді: баға деңгейі артқан кезде табыс сомасы артады және керісінше.

Сараптама жүргізу ыңғайлы болу үшін соңғы үш жылда түскен пайда мен шығындар туралы есеп мәліметтерін 46-кесте түрінде көрсетейік.

Өнімді өткізуден түсетін пайдаға себептік әсер етуді формалды түрде есептеу әдістемесі алты кезеңнен тұрады.

Бірінші кезеңде өнімді өткізуден табыстың жалпы өзгерісін есептеу жүргізіледі:

$$\Delta\P = \Pi_1 - \Pi_0,$$

мұндағы P_0 – жыл басына келетін табыс; P_1 – жыл соңындағы табыс.

Жалпы 1-жыл ішінде өткізілімнен түсетін пайда 160 мың теңгеге, 2-жылы –1348 мың теңгеге дейін артқан. 3-жыл ішінде өткізілімнен түсетін пайда 10904 мың теңгеге азайды.

Екінші кезеңде өткізілген өнімді сатып жіберу бағасының табысқа әсері есептеледі:

$$\Delta P_1 = \Sigma P_1 Q_1 - \Sigma P_0 Q_1,$$

мұндағы $\Sigma P_1 Q_1$ – жыл басындағы бағалармен есепті жылдағы сатылымы; $\Sigma P_0 Q_1$ – жыл басындағы бағалармен жыл аяғындағы сатылымы.

Себеpti сараптаманы жүргізу кезінде инфляция әсерін ескерген жөн. 3 жыл ішіндегі индекс-дефлятор 12 деңгей арасында өзгеріп тұрды. Ал қарастырылып жатқан ұйымдағы өткізілім бағасы базистік кезеңмен салыстырғанда орташа шамамен 3,4-ке артқан.

Онда баға индексі

$$I_p = (100 + 3,4 / 100 = 1,034,$$

мұндағы I_p – баға индексі.

Демек, есепті жылдағы сатылымнан келген кіріс, сәйкес бағада келесіге тең болады:

$$B^1 = B_1 / I_p,$$

мұндағы B^1 – сәйкестендірілген бағадағы сатылымнан түскен пайда; B_1 – жыл аяғында өнім сатылымынан түскен пайда.

Сарапталып жатқан ұйым үшін сәйкестендірілген бағадағы кіріс:

– 2-жыл басына – $B^1 = 158476 / 1,034 = 153265$ мың теңге;

– 3-жыл басына – $B^1 = 178020 / 1,034 = 172166$ мың теңгені

құрайды.

Демек, 2-жылы өнім сатылымынан түскен табыс 1-жылға қарағанда баға есуі есебінен 5211 мың теңгеге артқан:

$$\Delta B_p = 158476 - 153265 = 5211.$$

Өнім сатылымынан түскен пайданы себепті сарптау үшін мәліметтер

(мың теңге)

Көрсеткіштер	1-жылы			2-жылы			3-жылы		
	Жыл басында	Жыл соңында	Өзгеріс (+, -)	Жыл басында	Жыл соңында	Өзгеріс (+, -)	Жыл басында	Жыл соңында	Өзгеріс (+, -)
	да	да							
Өнім сатылымынан түсетін пайда	117144	158476	+41332	158476	178020	+19544	178020	212544	+34524
Өткізілген өнімнің меншікті құны	104412	145584	+41172	145584	163780	+18196	163780	209208	+45428
Сатылымнан түскен пайда	12732	12892	+160	12892	14240	+1348	14240	3336	-10904
Басқа (операциялық) табыстар	10544	7012	-3532	7012	11792	+4780	11792	7796	-3996
Басқа (операциялық) шығындар	9860	6900	-2960	6900	11152	+4252	11152	7696	-3456
Басқа (сатылымнан тыс) табыстар	0	0		0	125	+125	125	184	+59
Басқа (сатылымнан тыс) шығындар	134	0	-134	0	170	+170	170	400	+230
Салық салымына дейінгі пайда	13282	13004	-278	13004	14835	+1831	14835	3220	-11615
Ұжымдық табыс салығы	0	3120	+3120	3120	3692	+572	3692	784	-2908
Таза табыс	13282	9884	-3398	9884	11143	+1259	11143	2436	-8707

3-жылы өнім сатылымынан келген табыс 2-жылмен салыстырғанда баға өсуі есебінен 5854 мың теңгеге артқан:

$$\Delta B_p = 178020 - 172166 = 5854.$$

Үшінші кезеңде өнім көлеміндегі өзгерістердің табысқа әсерін есептеу жүргізіледі (жоспарлы меншікті құны бойынша өнім көлемін бағалауда):

$$\Delta П_2 = П_0 \cdot (K_1 - 1),$$

мұндағы $П_0$ – жыл басындағы табыс; K_1 – өнім сатылымы көлемінің арту коэффициенті;

$$K_1 = C_{1.0} / C_0,$$

мұндағы $C_{1.0}$ – сәйкестендірілген бағадағы жыл соңындағы сатылған өнімнің нақты меншікті құны, C_0 – жыл басындағы меншікті құны.

Осылайша, 2-жылдың басындағы өнім көлемінің өзгеруі есебінен сатылымнан түсетін пайда өзгерісі 4436,77 мың теңгені құрады:

$$\Delta П_2 = 12732 \cdot [(145584 / 1,034) / 104412] - 12732 = 4436,77.$$

3-жылдың басындағы өнім көлемінің өзгеруі есебінен сатылымнан түсетін пайда өзгерісі 1134,42 мың теңгені құрады:

$$\Delta П_2 = 12892 \cdot [(163780 / 1,034) / 145584] - 12892 = 1134,42.$$

Төртінші кезеңде өнім құрылымындағы өзгерістермен байланысты, өнім көлеміндегі өзгерістің табысқа әсерін есептеу жүргізіледі:

$$\Delta П_3 = П_0 \cdot (K_2 - K_1),$$

мұндағы K_2 – жіберілетін баға бойынша бағалаудағы сатылым көлемінің өсу коэффициенті;

$$K_2 = B_{1.0} / B_0,$$

мұндағы $V_{1.0}$ – сәйкестендірілген бағадағы жыл соңындағы өнім сатылымы; V_0 – жыл басындағы сатылым.

Осылайша, 2-жылдың басындағы өнім құрылымындағы өзгерістер есебінен, сатудан түскен пайда өзгерісі – 511,83 мың теңгені аламыз:

$$\Delta P_3 = 12732 \cdot [(158476 / 1,034) / 117144 - (145584 / 1,034) / 104412] = -511,83.$$

3-жылдың басындағы табыс өзгерісі – 20,63 теңгені құрайды:

$$\Delta P_3 = 12892 \cdot [(178020 / 1,034) / 158476 - (163780 / 1,034) / 145584] = -20,63.$$

Бесінші кезеңде өнімнің меншікті құнын азайтудан үнемдеудің түсетін табысқа әсері бағаланады:

$$\Delta P_4 = C_{1.0} - C_1,$$

мұндағы $C_{1.0}$ – сәйкестендірілген бағадағы жыл соңындағы сатылған өнімнің нақты меншікті құны; C_1 – жыл соңындағы сатылған өнімнің нақты меншікті құны.

2-жыл басында өнімнің 1 теңгесіне кететін шығынды – 4787,09 мың теңгені құрады:

$$\Delta P_4 = (145584 / 1,034) - 145584 = -4787,09.$$

3-жылдың басында сатылымнан түсетін пайда өзгерісі – 5385,41 мың теңгені құрады:

$$\Delta P_4 = (163780 / 1,034) - 163780 = -5385,41.$$

Алтыншы кезеңде өнім құрамындағы құрылымдық ығыстырулар есебінен меншікті құнының өзгерісінің түсетін табысқа әсерін есептеу жүргізіледі.

$$\Delta P_5 = (C_0 \cdot K_2) - C_{1.0}.$$

Сарапталатын ұйым үшін 2-жылдың басындағы құрылымдық ығыстырулар есебінен болған табыс өзгерісі – 4189,78 мың теңгені құрайды:

$$\Delta\Pi_5 = 104412 \cdot [(158476 / 1,034) / 117144] - (145584 / 1,034) = -4189,78.$$

3-жылдың басындағы табыс өзгерісі сәйкесінше – 233,94 мың теңгені құрайды:

$$\Delta\Pi_5 = 145584 \cdot [(178020 / 1,034) / 158476] - (163780 / 1,034) = -233,94.$$

Табыс бойынша жалпы ауытқу себептік әсерлер сомасы бойынша теңдестіріледі. 47-кестеден көрініп тұрғандай, табыс ауытқуына бағалық факторлар ең көп әсер еткен екен. Шамасы бойынша басты кері факторы ұйым шығындарының құрылымын өзгерту болып табылды.


47-кесте

Сатылымнан түскен пайданы себептік сараптау нәтижелері (мың теңге)

Көрсеткіштер	2-жылдың басында	3-жылдың басында
Табыс ауытқуы – барлығы,	+160	+1348
Соның ішінде:		
- өнімді сату бағасын өзгерту	+5211	+5854
- өнім сатылымы көлемінің өзгеруі	+4436,77	+1134,42
- өнім құрылымының өзгеруі	- 511,83	- 20,63
- шығын деңгейін азайту (үнемдеу тәртібі)	- 4787,09	- 5385,41
- шығын құрылымын өзгерту	- 4189,78	- 233,94

47-кестедегі мәліметтер, өнімді сату бағасын және сатылым көлемін өзгертудің табыс сомасына оң әсер етуін көрсетеді.

Табыс сомасын арттыру қорлары әр өнім түріне қатысты анықталады. Олардың негізгі көздері өнім сатылымы көлемін арттыру, оның меншікті құнын азайту, өнім сапасын жақсарту, сатылымның тиімдірек нарығында сатылым жасау және т.б. болып табылады. (5-сурет).



5-сурет. Өнім сатылымынан түскен табысты арттыру қорларын есептеу сызбасы

6.4. Рентабельділіктің көрсеткіштерін факторлық талдау

Өндірістік қызметтің рентабельділік деңгейі (шығындарды өтеу) тұтастай ұйым бойынша есептелген, бірінші ретті үш негізгі факторға тәуелді: сатылған өнімнің құрылымының өзгеруінен, оның өзіндік құны мен орташа сату бағасынан. Бұл көрсеткіштің факторлық моделінің түрі мынадай:

$$R = \Sigma(Q_{\text{жалп}} \cdot УД_i \cdot P_i \cdot C_i) / \Sigma(Q_{\text{жалп}} \cdot УД_i \cdot C_i),$$

мұндағы $Q_{\text{жалп}}$ – табиғи өлшемдегі өнімді өткізу көлемі; $УД_i$ – i өнімінің құрылымы; P_i – i -өнімінің орташа сатылым бағасы; C_i – i -өнімінің өзіндік құны.

Тізбекті тәсілмен жалпы ұйым бойынша рентабельділік деңгейінің өзгеруіне факторлардың әсер ету есебін өткіземіз (48-кесте).

48-кесте

Қызметтің рентабельділігіне факторлық талдау жүргізудің мәліметтері

Көрсеткіштер	жоспар	нақты	ауытқу (+, -)	жоспардың орындалуы, %
1	2	3	4	5
Сатылған өнім көлемі, дана	2000	2246	+246	112,30
Өнімді сатудан түскен түсім, мың тг	158476	178020	+19544	112,33

1	2	3	4	5
Сатылған өнімнің өзіндік құны, мың тг	145584	163780	+18196	112,50
Сатылған өнімнен түскен пайда, мың тг	12892	14240	+1348	110,46

Ұйым өнімнің бір ғана түрін өндіру себебінен құрылымдық фактор есепке алынбайды.

Алынған мәліметтердің негізінде 49-кестені құрамыз, онда рентабельділік деңгейінің өзгеруіне әрбір фактордың әсерін көрсетеміз.

49-кесте

Қызметтің рентабельділік деңгейінің өзгеруіне факторлардың әсер етуін есептеу

көрсеткіштер	Есептеу шарттары			Есептеу тәртiбi	Рентабельділік деңгейі, %
	Сату мөлшері, мың дана	Бір дана өнімнің бағасы, тенге	Бір дана өнімнің өзіндік құны, тенге		
жоспар	2000	79,24	72,79	$[(P_{ж} - C_{ж}) \cdot Q_{ж} / C_{ж} \cdot Q_{ж}] \cdot 100\%$	8,86
шарт ₁	2246	79,24	72,79	$[(P_{ж} - C_{ж}) \cdot Q_{ф} / C_{ж} \cdot Q_{н}] \cdot 100\%$	8,86
шарт ₂	2246	79,26	72,79	$[(P_{н} - C_{ж}) \cdot Q_{н} / C_{ж} \cdot Q_{н}] \cdot 100\%$	8,89
нақты	2246	79,26	72,92	$[(P_{н} - C_{н}) \cdot Q_{н} / C_{н} \cdot Q_{н}] \cdot 100\%$	8,69

Сатылған өнім көлемінің өзгеруі есебінен пайдалылық (рентабельдік) дәрежесінің өзгеруі:

$$\Delta R_Q = R_{ш1} - R_{ж} = 8,86 - 8,86 = 0.$$

Өнім бірлігі бағасының өзгеруі есебінен пайдалылық дәрежесінің өзгеруі:

$$\Delta R_P = R_{ш2} - R_{ж} = 8,89 - 8,86 = 0,03 \%$$

Өнім бірлігінің өзіндік құнының өзгеруі есебінен пайдалылық дәрежесінің өзгеруі:

$$\Delta R_C = R_n - R_{шт2} = 8,69 - 8,89 = -0,20 \%$$

Пайдалылық дәрежесінің жалпы өзгеруі:

$$\Delta R = R_n - R_{ж} = 8,69 - 8,86 = -0,17 \%$$

Сол нәтижені әр фактор әсері есебінен өзгеруінің қосындысы ретінде алуға болады:

$$\Delta R = 0 + 0,03 + (-0,20) = -0,17 \%$$

Алынған нәтижелер пайдалылық дәрежесінің артуы (көбеюі) бағаның орташа деңгейінің көтерілуне байланысты болғанын куәландырады. Бұйым бірлігі бағасының 72,79-дан 72,92-ге дейін өсуімен пайдалылық (табыстылық) 0,03 %-ға көтерілді. Сатылған өнімнің өзіндік құнының 18196 мың теңгеге өсуі пайдалылық дәрежесінің 0,20 %-ға төмендеуіне әкелді.

Нәтижесінде пайдалылық дәрежесінің жалпы өзгеруі жоспармен салыстырғанда – 0,17 %-ды құрады. Яғни ұйым өнімді өндіру мен сатуға жұмсалған әр теңгеден жоспармен салыстырғанда 0,17 тиынға кем пайда тапты.

Бүтіндей ұйым бойынша есептелген өткізудің пайдалылық көрсеткішінің детерминантталған факторлық үлгісі келесі түрде болып келеді:

$$R = \Sigma(Q_{ж} \cdot УД_i \cdot P_i \cdot C_i) / \Sigma(Q_{ж} \cdot УД_i \cdot P_i).$$

Ұйым қарастырған жағдайларда өткізудің пайдалылық дәрежесі бағаның орташа деңгейі мен бұйым құнына (ұйым бір өнім түрін өндіреді) тәуелді болады.

$$R = \Sigma[Q_i(P_i - C_i)] / \Sigma(Q_i \cdot P_i) = \Sigma[(P_i - C_i) / P_i].$$

Ұйымның өткізуінің пайдалылық дәрежесіне әр фактордың әсерін көрсететін 50-кестені құрамыз.

Өткізудің пайдалылық дәрежесінің өзгеруіне фактор әсерінің есебі

Көрсеткіштер	Есептеу шарты		Есептеу тәртібі	Пайдалылық дәрежесі, %
	өнім бірлігінің бағасы, тенге	өнім бірлігінің құны, тенге		
жоспар	79,24	72,79	$[(P_{ж} - C_{ж}) / P_{ж}] \cdot 100 \%$	8,14
шарт ₁	79,26	72,79	$[(P_{н} - C_{ж}) / P_{н}] \cdot 100 \%$	8,16
нақты	79,26	72,92	$[(P_{н} - C_{н}) / P_{н}] \cdot 100 \%$	8,00

Өнім бірлігі бағасының өзгеруі есебінен өткізудің пайдалылық дәрежесінің өзгеруі:

$$\Delta R_P = R_{ш1} - R_{ж} = 8,16 - 8,14 = 0,02 \%$$

Өнім бірлігі құнының өзгеруі есебінен өткізудің пайдалылық дәрежесінің өзгеруі:

$$\Delta R_C = R_{ф} - R_{усл1} = 8,00 - 8,16 = -0,16 \%$$

Пайдалылық дәрежесінің жалпы өзгеруі:

$$\Delta R = R_{н} - R_{ж} = 8,00 - 8,14 = -0,14 \%$$

Сол нәтижені әр фактор әсері есебінен өзгеруінің қосындысы ретінде алуға болады:

$$\Delta R = 0,02 + (-0,16) = -0,14 \%$$

Алынған нәтижелер пайдалылық дәрежесінің артуы (көбеюі) алдыңғы талдаудағыдай бағаның орташа деңгейінің көтерілуіне байланысты болғанын куәландырады. Бұйым бірлігі бағасының 79,24-тен 79,26-ға дейін өсуімен сатудың пайдалылығы (табыстылығы) 0,02 % көтерілді.

Сатылған өнімнің өзіндік құнының 18196 мың теңгеге өсуі пайдалылық дәрежесінің 0,16 % төмендеуіне әкелді.

Нәтижесінде пайдалылық дәрежесінің жалпы өзгеруі жоспармен салыстырғанда – 0,14 % құрады. Яғни ұйым өнімді өндіру мен сатуға жұмсалған әр теңгеден жоспармен салыстырғанда 0,14 тиынға кем пайда тапты.

Теңгерімдік кіріс қарым-қатынасы ретінде аударылатын негізгі қаражат пен айналымдағы қаражаттың орташа жылдық бағасы жөнінде өндірістік капитал пайдалылығына талдау жүргіземіз (51-кесте):

$$R = \Pi / (\text{НҚ} + \text{АҚ}),$$

мұндағы НҚ – негізгі қаражаттың орташа жылдық құны; АҚ – айналымдағы қаражаттың орташа жылдық құны.

51-кесте

Өндірістік капитал пайдалылығы дәрежесінің өзгеруіне факторлар әсерінің есебі

Көрсеткіштер	Есептеу шарты			Есептеу тәртібі	Пайдалылық дәрежесі, %
	теңгерімдік кіріс, мың теңге	негізгі қаражаттың орташа жылдық құны, мың теңге	Айналымдағы қаражаттың орташа жылдық құны, мың теңге		
жоспар	13004	275785	19609	$[\Pi_{\text{ж}} / (\text{НҚ}_{\text{ж}} + \text{АҚ}_{\text{ж}})] \cdot 100 \%$	4,40
шарт 1	14700	275785	19609	$\Pi_{\text{н}} / (\text{НҚ}_{\text{жп}} + \text{АҚ}_{\text{ж}}) \cdot 100 \%$	4,98
шарт 2	14700	245797	19609	$\Pi_{\text{н}} / (\text{НҚ}_{\text{н}} + \text{АҚ}_{\text{ж}}) \cdot 100 \%$	5,54
Факт	14700	245797	19602	$\Pi_{\text{н}} / (\text{НҚ}_{\text{н}} + \text{АҚ}_{\text{н}}) \cdot 100 \%$	5,54

Теңгерімдік кіріс мөлшерінің өзгеруі есебінен пайдалылық дәрежесінің өзгеруі:

$$\Delta R_{\Pi} = R_{\text{ш1}} - R_{\text{ж}} = 4,98 - 4,40 = 0,58 \%$$

Негізгі қаражаттың орташа жылдық құнының өзгеруі есебінен пайдалылық дәрежесінің өзгеруі:

$$\Delta R_{\text{OC}} = R_{\text{шарт2}} - R_{\text{шарт1}} = 5,54 - 4,98 = 0,56 \%$$

Айналымдағы қаражаттың орташа жылдық құнының өзгеруі есебінен пайдалылық дәрежесінің өзгеруі:

$$\Delta R_{AK} = R_n - R_{ш2} = 5,54 - 5,54 = 0.$$

Өндірістік қызметтің пайдалылық дәрежесінің жалпы өзгеруі:

$$\Delta R = R_n - R_{ж} = 5,54 - 4,40 = 1,14 \%$$

Сол нәтижені әр фактор әсері есебінен өзгеруінің қосындысы ретінде алуға болады:

$$\Delta R = 0,58 + 0,56 + 0 = 1,14 \%$$

Жүргізілген талдаулар нәтижелерінен келесі қорытындыны шығаруға болады:

пайдалылық дәрежесінің барынша артуы теңгерімдік кіріс мөлшерінің артуына байланысты болды. Кіріс мөлшерінің (14700 – 13004) 1696 мың теңгеге артуында пайдалылықтың дәрежесі 0,58 % өсті.

Негізгі қаражаттың орташа жылдық құнының (245797 – 175785) 29988 мың теңгеге азаюы есебінен пайдалылықтың дәрежесі 0,56 % өсті.

Айналымдағы қаражаттың орташа жылдық құнының мардымсыз азаюы пайдалылықтың өзгеруіне апармады.

Нәтижесінде пайдалылық дәрежесінің жалпы өзгеруі жоспармен салыстырғанда 1,14 %. Яғни ұйым өндірілген капитал құнының әр теңгесінен жоспармен салыстырғанда 1,14 тиынға артық пайда тапты.

Бакылау сұрақтары:

1. «Кіріс» және «Пайдалылық» ұғымдарына анықтама беріңіз.
2. Ұйымның негізгі кіріс түрлерін атаңыз.
3. Қаржылық нәтижелерді талдаудың мәнісі неден тұрады?
4. Қаржылық нәтижелерді талдау неден тұрады?
5. Қаржылық нәтижелерді талдауда қандай мәселелер шешіледі?
6. Қаржылық нәтижелерді талдау динамикасы қандай түрде іске асырылады?
7. Қаржылық нәтижелер құрылымының талдауы қалай жүргізіледі?

8. Кіріс талдауы қандай бағыттарда жүргізіледі?
9. Кіріс құрамы талдауы динамикасында қандай мәнге ие?
10. Кіріс талдауы жай қызмет түрлеріне қарағанда қандай тізбектілікпен жүргізіледі?
11. Кіріске өткізуден қандай маңызды факторлар әсер етеді?
12. Пайдалылық талдауы қандай бағыттармен жүргізіледі?
13. Кірістің факторлық талдауына не жатады?
14. Пайдалылық көрсеткіштерінің өсуіне қандай факторлар әсер етеді?
15. Өнімнің пайдалылығына факторлық талдау қандай түрмен жүргізіледі?

Тест тапсырмалары:

1. Өткізуден жалпы кіріс бұл:

- а) өткізілген өнімнің өндірістік шығындарын алып тастағандағы өткізуден түскен таза түсім
- ә) қаржылық қызметтегі кіріс және шығыс сальдосы
- б) өткізу мен басқару шығындарын алып тастағандағы өткізуден түскен жалпы түсім

2. Қаржылық қызметтің кірісі бұл –

- а) қаржылық қызметтегі кіріс және шығыс сальдосы
- ә) өткізу мен басқару шығындарын алып тастағандағы өткізуден түскен жалпы түсім
- б) НДС, акцизді, қайтарылған тауарлар мен бағалық жеңілдігін алып тастағандағы өткізуден түскен жалпы түсім

3. Өткізуден кірістің өзгеруіне басқару шығындары мөлшерінің әсері болады:

- а) оң
- ә) теріс
- б) бейтарап

4. Өткізуден кірістің өзгеруіне құн өзгеруінің әсері болады

- а) оң
- ә) теріс
- б) бейтарап

5. Ұйымның жай қызметтер түрі бойынша шығындарының (шығын элементтерінде) мәліметтері көрсетілген:

- а) бухгалтерлік теңгерімде
- ә) пайда және түсім есептерінде
- б) бухгалтерлік теңгерім қосымшаларында
- в) ақша қаражатының қозғалыс есебінде

6. Ұйым кірісінің сапасын бағалау үшін коэффициенті қолданылады:

а) жалпы таза түсім қосындысындағы таза ақша ағынының үлесін көрсететін

- ә) активтердің рентабельділігі
- б) активтердің айналымдылығы

7. Меншік иесі жайғасымымен барынша маңызды көрсеткіш болып табылады:

- а) жалпы пайда
- ә) таза пайда
- б) сатудан түскен пайда
- в) салыққа дейінгі пайда

8. Меншікті капитал табыстылығы мен инвестицияланған капитал табыстылығының арасындағы салық төлегеннен кейінгі айырмашылық:

- а) операциялық тұтқа әсері
- ә) қаржылық тұтқа әсері
- б) таза келтірілген әсер

9. Пайданы талдау көздері –

- а) қаржылық есеп, бірлескен табыс салығы мағлұмдамасы
- ә) тек қаржылық есеп беру
- б) пайданың жоспарлық және нақты көрсеткіштері
- в) бухгалтерлік теңгерім
- г) түсім және шығынға есеп беру

10. Таза пайда –

- а) түсім мен шығын айырмасы
- ә) басқа сатылулардан түскен пайда
- б) сатудан тыс операциялар табысы мен шығындар арасындағы айырма
- в) пайдадан төленетін теңгерімдік пайда мен салық арасындағы айырма
- г) пайдадан төленетін сатудан түскен пайда мен салық арасындағы айырма

11. Ұйым пайдасы үлестіріледі:

- а) жинақтау қоры мен тұтыну қорына
- ә) тұтыну қоры мен сақтық қорға
- б) сақтық қор мен жарғылық капитал қорын толтыруға
- в) жинақтау қоры мен жарғылық капитал қорын толтыруға
- г) тұтыну қорына жинақтау қорына, сақтық қорға, жарғылық капитал қорын толтыруға

12. Активтердің рентабельділігі:

- а) ұйымға 1 теңге пайда табу үшін қанша ақшалық бірлік керек болғанын көрсетеді
- ә) сатылған өнімнің 1 теңгесі қанша теңге таза пайда әкелгенін көрсетеді

б) ұйымды меншіктенуші салған 1 теңге қанша теңге пайда тапқанын көрсетеді

13. Өткізу рентабельділігі:

а) ұйымға 1 теңге пайда табу үшін қанша теңге қажет болғанын көрсетеді

ә) сатылған өнімнің 1 теңгесі қанша теңге таза пайда әкелгенін көрсетеді

б) ұйымның меншіктенушісі салған 1 теңге қанша теңге таза пайда тапқанын көрсетеді

14. Акцияның нарықтық бағасы мен бір акцияға түсімнің ара салмағы... көрсетеді:

а) қарапайым бір акцияға бухгалтерлік есеп пен есеп беру мәліметтері сәйкес болып келетін ұйымның таза активтерінің құнын

ә) айналымдағы қарапайым бір акцияға таза пайданың қандай үлесі келетінін көрсетеді

б) акционерлер ұйымның 1 теңге таза пайдасы үшін қанша ақша бірлігін төлеуге келісетіндігін

ГЛОССАРИЙ

Абсолюттік өсім көрсеткіші – нақты және базисті мән арасындағы айырмашылық.

Абстракция – нақты талдауда маңызды орын алмайтын кейбір экономикалық және экономикалық емес факторларды шығару арқылы экономикалық талдауды қарапайымдандыру.

Экономикалық көрсеткішті біріктіру – экономикалық көрсеткішті бір көрсеткішке біріктіру арқылы ірілендіру.

Факторлы талдаудағы аддитивті модель – факторлар алгебралық жиынтық түрінде кіретін қатаң анықталған модель.

Актив – белгілі уақыт аралығындағы мекеменің қаржылық және қаржылық емес құндылықтары ақшалай түрде көрсетілетін бухгалтерлік баланс.

Негізгі қаражаттың активті бөлігі – ғимарат құнын есептемегендегі мекеменің негізгі қаражат жиынтығы.

Өнімнің амортизация сыйымдылығы – нақты кезеңдегі өнім сатылымына сол кезеңдегі есептелген амортизация жиынтығының қатысы.

Амортизация – негізгі қаражат құнын және материалдық емес активтерді бөлшектеп шығарылатын өнімге ауыстыру.

Анализ (талдау) – қоршаған орта құбылысы мен заттарын тұтастықтан бөлшекке дейін нақты немесе ойша бөлуге негізделген және жан-жақты байланыстағы, тәуелділіктігін қарастыру.

Нақты экономикалық талдау – нақты есептеулерге, формулаларға (экономикалық құбылыстардың сапалық сипатымен байланысты қарастырылған) жүгінген сандық анализ.

Корреляционды-көлемлік талдау – шаруашылық әрекетті стохастикалық (ықтималдық) модельдеудің классикалық әдісі арасындағы байланыс қатаң функционалды емес және кездейсоқ фактор әсерінен бұрмаланған шаруашылық әрекеттер көрсеткішінің байланысын қарастырады.

Макроэкономикалық талдау – әлемдік шаруашылықты талдау, елдің халықтық шаруашылығын комплексті талдау.

Микроэкономикалық талдау – халық шаруашылығының негізгі салаларының қызметін талдау, яғни коммерциялық ұйымдармен қоса басқа да ұйымдар.

Жедел талдау – шаруашылық комплекстің тиімді әрі үздіксіз қызметін қамтамасыз ету үшін өндірістік-шаруашылық жұмысына қажет жағдайда дереу араласу мақсатында жоспарланған міндеттердің орындалуын жүйелі күнделікті қарастыру.

Саяси-экономикалық талдау – абстракті түсініктерді, категорияларды, экономикалық заң қызметін талдау.

«Шығын-көлем өндіріс-кіріс» қатынасын талдау – өндіріс көлемінің өзгеруіне байланысты кіріс және шығыс сипатының өзгеруі арқылы талдау әдісі.

Салыстырмалы (кеңістіктік) талдау – мекеменін жеке көрсеткіштері бойынша шаруаішілік салыстыру, еншілес қоғам, бөлімшелер, цехтарды салыстыру, сондай-ақ мекеменің шаруааралық көрсеткішін бәсекелес көрсеткішімен салыстыру, орта салалы және орташа жалпы экономикалық мәліметтермен салыстыру.

Стохастикалық факторлы талдау – көрсеткіштік нәтижемен байланысы толық емес, мүмкіндігі басым факторларды зерттеу.

Ағындағы талдау (бағалау) – бизнес жоспарларға дұрыс баға беру үшін және өндірістің жеткен тиімділігін бағалау үшін, өндірісішілік қорларды комплексті анықтауға және ары қарай да тиімді қызмет жасауы үшін мобильдеу мақсатында шаруашылық қызметінің нәтижесін жан-жақты, мерзімді зерттеу жүйесі.

Теориялық талдау – кез келген нақты есептеуді, құрылған үлгіні, формуланы теориялық тұрғыдан негіздеу, аталмыш экономикалық жүйенің қызмет етіп тұрған уақытынан бері қоғамдық өндірістің даму заңдылығын зерттеуде қолданылады, оны білу экономикалық саясаттың концепциялары мен алға қойған мақсатын анықтау үшін қажет.

Факторлы талдау – нәтижелі көрсеткішке факторлар әсерін жүйелі әрі комплексті зерттеу.

Қысқа мағына тұрғысынан экономикалық талдау – ақпараттық базада және зерттеу әдісінде өзіндік ерекшелігі бар мекеменің шаруашылық қызметін талдау.

Кең мағына тұрғысынан экономикалық талдау – барлық экономика ғылымдарының құрамдас бөлігіне кіреді, әлемдік шаруашылықтан жаһандық экономика салаларын қамтитын жалпы экономика.

Ғылым ретінде экономикалық талдау – мекеме қызметі жайлы экономикалық ақпаратты талдау және өндеуде қолданылатын зерттеудің тәсілдері мен әдістерін білетін арнайы білім жүйесі.

Тәжірибе есебінде экономикалық талдау – басқару қызметінің түрі, басқару шешімдеріне негізделген және бар ақпаратқа сүйеніп осы қабылданған шешімдер негізіне әкелу.

Қабылданған шешімдерді аналитикалық қамсыздандыру – экономикалық анализді басқа функционалды экономикалық ғылымдардан ерекшелендіретін функция.

Аналитик – экономикалық талдау әдісін игерген және сондай талдау жасайтын маман.

Аннуитет – аннуитет кезені деп аталатын тең уақыт кезеніне элементі келіп түсетін біржақты қаржылай ағын.

Аудит – қаржылық есептеулерді, төлем-есептеу құжаттарын, салықтық декларациялар мен басқа да қаржылық міндеттер мен қолданыстағы нормативтік актіге сай жасалған шаруашылық және қаржылық операциялардың сәйкестігін, қаржылық есебінің нақтылығын тексеру мақсатында экономикалық субъектілерге қойылатын талаптарды тексеруді тәуелсіз жүргізетін аудиторлық фирмалардың кәсіпкерлік қызметі.

Активтің теңгерімдік құны – бухгалтерлік теңгерім бойынша активтер құны.

Теңгерімдік әдіс – барлық құн бөлшектерінің теңдігіне негізделіп статистикалық мәліметтерді талдау және өңдеу әдісі.

Экономикалық субъектінің банкротқа ұшырауы – төрелік сот шешімімен борышкердің несие беруші алдында қаржылық міндеттерді толықтай немесе мүлде өтей алмауы және /немесе міндетті төлемдерді орындай алмауы.

Бета-коэффициент – барлық қор нарығының жиынтық индексінің өзгерісіне қатысты нақты қор құралының бағамының өзгерісін сипаттайды.

Бизнес-жоспары – мекеменің қаржылық-шаруашылық қызметін жоспарлайтын негізгі құжат.

Қаржылық ағынның болашақтағы құны – барлық ақша ағыны элементтерінің сомасы өсуінің жиынтығына тең құн.

Бухгалтерлік пайда – оның активтерінің баға берудегі жиынтық құнының өсуін көрсететін, шығынының баға берудегі жиынтық құнының кемуін көрсететін мекеме кірісіндегі оң өзгешелік.

Бухгалтерлік теңгерім – белгілі уақыт аралығындағы максатты қолданысы мен түзілу көзі және мекеме қаражатының деңгейін жалпылама ақшалай көрсету және топтау әдісі.

Бухгалтерлік есеп – мекеменің жинау жүйесі және қаржылық ақпаратты өңдеуді көрсетеді, оның қолданушыларына мекеменің қаржылық жағдайына дұрыс баға беруіне және экономикалық шешімдер қабылдауына көмектеседі.

Жалпы ақшалай түсім – жанама салықтарды есептегенде (НДС, акциздер) жұмыс және қызмет көрсету, өнімді сату арқылы келген ақшалай түсім.

Жалпы пайда – мекеменің негізгі қызметінен түсетін бастапқы пайда және сатылған өнімнің (жұмыс, қызмет түрі) өндірістік құны мен таза түсім арасындағы айырмашылық теңдігі. Коммерциялық және басқарма шығынын қосқанда.

Жалпы өнім – аяқталмаған өндірісті қосқанда көрсетілген қызмет түрі, атқарылған жұмыс және барлық шығарылған өнім құны.

Қаржылық тәуекел мүмкіндігі – мекеменің қаршылық шығынына әкелетін келеңсіз жайттардың болу мүмкіндігін көрсету жиілігі.

Мекеменің сыртқы экономикалық қызметі – сыртқы экономикалық байланыс орнату арқылы ұлттық және әлемдік серіктестермен ынтымақтастық жасау.

Сыртқы экономикалық операция – жалпы сыртқы экономикалық мәмлеге келуді қолға алу мақсатында жасалатын экономикалық, қаржылай-валюталық, заңды-ұйымдастырушылық және техникалық қызметтер.

Сыртқы экономикалық келісім – келісілген шарттарға негізделіп көрсетілген көлемдегі тауар мен қызмет түрін жеткізу жайлы әртүрлі екі елдегі фирмалар арасындағы келісімшарт.

Сыртқы экономикалық байланыс – сыртқы экономикалық келісімге бағытталған түрлі форма жүйесінің комплексі.

Мекеменің сыртқы экономикалық мүмкіндігі – сыртқы нарыққа шығаруға болатын бәсекеге қабілетті тауар мен қызмет көрсете алатын өзіндік және тартылған ресурстар (қаржылай, еңбек, технологиялық, ақпараттық) жиынтығы.

Қаржылық ресурстар түзетін сыртқы көздер – мекеме дамуына керекті (акция эмиссиясы, облигациялар, несие және қарыз алу) өзіндік және сырттан тартылатын қарыз қаражаты.

Сыртқы кешеуілдеу – өкіметтің шешім қабылдаған кезінен басталатын уақыт аралығы нәтиже бергенше қандай да бір қолданған экономикалық саясаты.

Сыртқы сауда – халықаралық деңгейде тауар және қызмет түрімен алмасуды көрсететін кәсіпкерлік қызмет.

Қаржылық ресурстар түзетін ішкі көздер – мекеме дамуына керекті және мекеменің өзінде (пайда, өтемпұл жарнасы, несиелік қарыз алу) өзіндік және сырттан тартылатын қарыз қаражаты.

Ішкі кешеуілдеу – экономикалық күйзеліс басталған уақыттан мемлекет тарапынан жауап қайтаратын экономикалық саясатына дейінгі уақыт аралығы.

Ішкі табыстылық мөлшері – дисконт нормасы, таза келтірілген эффект шамасы мен келтірілген қаржы жұмсалымы тең болады.

Қайтарымды ағын – тудырылған (өндіруші) инвестициядан келетін ақша ағыны.

Қалпына келтіру құны – белгілі бір күнде негізгі қаражатты қайта жаңғырту құны.

Таза түсім – жанама салықтарды есептегенде (НДС, акциздер) жұмыс және қызмет көрсету, өнімді сату арқылы келген ақшалай түсім.

Гносеология – таным теориясы, оның мүмкіндіктері мен заңдылықтарын қарастырады, танымдық процестердің формасы мен сатыларын зерттейді, шынайылығы мен дәйектігін қарастырады.

Дайын өнім – өндіріс толығымен аяқтаған өнім, техникалық шарттар мен қойылған үлгіге сай өнім.

«Түсім-көлем өндіріс» графигі – өндіріс көлемі артқан сайын кіріс қалай өзгертіндігін көрсететін график.

Топтастыру – қандай да бір белгісіне қарап талданатын көрсеткіштер ішінен лайықты топты (ал әр топтың ішінде топша бар) бөліп көрсету.

Гудвилл – материалды емес актив, мекеме сатылған кезде ғана құндық бағалау берілуі мүмкін.

Дебиторлық берешек – экономикалық қызмет бойынша контрагенттер қарызын көрсететін мекеме айналымынан дерексіздендірілген қаражат.

Ақшалай ағын – ақшалай қаражат түсімі мен жылыстауы кезіндегі бөлінген қаражат жиыны.

Анықталған байланыс – зерттелетін көрсеткіштер және факторлар арасындағы байланыс арасында функционалды тәуелділік бар.

Анықталған факторлы талдау – нәтижелікке факторлар әсерін зерттеу әдісі, нәтижелік пен фактор арасында функционалды сипат болады.

Динамикалық талдау – бір тепе-теңдіктен келесіге ауысу кезіндегі траекторияны бақылауға болатын экономикалық талдау әдісі.

Динамикалық өрлеу – уақыт өте келе өндірістік тиімді (арзан) технологиямен жоғары сапалы жана тауарлар мен бар өнімнің дамуы.

Директ-костинг – шығынды есептеу жүйесі және басқарма талдауын жасау әдісі, ол арқылы өнімнің шығарылатын критикалық көлемін (шығын – болмайтын нүкте, табыстылық табалдырығы) анықтауға болады, қаржылық беріктілікті арттыруға, шығару көлемін анықтауға, бұл жерде қойылған табыс деңгейіне жетуге болады, сондай-ақ экономикалық талдаумен байланысы бар басқа да мәселелерді шеше аламыз.

Дисконттау (есептеу) – 1) капиталдың нақты құнын анықтай отырып болашақтағы құнын білу; 2) банк ескеруін алға тарта отырып вексель құнымен жеңілдік жасау, дисконт төлеміне тәуелді және вексель бойынша төлеу мерзіміне тәуелді.

Дискрециялық қазыналық саясат – үкіметпен жоспарлы түрде іске асырылатын салықтар мен үкімет шығындарының көлемін белгілі максаттармен өзгерту: 1) толық жұмыспен қамтылу кезіндегі инфляциялық емес ЖІӨ-нің өндірісін қамтамасыз ету; 2) экономикалық өсімді ынталандыру.

Дисперсиялық талдау – нақты көрсеткіштің нормативтік көрсеткіштен ауытқуын талдау.

Дисперсия (ауытқу) – 1) статистикада – орташа квадраттық ауытқудың квадрат шамасы; 2) шығындарды талдауда – нақты шығын көрсеткіштерінің нормативті көрсеткіштерден ауытқуы.

Ұзақ уақыттық тренд – көп жылдық кезең аралығында экономикалық белсенділік деңгейінің өсуі не төмендеуі.

Ұзақ мерзімді активтер – бейматериалдық активтер, негізгі құрал-жабдықтар, аяқталмаған құрылыс, материалды құндылықтарға табысты салымдар, ұзақ мерзімді қаржылық инвестициялар, кейінге қалдырылған және басқа да ұзақ мерзімді активтер.

Қаржы есептемесінің нақтылығы – компоненттік пайдаланушыға экономикалық субъектілердің әрекеттерінің нәтижелеріне дұрыс қорытынды беруге және сол қорытындыға негізделген шешім қабылдауға мүмкіндік беретін қаржы есептеме деректерінің нақты деңгейі.

Қаржылық активтердің табыстылығы – табыстың оған деген алғашқы инвестицияның қаржылық активтермен түрленуіне қатынасы.

Материалды құндылықтарға табысты салым – ұйымдардың табыс табу мақсатымен, уақытша иемдену мен қолдану кезіндегі ұсынылатын мүліктің бір бөлігіне, ғимаратқа, жабдықтарға және де басқа материалды құндылықтарға салымы.

Ұйымның табыстары – жарғылық капиталға салымнан басқа, ұйым капиталының өсуіне алып келетін, міндеттемелерді өтеу немесе активтердің түсімі нәтижесінде экономикалық пайданы арттыру.

Қаржылық талдаудың дюпондық жүйесі – Дюпон моделінің негізіндегі ұйым қызметінің интегралды қаржылық талдау жүйесі.

Өнімнің өміршеңдік кезеңі – өнімді ойластырудан бастап өндірістен алыну мен сатылымнан алынып тасталғанға дейінгі кезең.

Жабдықтың жұмысы – белгілі уақыт аралығындағы (тәулік, кезек, т.б.) жабдықтың нақты уақыттағы жұмысы мен орнатылған жабдықтардың жалпы қорға тиімді уақытының қатынасы.

Өндірістік қуат жүктемесі – өнімнің нақты өндірісінің максималды мүмкін шамасына қатынасы.

Қарыз капиталы – ұйымның несиелерге, қарыздарға және несиелік берешектерге міндеттемелері.

Қорлар – материалдық-өндірістік қорларды (шикізат, негізгі және қосалқы материалдар, сатылмалы жартылай фабрикаттар, құрамдас өнімдер, қосалқы бөлшектер, жанармай, т.б.), дайын өнімдерді, тауарларды, аяқталмаған өн-

діріске шығындарды, болашақтағы шығындарды құрайтын ұйымның қысқа мерзімді активтерінің бөлігі.

Еңбекақы – «еңбек» тауарының бағасы, ұйымның шығындарының ең маңызды элементі.

Шығын – құнды бағаға ие, өндіріс факторларын қолданумен байланысты зат өндірісінде және зат өткізу барысында жұмсалған шығын.

Айналым шығындары – тауар айналымын қамтамасыз ететін шығындар.

Меншіктелген капитал – ұзақ мерзімді активтерге жұмсалған капитал (өндіріс саласындағы құралдарға және ұзақ мерзімді өтімсіз бағалы қағаздарға).

Инвестициялар – істегі немесе жаңадан құрылатын кәсіпорындарға, жаңа технологиялар мен тауарларға, құнды қағаздарға қаржы бөлу.

Активтердің инвестициялық құны – өз қаржысын бөлуге ниеттенген инвестордың адекватты белгілеріне ие активтің құны.

Инвестициялық тәуекел – инвестициялық әрекет барысында күтпеген жағдайларға байланысты ең қауіпті қаржы жоғалту тәуекелі.

Қаржы ынталандырмасы – компанияны машиналарға, жабдықтарға, өндіріс нысандарына қаржы бөлуге ынталандыратын үкіметтің қаржы көмегі.

Орта бағалар көрсеткіші (Ласперейс формуласы) – базистік кезеңде тауарлардың санына қарай бағаны салмақтау ерекшелігіне байланысты құрылған баға көрсеткіші.

Орта бағалардың көрсеткіші (Пааше формуласы) – тауарлы-есептік кезеңде тауардың санына қарай бағаны салмақтау ерекшелігіне байланысты құрылған баға көрсеткіші.

Индустрияландыру – 1) күрделі еңбек бөлінісіне және мамандандырылуға; 2) әртүрлі энергияны қолдануға; 3) өндірісті ұйымдастыруда ғылым мен техниканы қолдануға негізделген, стандартталған өнімдерді жасайтын ірі машиналарды құрумен сипатталатын, өндірістің дамуын алдын алатын кезең.

Факторлық талдаудың интегралдық тәсілі – факторлық көрсеткіштің өзгерістері нәтижелі көрсеткіштің өзгерістеріне әсер етуін анықтайтын тәсілдердің бірі.

Инвестициялық жобаның интегралдық аффектісі – инвестицияны іске асырудың алғашқы жылына келтіргендегі интегралдық көрсеткіштер мен бүкіл есептелу мерзіміндегі жоба бойынша шығынның айырмашылығы.

Қарқынды шаруашылық – жоғары еңбек өнімділігі негізінде еңбекті ұйымдастыру және ғылыми-техникалық ілгерілеудің негізінде дамитын шаруашылық.

Аванстық капиталдың айналым қарқыны – өнімді өткізуден алынған түсімнің мүліктің орташа жылдық құнына катынасы.

Қарқынды экономикалық өсім – бар ресурстарды тиімді қолдануға негізделген экономикалық өсім.

Өндірісті қарқындату – өндіріс процесіне біршама аз ресурстарды тарту арқылы үлкен нәтижеге жету.

Инфлятор – бағаның өсуін сипаттайтын индекс.

Инфляциялық сыйлықақы – инфляция жағдайында ақшаның құнсыздануына байланысты оның шығындарын өтеу үшін инвесторға төленетін қосымша табыс.

Инфляциялық қатар – бағаның өсуіне байланысты шығынның пайда болуының ықтималдылығы.

Инфляция – ақшаның құнсыздануында және бағаның өсуінде көрініс табатын артық ақша жиынының нәтижесінде ақша айналым арнасының толып кетуі.

Ақпарат – түсінік беру, мәлімет беру, баяндау, мазмұндау.

Экономикалық ақпарат – мекеменің барлық шаруашылығын қамтитын өндіру-өткізу, жабдықтау, қаржы және басқа да экономикалық қызметтері туралы мәліметтер жиынтығының жүйесі.

Жеке меншік және оған теңестірілген қаражат көздері – ұзақ мерзімді міндеттемелер (бухгалтерлік баланстың төртінші бөлімінің жиынтығы) мен капиталдың (бухгалтерлік баланстың бесінші бөлімінің жиынтығы) қосындысының жиынтығы.

Жабдықтардың күнтізбелік қор уақытының бірлігі – кезеңдегі күнтізбелік күндердің санының 24 сағатқа көбейтіндісі.

Калькуляция – жұмыс пен қызметтердің іске асуына, өнім бірліктерінің немесе өнім топтарының өндірілуіне кеткен ақшалай шығындардың кесте түрінде берілген бухгалтерлік есеп.

Ұйымның капиталы – табыс табу мақсатымен ұйымға салынған қаражат.

Капиталдандыру – активтің алып келген кірісі мен шығысы бойынша құнын есептеу.

Капиталды қажет ететін техникалық ілгерілеушілік – үлкен көлемді капиталды қолдануды қажет ететін техника мен технологияларды жетілдіру.

Капиталды үнемдейтін техникалық прогресс – капиталдың белгіленген көлемі бойынша өнімнің үлкен көлемін өндіруге немесе сол көлемдегі өнімді аз мөлшердегі капитал арқылы өндіруге мүмкіндік беретін техника мен технологияларды жетілдіру.

Категориялар – нәтижелі көрсеткіш, факторлық көрсеткіш, модельдер және т.б.

Сапалық экономикалық көрсеткіштер – екі көрсеткіштің арақатынасымен сипатталатын көрсеткіш.

Сапа – тұтынушылардың қажеттіліктерін сенімділік пен толыққандықтың қандай да бір деңгейімен қанағаттандыру қабілетіне ие өнімдер, тауарлар мен қызметтердің қасиеттерінің жиынтығы.

Кірістің (пайданың) сапасы – пайданың қалыптасу көздерінің жалпы сипаттамасы.

Сандық экономикалық көрсеткіштер – физикалық (бірліктер, салмақтық бірліктер, көлем, ұзындық және т.б.) немесе ақшалай (теңге, доллар және т.б.) өлшемдермен берілген экономикалық көрсеткіштер.

Коммерциялық ұйым – пайда табу мақсатымен шаруашылық қызметті іске асыратын құрылым.

Компаундинг – ақшаның нақты құнының болашақтағы құнына келтіру.

Кешенді шығындар – бірнеше бірлікке негізделген жалпы өндірістік, жалпы шаруашылық, коммерциялық және тағы басқа шығындар.

Кешенді экономикалық талдау – кәсіпорынның барлық әрекеттерінің аспектілерін, оның бөлімшелерінің өзара байланысы мен өзара шарттылығын зерттеу.

Конкурстық жиын – конкурстық жиын барысында айып салынуы мүмкін борышкердің мүлкі.

Конкурстық өндіріс – кредиторлар арасында конкурстық жиынды бөлу рәсімі.

Корреляциялы-регрессиялық талдау – арасындағы тәуелділік ықтималды болғандағы көрсеткіштердің өзара байланысын модельдеу әдісі.

Жанама факторлар – нәтижелі көрсеткішке жанама әсер ететін факторлар.

Абсолюттік өтімділік коэффициенті – қысқа мерзімді кредиторлық бешекке ақшалай қаражаттардың қатынасы және қысқа мерзімді қаржылық салымдар.

Автономия коэффициенті (қаржылай тәуелсіздік) – меншікті капиталдың теңгерім валютасына қатынасы.

Ырғақтылық коэффициенті – ырғақтылық коэффициентінің минус бірлігіне тең шама.

Сұрыпталым коэффициенті – өнімнің жоспар бойынша өндірілуінің жоспары

Негізгі қаражаттың істен шығу коэффициенті – істен шыққан негізгі қаражат құнының жыл басындағы негізгі қаражат құнына қатынасы.

Негізгі қаражаттың жарамдылық коэффициенті – негізгі қаражаттың қалдық құнының бастапқы құнына қатынасы.

Детерминация коэффициенті – көптік корреляция коэффициентінің квадраты.

Құрал жабдықтарды жүктеу коэффициенті – құрал-жабдықтың нақты жұмыс істеу уақытының тиімді немесе атаулы уақыт қорына қатынасы.

Айналымдағы қаражатты жүктеу коэффициенті – айналым қаражатының орташа мөлшерінің өткізілген өнімнің көлеміне қатынасы.

Негізгі құралдарды ауыстыру коэффициенті – тозу нәтижесінде істен шыққан құралдардың негізгі бағасы мен бастапқы кезеңдегі құралдардың бағасына қатынасы.

Негізгі құралдардың тозу коэффициенті – негізгі құралдардың тозу сомасының олардың бастапқы бағасына қатынасы.

Өндірістік мақсаттағы мүлік коэффициенті – негізгі құралдар, шикізат пен материалдар, аяқталмаған өндіріс сомасының теңгерім қорытындысына қатынасы.

Материалдарды пайдалану коэффициенті – дайын өнімге енген материал көлемінің жалпы өндірілген материал санына қатынасы.

Өндіріс қуатын пайдалану коэффициенті – натуралды немесе құндық мәнді өндіріс мөлшерінің кәсіпорынның жылдық орташа өндіріс қуатына қатынасы.

Негізгі құралдарды жою коэффициенті – жойылған негізгі құралдардың бағасы мен бастапқы кезеңдегі негізгі құралдардың бағасына қатынасы.

Маневрлік коэффициенті – жеке айналым қаражатының жеке капиталға қатынасы.

Көптік корреляция коэффициенті – нәтижелі көрсеткіш пен факторлық көрсеткіштер жиынтығы арасындағы байланыс тығыздығы.

Жоспар бойынша материалдармен қамту коэффициенті – жасалған шарт бойынша материалдар бағасының материалдардың жоспарлы қажеттілігіне қатынасы.

Нақты материалдармен қамту коэффициенті – нақты қойылған материалдар бағасының материалдардың жоспарлы қажеттілігіне қатынасы.

Құралдарды жаңарту коэффициенті – жыл бойына енгізілген жаңа құралдардың мезгіл сонындағы құралдарға қатынасы.

Дебиторлық берешектің айналымдылық коэффициенті – өткізуден алынған түсімнің мезгіл кезеңіндегі дебиторлық берешектің орта шамасына қатынасы.

Босалқы қорлардың айналымдылық коэффициенті – өткізуден алынған түсімнің мезгіл кезеңіндегі қорлардың орта шамасына қатынасы.

Кредиторлық берешектің айналымдылық коэффициенті – өткізуден алынған түсімнің мезгіл кезеңіндегі кредиторлық берешектің орта шамасына қатынасы.

Айналым құралдарының айналымдылық коэффициенті – мезгіл бойы сатудан алынған түсімнің берілген мезгіл кезіндегі айналым құралдарының орта шамасына қатынасы.

Негізгі құралдарды жаңарту коэффициенті – қайта келген негізгі құралдар бағасының жыл сонындағы негізгі құралдар бағасына қатынасы.

Көрсеткіштердің өсу коэффициенті – көрсеткіштердің өсу коэффициенті минус бір.

Құрал-жабдықтарды кеңейту коэффициенті – бір минус негізгі құралдарды ауыстыру коэффициентіне тең шама.

Ритмдік коэффициент – белгілі уақытта шыққан өнімнің (жоспардан артық емес), жоспар бойынша шыққан жалпы өнімнің сомасына қатынасы.

Көрсеткіштің өсу коэффициенті – есептік белгілеме көрсеткішінің базистік белгілеме көрсеткішіне қатынасы.

Алмасу коэффициенті – белгілеу уақытта жұмыстың алмасу санының осы уақыт ішіндегі календарлық күндер санына қатынасы.

Құрал-жабдықтар алмасу коэффициенті – жұмыс күндер санын шығаруда нақты істелген құрал жабдықты сменаның істеп тұрған жабдықтарының қатынасы.

Капиталдық структуралық коэффициенті* – қарыздық капиталдық баланс теңгеріміне қатынасы.

Кадрлардың тұрақсыздық коэффициенті – бір уақыт ішінде жұмыстан босағандар санының осы уақыт ішіндегі орташа тізімдік жұмысшылар санына қатынасы.

Басқару коэффициенті – бір басшыға көмекші қызметкерлер саны.

Экономикалық дамудың тұрақтылық коэффициенті – ұйымның негізгі және қаржылық істерін есепке ала отырып, оның экономикалық дамуының дәрежесін анықтайын көрсеткіші.

Төлемдік қабілеттілігінен айырылу коэффициенті – ұйымның бір немесе басқа мезгілде өзінің төлемдік қабілеттілігін жоғалтпайды деген салыстырмалы өлшем.

Қаржыландыру коэффициенті – ұйымның меншік капиталдың қарыздық капиталға қатынасы.

Қаржылық леверидж коэффициенті – таза пайда өзгерісінің жалпы пайда өзгерісіне қатынасы.

Қаржылық тәуелсіздік коэффициенті – ұйымның активтерінің орташа жылдық бағасының, меншік капиталының орташа жылдық бағасына қатынасы.

Қаржылық тұрақтылық коэффициенті – меншік капиталының және баланс валютасына ұзақ мерзімдік міндеттемелер қатынасы.

Факторлық талқылаудағы реттік модель – нақты детерминдік модель, факторлардың қатынастарынан шыққан негізді.

Кредиторлық берешектер – ұйымның қысқа мерзімдік пассиві, несие берушілер қарызына тең (мемлекеттік бюджетке, қызметкерлерге, өндірушілерге, жалданып жұмыс істеушілерге, сатып алушыларға және тапсырыс берушілерге т.б.) тек қысқа мерзімдік қарызбен несие берешектерінен бөлек.

Өндірістің критикалық көлемі (рентабельдік шек, кемшіліксіз істеу нүктесі, тоқырау нүктесі) – бизнестің жағдайы бұл кезде пайда да әкелмейді, кему де жоқ – кемшіліксіз жұмыс істеу.

Лаг – екі немесе бірнеше амал істер арасындағы себепті тексеруден болған уақыт аралығы.

Лаг-капиталдық салымдар – капиталдық салымның өндіріске жіберуі мен одан экономикалық эффект көру арасындағы көру аралығы.

Леверидж – елеусіз ғана өзгерісі бір не бірнеше нәтижелік көрсеткішті елеулі өзгеріске ұшырататын фактор.

Активтердің өтімділігі – активтердің ақшалай қаражатқа айналу жылдамдығы (уақыты).

Теңгерімнің өтімділігі – ұйым міндеттемелерінің оның өз міндеттемелерін өтеу мерзіміне сәйкес мерзімде ақшалай нысанға айналатын активтерімен өтелу дәрежесі.

Сызықтық бағдарламалау – қолданыстағы шектеулер жағдайында ресурстарды үлестіру міндетін шешудің оңтайлы жолын табу үшін қолданылатын әдіс.

Бағалы қағаздардың табыстылығы сызығы – тәуекел үшін тағайындалатын сыйлықақыны есепке ала отырып, бағалы қағаздың тәуекел деңгейіне қарай табысты болуының қажетті деңгейі нүктелер арқылы сипатталатын график.

Макроэкономикалық талдау – 1) елдің немесе бүкіл әлемнің шаруашылық салаларын, әлеуметтік саласын ғылыми тұрғыда зерттеу әдісі; 2) біріктірме көрсеткіштерді бағалауға негізделген экономикалық талдау әдісі.

Маржиналдық талдау – белгілі бір шекті көрсеткіштер орын алған жағдайда өндіріс (өнім шығару) көлемінің, өзіндік құнның және алынатын пайданың болжалды деңгейлері негізінде осы шамалардың арақатынасын талдау.

Маржиналдық пайда – сатылым көлемі мен ауыспалы шығындардың айырмасы.

Математикалық экономика – теориялық экономиканың экономикалық үдерістерді сипаттау және экономикалық көрсеткіштерді талдау, болжау, жоспарлау және бағдарлау барысында математикалық әдістер мен үлгілер (модельдер) қолданылатын бағыты.

Өнімнің материалды қажетсінуі – жұмсалатын материалдық шығындардың өнім шығару көлеміне қатынасы.

Материал қайтарымыдылығы – өнім шығару көлемінің материалдық шығынға қатынасы.

Менеджмент – өндірісті басқару: өндіріс тиімділігін арттыру және пайданы көбейту мақсатында әзірленіп, қолданылатын басқару қағидалары, әдістері, құралдары мен нысандарының жиынтығы.

Метод – табиғат, қоғамдық өмір құбылыстарын тану, зерттеу тәсілі.

Монте-Карло әдісі – статистикалық модельдеу (үлгілеу) әдістерінің бірі.

Ең кіші квадраттар әдісі – бастапқы деректерді білдіретін нүктелер мен сызық арасындағы қашықтықтар квадраттарының қосындысы ең кіші шамада болатындай етіп көптеген нүктелер бойынша түзу сызық сызудың статистикалық тәсілі.

Экономикалық талдау әдісі – шаруашылық құбылыстар мен үдерістерді зерттеудің амал тәсілі.

Факторлық талдаудағы аластау (есептен шығару) әдістері – факторлық көрсеткіштердің нәтижелік көрсеткіш өзгерісіне ықпалын бағалауда барлық факторлар нәтижелік көрсеткішіне оқшау, яғни жеке өздері ғана әсер етеді деген болжамға негізделу тәсілі.

Әдістеме – қандай да бір жұмысты мақсатқа сай жүргізу әдістерінің, тәсілдерінің жиынтығы.

Экономикалық талдау әдістемесі – ұйымдардың жұмысы туралы экономикалық ақпаратты өңдеу үшін қолданылатын арнайы амалдар (әдістер) жиынтығы.

Экономикалық өсу модельдері (үлгілері) – жалпы экономиканың, оның әртүрлі салаларының, жекелеген экономикалық объектілердің (нысандардың) өсуін сипаттайтын экономикалық көрсеткіштердің уақыт барысында өзгеруін сипаттайтын экономикалық-математикалық модельдер (үлгілер).

Модельдеу (үлгілеу) – модель құру, атап айтқанда, зерттелетін көрсеткіштердің бір-біріне тәуелділігінің талдамалық көрсеткішін жасау.

Анықталған факторлар жүйесін модельдеу (үлгілеу) – басқа көрсеткіш факторлармен теориялық тұрғыда болжалды тікелей байланыстары бойынша белгілі бір экономикалық көрсеткіштің бастапқы формуласының бара-бар өзгерісін жасау мүмкіндігін қамтамасыз ететін үдеріс.

Стохастикалық факторлық жүйе үлгісін жасау – талқылау объектісінің функциялық қатынастарын құруға мүмкіндік беретін процесс, шаруашылық істер көрсеткіштері өзгерістерінің статистикалық жалпылама заңдылықтарының негізінде.

Факторлық жүйе үлгісін жасау – экономикалық критерий бойынша жүйе элементтерін фактор ретінде бөліп қарау негізіндегі процесс: себепшілік, толықтай спецификалық, өздігінен жұмыс істеу, есептік мүмкіншілік.

Аддитивтік үлгі – қатаң детерминдік факторлық үлгі, үлгіде факторлар алгебралық сомалар түрімен кіреді.

Атъяман үлгісі – ұйымның банкроттық жабылуын оның қаржылық есеп беруінен салыстырмалы түрде бағалауға болады деген үлгі.

Баумоль үлгісі – ұйымның ақшалай активтерінің оптимизациялық алгоритмі, бұл жерде ұйымның айналымдағы төлем көлемі, қысқа мерзімдік

қаржылай инвестицияларының кірісі, қысқа мерзімдік инвестицияларының шығыны есепке алынады.

Дескрептивтік үлгі – жалпылама ретіндегі үлгі.

Еселі үлгі – факторлардың құрылуынан пайда болған қатаң детерминдік үлгі.

Миллер-Орра үлгісі – фирманың орташа және жоғары деңгейдегі ақша түрлерінің сомасының оптимизациялық алгоритмі, бұл жерде фирманың айналымдағы төлемдері, қысқа мерзімдік қаржы салудағы қызмет ету бағасы, оның орташа проценттік кірісі есепке алынады.

Мультипликативтік үлгі – қатаң детерминдік факторлық үлгі, оған факторлар өнім ретінде кіреді.

Нормативтік үлгі – ұйымның жұмыс істеуінің нақты нәтижелерін бюджет бойынша есептелген көрсеткіштер мен салыстыруға мүмкіндік беретін үлгі.

Предикативтік үлгі – алдын ала айту, болжау түріндегі үлгі.

Аралас үлгі – қатаң детерминдік факторлық үлгі, оған факторлар кез келген түрде кіреді.

Уилсон үлгісі – формула, ол мынандай параметрлер бойынша ыңғайлы мөлшерде қабылдау үлгілерін анықтай алады, параметрлер – тапсырысты орналастыруға кететін күнделікті шығындар, материалдық құндылықтарды жеткізу мен оларды қабылдауға кететін шығындар, қор сақтауға кететін, шикізат пен өнімдер мөлшерін бір уақыт ішінде сатып алуға кететін шығындар.

Факторлық жүйе үлгісі – талқылау көрсеткіштерінің арасындағы себепті тексеру байланыстарын сипаттайтын математикалық формула.

Факторлық талқылаудағы мультипликативтік үлгі – қатаң детерминдік үлгі, онда факторлар өнім ретінде көрсетеді.

Қосымша шығындар – өндіріс процесіндегі шаруашылыққа жұмсалған және ұйымды басқаруға кеткен шығындар.

Салықтық тәуекелдік – жаңадан енгізілген салықтардың салықтық төлемдер мен салықтық негіз мөлшерінің өсуінен, салықтық жеңілдіктердің алып тастауынан салық төлеудің тәртібі мен мерзімінің өзгеруінен келетін, алдын ала болжамаған қаржылық шығындардың болу қаупі тәуекелділігі.

Материалдық емес активтер – ұйымның активтерінің бір бөлімі, ол активтерге мынандай шарттар бір уақытта қойылады: сезілмейтін; идентификациялау мүмкіншілігі бар (басқа нәрселерден бөлініп шығу) өнім өндіруде пайдалану (жұмыс, қызмет) және де басқару жүйесіне керекті; ұзақ мерзімде тиімді пайдалану; ұйымның бұл активтерді сатып жіберу жоспарының жоқтығы; келешекте кіріс алып келу мүмкіншілігі бар; бұл активтердің бар екендігін растайтын құжаттардың болуы және де ұйымның интеллектуалдық жұмыстардың нәтижелеріне тек өзіндік құқығы бары.

Жүйелі емес тәуелсіздік – ішкі инвестициялық тәуекелділік топтамасы осы және басқа инвестициялық салымдарының нақты сипаттамаларына тәуелді.

Тұрақсыз экономикалық өсу – ресурстардың азаюына алып келетін ресурстарды жедел түрде игеруден туатын өсу.

Мөлшер (норма) – бір дана өнім (бұйым, түйін, бөлшек) шығаруға жұмсалатын шикізат, материалдар, отын, энергия және басқа материалдық құндылықтар мен еңбек шығынының ең жоғары жұмсалатын абсолюттік мөлшері.

Дисконт нормасы (мөлшерлемесі) – әр уақыттардағы шығындарды, ықпалдарды және нәтижелерді осы сәттегі уақытқа келтіруге мүмкіндік беретін көрсеткіш.

Маржиналдық табыс нормасы – маржиналдық табыстың жалпы сатылым көлеміне қатынасының құндық көрсеткіші.

Норматив – өндірістік ресурстардың пайдаланылуының салыстырмалы шамасы (дәрежесі), олардың аудан, салмақ, көлемнің бір бірлігіне шаққандағы шығысы.

Нормативтік калькуляция – баптар бойынша нормалар мен нормативтерді есепке алып, кәсіпорынның шығаратын өнімнің бір бірлігіне жұмсайтын шығындар шамасы. Нормативтік калькуляциялар өндірістің техникалық деңгейі мен қолданыстағы технологияға сүйеніп, есептік кезеннің басында есептеледі.

Капитал айналымы – капиталдың қозғалыс барысында бір нысаннан екіншісіне ауысуы үдерісі.

Айналымдағы активтер – ұйымның өндірісі мен айналымында қолданылатын қысқа мерзімді активтері.

Айналымдағы өндірістік қорлар – өндіріс барысында қолданылатын еңбек нысандары.

Айналым капиталы – ұйымның қысқа мерзімді активтерге салынған капиталы.

Жалпы өндіріс тиімділігі – салық салғанға дейінгі пайданың негізгі және материалдық айналым қаражатының орташа жылдық құнына қатынасы.

Ұйымның жалпы талдауы – ұйымды жұмыскерлер құрамы, құрал-жабдықтар, технология, өндірістік қызмет тиімділігі, өткізу, басқару және жоспарлау тұрғысынан сипаттауға мүмкіндік беретін көрсеткіштердің талдауы.

Экономикалық талдау объектісі – техникалық тұрғыда өндірісімен және әлеуметтік, табиғи жағдайлармен байланысты нысан ретінде қарастырылған ұйымның қаржылық-шаруашылық қызметі.

Жұмыс ырғақсыздығына байланысты шығарылмай қалған өнім көлемі – ырғақсыздық коэффициентінің жоспар бойынша шығарылған өнімнің жалпы сомасына көбейтіндісі.

Операциялық левиредж – ұйым пайдасының өнім көлемі өзгерісіне қарай өзгеруі.

Операциялық цикл – ұйымның бүкіл қаражатының толық айналу уақыты.

Сатып алудың көтерме бағасы – сатып алынатын заттың жіберілетін бағасы және оған қосымша делдалдың үстеме ақысы (делдалдың көтерген шығыны мен делдалдың пайдасы және делдалдың ҚКС қосындысы).

Көтерме баға – ұйымға шығынның өтелуін және пайда алуды қамтамасыз ететін баға.

Негізгі капитал – ұзақ мерзімді активтерге салынған капитал (кейінге қалдырылған салықтық активтерді қоспағанда).

Негізгі қаражат – көптеген өндірістік циклдерге қатысып, құны өнімге бірте-бірте ауысатын еңбек құралдары мен қаражаттары.

Негізгі қаражаттың қалдық құны – негізгі қаражаттың бастапқы құны мен жинақталған амортизациялық құндарының айырмасы.

Салыстырмалы экономикалық көрсеткіштер – екі абсолютті көрсеткіштің қатынасы ретінде анықталатын көрсеткіштер.

Есептік калькуляция – өнім өндіруге жұмсалған нақты шығынды бухгалтерлік есепке алу деректері бойынша жасалған калькуляция.

Шешімдердің шектеулі саны туралы қате тұжырымдама – экономикалық шешімдер саны шектеулі болып табылады деген қате ұғым, одан үкімет неғұрлым көбірек шешім шығарса, жеке меншік ұйымдар қабылдауға мәжбүр болатын шешімдер саны соғұрлым аз болады деген қорытынды жасалады.

Пассив – ұйымның қазіргі сәттегі қаражат көздері мен олардың мақсатты арналымы көрініс тапқан бухгалтерлік теңгерімнің бір бөлігі.

Үздіксіз (тоқтаусыз, ұдайы) капитал – ұйымның пайдаланатын меншікті және ұзақ мерзімді қарыз капиталы.

Жоспарлау – экономикалық жүйенің келешектегі жай-күйін, оған қол жеткізу жолдарын, тәсілдері мен құралдарын анықтайтын жоспарларды әзірлеу. Жоспарлау уәкілетті органдардың немесе тұлғалардың жоспарлы шешімдер қабылдауын қамтиды.

Төлем қабілеттілік – ұйымның өз ақшалай міндеттемелерін орындауға және негізгі қызметін тоқтаусыз жалғастыруға мүмкіндік беретін ақшалай қаражатының және / немесе оның баламаларының (өтімділігі жоғары бағалы қағаздарының) болуы.

Нәтижелілік көрсеткіші – себеп-салдарлық байланысы бар құбылыстар жиынтығынан келіп шығатын нәтижелерді сипаттайтын көрсеткіш. Ол көрсеткіштер тәуелді көрсеткіштер деп те аталады.

Факторлық (тәуелсіз немесе экзогендік) көрсеткіш – себеп-салдарлық байланысы бар құбылыстар жиынтығының себептерін сипаттайтын көрсеткіш.

Жабдық бірлігі жұмыс уақытының пайдалы қоры – жабдық бірлігінің тиімді (нақты) уақытының қоры мен сағатпен есептелетін жоспардан тыс жұмыссыз тұрып қалудың айырмасы.

Портфель теориясы – тәуекел мен табыстылық және тиімді әртарап-тандырудың ымыралы арақатынасы негізінде инвестициялық портфельді талдау мен бағалау негізінде жатқан қағидаттар.

Өзіндік құнның баптар бойынша шамасы (шамалау) – шығындарды туындаған салалар бойынша жіктеп, шығыс баптары бойынша топтастыру.

Постиндустрияландыру – экономикалық дамудың индустрияландыру кезеңінен кейінгі, экономиканың жалпы құрылымында қызмет көрсету саласының ілгерінді дамуымен және өсуімен сипатталатын кезеңі.

Ақша қаражаты ағыны – 1) белгілі бір операция немесе белгілі бір кезеңдегі актив бойынша шығыстарды шегере отырып, ақшалай қаражат кірісі; жоба бойынша күтілетін табыс пен шығыстың ақшалай құны.

Өзіндік құнның элементтер бойынша жіктелген (бөлшектенген) шамалары – экономикалық элементтер (бөлшектер) бойынша орын алған шығындарды жекелеген өнім түрлері бойынша жіктемей топтастыру.

Ғылым(-ның) пәні – оны өзге ғылымдардан ажыратуға мүмкіндік беретін ерекшеліктері.

Өтімділік сыйақысы – инвесторға инвестиция салған объектісі өтімділігінің төмен болуына байланысты оның қаржылық шығындарының өтеуі ретінде төленетін қосымша табыс.

Тәуекел сыйақысы – инвесторға тәуекелсіз операциялар бойынша төленетін денгейден асыра төленетін қосымша табыс.

Сатудан түскен түсім (келген шығын) – тауарларды, өнімдерді, жұмыстар мен қызметтерді сатудан түскен түсім (КҚС, акциз және сол сияқты міндетті төлемдерді шегере отырып) және сатылған тауарлардың, өнімдердің, жұмыстар мен қызметтердің өзіндік құнының, сондай-ақ коммерциялық және басқарушылық шығыстардың айырмасы.

Тізбекті алмастырулар амалы – мәні әрбір факторды нақты шамамен жоспарлы (базисті) түрде рет-ретімен алмастыруды құрайтын амал.

Айналым қаражатының бір айналымының күнмен есептегендегі ұзақтығы – белгілі бір кезеңдегі күндер санын сол кезеңдегі есептелген айналымдылық коэффициентіне бөлгендегі шама.

Еңбек өнімділігі – еңбек ресурстарын пайдалану тиімділігінің көрсеткіші.

Өндірістік қуат – өндірістік жабдық пен өндірістік аландардың белгіленген режимге сәйкес жұмыс істеуін толық пайдалану кезінде барынша ықтимал өнім шығару.

Өндірістік бағдарлама – тауар өнімдерін немесе қызметтерін өндіру және өткізу үшін жасалатын жоспарлы тапсырма.

Өндірістік және қаржылық левридж – өндірістік және қаржылық левридж деңгейлерін шығару.

Өндірістік левридж – өнімнің өзіндік құны мен өткізу көлемінің құрылымын өзгерту арқылы пайда әкелу жолдарына ықпал ету мүмкіншілігі.

Өнеркәсіптік саясат – экономикалық өсімді ынталандыру мақсатымен өнеркәсіп құрылымын қалыптастыру мақсатында мемлекеттің тікелей және белсенді қатысуына негізделген саясат.

Өнеркәсіп революциясы – заманауи индустриалды қоғамның қалыптасу кезіндегі әртүрлі жаңғырту үдерістерінің жиынтығы.

Өнеркәсіптік дамыған елдер – 1) жоғары білікті жұмыс күші бар және үлкен көлемдегі озық техникалық негізгі капиталының жинақталуы негізінде экономиканың дамуын қамтамасыз ететін мемлекеттер; 2) халықтың көп бөлігінің өмір сүру деңгейі жоғары болып табылатын, табыс деңгейі жоғары мемлекеттер.

Жай пайыздар – өзгермейтін қорға есептелетін пайыздар.

Пайыздық тәуекел – қаржы нарығындағы пайыз мөлшерлемесінің өзгеруі салдарынан болатын күтпеген қаржы шығысының пайда болу тәуекелі.

Тікелей (бірінші деңгейлі) факторлар – қорытынды көрсеткіштерге тікелей әсер ететін факторлар. Мұндай факторлар сонымен қатар бірінші деңгейлі факторлар деп те аталады.

Мекеменің шығындары – қатысушылардың шешімдері бойынша жарғылық капиталға салымдарды азайтудан басқа ұйымның капиталының азаюына алып келетін активтердің шығуы немесе міндеттемелердің пайда болу нәтижесінде оның экономикалық пайдасының азаюы.

Өткізілген өнім – сатып алушыларға тиелген және төленген өнім көлемінің тауарға ақшалай шағылуы.

Регрессиялық талдау – тәуелді ауыспалы мен бір немесе бірнеше тәуелсіз ауыспалылардың арасындағы арақатынастың орташа мәнін математикалық есептеу үшін қолданылатын статистикалық процедура.

Қорлар – өндіріс дамуының белгілі деңгейіндегі өндірістік қорларының ағындағы және аванстық шығындарын төмендету үшін пайдаланылмаған мүмкіншіліктер.

Рентабельділік – белгілі кезеңдегі кіріс пен шығыс байланыстарын сипаттайтын экономикалық тиімділіктің көрсеткіші.

Активтердің рентабельділігі – барлық өндірістік активтердің жарты жылдық құнына салық салынуына дейінгі кірістің қатынасы (тенгерім қорытындысына).

Сату рентабельділігі – сатудан түскен пайданың көлемінің өткізуден түскен пайдаға қатынасы.

Өнім рентабельділігі – сатудан түскен пайданың өткізілген өнімнің өзіндік құнына қатынасы.

Өндіріс рентабельділігі – сатудан түскен пайданың авансталған капиталдың орташа құнына қатынасы.

Меншікті капитал рентабельділігі – таза пайданың таза активтерге қатынасы.

Тәуекел – қаржы шығыны немесе басқа да негативті нәтижелердің салдарынан болатын оқиға ықтималдылығы.

Өндірістің ырғақтылығы – белгіленген кестеге сәйкес өнімді жоспарлы көлемде және сұрыпталымда бірқалыпты шығару.

Бөлшек сауда бағасы – сатып алудың көтерме сауда бағасына сауда үстемесін қосу (сауда мекемесінің ұсталатын шығынын, сауда мекемесінің пайдасын, сауда мекемесінің ҚҚС құнын қосу).

Нарықтық капиталдандыру – 1) қор нарығындағы құнды қағаздардың құнын анықтау; 2) бағамдық акция құнын және акционерлік компаниялар акцияларының жалпы санын шығару.

Динамикалық қатар – уақыт бойынша экономикалық көрсеткіштердің өзгеруін сипаттайтын мәліметтер қатары.

Өзін-өзі қаржыландыру – мекемені дамыту үшін, соның ішінде меншікті қаржы қорының есебінен инвестициялық қызметті қаржыландыру.

Кері байланыс – факторлық көрсеткіштің өсімі (азаю) қорытынды көрсеткіштердің азаюына (өсім) әкелетін байланыс.

Себепті байланыс – бір көріністің (көрсеткіш) басқа көріністі тудыратын байланыс. Осындай байланыстарды сонымен қатар детерминацияланған немесе себеп-салдарлық деп атайды.

Функциялық байланыс (қатты детерминацияланған) – факторлық көрсеткіштің әрбір мәніне нәтижелі көрсеткіштің кездейсоқ емес толық анықталған мәні сәйкес келетін байланыс.

Экономикалық көрсеткіштердің байланысы – екі немесе одан да көп көрсеткіштердің бірлесіп өзгеруі.

Өнімнің өзіндік құны (жұмыстар, қызметтер) – негізгі қорлар, табиғи шикізат, материал, жанармай, энергия, еңбек және басқа да ресурстардың ақшалай шығыны.

Синтез – бүтіннің элементтері мен қасиеттерін талдай отырып, оның қасиеттерін анықтау.

Факторлық жүйе – бір себеп-салдарлық байланыспен байланысқан факторлық және нәтижелі көрсеткіштердің жиынтығы.

Жүйелі (нарықтық) тәуекелділік – макроэкономикалық факторлар әсерінен жалпы қаржы нарығының конъюнктурасының өзгерістерімен шартталған тәуекел.

Күрделі пайыздар – есептелген пайыздар төленбей, капиталға қосылатын пайыздарды есептеу сызбасы.

Смета – алдағы шығыстар мен кірістер, сонымен қатар мекеме қызметін қаржыландыруға қаражатты пайдалану көрсетілетін қаржы жоспарының қарапайым түрі.

Факторлық талдаудағы аралас (құрама) модель – негізі факторлардың әртүрлі құрамасы бөліп табылатын, қатты детерминацияланған модель.

Салыстырмалы бағалар – белгілі бір кезеңде, белгілі бір күнде болған шарттардың көлемі бойынша келтірілген бағалар.

Өндірістің мамандандырылуы – экономиканың жекелеген салаларында, жекелеген мекемелер мен олардың бөлімшелерінде өнімнің белгілі бір түрлерін шығаруға бағытталушылық.

Орташа шама – статистикалық жиынтық бірлігінің өзгермелі сипатының типтік санын көрсететін жалпыланған сандық сипаттама.

Қайта қаржыландыру ставкасы – орталық банк коммерциялық банктерге беретін несиелер бойынша пайыздық ставкасы.

Стандарт-костинг – калькуляциялау және шығындарды басқару жүйелерінің бірі.

Стохастикалық (ықтималдық) – факторлы көрсеткіштің әрбір мәніне нәтижелі көрсеткіштің көптеген мәндері сәйкес келетін байланыс.

Стратегиялық қаржылық менеджмент – инвестицияларды және капиталдың құрылымын ұзақ мерзімді басқаруды қамтиды.

Сақтандыру сыйақысы – сыртқы сақтандыру кезінде сақтандырушы сақтанушыға төлейтін сыйақы.

Тарифтік коэффициент – бұл разрядтың еңбекақыны төлеу көлемінің бірінші разрядты төлеу көлеміне қатынасы.

Айналымдағы қаржының ағындағы өндірістік қорлары – келесі жеткізілімдер арасындағы өнеркәсіптің жұмысына қажетті қорлар.

Өсім қарқыны – көрсеткіштің ағындағы (базисті) әдетте пайызбен көрсетілетін мәніне өзгеру қатынасы.

Өсу қарқыны – көрсеткіштің есепті мәнінің әдетте пайызбен көрсетілетін базисті мәніне қатынасы.

Тауарлы өнім – аяқталмаған өндірістің және ішкі шаруашылық айналым қалдықтарын шегеріп тастағандағы барлық өндірілген өнімнің (жұмыстың, қызметтің) құны.

Еңбек сыйымдылығы – өнімнің бір данасын шығаруға кеткен (табиғи көріністе немесе өндірілетін өнімнің бір теңгесіне) адам еңбегінің шығындары (адам-күнмен немесе адам-сағатпен).

Капиталдың тереңдеуі – халық санының немесе жұмыс күшінің өсуіне қарағанда капиталдың заттанған түрінің жылдам қарқынмен өсуі.

Салыстырмалы маржиналды пайда – өнімнің бір данасына есептегенде маржиналды пайда.

Шектеулер бойынша басқару – бөлім немесе менеджерлердің алға қойылған максаттар мен тапсырмаларды ерекше жақсы немесе ерекше нашар орындау салаларын ғана бөліп көрсету және талдау.

Басқарушылық талдау – оның (сыртқы қаржылық талдауға қарағанда) негізгі мақсаттары нарықта ұйымды жайғастыру, өндіріс пен пайданың көлемін өсірудің қорларын анықтау, өндірілетін өнімнің сапасы мен ассортиментін талдау, шығындарды жүргізуді талдау, шығындар мен айналым, пайда арасындағы байланысты талдау, өндірістің ырғақтылығын талдау болып табылатын ішкі экономикалық талдау.

Қаржылық қауіп деңгейі – қауіптің пайда болу ықтималдығын қауіпті жағдай орын алғанда орын алуы мүмкін қаржылық шығындардың көлеміне көбейтіндісі.

Экономикалық талдау деңгейі – елдің қоғамдық өндірісінің даму көрсеткіші, оған келесі мәліметтер кіреді: 1) жиынтық қоғамдық өнім туралы; 2) жан басына шаққандағы ұлттық табыс; 3) табиғат ресурстарын пайдалану туралы; 4) өндірістің тиімділігін ұйымдастыру туралы.

Тұрақты даму – 1) болашақ ұрпаққа олардың қажеттіліктерін қанағаттандыруларына мұра болып қалдырылатын мүмкіндіктерге нұқсан келтірмей, қазіргі буынның қажеттіліктерін қанағаттандыра отырып қоғамның дамуы; 2) адамның мүмкіндіктерін сақтау мен көбейту мүддесінде қоғамның жиынтық капиталын басқару; 3) болашақ адамдарды өмірлік қажеттіліктерін қанағаттандыру мүмкіндік қалдыра отырып өмірлік қажеттіліктерді қанағаттандыруға қол жеткізілетін қоғамның ілгері даму моделі; 4) өндірістің, әлеуметтік саланың, халықтың және қоршаған табиғи ортаның үйлесімді дамуы.

Тұрақты экономикалық даму – ұзақ уақыт ішінде ұстап тұруға болатын өсім.

Нұқсанды өсім – дамушы ел қосымша шетелдік валюта алу мақсатында шикізат экспортын көбейтетін, ал ол нәтижесінде бұл елдің экономикалық дамуының нашарлауына әкелетін жағдай.

Факторлы экономикалық талдау – факторлы экономикалық көрсеткіштердің өзгеруінің нәтижелі экономикалық көрсеткіштің өзгеруіне әсерін анықтауға мүмкіндік беретін талдау.

Қаржылық есеп – есепті кезең нәтижелері және белгіленген формалар бойынша есепті күнге жағдайы бойынша бухгалтерлік есеп мәліметтері негізінде жасалатын, экономикалық субъектінің қаржылық және мүлдіктік жағдайын және оның қаржы-шаруашылық қызметінің нәтижелерін көрсететін жалғыз көрсеткіштер жүйесі.

Қаржылық активтер – қаржы қаражаты, дебиторлық қарыз, ұйымның қаржы жұмсауы.

Қаржылық инвестициялар (қаржы жұмсаулар) – бағалы қағаздарға, жарғылық капиталға, несиелер мен заемдарға (мемлекеттік және корпоративті) инвестициялар.

Қаржылық коэффициенттер – қаржылық жағдайдың немесе олардың сызықтық комбинацияларының абсолютті көрсеткіштері ретінде есептелетін ұйымның қаржылық жағдайының қатысты көрсеткіштері.

Қаржылық левиредж – өзіндік және заемдік капиталдың көлемі мен құрылымын өзгерту арқылы пайдаға әсер ету мүмкіндігі.

Қаржылық менеджмент – кәсіпорында инвестицияларды қоса алғанда барлық қаржылық процестерді қалыптастыру және реттеу.

Қаржылық тетік – пайда салығын және несиелер бойынша орташа пайызды, кәсіпорын тапқан пайданы есептеуге дейінгі активтердің рентабельдігі мен заемді қаржының өз қаржысына қатынасы сияқты екі көбейткіштің көбейтіндісі.

Қаржылық цикл – шикізат пен материалдарды төлеуден өткізілген өнімнің пайдасы түріндегі қаржыны қайтаруға дейінгі уақыт аралығы.

Қордың жарақтанғандығы – жұмыс күшінің еңбек құралдарымен камтамасыз етілуін сипаттайтын және мекеменің негізгі құралдарының жылдық орташа құнының қызметкерлердің жылдық орташа тізіміне қатынасын сипаттайтын көрсеткіш.

Өнімнің қорының жарақтанғандығы – өнімнің бір данасына келетін өндірістік қорлардың көлемі.

Қордың қайтымы – өндірістік қорлардың бір данасына келетін өнім көлемі.

«Дюпон» фирмасының формуласы – экономикалық рентабельдік (таза өнімнің активтерге қатынасы) коммерциялық маржаның (таза пайданың айналымға қатынасының) өзгеру коэффициентіне (активтердің айналымға қатынасына) көбейтіндісі түрінде ұсынылған формула.

Экономикалық өсімнің есептелуінде іргелі тәуелділік – өнім көлемінің өсуінің еңбектің (еңбек күшінің), капиталдың өсуіне және технологиялық прогреске тәуелділігін көрсететін теңдеу.

Іргелі-құндық талдау – өнімді өндіру шығындарын оған қажетті функцияларды орындаудың арзандау жолдарын іздеу және артық функцияларды алып тастау арқылы азайту қорларын анықтау әдістері.

Қызмет – қызмет өрісі, мәні, рөлі.

Шаруашылық тәуекелі – бұл шешім қабылдау мақсатымен немесе стратегия нұсқасымен нақты алынатын экономикалық нәтижесімен сәйкес келмеген мүмкіндігі.

Капитал бағасы – белгілі көзден капитал бірлігін тарту үшін төленетін сома. Көрсеткіш пайызбен есептеледі.

Баға тәуекелі – өнімге немесе қаржы құралдарына баға деңгейінің өзгеруі салдарына негізделген қаржылық шығындар мүмкіндігінің тәуекелділігі.

Жауапкершілік орталығы – қажетті ресурстар мен өкілеттіктермен жүктелген, белгілі бір жоспарлы тапсырмаларды орындауға жауапты болған ұйымның бөлімшесі.

Таза пайда – кәдімгі қызмет түрлері бойынша кірістер мен шығыстар сальдосына тең, басқа да кірістер мен шығыстар сальдосы қосылған, табыс салығы шегерілген ұйымның пайдасы.

Таза ағындағы құн (таза дисконтталған табыс) – жобадан түскен пайданың дисконтталған сомасы мен дисконтталған капитал салымдарының арасындағы айырма.

Эконометрика – экономикалық теориялық модельдердің дұрыстығын тексеру мен экономикалық проблемаларды шешу тәсілдері үшін экономикалық талдауда статистикалық және математикалық әдістерді қолдану туралы ғылым.

Экономикалық-математикалық моделі – экономикалық сипаттамалар мен жүйе параметрлері байланысының математикалық моделі.

Экономикалық кибернетика – экономикалық және әлеуметтік жүйелерге кибернетика әдістерінің қосымшаларымен айналысатын ғылым саласы.

Экономикалық пайда – есепті кезеңде меншік иесі капиталының өсімі.

Экономикалық тиімділік – барлық пайдаланылатын капиталға деген таза пайданың қатынасы.

Сыртқы экономикалық операциялардың экономикалық тиімділігі – айырмасы немесе бөлімі ретінде алынатын нәтижелер мен оларды іске асыру шығындары арасындағы табыстың өсу дәрежесі.

Экономикалық талдау – экономикалық шындық фактілерінен экономикалық заңдылықтарды анықтау.

Экономикалық көрсеткіш – экономиканың әртүрлі деңгейлеріне жататын экономикалық құбылыстардың, процестердің және күйлердің сандық сипаттамасы.

Экономикалық өсу – макроэкономикалық саясатының негізгі мақсаттарының бірі, өмір сүру деңгейін арттыру үшін халықтың өсуін салыстырғандағы нақты өнім көлемінің (ЖІӨ) асырымды өсуін қамтамасыз етеді.

Экономикалық эксперимент – жекелеген ұйымдар немесе ұлттық экономика салаларында теориялық ережелер, экономикалық іс-шаралар мен шаруашылық тетіктерінің тиімділігін ғылыми зерттеулік тексеруі.

Экономикалық даму – технологиялық және әлеуметтік прогрестің қажеттіліктеріне сәйкес экономиканы құрылымдық қайта құру.

Экономикалық басқару – қызметті қамтитын: 1) бухгалтерлік есеп және қаржылық есептілік; 2) смета жасау және есептеу; 3) қаржылық жоспарлау және реттеу.

Шығындарды үнемдеу – шаруашылықты ұқыпты жүргізу, еңбекті ұтымды ұйымдастыру және ресурс үнемдейтін технологиялар пайдалану кезінде жетілетін тиімділік.

Экстенсивті шаруашылық – жаңа құрылыс жолымен, жаңа жерлерді игерумен, қолданбаған табиғи ресурстарды пайдаланумен, жұмысшылар санының артуымен дамыған шаруашылық.

Экстенсивті экономикалық өсу – өндіріске қосымша ресурстарды тарту есебінен болған экономикалық өсу.

Еңбекті энергиямен қаруландыру – бір орташа тізімдік қызметкерге (жұмысшыға) келетін энергия көздерінің қуаты.

Инвестициялардың тиімділігі – сол тиімділікті туғызған капитал салымдарына деген тиімділіктің қатынасы.

Ұйымның шаруа қызметінің тиімділігі – сол нәтижеде пайда болған нәтиже мен шығындар арақатынасы. Бұл көрсеткіш көптеген аспектілерде өндіріс тиімділігінің көрсеткішіне ұқсас.

БИБЛИОГРАФИЯЛЫҚ ТІЗІМ

1. Ефимова О.В. Финансовый анализ: учебник. – М.: Омега-Л, 2010. – 352 с.
2. Тимофеева Т.В. Анализ денежных потоков предприятия: учеб. пособие. – М.: Финансы и статистика, 2010. – 368 с.
3. Артюшин В.В. Финансовый анализ. Инструментарий практика: учеб. пособие. – М.: ЮНИТИ-ДАНА, 2010. – 120 с.
4. Казакова Н.А. Экономический анализ в оценке бизнеса и управлении инвестиционной привлекательностью компании. – М.: Финансы и статистика, 2014. – 240 с.
5. Батракова Л.Г. Экономический анализ деятельности коммерческого банка: учебник. – М.: Логос, 2011. – 366 с.
6. Когденко В.Г., Мельник М.В. Экономический анализ в аудите: учеб. пособие. – М.: Юнити-Дана, 2012. – 543 с.
7. Ионова А.Ф., Селезнева Н.Н. Финансовый анализ. Управление финансами: учеб. пособие. – М.: Юнити-Дана, 2010. – 639 с.
8. Бланк И.А. Управление финансовыми ресурсами. – М.: Омега-Л, ООО «Эльга», 2011. – 768 с.
9. Пожидаева Т.А. Анализ финансовой отчетности. – М.: Кронус, 2010. – 320 с.
10. Броило Е.В. Анализ финансовой отчетности: учебное пособие. – Сыктывкар: СЛИ, 2012. – 204 с.
11. Любушин Н.П. Экономический анализ: учеб. пособие. – М.: Юнити-Дана, 2012. – 424 с.
12. Артеменко В.Г. Экономический анализ: учеб. пособие. – М.: Кронус, 2011. – 287 с.
13. Клишевич Н.Б. Экономический анализ: учеб. пособие / Н.Б. Клишевич, Н.В. Непомнящая, И.С. Ферова. – М.: Инфра-М, 2013. – 192 с.
14. Гарнова В., Колоколов В. Экономический анализ: учеб. пособие. – М.: Инфра-М, 2013. – 157 с.
15. Казакова Н.А. Экономический анализ: учебник. – М.: Инфра-М, 2013. – 343 с.
16. Любушин Н.П., Бабичева Н.Э. Экономический анализ. Контрольно-тестирующий комплекс: учеб. пособие. – М.: Юнити-Дана, 2012. – 158 с.
17. Экономический анализ: учебник / под ред. Л.Т. Гиляровской. – М.: Юнити-Дана, 2014. – 616 с.
18. Когденко В.Г. Экономический анализ: учеб. пособие. – М.: Юнити-Дана, 2012. – 391 с.

Оқу басылымы

Джаншанло Рамзан Есарович
Байдаулетов Мади
Актуреева Эльмира Аширбековна

ҚАРЖЫЛЫҚ ТАЛДАУ

Оқу құралы

Редакторы *К. Мухадиева*
Компьютерде беттеген және
мұқабасын безендірген *Ф. Қалиева*

ИБ №11158

Басуға 25.08.2017 жылы қол қойылды. Пішімі 60x84 ¹/₁₆.
Көлемі 18 б.т. Офсетті қағаз. Саңдық басылым. Тапсырыс №4288.

Таралымы 150 дана. Бағасы келісімді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.

050040, Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.